

Қ. Т. Жұмағұлов
Г. С. Беделова
Р. О. Садықова

ШЕТЕЛДЕРДІҢ
ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 94(100-87)(075.8)

КБЖ 63.3(4/8)я73

Ж 81

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№2 хаттама 12 ақпан 2016 жыл)*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Р.С. Жарқынбаева**
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Л.Т. Қожакеева**

Жұмағұлов Қ.Т.

Ж 81 Шетелдердің жаңа заман тарихы: оқу құралы / Қ.Т. Жұмағұлов, Г.С. Беделова, Р.О. Садықова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 306 б.

ISBN 978-601-04-1822-6

Оқу құралы студенттерге, магистранттарға Шетелдердің жаңа заман кезеңінде орын алған елеулі тарихи оқиғаларының қырлары мен сырларын және себептерін ашып көрсетеді.

Оқу құралын даярлау барысында тарихилық пен ғылымдық қағида-даттар басшылыққа алынды. Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына дүниежүзі тарихы, шығыстану, халықаралық қатынастар мамандарына арналған.

ӘОЖ 94(100-87)(075.8)

КБЖ 63.3(4/8)я73

© Жұмағұлов Қ.Т., Беделова Г.С.,
Садықова Р.О., 2016

ISBN 978-601-04-1822-6

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

КІРІСПЕ

Жаңа заман дәуірінің әр ғасыры тарихи оқиғаларға, мәдени төңкерістерге толы. Жаңа заманда өнеркәсіптік өркениет қарыштап алға басты, қоғамның барлық салаларында түбегейлі өзгерістер белең алды. Ғылымның дамуы қоғамдық сананы жаңа сатыға көтерді. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында жетекші орынға ие бола бастаған ғылым адамдардың нәсіліне, ұлтына, табына қарамастан халықтың рухани дүниесін байытуда айтарлықтай рөл атқарды. Ғылыми революция математика және механика саласында басталды да, басқа ғылым салаларындағы ғылыми жаңалықтармен жалғасты.

Бұл кезеңде елеулі саяси-экономикалық өзгерістер орын алды. Капиталистік қарым-қатынастар қалыптасты. Билік басына жаңа әлеуметтік топтар келді. Олардың саяси өмірдегі белсенділігі күшейді. Жетекші еуропалық мемлекеттердің басқару формасы да өзгеріске ұшырады.

Еуропа мен АҚШ-тың шикізатқа деген сұранысының артуына байланысты отарлық саясат белсенді түрде дамыды. Англия, кейіннен Франция, Ресей, бірігуден кейін Германия, Австрия Азия және Африкада, екі Америка құрлығында өз отарларын құрды. Нәтижесінде әлемнің саяси картасында елеулі өзгерістер орын алды. Ғылыми-техникалық жаңалықтар нарықтың сұранысына қызмет етті. Өнеркәсіптік төңкеріс көптеген Еуропа мен Америка мемлекеттерінде көрініс тапты. Адамның қол еңбегінің орнын машина алмастырды. Мәдениет пен білім, ғылым салалары халықты ағарту бағытында қызмет ете бастады. Ағартушылық қозғалыстың ықпалымен революциялық көңіл-күй, тәуелсіздікке деген ұмтылыс пайда болды.

Хронологиялық тұрғыдан жаңа заман кезеңі деп тарих ғылымында ортағасырлар мен қазіргі заман кезеңі аралығындағы уақытты атаймыз. Ол XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың басына дейінгі уақытты қамтиды. Әдетте бұл дәуірмен танысу «әлем шеберханасына» айналған Англиядағы

революциядан, яғни 1640 жылдан басталады. Бұл оқиғаға дейінгі географиялық ашылулар тек капитализмнің генезисі болып табылды. Ал, дәл осы ағылшын революциясы Еуропадағы капитализмнің орнығуына жол ашқан маңызды тарихи оқиғаға айналды. Сонымен қатар 1640 жыл, 30 жылдық династиялық соғыстарды аяқтаған Вестфаль жүйесінің орнауы уақытына сәйкес келумен маңызды. 1648 жылы қол қойылған Вестфаль келісімшарты Еуропаның саяси картасына өзгерістер әкелді.

Сонымен қатар, тарихтың бұл кезеңімен танысу Франция, Германия, Австрия, Италия сияқты Еуропадағы жетекші мемлекеттердің тарихын және АҚШ-тың даму жағдайын қарастырумен жалғасады.

Ал енді, жаңа заман дәуіріндегі Шығыс халықтарына, яғни Азия және Африка елдеріне келетін болсақ, бұл елдердің дамуында өзіне тән ерекшеліктері болды. Азия мен Африка елдері осы кезеңде еуропалық мемлекеттердің отарлық саясатына тап болды. Жаңа заманда еуропалық өркениеттің алға басуы, басқа халықтарды, соның ішінде көне мәдениеттің ошағы болған Үндістан, Қытай, Мексика және тағы да басқа халықтарды ашықтан-ашық тонау арқылы жүзеге асты. Еуропалықтар ұлы географиялық ашылулар нәтижесінде жаңа жерлерді игергенмен, сол жерлердегі халықтардың рухани байлығын игеруді қажет деп санамады. Сол себептен экономикалық-әлеуметтік тұрғыдан неғұрлым жетілген мемлекеттер дамуы баяу қалған елдерді саяси, экономикалық және рухани құлдықта ұстады, олардың табиғи байлықтарын өтеусіз, ынсапсыз тонап, арзан шикізат көзіне айналдырды. Еуропалық отаршыл мемлекеттердің отарлық саясаты оларда капиталистік қатынастардың одан әрі күшейіп, дамуына жол ашса, Шығыс елдерін күйзеліске әкелді. Шығыс елдерінің өндіргіш күштері күйреді, шаруашылық өмір салты бұзылды. Капиталистік Батыспен артта қалған Шығыс елдерінің арасында теңсіздік пайда болды. Колониалдық экспансия Шығыс елдеріндегі тарихи дамудың табиғи үдерісін бұзды. Шығыс өркениетінің тоқырауына, тіпті кейбір халықтардың мүлдем жойылуына алып келді.

XIX ғасырдың екінші жартысында еуропалық отаршылдыққа қарсы Шығыс елдеріндегі жергілікті элиталардың белсенді және

оқымысты тобының, интеллигенцияның ықпалымен ұлтазаттық қозғалыстар жүре бастады. Алғашқы қоғамдық-саяси ұйымдар, мәдени-ағартушылық, діни-реформаторлық сипаттағы қоғамдар пайда болды. Жалпы ұлттық мүддені қорғайтын саяси партиялар дүниеге келді. Біртіндеп Шығыс елдерінің де экономикалық әлеуеті артып, халықаралық қатынастарда маңызды рөлге ие бола бастады.

Сонымен, жаңа заман кезеңі – тарихи оқиғаларға, қантөгіс соғыстарға, сан қилы дағдарыстарға, ғылым мен техниканың қарқынды қадамына, мәдени дүмпулерге толы сындарлы заман. Көріп отырғанымыздай, жаңа заман дәуірі қазіргі әлемді қалыптастырудың маңызды өткелі болды.

I бөлім

XVII-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ

§ 1. XVII-XX ғасырдың басындағы Жапония

XVII-XVIII ғасырлардағы Жапония

XVII ғасырдағы Жапонияның саяси-әлеуметтік жағдайы. 1603 жылы Жапон мемлекетінде билікті Токугава әулетінен шыққан сёгун (әскери қолбасшы) толық өз қолына алады. Осылай Жапония тарихында үшінші сёгунат дүниеге келеді. Токугава сёгуна-ты 1868 жылға дейін өмір сүрді және оның өзіне тән ерекшеліктері болды.

Мемлекеттің басында сёгун тұрды. Елдің астанасы Эдо (қазіргі Токио) қаласы болды, онда сол кезде шамамен 1млн. адам тұрған.

Император Киото қаласында өмір сүрді, мемлекеттің діни басшысы болғанымен, басқа құқықтары болмады және мемлекет ісіне де араласа алмады. Токугава әулетінің билігі кезінде ресми түрде император «саяси билікті сёгунге тапсырды» деген түсінік жүрді.

Сёгун әкімшілік кеңеске сүйенді – городзю, ол әр түрлі князьдық әулеттер өкілдерінен тұрды. Кеңесті сёгунның басты көмекшісі және бірінші министр тайро басқарды. Жапония үкіметі бакуфу деп аталды.

Токугава әулетінің бірінші өкілі Токугава Иэясу, қолындағы билікті нығайтып, Жапонияда әскери тәртіп орнатты.

Сёгунаттың әлеуметтік құрылысы «си-но-ко-се» сословиелік жүйесімен сипатталды. Си – самурайлар, но – шаруалар, ко – қолөнершілер және се – саудагерлер. Әлеуметтік таптың ең жоғарғы «си» сословиесіне ең бай топтар мен сёгундар кірді. Олардың екі қылыш ұстауға ерекше құқы болды. Бұл тап өкілдері жоғарғы мемлекеттік және әскери қызметтерді атқарды. Кедейленіп қалған самурайлар қатарынан жапон интеллигенциясы шықты:

мұғалімдер, дәрігерлер, жазушылар, суретшілер және тағы басқа. XVII ғасырдың басында самурайлар тобы біркелкіліктен айырылды. Олардың ішіндегі ең ауқаттылары – даймё деп аталды. Ал Киотодағы императордың айналасындағы аксүйектер кугэ деген атауға ие болды.

Токугава билігі кезінде Жапонияда бірқатар қалалар өсті, колөнер мен сауда орталықтары пайда болды. Ең ірі қалалар қатарына: Эдо, Осака, Киото, Нагоя, Нагасаки, Хаката қалалары жатты. Қалалардағы қолөнершілер мен саудагерлер табы шаруалардан әлеуметтік саты бойынша төмен тұрса да, әл-ауқаты жағынан олардан жоғары болды. Жапонияда қолөнершілер жанұялық-корпоративтік ұйымдарға – цехтерге (дза) бірікті. Саудагерлер де өз ұйымдарын, яғни гильдиялар құрды. Тіпті, XVIII ғасырда саудагерлер ең бай тап өкілдеріне айналады. Дәл осы уақытта, XVI ғасырда құрылған Мицуи – сегундарды қаржыландырушы сауда үйі биіктен көрінеді. XVII ғасырдың ортасына қарай Эдо мен Киото қалаларының тұрғындарының саны шамамен 500 мың адамға жетсе, Осака халқының саны 270 мың шамасында болды.

Токугава сегунатының сыртқы саясаты. Токугава сегунаты шетелдіктермен халықаралық экономикалық байланыс жасауға мәжбүр болды, себебі олар өздеріне шетелдіктердің техникалық білімі, еуропалық қару-жарақ жасау әдісі керектігін түсінді. Бірақ шетелдіктердің елде өз ықпалдарын орнату әрекеттері, жапондықтарға үрей туғызды. Олар өз тәуелсіздіктерінен айырылып қалудан қорықты.

Алғаш рет жапондықтармен қарым-қатынасқа португалдықтар түсті. Олар Жапонияға 1542 жылы келеді. Португалдар Кюсю аралының оңтүстігіне орналасып, бұл жерде католик дінін таратуға кіріседі. Жергілікті халық португалдықтардан қару-жарақ сатып алатын болды. Содан кейін Жапонияға ағылшындар мен голландықтар келе бастады, біртіндеп еуропалықтармен сауда байланыстары жүрді. Жапонияның оңтүстігінде христиан дінінің кеңінен таралуы жапон үкіметін мазаландырды. Олар мұны тәуелсіздікті жоғалтып алудың тағы бір қаупі деп түсінді. Осы жағдайлардың бәрін басшылыққа алған Токугава Иэясу XVII ғасырдың ортасында

«жабық есік» саясатын жариялап, жапондардың сыртқа шығуына тыйым салды. Бұл заңды бұзғандарды өлім жазасына кесті. Үкімет еуропалықтарға қарсы арнайы заңдар шығарып, олардың елге келуіне және христиан дінін насихаттауына тыйым салды.

Үкіметтің бұл жарлығына қарсы Кюсю аралындағы Симабар қаласының жергілікті тұрғындары қарсы шығады, өйткені олар миссионерлік барысында христиан дінін қабылдаған болатын. Осылай бұл наразылық 1637 жылы Токугава тәртібіне қарсы көтеріліске айналады. Бұл көтерілісті әрең басқан сегун, енді елді шетелдіктер үшін мүлдем жабық деп жариялайды.

1638 жылы Токугава өкіметі елдегі барлық португалдықтар мен испандықтарды қуып шығады. Симабар көтерілісін басуға сегун әскеріне көмектескен голландықтарға ғана сәл артықшылық беріледі. Тек қана Нагасаки қаласындағы порт жылына екі рет сауда кемелерін қабылдауға рұқсат алды.

Токугава әулетінің «жабық есік» саясатының мақсаты феодалдық құрылысты тұрақтандыру, христиан дінінің таралуына жол бермеу, сегундық билік арқылы бүкіл халықты бағыныштылықта ұстау, жатжерлік шапқыншылықтан, шаруалар көтерілістерінен мемлекетті қорғай алатын тәртіп орнату болды. Жапонияның бұл саясаты XIX ғасырға дейін созылды.

Токугава сегунаты шетелдіктердің елге келуіне тыйым салғанымен, әлемдегі мәдени өзгерістер мен техникалық жетістіктерді білуден бас тартқан жоқ. Жапондар ертеден-ақ Қытайдағы, Батыс елдеріндегі жаңалықтарға үнемі көз тігіп отыратын. XVII ғасырдың соңынан бастап Жапонияға еуропалық ғылыми және діни әдебиеттер көптеп әкеліне бастайды. Сегундар осы әдебиеттерді жапон тіліне аударатын арнаулы басқарма құрады. Жапондықтар әсіресе техника, медицина және ботаника саласындағы білімдерді ерекше бағалады. XVII ғасырдың соңынан бастап Жапонияда «шығыстық мораль – батыстық техника» деген принцип қалыптасты, яғни билік құруда шығыстық дәстүр сақталды да, ал экономикада батыстың техникалық жетістігі пайдаланылды.

XVII-XVIII ғасырлар – жапон мәдениеті өркендеген кезеңге жатады. Дәстүрлі жапон мәдениеті негізінде әдеби шығармалар, музыка, көркемсурет дүниеге келді.

Жапониядағы дін мәселесі. 250 жылдан аса уақыт, сегун Токугава негізін салған самурайлық әулеттің билігі кезінде синкретті – синто мен буддизм діні қатар жүрді. Сондай-ақ, Жапонияға сырттан христиан діні мен Қытайдан конфуцийлік енген еді.

Жалпы, жапондар – сырттан келген кез келген жаңалықты сол қалпында қабылдамайтын халық. Ежелден қазіргі уақытқа дейін солай. Қытай тарапынан келген будда діні жапондандырылып, жапондардың ежелгі діні синтоизммен араласып, тұтасып жапондық будда діні дзен-буддизм пайда болды. Қытай архитектурасын, мәдениетін сіңіргенде де өзгертіп, жапондандырып қабылдаған. Қазіргі 140 млн. жапон түгелдей өз тілінде сөйлейді. Қызмет жасап үйіне келгенде, еденде отырып, кесе мен хашиді (екі таяқша) қолға алып, кимоносын киіп тамақтанады. Бұл, әрине, үстел, стақан, шанышқы, киім жетпегеннен емес, жапон екенін ұмытпаудың биік үрдісі. Ежелгі кезде жапондар қытай жазуын сол қалпында қабылдамай, жапон тіліне лайықтап, өзгертіп, әріп ретінде осы күнге дейін қолданады. Тіпті, будданың мүсінінің өзінен жапонның түр-келбеті білініп тұрады, яғни Будданың мүсінінің өзі жапондандырылған.

Буддизмнің Жапонияда таралуының 1500 жылдық тарихы бар. Жапон халқы Будданың бұл дүниедегі харекет атаулының бәрі жалғандығын уағыздай келіп, төзімшілдікке шақырған идеологиясын ұстанады. Атақты шығыстанушы, академик Николай Конрад «орталықтанған мемлекет құрғысы келген тұлғаларға Будда ілімі барынша қолайлы. Өйткені, ол, біріншіден, адамның бойына жалпы мемлекеттік, әлемдік көзқарас қалыптастырып, топтық шеңбердің тар қыспағына қарсы күресуді сіңіреді. Екіншіден, буддизм ілім ғана емес, тамаша храмдық ұйым құра алды. Будданың храмдық иерархиясы монахтар және әр түрлі шендегі прелаттар Жапония қоғамына феодалдық қоғамның дайын үлгісін бере алды», деп жазған еді. Жапон оқымыстысы Мазахари Анэсаки де өз елінің өркениеті жоғары қарқынмен дамығаны үшін Буддизм мен Конфуциандыққа алғыс айтуы керектігін айтады. Сонымен бірге, «Буддизм өзінің бесаспап идеялары арқылы жапондардың діни өміріне жаңа қуат пен серпін берді және діни-эстетикалық талғамдарын тазартты», дейді ол.

Синтоизм – жапондықтардың діни нанымдарына, табиғат күштеріне табыну сенімдеріне байланысты дін. Күншығыс елінің тұрғындары өз елінде императорлық әулеттің үздіксіз билік етіп келе жатқанын аса мақтанышпен айтады. Өйткені император – олардың ұғымында, қасиетті адам. Император қоғамда үйлесімділік пен тыныштық орнатады деп уағыздайды. Синтоизм императорлық билікті жақтаушылардың сиынатын діні болды. Сондықтан да Токугава әулеті синто діни орындарына саяси бақылау орнатты.

Токугава әулетінің билігі кезінде Жапонияда конфуцийлік дін кеңінен тарала бастады. Әсіресе Қытай философы Чжу Си уағыздары конфуцийліктің негізгі тірегі саналды. Себебі конфуцийлік доктрина өмір сүріп отырған барлық нәрселердің үйлесімділігі мен мызғымастығын, халықтың өз билеушісіне сөзсіз бағыныштылығын уағыздайтын ілімдері сегунат билеушілеріне өте тиімді этикалық ереже болды. Әкенің балаға, патшаның халыққа қамқорлығын және баланың әкеге, халықтың патшаға сөзсіз бағынуын уағыздайтын конфуцийлік дін Жапонияда синтоизммен қатар кеңінен өрістеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сегун және сегунат түсініктерін талдаңыздар.
2. Токугава сегунаты кезінде жапон қоғамы қандай таптарға бөлінді?
3. Токугава сегунаты неліктен «жабық есік» саясатын жүргізді?
4. Токугава әулетінің билігі кезінде қандай діндер қатар жүрді, ол діндердің қызметі қандай?

XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Жапония

XIX ғасырдағы Жапонияның экономикалық жағдайы. Токугава әулетінің «жабық есік» саясаты бастапқыда үкіметтің позициясын нығайтты және ілгері дамуға да жол берді. Бірақ бұл даму сыртқы нарықсыз көпке созылған жоқ. Тауар-ақша қатынастары оқшаулану саясаты кезінде кең етек жая алмады.

Экономикалық құлдыраудың бірінші көріністері XVII ғасырдың аяғында, Токугава үйінің бесінші сегуны Цунаёси (1680-1709) кезінде байқала бастайды. Ол «ину-сегун» (иттердің сегуни) деген атаққа ие болады, өйткені жануарларды, әсіресе иттерді қорғау туралы көптеген жарлықтар шығарады, ал ол жарлықты орындамаған адамдарды аяусыз жазалаған. Бұл ісін, будда дініндегі тіршілік иесіне қиянат жасамау, төрт аяқтыға тимеу қағидасын барша мойынсынатын заң ретінде бекіткен. Кім де кім ұшқан құс, жүгірген аң, тіпті итті атса да, қатаң жазаланған. Цунаёси кезеңінде ауыл шаруашылығы күйзеліске ұшырады. Өңделетін жер көлемі азайды. Халық санының өсуі күрт төмендеп кетті. Ауылда шаруалардың жерінен айырылуы күшейіп, жерсіз қалғандары қайыршылық күй кешті.

Мемлекет бұл дағдарыстан шығуға тырысты, сондықтан реформалар «кезеңін» жариялады. Бұл Кехо, Кансэй (1789-1801), Тэмпо (1830-1844) кезеңінің реформалары. Реформалар экономикалық мәселелерді айтарлықтай шешпесе де, мемлекеттік билікті нығайтты. Экономикалық тұрғыдан реформалар – шенеуніктерге шектеу қою, халықпен бірге қарапайым өмір сүру қағидасын, құмар ойындарға тыйым салу, самурайлар мен даймелердың салтанатты сарайда тұрмауы талабы, елден ерекше қымбат киім киіп, таңсық тағам тұтынудан бас тарту талап етіліп, шенеуніктердің әлеуметтік мәселесін сегун жеке өзі бақылаған. Бұл саясатты сегун алдымен өзінен бастады. Самурайлар мен даймелерге төленетін жалақыны да азайтқан. Даймелерге 1 пайыз көлемінде салық салған. Оларға елді Эдодан емес, ауылда отырып басқаруды тапсырған. Шенеуніктердің астанада тұру шығынын бір жылдан алты айға дейін азайтқан. Мұндай саясаттың нәтижесі, дегенмен елеулі өзгерістерге әкелген жоқ.

Нәтижесіз реформалардан шаршаған, оның үстіне қалаларда күріш бағасының шектен тыс өсуіне орай ашаршылықтан күйзелген халық қозғалысқа шығады. 1837 жылы Осака қаласында Осиро Хэйхатиро бастаған көтеріліс ұйымдастырылып, сегунат билігін құлатуға шақырады. Көтерілісшілер қаладағы ірі сауда және өнеркәсіп қызметін біріктірген ірі фирмалар – Мицуи және Коноикэнің қоймалары мен үйлерін өртейді. Осиро көтерілісін

елдің әр түкпірінде қолдаушылар көбейеді. Сегунаттың әлсіреуіне, сондай-ақ «жабық есік» саясаты да өз әсерін тигізді. «Жабық есік» саясаты елдің артта қалуын күшейтіп, өндіріс қатынастарын, ішкі және сыртқы сауданың дамуын тежеді. Сырт елдермен ешқандай байланыстардың болмауынан қоғам дүниежүзіндегі болып жатқан өзгерістерден шет қалып, бейхабар өмір сүрді.

Еуропалықтардың Жапонияны «ашуы». 1853 жылы «жабық есік» саясатын бұзу мақсатында, Жапонияға адмирал Путятиннің жетекшілігімен орыс делегациясы, артынша коммодор Перри бастаған американ әскери жасағы келеді. Бірақ Жапония шетелге есік ашуға асықпайды. Оларға ұлттық сипаттағы мемлекетті сақтап қалу анағұрлым маңызды болды. 1844 жылы Голландияның әскери кемесі Нагасакиге Вильгельм II корольдің хатын жеткізеді. Бұл хатта сегуннан Жапония қақпасын Батыс елдерімен еркін сауда жүргізу мақсатында ашу талап етілді. Бірақ сегун бұл хатқа ешқандай жауап қайтармайды.

1853 жылы ақпанның 13-інде Перри Жапонияға оралды. Келіссөз кезінде ол күш қолдануға дейін баратынын айтып сес көрсетті. Сегун үкіметі елдегі саяси дағдарыс пен қаржы тапшылығынан туындаған ауыр жағдайды ескере отырып, АҚШ-пен соғысқа барудан қорықты. Сөйтіп, 1854 жылы наурыздың 13-інде Канагава деген жерде бірінші жапон-американ келісімшартына қол қойылды. Келісімшарт бойынша Жапония Америка кемелері үшін Симода және Хакодатэ порттарын ашуға мәжбүр болды. Осылай 215 жылға созылған Жапониядағы «жабық есік» саясаты күйреді. Бұдан кейін іле-шала басқа державалар Жапониямен келіссөз жүргізе бастады. 1854 жылы – жапон-ағылшын, 1855 жылы – орыс-жапон, 1856 жылы – голланд-жапон, 1858 жылы француз-жапон келісімшарттарына қол қойылды. Келісімшарттар Жапония үшін еріктен тыс және әділетсіз сипатта болды.

Тең құқықсыз келісім-шарттардың жасалуы, сегунге қарсы Жапон қоғамының әр түрлі таптарының наразылығын тудырды. Сондай-ақ Батыс елдермен жүргізілген сауда байланыстары Жапония үшін тиімсіз болып, ол экономиканы құлдырата түсті.

Жапонияға арзан еуропалық тауарлар қаптап кетті, жергілікті саудагерлер мен кәсіпкерлер бұған қарсы тұра алмады. Сауда тепе-теңдігі бұзылды, алтын мен күміс сыртқа ағылды. Бағалы металдардың бағасы күрт өсті. Шаруалардың ақша табу көзі жойылды. Бұл апатты жапон халқы сегунның әлсіз саясаты деп түсінді. Шетелдіктермен әділетсіз келісімшарт жасасқан сегун басты айыпкер саналды. Жапонияға еуропалықтардың келуіне жаппай наразылық көрсеткен қозғалыс сегунге және шетелдіктерге қарсы бағытталды. Қозғалысқа қатысушылар император билігін қалпына келтіруді талап етті.

1867-1872 жылдардағы Жапониядағы Мэйдзи төңкерісі және жүргізілген реформалар. 1867-1868 жылдар аралығында елде азаматтық төңкеріс орын алды. Төңкеріс нәтижесінде сегундық жойылып, император билігі қайта жанданды. Токугава әулетінің соңғы сегуны орнынан қуылды. Мемлекетті басқаруда сегундықтың орнына батыс елінің басқару формасына негізделген жаңа үлгі орнады. Осылай етек алған саяси реформалар мемлекеттің барлық салаларына кіріп, Жапон елі жаңа бағытқа бет бұрды. Әсіресе, өнер-білім мен оқу-ағартуға баса мән берілді. Ғылымға ұмтылыс пен саяси реформа нәтижесі Жапонияны, 1894-1895 жылдардағы Жапон-Қытай, 1905 жылдағы Жапон-орыс шайқастарында сыртқы ел санасуға тиіс қуатты күш, мықты мемлекет ретінде танытты.

Осы уақыт Жапония тарихында Мейдзи дәуірі деп аталады, яғни бұл Мейдзи императоры таққа отырған 1868 жылдан 1912 жылға дейінгі кезең. 44 жылда Жапон елі өте қатты өзгерістерге ұшырады. Шығыс пен Батыс мәдениетін үйлестірген жапонша даму нұсқасын қалыптастырды. Бір кездері, яғни «жабық есік» саясаты кезінде «дүние жарығынан меңіреу болып, өзінің өзгенің не күйде екенін білмей отырған қалпынан» айналасы 20-30 жылдың ішінде өндірісі дамыған, индустриалды елге айналды.

Мейдзи жаңғырығы аталатын 1868-1890 жылдар аралығында Жапон мемлекеті әр салаларында нақты реформаларды жүзеге асырды. Мұндай реформалар экономиканың, демократиялық қағи-

даттардың алға жылжуына оң ықпалын тигізді. Мемлекетті қуаттандырды. Соның бірі – мемлекеттің саяси-құқықтық түрленуі.

1868 жылы ақпан айында сегунды жақтаушы күштерді түбегейлі жеңгеннен кейін император жаңа билік кезеңіне «Мейдзи дәуірі» деген атау берді. Ел астанасының Эдо атын Токио деп өзгертеді. Өз айналасына іскер, ұлтшыл кеңесшілерін топтастырған тақ иесі осы жылдың сәуірінде Жапон елінің идеологиялық тұғырнамасына айналған «Бес тұжырымын» жария етеді:

1. Орталықтандырылған Жапон елін құру;
2. Капиталистік өндірісті жан-жақты дамыту;
3. Феодалдық әлеуметтік жікті жою;
4. Шетелдермен қарым-қатынасты нығайту;
5. Елді көркейтуге Батыстың білімін игеру.

Осы өзгеріс аясында бұрынғы әкімшілік құрылымды жойып, 1871 жылы Жапония жаңадан 47 әкімшілік аумаққа бөлінеді. 1889 жылы елде жаңа заң қабылданады. Жаңа заңның нұсқасын дайындауда Жапон оқымыстылары мен билік реформаторлары тізе қосып жұмыс жасайды. Император бұйрығымен 1882 жылы Ито Хиробуми бас болған мемлекеттік комиссия Еуропа елдерінің конституциялық тәжірибелерін зерделейді. Батыс елдерінің ең озық, сыннан өткен заңдарын сараптайды. Зерттеу нәтижесіне сай Жапон елі немістік үлгіні өздеріне лайық табады. Дегенмен, жапондардың менталитетіне негізделген ұлттық заң жасау үшін немістен алынған үлгіге жапондар өздерінің болмысына тән ұлттық өзгешелік енгізеді, осыдан кейін ғана, заң қабылданып, бекітіледі. Осыған байланысты М. Әуезов өз мақаласында: «Япония Еуропа нені істесе, соған көз жұмып ере берген жоқ. Әрқайсысының жиып апарған білімін зейінге салып, сынап, өздерінше қолайлы, жақсы дегендерін ғана алатын болды», деп ой қорытады.

Реформаның екінші бір бағыты – ағарту саласы. Мейдзи жаңғырығының ең өткір тұсы халықты ағартқан, білімді жұрт жасау мұраты. Оқу-оқыту өзгерісінде жапондар ең бірінші «міндетті оқыту» жүйесін енгізді. Күншығыс елінің ұлтшылдары мен зиялылары батыстың саяси қысымы мен экономикалық тәуелділігінен

толық құтылудың бірден-бір жолы, Еуропа халқының оқуын меңгеру, өнерін игеру деп түсінді. Сондықтан Жапон жастарының шетелден білім алуына кең жол ашылып, Ұлыбритания, Франция, Германия, АҚШ сияқты елдерге білім іздеген шәкірттер толқыны қалыптасты. Ғылым көкसेген шәкірттердің шетелге барғандағы ойға алатын жалғыз мақсаты өзге елдердің озық тәжірибесін, күшті өнерін меңгеру арқылы Жапон еліне, императорына жан-тәнімен қызмет ету болды. Жапония оқыту ісін дамыту үшін өз жастарын Еуропаға жіберіп қана қоймай, Еуропадан да мықты мамандар алдырды. Арнайы шақырылған мұндай мамандарға төленетін қаржы елдегі ең жоғары деген еңбекақыдан екі-үш есеге көп болды. Бірақ бұл үрдіс Жапония жаңару, жаңғыру кезеңін толық аяқтаған 1890 жылдардан соң тоқтатылды. Шетелдік мамандарды Жапонияның өз кадрлары толығымен ауыстырды.

Осы жолдағы тағы бір бағыт Мейдзи жаңғырығымен 1872 жылы Токио мен Иогоама арасында қатынайтын Жапониядағы алғашқы темір жол желісі іске қосылды. Темір жолмен бірге тауар алмасу, сауда-саттық та күрт көтерілді. Жаңа кәсіпорындардың жұмысын жолға қойған соң, мемлекет оларды жеңілдік жағдаймен жас жапон капиталистеріне сатты. Бұл кәсіпорындар «Мицуи», «Мицубиси», «Сумитомо» сияқты қаржылық-өнеркәсіптік топтардың қалыптасуына негіз болды. Жапонияда капитализм осылай қарқын ала бастады. Іле-шала 1873 жылы Жапонияда бірыңғай салық жүйесі енгізіліп, осыдан соң елде өндіріс орындары көптеп ашылды. Мұндай алғышарттар нәтижесінде Мейдзи реформасы басталған 1868 жылдан айналасы 15 жыл ішінде мың жарымға таяу өндіріс ошақтары, зауыт-фабрикалар бой көтерді. Зауыт-фабрикалар өнімін тасымалдауға қажетті темір жол торабы да 1914 жылы 7000 шақырымға ұлғайды.

Әскери салаға да айтарлықтай өзгеріс әкелген Мейдзи реформасы бұрынғы даймеге бағынатын тайпалық қорғанысты жойып, әскери құрылымын еуропаша жаңалады. 1872 жылдан бастап міндетті әскери борыш енгізілді. Міндетті әскерлік тәртіпке сай жасы 20-дан асқан кез келген ер адам әскер қатарына шақырылды.

1873 жылы Жапониядағы соғысқа дайын әскерилер саны 400 мыңға жетті. Бұдан бөлек Мейдзи билігі ұлттық қару-жарақ өндірісін қолға алды. Сөйтіп, Мейдзи дәуірінің соңғы тұсында әскери шығын ұлттық табыстың 30-45 пайызына дейін ұлғайды.

Жапонияда капитализмнің дамуы. Жапонияның басқыншылық соғыстары. XX ғасырдың басындағы мемлекеттің дамуы. Елде экономиканың өркендеуіне, буржуазияның өсуіне байланысты саяси іс-әрекеттер де белсенділік көрсетті. 1880 жылдары Жапонияда алғашқы партиялар құрыла бастады. 1881 жылы «дзюто» (либералды партия) партиясы дүниеге келді. Бұл оппозициялық партияның негізгі талаптары: жер салығын төмендету, үкіметтік орындарды иемденіп алған кейбір жартылай феодалдық топтардың билігін тежеу болды.

1882 жылы «кайсинто» (реформалар партиясы) партиясы пайда болады. Олардың оппозициялық шарттары: ақша жүйесін реформалау, сыртқы сауданы көтермелеу, еуропалықтармен жасалған тең емес келісім шарттарды тез арада қайта қарастыру, белсенді сыртқы саясат жүргізу, яғни Жапон буржуазиясына сыртқы нарыққа жол ашуға мүмкіндік беретін жаулаушылық соғыстарды бастау.

Бұл екі партия да үкіметтің конституция қабылдауын көздеді, сол себептен «микен ундо» (халық құқығы үшін қозғалыс) конституциялық қозғалысы ұйымдастырылды. Бастапқыда үкімет мұндай талаптарға қарсылық білдіргенімен, кейін бір топ көрнекті өкілдерін Еуропа елдері мен АҚШ-қа конституциялық тәжірибемен танысу үшін жібереді. Нәтижесінде Жапония үшін ең тиімдісі, Бисмарктің пруссиялық консервативті парламенті болып шығады. Осылай 1889 жылы Жапон конституциясы қабылданады.

1889 жылғы конституцияның ерекшелігі жапондық монархиялық биліктің құпталуы еді. Императордың конституциялық құқы өте кең болды. Жапония парламенті екі палатадан тұрды. Конституция қабылданғаннан кейін, алғашқы жылдары парламент пен үкімет арасында жиі-жиі даулар туып отырды. Бірінші төрт жылда Жапон парламентін император үш рет таратты.

Жапонияның қарулануы, әсіресе күшті әскери-флот құрылысы тез қарқынмен жүрді. Бұл Қытайға қарсы жаулаушылық соғыстың нысаны еді.

1894-1895 жылдары Жапония Қытай армиясы мен флотын талқандап, Тайвань, Пэнхледао аралдарын және Ляодун түбегін басып алды. 1900 жылы Ресей шетелдік державалармен бірге Қытайдағы Ихэтуаньдер көтерілісін басып-жаншуға қатыса отырып, Маньчжурияны өзінің ықпал аймағына айналдырған. 1902 жылы АҚШ және Ұлыбританияның қолдауымен Жапония, Маньчжурия мен Корея түбегіне батыл еніп келе жатқан Ресейге қарсы әскери одақ құрады. 1904 жылы 9 ақпанға қараған түні Жапон флоты соғыс жарияламастан Порт-Артурдағы орыс эскадрасына шабуыл жасайды. Жапонияның кенеттен соғыс бастауы Ресей үшін үлкен қиындық тудырды. Бұл кезде транссібір магистралі мен Порт-Артурдағы ірі әскери құрылыстар әлі бітпеген еді.

1904 жылы 10 ақпанда Жапония Ресейге ресми түрде соғыс жариялады. Жапон әскері сәуірдің аяғында Ялу өзенінің маңында тұрған орыс әскерлерін талқандап, Маньчжурияға шабуыл жасайды. Сонымен бір мезгілде Порт-Артурдың сол жағындағы Ляодун түбегіне әскери күштерін түсіріп, бекіністі қоршауға алды және Оңтүстік Маньчжуриядағы орыс әскерлеріне соққы берді. Орыс әскері шегінуге мәжбүр болды.

Мамырда Цзиньжоу қаласына ие болған Жапония Порт-Артурды Маньчжуриядан оқшаулап тастады. 1904 жылы қыркүйектің басында патша әскері Ляоян шайқасында ірі жеңіліске ұшырайды. 1905 жылы 2 қаңтарда ұзаққа созылған қоршаудан кейін Порт-Артур берілуге мәжбүр болды. Порт-Артурды қолға түсіруі Жапонияның стратегиясын едәуір жақсартты.

1905 жылы 27-28 мамырда Цусима теңіз шайқасында орыс эскадрасы толық талқандалды. Орыс-Жапон соғысында Ресей біржола жеңілді. Бұл соғыстың барысы мен нәтижесінде патшалық Ресей өзінің әскери әлсіздігін, бұл салада артта қалғандығын көрсетті.

1905 жылы 5 қыркүйекте Жапония мүддесіне шешілген екі ел арасында Портсмут бітім шартына қол қойылды. Орыс-Жапон соғысы нәтижесінде Корея мен Оңтүстік Маньчжурияда Жапон

үстемдігі орнады. Жапония тек Қиыр Шығыстағы ғана емес, дүниежүзіндегі жетекші елдердің біріне айналды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. XIX ғасырдың ортасына дейінгі Жапонияның саяси құрылысы
2. қандай болды? Сегун мен императордың билігін салыстырыңыздар.
3. Жапония не үшін «жабық есік» саясатын ұстанды? «Жабық есік» саясатының Жапония үшін жағымды және жағымсыз жақтарын көрсетіңіз.
4. «Мэйдзи төңкерісінің» мәнін ашып түсіндіріңіз?
5. XIX ғасырдың 70 жылдары қандай реформалар жүргізілді және ол Жапонияның жанаша дамуына қалай ықпал етті?
6. Сыртқы басқыншылық саясат Жапонияға не үшін қажет болды?

§ 2. XVII-XX ғасырдың басындағы Қытай

XVII-XVIII ғасырлардағы Қытай

Маньчжурлық Цин династиясының қол астындағы Қытай (XVII-XIX ғғ.). XVII ғасырдың бірінші жартысында орта-ғасырлық Мин империясының терең дағдарысын пайдаланған маньчжурлықтар (қытай тарихында чжурчжендер деген атпен белгілі) Қытайда өз биліктерін орната бастайды. Алғашқыда маньчжур тайпалары Қытайдың солтүстік жағында, шекаралас аймақта өмір сүрді. XVII ғасырда бұл тайпалар бір саяси бірлестікке топтаса бастайды. Нәтижесінде маньчжурлардың дарынды әскери қолбасшысы Нурхаци негізін қалаған алғашқы маньчжур мемлекеті пайда болады. Нурхацидің баласы Абахайдың тұсында маньчжур мемлекеті Цин (қытайша «таза» деген мағынада) деп аталды. Цин мемлекетінің алғашқы билеушісі де осы Абахай (1626-1643 билік еткен жылдары) болды. Абахай өлімінен кейін таққа ресми түрде оның ұлы – Фулинь (Шуньжи, билік еткен жылдары 1644-1661) отырады. Бірақ, шын мәнінде бар билік оның қамқоршысы Дорогоньнің қолында болған.

Бұл кезде Қытайдың орталық аудандарында Мин патшалығына қарсы Ли Цзычэн, Чжан Сяньжун бастаған халық көтерілістері болып жатты. 1644 жылы Цзычэн бастаған көтерілісшілер Пекинге басып кіргеннен кейін, Мин патшалығының соңғы императоры Чжу Юцзян өзіне-өзі қол жұмсап, қаза болады. Ал маньчжурлардың әскері Қытай қорғанын күзетіп тұрған Мин патшалығының генералы У Саньгуймен бірігіп, көтерілісшілерге қарсы аттанады. 1644 жылы 1 мамырда біріккен әскер Пекинен көтерілісшілер әскерін ығыстырып шығарып, Қытайда Цин империясының орнағанын жариялайды. Келесі 15 жыл ішінде маньчжурлықтар өз билігін біртіндеп бүткіл Қытайға таратады. Маньчжурлықтар 1674 жылы Оңтүстік Қытайда қытайлықтар тарапынан ең ірі қарсыластықты көреді. Бұл жерде Юньнан өлкесінің (провинция) басшысы, кезінде маньчжурлардың жағында болған У Саньгуй, Гуандун билеушісінің мұрагері Шан Кэси, сонымен қатар Фуцзянь өлкесінің губернаторы Гэн Чжунмин бес жыл бойына Цин империясына қарсы «үш князь» соғысын жүргізеді.

XVII ғасырдың аяғына қарай, 1683 жылы барлық көтерілістер басылып, Цин әулетінің билігі Қытайда толық орнайды. Қытай осы уақыттан бастап жатжерлік маньчжурлардың үстемдігінде 1912 жылға дейін өмір сүреді.

Неге маньчжурлықтар Қытайды сондай оңай жаулап алды? Тарихтан білетініміз, Шығыс пен Батыс тарихында көшпенділер отырықшы халықтарды жиі жеңіп алып отырған. Ал дәл осы Қытай тарихында, мұндай жағдайдың туындауына бірнеше себеп болды:

- Маньчжур қоғамының әскери ұйымдасуы, оның қауымдастық құрылымы;
- Мин мемлекетінің жалпы әлсіреуі.

XVII ғасыр мен XIX ғасырдың басында елдің экономикалық жағдайы.

Қытайды жаулап алғаннан кейін маньчжурлар шаруалардан жерлерін тартып алған жоқ. Ең алдымен жер тәркілеуді олар қытай ақсүйектерінен бастады. Тәркіленген жерлер әскербасшылар мен жауынгерлерге бөліп берілді. Пекинде тұрақтанып алған жаңа әулет, енді ол жерден және Шандунь өлкесінен тұрғылықты халықты жан-жаққа қудалай бастады. Кейінірек өзен, жол, әскери қамалдардың қасындағы жерлер де тәркіленді. Бұл жерлер де маньчжур әскерлеріне берілді. Сонымен қатар, циндықтар қытайдың дәстүрлі жер бөлісін (жерді екі категорияға бөлу) сақтады.

Мемлекеттік немесе қазыналық жерлер – гуаньди, жер қорының $\frac{1}{4}$ бөлігін құрады.

Жер қорынан алынған тағы бір бөлік – «меншік» немесе халық жерлері – миньди деп аталды.

XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басында Қытайдың экономикасы қайта жанданды. Ауыл шаруашылығының гүлденуін келесі себептермен белгілеуге болады:

Біріншіден, Қытай шаруаларының бір бөлігі солтүстік пен батыс аймақтарға жер аударылып, тың жерлерді игере бастаса, екіншілері басқыншылық соғыс кезінде қараусыз қалған жерлеріне қайта оралып, егіншілікпен айналыса бастады.

Екіншіден, Маньчжур билеушілері жергілікті халықтың наразылық көтерілістерін есепке ала отырып, өндірістік күшті көбейту үшін шаруаларға салынатын салықты реттеп, ауыртпалықтарын біраз жеңілдетті. Ұсақ шаруа қожалықтары кеңінен дами бастады.

Үшіншіден, ауыл шаруашылық өнімінің көлемі артты, оңтүстік аймақтарда шаруалар жылына үш рет күріш өнімін жинады, елдің әл-ауқаты жақсарды, ал бұл өз алдына елдің демографиялық жағдайын жақсартты.

Төртіншіден, салық төлеушілердің саны өскендіктен мемлекеттің табысы да артты.

XVII ғасырдың соңында Қытай қалаларының қайта жандана бастауына сәйкес, қала мен ауыл арасында сауда байланыстары өркендеді. XVIII ғасырда Қытайда жекеменшік қолөнерлік өнеркәсіп гүлденді. Мақта және жібек маталарын өндіру жақсы дамыды. Бұл бұйымдар елдің ішінде сатылып қана қоймай, шетелдерге де шығарылды. Тоқыма өндірісі Қытайдың шығысында – теңіз жағалауында орналасқан қалаларда табысты дамыды. Мысалы, Шанхайдағы мақта-мата өндіретін тоқымашылардың саны 200 мыңға дейін жетті.

Қалаларда мақта-мата өндірісінен басқа фарфор, шай, тұз, тері өндірілді. Гуанчжоу сияқты ірі қалалар қала өнеркәсібі мен сауданың ірі орталықтарына айналды.

Қытайдағы қолөнердің ең кең таралған түрі фарфор өндірісі еді. Қытайдың атақты фарфор бұйымдары әлемнің әр түкпіріне таралды. Сондай-ақ Қытайда тау-кен өндірісі дамыды. Мыс, темір, тағы басқа металдар қорытылды.

XVIII ғасырда, елдегі қолайлы жағдайларға қарамастан, Цин билеушілері Қытай халқының сырт елдермен байланысына шектеу қояды. 1757 жылы император Цяньлун (1736-1796) тұсында империя біршама гүлденіп дамыды. Әскерлер басқыншылық соғыстар арқылы империяның сыртқы шекараларын бұрын болып көрмеген шекке дейін кеңейтті. Қытайдың жалпы дамуы қарқын алды. Отаршылдықты болдырмау мақсатында Еуропалықтардың Қытайға келуіне тыйым салды. Қытайды «жабық есік саясатымен» оқшау ұстады. Қытай саудагерлері елдің оңтүстігінде, тек

Гуанчжоу портты қаласы арқылы ғана сырт елдермен сауда жасай алды. Цяньлун империяны алпыс жыл басқарды. Империяда оның өлімінен кейін бірден бүліктер мен көтерілістер орын ала бастайды.

Циндік Қытайдың мемлекеттік идеологиясы реформаланған конфуциандық болған, яғни оған сәйкес жер мен жер өңдеу – мемлекеттің діңгегі (негізі), ал қолөнер мен сауда оның тармағы (екінші кезекте) болып саналды. Сондықтан шаруаның дәрежесі қолөнерші мен саудагердің дәрежесінен жоғары еді. Оның үстіне, жоғарыда көрсеткендей сыртқы сауда да мемлекет тарапынан тежеліп отырды. Осы жағдайлардың бәрі өз алдына, экономиканың нарықтық түрінің қалыптасуына кедергі болды.

Қытай экономикасындағы тұрақтылық XVIII ғасырдың соңғы ширегіне дейін ғана сақталды. XVIII ғасырда империяның жүргізген үздіксіз басқыншылық соғыстарының ауыртпалығы Қытай экономикасына үлкен зиян келтірді, халықтың басына түскен ауыртпалық: салықтар көбейді. Басқыншылық соғыстар, басып алған жерлерді қорғап тұру, халық көтерілістерін басу орасан зор шығынға түсті. Сөйтіп, XVIII ғасырдың соңында Цин империясы дағдарыс кезеңіне аяқ басты.

XVIII ғасырдың соңғы ширегінде озбырлық тәртіптің дағдарысының белгілері мен әлеуметтік шиеленістің артуы айқындала түсті. Бұл құбылыстар маньчжурлардың XVIII ғасырда жүргізген жаулапалушылық саясатының салдарымен байланысты болды. Жаулапалушылық жорықтар, жаулап алынған шекараларды күзету, бағындырылған халықтың көтерілістерін басу орасан зор шығындарды талап етті.

Цин мемлекетінде басталған дағдарыстың белгілері мемлекеттік аппараттың іріп-шіруінен, шенеуніктердің барлық топтарын қамтыған жемқорлықтың таралуынан көрінді.

XVIII ғасырда Қытайда жергілікті халық санының күрт өсуі байқалды. XVIII ғасырдың басында елде 100 млн адам болса, ал ғасырдың соңында 300 млн-нан аса адам тұрды. Бұл жөнінде «алқаптарда үйлер үшін жер жетпейді» деген мәліметтер хабарланған. Қытайда азық-түліктің қатты жетіспеушілігі сезіле бастады. Мемлекет қандай да бір әрекет істеуге дәрменсіз болды.

Елде толқулар мен көтерілістер етек алды, оларды ұйымдастырушылар құпия қоғамдар мен діни секталар болды. Мәселен, XVIII ғасырдың соңында «Ақ лотос қоғамының» басшылығымен жаңа дәуір кезеңіндегі аса ірі халық көтерілістерінің бірі басталды. Көтерілісшілер Маньчжур династиясын құлату, жемқор және қатал шенеуніктерді жою ұрандарын көтерді. Циндік әскерлер көтерілісшілерді аяусыз жазалады, қарсылық ошақтары басып-жаншылды. Бірақ ауыр жеңілістерге қарамастан, құпия қоғамдар мен діни секталардың іс-әрекеті тоқтамады. Олар жаңа тарихтың келесі кезеңінің өн бойында Цин өкіметіне қарсылықтың дем берушілері болды.

Цин империясының саяси-әлеуметтік құрылысы. Мемлекеттің басында, билігі шексіз боғдыхан (император) тұрды. Ол «Көк Тәңірінің ұлы» деп саналды. Императордың жеке басы қасиетті болып есептелді. Қарапайым халыққа оның жүзін көруге қатаң тыйым салынды. Мысалы, император Пекиндегі сарайынан шығып, қала сыртындағы жазғы сарайына аттанған кезде, оның жүзін ешкім көрмеуі үшін көшедегі үйлердің терезелерін жапқызып тастайтын. Императордың шын атын дауыстап атауға, қағазға жазуға болмайтын. Халық императорды оның ұранымен атайтын. Цин империясының ең жоғарғы заңды құрылымдары әскери кеңес, императорлық әкімшілік пен министрліктің алты палатасы болды:

- аттестаттау министрлігі, шэньши – ғылыми дәрежесін бекітті;
- қаржы министрлігі салық жинауды бақылады;
- салтанатты рәсімдер (церемония) министрлігі сарай этикетінің тәртібін қадағалады;
- әскери министрлік мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау мәселесін шешіп қана қоймай, полиция функцияларын да атқарды;
- құқық министрлігі заң шығарумен қатар, сол заңдардың жүзеге асуын қадағалады;
- қоғамдық жұмыстар министрлігі жолдар, көпірлер мен каналдардың жай-күйін қадағалап, қажет болғанда жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Мемлекеттік қызметке, ең алдымен, маньчжурлар алынды, содан кейін ғана маньчжурларға адал деп саналған қытайлықтар, бірен-саран монғолдар қабылданды.

Цин империясының мемлекеттік құрылысы Мин әулеті билеген қытайдың мемлекеттік мекемелері мен салалық басқарушы органдары үлгісінде құрылды.

Бүкіл Қытай жері әкімшілік жағынан 18 провинцияға бөлінді. Оны император тағайындаған өкілетті органдар басқарды. Конфуцийлік дәстүр бойынша мемлекеттік қызметке ғылыми дәрежесі бар оқымыстылар алынатын. Оларды шэньшилер деп атады. Шэньши дәрежесін алу үшін мемлекеттік емтихан тапсыратын, маньчжурлар билігі тұсында емтиханды ақшаға сатып алатын маньчжурлық феодалдар көбейді.

Цин билеушілері қабылдаған заң бойынша маньчжурлар мемлекеттегі ерекше жағдайға ие болды. Барлық жеңілдіктер мен артықшылық құқық соларға тиесілі еді. Ал бағындырылған қытайлықтар мен басқа ұлт өкілдері екінші қатарда тұрды. Маньчжурлардан кейін бір саты төмен тұрған ерікті қытайлар 4 сословиеге бөлінді: ғалымдар (шэньши), егіншілер, қолөнершілер және саудагерлер. Олардың ішінде саны жағынан басымы қарапайым шаруалар мен ірі жер иеленушілер еді. Ең төменгі сатыда кедейлер тұрды, оларға әртістер, қарапайым қызметшілер, малайлар жатты. Бұл топтың өкілдері ешқашан мемлекеттік емтихан тапсыруға жіберілмеді, өйткені мемлекеттік қызмет атқаруға құқықтары жоқ болды. Маньчжурлар Қытайды басып алғаннан кейін, мемлекеттегі ең үлкен және құнарлы жерлердің қожайындарына айналды. XVIII ғасырдың ортасына қарай Цин императорының меншігінде ауданы 13 мың цин (1 цин – 6 га) болатын 70 жер шаруашылығы орналасты.

Қытай феодалдарының иелігіндегі жерден мемлекеттік салық алынды. XVII-XVIII ғасырларда Цин мемлекетінде жер иелену ірілендірілді. Мемлекеттегі халықтың басым бөлігі болған қарапайым шаруалар егіншілікпен қатар қолөнермен, ұсталық, тоқымашылық, зергерлік сияқты жұмыстармен де айналысты. Қытай шаруаларының қолынан шыққан тоқыма

бұйымдар елдің ішкі саудасымен қатар сырт елдерге де таралды. Осы кезеңдегі Қытайдағы ең ірі тоқыма орталықтарына Нанкин, Сучжоу, Ханчжоу, Шанхай және тағы басқа қалалар жатты. Бұл қалаларда шығарылған Қытайдың жібек, мақта-мата өнімдері дүниежүзіне белгілі болды.

Қолөнершілер ірі және ұсақ ұйымдарға бірікті. Мемлекеттік мануфактуралар құрыла бастады. Олардың қызмет саласы тау-кен өнеркәсібі, сондай-ақ қару-жарақ шығару болды. Қазыналық қолөнер шеберханалары мен мануфактураларында жалдамалы қолөнершілер жұмыс істеді.

Цин империясының сыртқы саясаты. XVII ғасырда Цин империясының сыртқы саясатында екі үдеріс байқалады. Бір жағынан, Қытай өзін сыртқы әлемнен оқшауландырса, екінші жағынан, өзінің территориясы мен ықпал өрісін көрші азиялық елдер арқылы кеңейткісі келді. Аталып отырған сыртқы саясаттың екінші үдерісі, қытай тарихының барысында, яғни бертін қарай да өзгеріссіз болып келеді.

XVIII ғасырда Қытайға Корея, Лаос, Бирма, Тайланд, Вьетнам және басқа да шекаралас мемлекеттер тәуелді болып қалады. Олармен қарым-қатынас «үлкен жанұя» қағидаты бойынша жүрді, яғни «ағалық» рөлде – Қытай, ал «інілік» рөлде – басқа көршілес елдер. «Ағасы» кішілерге ақыл-кеңестер береді, ал олар өз кезегінде оған тізе бүгіп, әр түрлі сыйлықтар тарту етеді.

Қытайлықтар көршілес азиялық халықтарды «іні» ретінде қабылдаса, еуропалықтарды «варварлар» деп таныды. Неге варварлар? Өйткені, Конфуций қағидасы бойынша: «мейірімді адам борышы мен міндетін бірінші орынға қояды, ал мардымсыз, арам адам тек пайдасын ойлайды». Бұдан шығатын қорытынды, қытай өркениеті кез келген еуропалық өркениеттен жоғары, себебі Қытай императоры ел алдында борышы мен міндеті жайлы ойласа, еуропалық билеушілер тек пайданы ғана көздейді-мыс деген түсінік кеңінен жүрді.

Қытай империясының Батыс елдерімен қатынасы Ұлы географиялық ашулармен тығыз байланысты деуге болады. Маньчжурлықтар алғашында елде шетелдік сауда факторияларының

орнығуына кедергі жасаған жоқ. Осылай, империяда ағылшын, голланд, француз компанияларының факториялары пайда болды. Әсіресе белсенділікті ағылшындық Ост-Индия компаниясы көрсетіп отырды. Сонымен қатар, император Канси миссионерлерді өзіне жақындатып, христиандықты уағыздауға да рұқсат береді. Көп ұзамай 1716 жылы шетелдіктердің Қытайға енуі шектеле бастайды. 1720 жылы Кантон қаласында «Кохонг» атты қытай саудагерлік компаниясы құрылады. Оның міндеті бүткіл шетелдік, әсіресе ағылшындық сауданы монополияландыру еді. Христиан-миссионерлердің қызметін шектейтін жарлықтар да шығады. Христиандық храмдар жабылады. 1757 жылы шетелдік саудагерлерге тек бір ғана «ашық» қала Кантонда (Гуанчжоу) сауда жасауға құқық беріледі. Бірақ, бұлай оқшаулану ұзаққа созылған жоқ. XVIII ғасырдың аяғында-ақ елге дипломатиялық делегациялар, атап айтқанда ағылшындық миссия келеді. Қытайлықтар миссияның басшысына, король Георг III-ке арналған жарлықты тапсырады. Онда, Қытай ағылшындардан алым-салық алуға дайын, бірақ тұрақты ынтымақтастық және ағылшын елшісінің Қытайда үнемі болуы – орынсыз деп көрсетіледі.

Ресей мен Қытай қатынастары негізінен шекаралық мәселелерге қатысты болды. Ең алғаш рет орыстардың Қытай шекараларына жақындауы туралы және олар жөнінде мәліметтерді орыс казактары әкелді. 1618 жылы тоболдық казак Иван Петлин Қытайда болып, ол жақтан орыс патшасына грамота алып келеді. Бірақ, ең қызығы оны ешкім оқи алмай қор болған, өйткені бұл уақытта Ресей мемлекетінде қытай тілін білетін адам табылмаған екен. XVII ғасырдың аяғында Амур өзенінде орыс казактары Албазин қамалын тұрғызады. Оны көрген қытайлықтар қамалды талқандайды. 1689 жылы Нерчинскіде ең алғашқы орыс-қытай келісімі жасалынады. Бұл келісім бойынша екі ел шекарасы Горбица өзенімен өткен. Ал Амур өзені мен Албазин қаласы Қытайдың жағында қалады.

I Петр орыс-қытай қатынастарына үлкен мән берді. 1719 жылы Қытайға Измайлов миссиясы аттанады, бірақ, орыстар көздеген мақсатқа бұл елшілік қол жеткізбейді. Осыдан кейінде

бірнеше рет шекара және сауда мәселелері бойынша елшіліктер жіберіліп, әр түрлі келісімдер жасалады. 1731 жылы Мәскеуге алғаш рет Қытай елшілігі келеді. XVIII ғасырдың ортасына қарай елшіліктер саны күрт қысқарады. Бұған себеп қытайдың «жабық есік саясаты» еді.

Қазақ – Қытай қатынастары. Қытайдың Қазақ хандығымен тікелей байланыс жасай бастаған кезеңін XVIII ғасырдың бірінші жартысы деп белгілеуге болады.

Қазақ билеушілерімен қарым-қатынас орната отырып, Қытай стратегтері мен дипломаттары оларды, ең алдымен, Жоңғар хандығына қарсы күрестегі одақтастарымыз деп санады. Жоңғариядағы XVIII ғасырдың ортасында қалыптасқан ішкі алауыздық пен билікке таласқан топтардың арасындағы шиеленісті жағдай Қытайдың Орта Азиядағы басқыншылық саясатын іске асыруға қолайлы болды.

1755 жылдың ерте көктемінде Цин империясының әскері ойраттардың ішіндегі алауыздықты пайдаланып, Жоңғар хандығына басып кіреді. Жазға қарай жоңғарларды «тыныштандыру» аяқталады. Жоңғар ханы Дабашы тұтқынға алынып, Пекинге жөнелтіледі. Жоңғар тағын иелену мақсатында, Дабашыны құлату үшін қытай әскерін бастап келген жоңғар билеушісі болған Әмірсана, енді ойраттарды циндерге қарсы көтеріліске шақырады, бірақ қолдау таба алмай, қазақ жеріне, Абылай сұлтанға келіп паналайды. 1756 жылы Абылай сұлтанға Цин елшісі келіп, Әмірсананы ұстап беруді талап етеді, бірақ Абылай елшіліктің өтінішін орындаудан бас тартып, ойраттардың ұлтзаттық күресі жағында екендігін танытады. Цин үкіметі бұған жауап ретінде солтүстік және оңтүстік бағыттағы әскеріне екі саппен Қазақ жеріне енуге бұйрық береді.

1756 жылдың жазында Абылай мен Ералы сұлтандар бастаған Орта және Кіші жүз жасақтары жақсы қаруланған қытай әскерімен бірнеше қанды шайқастар өткізеді. Сібір губернаторы В.А. Мятлев Сыртқы істер коллегиясына берген мәліметінде 10 мың адамнан тұрған қазақ қолдары Аягөз өзенінің бойында Цин әскеріне бірнеше мәрте елеулі соққы бергендігін жеткізеді.

1756 жылы қыркүйекте Солтүстік монғолияда циндерге қарсы көтерілістің басталып кетуі, оның артын ала келген қысқы суық қытай әскерінің Қазақ жерлеріне тереңдеп енуіне мүмкіндік берген жоқ. Сонымен Цин әскері осы жылғы жазда алдына қойған мақсатына жете алмады. Соңында, біраз жеңілістен соң, циндіктер күзге қарай әскерін Қазақ жерінен алып кетуге мәжбүр болды.

1757 жылдың жазында Жоңғарияның Цин әскеріне қарсы көтерілісі біржола жеңіліс тапты. Жоңғар хандығы өмір сүруін тоқтатты. Оның осы мезгілдегі 600 мыңдай халқынан 30-40 мыңы ғана көрші елдерге бас сауғалап тірі қалды.

Жоңғар хандығын ойрандаған Цин үкіметі енді қазақтардың шекарасын анықтау әрекетіне көшеді. 1755, 1756 жылдары Абылай сұлтанның ауылына Цин елшілігі келіп, патшаның хатын тапсырады. Қытайлықтар Жоңғар хандығының барлық мұрасын, соның ішінде ойраттардың бұдан бұрын қазақтар мен қырғыздардан тартып алған жерін де иемденбек ниетін білдіреді. Алғашында бұл пікірге қарсылық білдіріп, ойраттардың азаттық қозғалысына ашық қолдау көрсеткен Абылай 1757 жылдың күзінде Цяньлун патшаға Шағыр және Өміртай бастаған он бір кісілік елшілік аттандырып, екі ел арасында бейбітшілік қатынас орнату жөнінде келісімшарт жасасуды ұсынады.

Қазақ елшісімен әңгіме кезінде Цяньлун патша: «Егер Цин Ресеймен соғыса қалған жағдайда қазақтар қай жағына көмектеседі?» – деген сұрау қояды, оған қазақ елшісі: «Сіздер сияқты ақсүйек патшалар өзара соғысып жатса, біз сияқты кішкентай елдің ондай іске араласпағаны жөн шығар, ондай жағдайда біз бейтарап қаламыз», – деп жауап қайтарады.

Цин империясының 1758 жылы Жоңғар хандығы мен Шығыс Түркістанды жаулап алып, тікелей Қазақстан шекарасына шығуы, әрине, бұл аймақтағы жағдайға Ресейдің де мүдделілік таныта бастауына түрткі болды. Өз ретінде Абылай хан мен оның бағытын қолдайтын Қазақ билеушілері екі империяның арасында мүмкін болғанша тәуелсіздігін сақтауға тырысты. Сонымен бірге кезінде ойраттар басып алған Қазақ жерлерін қайтаруға, Шыңжаң

базарларында, яғни жаңа ғана Қытай империясы құрамына енген Жоңғария мен Шығыс Түркістанда бұрынғыдай еркін сауда қатынасын сақтауға күш салды.

Қытай үкіметі қалмақтардан босаған жерге қазақтарды жібермеу мақсатында Іле өзені бойы, Тарбағатай және Ертіс өзеніне дейінгі аралықта әскери бекіністер сала бастайды. 1761 жылы қытай патшасы қазақтарға Аягөз өзенінің оң жақ бетіне көшіп-қонуға тыйым салған Жарлық шығарады. Бірақ оған қазақ малшылары құлақ аспай, Тарбағатайдың жайылымдарын пайдалана берді. 1767 жылы Цин үкіметі қазақтарға Тарбағатай мен Іле өңіріндегі жайылымдарды пайдалануға келісім беруге мәжбүр болды, бірақ оның есесіне, қазақ малшыларынан жер майы салығын төлеп тұруды талап етті. Сонымен, XVIII ғасырдың соңына қарай Орта және Ұлы жүздің біраз бөлігі Қытайға жер салығын төлеп, Тарбағатай, Іле өңірі және монғол Алтайындағы бай жайылымдарды пайдалану мүмкіндігін иемденді. Кейін бұл аймақ Қытайдың Шыңжаң өлкесі құрамына енді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Неге маньчжурлықтар Қытайды оңай жаулап алды?
2. XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басында Қытайдың экономикасының қайта жандануының себептері неде?
3. Цин империясының мемлекеттік құрылысы қандай болды?
4. Цин империясының сыртқы саясатындағы бағыттарын атаңыз?
5. XVII ғасыр мен XVIII ғасырдағы Қазақ-Қытай қарым-қатынастары жөнінде қосымша қандай мәліметтер білесіз?

XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Қытай

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Цин империясының саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайы. XIX ғасырдың 30 жылдарында Цин империясында кезекті циклдық әлеуметтік-демографиялық дағдарыс орын алды. Оның бірден-бір көрінісі маньчжурлықтарға қарсы елдің наразылығы және көтерілістердің

өрлеуі еді. Цин өкіметінің Қытайды томаға-тұйық, оқшау жағдайда ұстауы оны дүниежүзі елдерінен даму жағынан артта қалдырды. Орасан зор жер аумағына, табиғат байлықтарына, мемлекеттік даму тәжірибесіне қарамастан, Қытай артта қалған феодалдық ел болып қалды. Қытай халқы мемлекет басында отырған маньчжур үстемдігіне наразылық күрес жүргізумен болды, үкіметке қарсы бағытталған құпия ұйымдар көбейді. Мысалы, «Ақ лотос», «Аспан ақыл-парасаты» тағы басқа құпия ұйымдар маньчжурларға қарсы күрес ұйымдастырды. Маньчжур императоры Қытайдағы билігін ертеден келе жатқан конфуцийлік ережелерге сүйеніп жүргізді. Ол бойынша Қытай жер кіндігінде орналасқан ерекше теңдесі жоқ империя деген ұғым қалыптасқан.

Осы уақыттарда Қытайдың оңтүстік, оңтүстік шығыс аудандарына контрабандалық апиын ағыла бастады. Оны Қытайға Үндістаннан ағылшындықтар, Түркиядан американдықтар әкелді. Апиын шегу Қытайдың ұлттық дертіне айналды. Апиынды байлар да, кедейлер де, қытайлықтар мен маньчжурлар да жаппай тұтынды. Сонымен қатар, апиынды шегу қаржылық жағдайды ауырлатты, себебі оның орнына елден сыртқа күміс ақшалар шығарылды. Қаржылық дағдарыс Цин империясының мемлекеттік аппаратын әлсіретті. Император Даогуан (1821-1850) «батыстық варварлардың» мемлекеттің ішкі істеріне араласуынан және олардың үкіметке қарсы күштерді қолдауынан қауіптенді. Сондықтан, бұл жағдаймен тез арада күресуді жөн көрді.

1836 жылы Даогуан апиындық контрабандамен күресуді күшейту жөнінде жарлық шығарады. 1839 жылы Хунань және Хубэй аумағының наместігері («наместник» – кейбір елдерде бір облысты қарамағына алып өз әкімшілігін ерекше уәкілдік құқықпен жүргізуші) Линь Цзэсюй Гуанчжоуга – апиындық контрабанда орталығына ерекше эмиссар (саяси я мемлекеттік ұйым тарапынан құпия тапсырмамен жіберілетін адам) болып тағайындалады. Ол шетел саудагерлерінен апиынның барлық қорын тапсыруды талап етеді. Эмиссар талапқа көнбеген шетелдіктердің сауда факторияларын жауып тастап, 20 мың жәшікке жуық апиынды жояды. Ал император елді Англия мен Үндістаннан келген

пайдақорларға «жабық» деп жариялайды. Бұл жағдай Қытай мен Англия арасындағы бірінші апиындық соғысқа алып келеді.

Апиын соғыстары және тең құқылы емес келісімшарттар. 1840 жылы ақпан айында басталған бірінші апиын соғысын ағылшындықтар қытайды күштеп «ашу» мақсатында жүргізді. Қытай ағылшындар үшін алғашқы қорланудың қайнар көзі ретінде танылды. Алғашында, яғни 1791 жылы Қытайға Маккартни елшілігі, 1816 жылы Амхерст, 1834 жылы Нэпир елшілігі келген. Бірақ, бұл елшіліктер ағылшындар үшін айтарлықтай нәтиже әкелмеді. Сондықтан олар қарсылықты қарудың күшімен жоя отырып, Қытайды (басқа да елдерді) өз тауарларының өтім рыногына және шикізат көзіне айналдыруға ұмтылған болатын.

Қытай әскерінің ұзақ уақыт бойы ағылшындықтардың мықты қаруланған әскеріне тойтарыс беруге күші болмады. 1842 жылы тамыз айында ағылшындар боғдыханның өкілдерін Нанкин келісімшартына қол қоюға мәжбүр етті. Бұл Қытайға таңылған бірінші тең құқылы емес, әділетсіз келісімшарт болды. Келісімшарт бойынша Қытай ағылшындар үшін тағы да бес портты ашық деп жариялауға, орасан зор мөлшерде өтемақы (контрибуция) төлеуге мәжбүр болды. Отарлаушылардың қысымымен «Гунхан» сауда монополиясы жойылды. Нанкин келісімінен кейін Цин империясы жартылай отар елге айналып, шетелдіктерге тәуелділікке түсті. Осыдан кейін Англия мен Франция бірлесіп, Қытайды отарлауды әрі қарай жалғастыру үшін екінші апиын соғысын бастады. 1856-1860 жылдары болған екінші апиын соғысы кезінде Қытайдың ішкі жағдайы да күрделенді. 1850 жылы елдің оңтүстігіндегі Гуандун, Гуанси провинцияларында шаруалар көтерілісі басталған еді. Елдің экономикалық күйзелісі, апиын қозғалысының зардаптары, Цин империясының елді дағдарыстан шығаруға дәрменсіздігі шаруалардың ашу-ызасын туғызды.

Осындай шиеленісті шақта ағылшын, француз және америкалық капиталистері Қытайды отарлаудың қолайлы сәтін пайдаланып, тағы да апиын соғысын таңған еді. Цин өкіметі басқыншыларға дұрыс қарсылық көрсете алмай, жеңіліске ұшырады. 1858 жылы Тяньцзинге таяу жердегі Дагу бекінісін ағылшын-француз әскер-

лері басып алған соң, Цин өкіметі отаршыл державалардың қойған талаптарын мойындап, келісімге келді. Қытай Англиямен және Франциямен жеке-жеке Тяньцзинь келісіміне қол қояды. Англия мен Франция Пекинде өздерінің елшілерін ұстауға және олардың азаматтары Қытайда емін-еркін жүріп-тұруына, Янцзы өзені бойында сауда жасауға мүмкіндік алады. Апиын сатуға шек қойылмайтын болды, саудаға салынатын салық мөлшері қысқартылды.

Осыдан кейін іле-шала американдықтар да Қытайға өз талабын қойып, олар да Тяньцзинде келісімге отырды. Американың сауда кемелері де Қытай порттарына келіп сауда жасауға рұқсат алады.

Қытаймен соғыс жүргізбесе де, 1858 жылы Ресей аса қолайлы сәтті пайдаланып, Қытаймен Айгун келісімшартын жасасады. 1689 жылы Нерчинск келісімі кезінде Амур жағалауларынан айырылған Ресей, енді есесін қайтарып алуға мүмкіндік алды. Айгун келісімі бойынша Амур өзенінің сол жақ жағалауы Ресейдің меншігі деп танылды. Сондай-ақ Ресей басқа еуропалық елдер сияқты, Қытаймен сауда жасасу жөніндегі келісімшартқа қол қойды. Пекинде тұрақты орыс өкілдігін, басқа қалаларда елшілер ұстауға жол ашылды.

Тяньцзинь келісімі Қытайды шетелдіктерге тәуелді, жартылай отар елге айналдырды. 1860 жылы Цин мемлекетінің арнайы өкілі, мемлекет атынан Англия және Франциямен Пекин конвенциясына қол қойды. Конвенция бойынша Тяньцзинь келісіміне қосымша Қытай 16,7 млн лян өтемақы төлеп, Тяньцзинь портын ашуға келісті. Англия Қытайдан кули (жалдамалы жұмысшы) әкетуге рұқсат алды. 1860 жылы Ресей Қытайдан Уссурий аймағын толық қайтарып алды.

Тайпиндер көтерілісі (1850-1864). Апиын соғыстары және оны аяқтаған келісімдер Цин династиясын әлсіретіп, қытайдың экономикасына еуропалықтардың бақылауын күшейтті және қытайдың суверенитетіне зиян келтірді. Онымен қатар, 1849 жылғы ашаршылық Қытайдың оңтүстік аудандарының бәрін қамтыды. Бұл жағдайлар халық көтерілісін одан әрі өршітті. Қозғалыстың орталығы Гуандун және Гуанси провинциялары болды. Елде

бүлікшілер жөнінде әртүрлі мәліметтер тарай бастады – бұрымы кесілген (маньчжурларға бас имеушілік нышаны) және бастарына қызыл орамал таққан адамдар (көтерілісшілердің ерекше белгісі) туралы хабарлар көбейді.

Бұқара халықтың әлеуметтік қозғалысы діни сипатқа ие болды. Бастапқыда бұл толқулар «Құдайға табыну қоғамы» атты христиандық секта ретінде танылды. Кейін, оның жетекшісі, идеологі Хун Сюцюань 1843 жылы Қытайдың оңтүстігінде өз жақтаушыларын жинап, ірі қозғалысқа шықты. Хун Сюцюань (1814-1864) Гуаньдун провинциясының шаруа жанұясынан шыққан, ауыл мұғалімі еді. Көтерілісшілердің басым бөлігі шаруалар, кеншілер, үйсіз кедейлер тобынан, сонымен қатар көпестер мен кейбір ірі жер иелерінен құралды. Қозғалыстың ұраны – маньчжурларға қарсы күрес, кедейлер мен байларды теңестіру болды.

1851 жылы көтерілісшілер Қытайдың оңтүстігін жаулап алып, жаңа Тайпинь тяньго – «Ұлы игілікті аспан мемлекетінің» құрылғаны туралы жариялады. Тайпиндер мемлекетінің астанасы Нанкин қаласы болды. Хун Сюцюань император болып тағайындалды.

Көтеріліс екі кезеңнен тұрды:

- Бірінші кезең – 1850-1856 жж. – көтерілістің басталуы, тайпин мемлекетінің құрылуы;
- Екінші кезең – 1857-1864 жж. – ішкі дағдарыс, әскери сәтсіздік және көтерілісшілердің жеңілісі.

Көтерілісшілердің құрған мемлекеті діни сипатта болғанымен, шын мәнінде әскери мемлекет еді. Бастапқыда теңдік ұраны насихатталғанымен, кейін тоталитарлық тәртіптің көріністері көбейді. Қозғалыстың басшылары тез байып, үлде мен бүлдеге бөленді. Олардың бұл қылығы көтерілісшілер ортасында идеялық алшақтықты тудырды және қозғалыстың жалпы әлсіреуіне алып келді. Сондықтан бұл көтеріліс қаншама кең аумаққа таралып, біраз уақытқа созылғанымен, түбінде жеңіске жете алмайтын еді. 14 жылға созылған тайпиндер көтерілісі жеңіліспен аяқталды.

Тайпиндер көтерілісінің жеңілу себептері – қозғалыстың жетекшілігі мен ұйымдастырылуының нашарлығы; 1860 жылға дейін бейтараптылық ұстанған еуропалық державалардың, енді

елдегі жағдай оларға тиімсіз болғандықтан, көтерілісті басу үшін Цин өкіметіне қару-жарақ және оқ-дәрімен көмегі; Қытай халқына жат христиан дінін тайпин көсемдерінің ұран етуі.

Хун Сюцюань, Ян Сюцин сияқты көтеріліс басшыларының төңірегіне жиналған халықты әрі қарай көздеген мақсаттарына жету үшін жетелеуге қабілеттері болмады. Тайпиндер көтерілісі 1864 жылы күшпен басылды. Қытайда маньчжурлардың Цин билігі қайта орнады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қытай. Колониалдық экспансияның күшеюі, реформалар жүргізу әрекеттері. «Апиын соғыстары» мен тайпиндер көтерілісінен кейін Цин империясында тереңдей түскен дағдарыс ұзаққа созылды және империя елеулі территорияларынан айырылды. Батыс елдері Цин империясын түпкілікті әлсіретіп, Қытайды толық өз ықпалдарында ұстау саясатын жүргізді.

«Апиын соғыстарынан» кейін Англия 1857-1870 жылдары Пекинге тағы да соғыс қаупін төндіріп, Чифу конвенциясы бойынша жаңа төрт портты ағылшын саудасына ашып берді.

1884-1885 жылдары Франция Қытайға соғыс ашты. Вьетнамды Қытайдан тартып алып, өз билігін орнатты. 1894-1895 жылдары Жапония соғыс ашып, Қытайдан Тайвань, Пянху аралдарын тартып алды. Кореяны Цин империясы билігінен азат етіп, өз ықпалына көшірді. Осыдан бастап бүкіл Қытай жері еуропалық державалардың өзара ықпал ету аймақтарына айналды. Франция Оңтүстік Қытайда үстемдік етті. Ресей Маньчжурияда, Германия Шаньдун түбегінде, Жапония Фуцзянда билік жүргізді. Ал АҚШ болса, Қытайда «ашық есік» саясатын жүргізуде болды.

Енді Қытай халқы мен мемлекетінің алдында шаруашылықты, саясаты, әскерді және идеологияны жаңарту, тез арада Батыс елдеріне тәуелділіктен құтылу міндеттері тұрды. Маньчжур билеушілері аздаған реформалар жүргізу арқылы саяси билігін бекітуді көздеді. Олар Қытайдың ескі дәстүрлерін сақтай отырып, жаңа еуропалық өзгерістер енгізу арқылы еуропалық «варварлардың» әскердегі, флоттағы, білім беру салаларындағы жаңалықтарын үйреніп, Қытай «өзін-өзі күшейту» саясатын жүргізуі

қажет деп есептеді. Бұл саясат ХІХ ғасырдың соңына дейін жүргізілді. Бірақ ол Қытайды дағдарыстан шығара алған жоқ.

1894-1895 жылғы Жапон-Қытай соғысы «өзін-өзі күшейту» саясатының күйрегенін, Қытайда аумақтық бөлшектену кезеңінің басталғанын көрсетті. Қытай қоғамы, әсіресе көзі ашық, білімді шэньши топтары бұл маскара жағдайдан құтылудың жолын қарастыра бастады. Әсіресе Қытай халқын Жапония елінің алдында тізе бүгуі ызаландырды.

1898 жылы елде саяси жағдайдың шиеленіскен кезінде, «Ихэтуань» (Ихэтуань – бейбітшілік және әділеттік атынан көтерілген жұдырық) деп аталған жасырын қоғам маньчжур өкіметі мен жатжерлік отаршылдарға қарсы бағытталған іс-әрекетін күшейтеді. 1899 жылы ихэтуандар қозғалысы көтеріліс сипатына ие болады. Бұл көтеріліс кей жерлерде «боксерлік» деп те аталды. Мұндай атты оларға, осы қозғалысты басқан ағылшындар қойды. Өйткені ихэтуандар еуропалықтармен күресте шығыс жекпе-жек шеберлігін көрсетіп, таң қалдырыпты.

Ихэтуандар Қытай жерінен барлық шетелдіктерді қуу, Қытайдың тәуелсіздігіне жету жолын көздеді. Олар көтеріліске шыққан кезде қалалардағы шетелдіктердің үйлерін өртеп, өздерін тұтқындап, өлтіріп, жаппай жазалау әрекеттерін жүргізді. Ихэтуандар күшінің бүкіл Қытайды қамтығанынан қорыққан Цин өкіметі оларға амалсыз қолдау көрсетті. 1900 жылы Қытай еуропалықтарға соғыс жариялады. Ағылшын, Герман, Ресей және Франция әскерлері елшіліктерін қорғау үшін Пекинге жақындайды. Оларға АҚШ, Италия, Жапония және Австро-Венгрия қосылады. Бірнеше ай бойы сегіз одақтас держава әскерлері қозғалысты басып-жаншумен болады. Аяғында Пекинге кірген интервенттер (интервенция – басқыншылық, бір немесе бірнеше елдің басқа бір елдің ішкі өміріне зорлықпен қол суғуы), қозғалысты қанға бояп, тарихи ескерткіштер мен өнер туындыларын тонайды.

1901 жылы жеңілген Цин өкіметі сегіз державамен «қорытынды хаттамаға» қол қойды. Осы келісімшартқа байланысты Қытайда шетелдіктерге қарсы саясат жүргізетін барлық қоғам-

дық ұйымдарға тыйым салынды. Қытай 1940 жылға дейін шетелдіктерге 4% мөлшермен жылына 450 млн лян өтемақы төлейтін болды.

Сондай-ақ Қытай Пекинді теңізбен жалғастырып тұрған Дагу портын жоюға келісті. Шетелдіктер Қытайда әскер ұстауға келісім алды. Ихэтуандар көтерілісін қолдаған көрнекті мемлекет қайраткерлерін өкімет тарапынан жазалауды талап етті.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қытайдың тәуелсіздігін қайтару, ол душар болған ауыр дағдарысты жағдайдан құтқару жолын іздеген шэньши тобы ел ішінде мемлекеттік деңгейде күрделі реформа жүргізуді көздеді. 1898 жылы жас император Гуансюй және Кан Ювэй бастаған реформаторлар, реформаның «жүз күні» ішінде Қытай қоғамына үлкен өзгерістер әкелуге тиіс жарлықтар шығарды. Бірақ билік тізгіні қолында тұрған Цин өкіметінің императордан басқа топтары бұған қарсы шықты. Реакциялық топтар бұл реформалық әрекеттерді жоюға кіріседі де, 1898 жылы қыркүйектің 21-інде, яғни реформалық шараларды іске асыра бастаған уақытқа жүз күн толғанда төңкеріс жасайды. Реформа жасау әрекеті жеңіліске ұшырайды.

Синьхай революциясы (1911-1913). Қытайды дағдарыстан шығарудың амалын іздеген тағы бір қозғалыс – Синьхай революциялық-демократиялық қозғалысы болды. Бұл оқиға Қытай күнтізбесі бойынша «Синьхай» жылы болғандықтан, «Синьхай революциясы» деп аталып кеткен. 1911 жылы 10 қазанда Хубэй провинциясының әкімшілік орталығы Учан қаласында әскери бөлімдер көтеріліс жасады. 11 қазанда Учанда республикалық басқару енгізіліп, Хубэй провинциясында әскери үкімет құрылды. Шет мемлекеттердің қарсылығын тудырмау мақсатында, оларға Цин үкіметі кезінде қол жеткізілген «ерекше құқықтарын» сақтауға кепілдік берілді. 18 қазанда батыс державалары «бейтарап» саясат ұстанатындықтарын жариялады. Хубэйдің ізінше басқа провинцияларда да көтерілістер болып, қарашаның аяғында Оңтүстік, Орталық, Солтүстік Қытайдың 15 провинциясында (барлығы 18 провинция болған) Цин әулетінің үстемдігі құлатылды. Революциялық қозғалыс Сыртқы Монғолия, Шыңжаң

және Тибетті де қамтыды. Цин үкіметі Солтүстік әскердің қолбасшысы Юань Шикайға оңтүстікке қарсы соғыс қимылдарын жүргізуді тапсырды. 1911 жылы 29 желтоқсанда провинциялар өкілдерінің жиналысы Сунь Ятсенді Қытай Республикасының уақытша президенті етіп сайлады.

Сунь Ятсен – Қытайдың революционер демократы. Шаруа семьясында туған. 1894 жылы антиманьчжурлық Синчжунхой революция ұйымын құрған. 1895 жылы 25 қазанда ұйым Гуанчжоуда Цин өкімет орындарына қарсы қарулы көтеріліс ұйымдастырды. 1905 жылы Жапонияда Тунмэнхой революциялық ұйымын құрды. Сунь Ятсен «халықтық үш принцип» бағдарламасының негізін қалады:

1. Ұлтшыл халық өкіметін орнату;
2. Халық билігі немесе демократизм;
3. Халықтың берекелі өмір сүруі немесе аграрлық мәселенің халық пайдасына шешілуі.

Ұлтшылдық қағидаты – маньчжур үстемдігін құлатып, Қытайдың тәуелсіздігіне қол жеткізу. Демократизм қағидаты – монархиялық биліктен бас тартып, демократиялық республика орнату және Халық игілігі қағидаты – жер иеленудің біртұтас мемлекеттік салыққа негізделген түрін енгізуді, яғни аграрлық мәселені халықтың пайдасына шешуді көздеді.

1912 жылы 12 ақпанда Пекинде билік етіп отырған Цин императоры революциялық қозғалысты басып-жаншуға күші жетпеген соң, билікті генерал Юань Шикайға берген болатын. Сөйтіп, солтүстікте Юань Шикай басқарған Цин монархиясы, оңтүстікте Сунь Ятсеннің республикалық билігі орнаған қос өкімет пайда болды. Реакционер билеуші Юань Шикай Қытайдағы мемлекеттік биліктің республикашылдар қолына өтуін қалаған жоқ. Сөйтіп, ол оңтүстіктегі өкіметпен келіссөз жүргізді.

Юань Шикайдың бар ойы, қайткенде өкімет билігін өз қолына алу болатын. Сондықтан ол Цин империясының соңғы императоры Пу Иді тақтан бас тартуға көндірді. Бірақ оның есесіне, Сунь Ятсеннің республика президенті қызметінен кетуі талап етілді. Қытайдағы көптеген реакциялық топтар мен шетел державалары-

на арқа сүйеген Юань Шикай Сунь Ятсен үкіметіне талап қойды. Юань Шикай Цин императорын ресми түрде тақтан бас тартуға көндіретінін, бірақ Қытайды біріктіргеннен кейін, бүкіл биліктің Пекиндегі үкіметке берілу керектігін мәлім етті. 1912 жылы 14 ақпанда ол Сунь Ятсен бастаған революцияшыл оңтүстікпен келісімге келіп, уақытша президент қызметін иеленді, ал Сунь Ятсен президенттіктен бас тартатындығын мәлімдеді. Жаңа үкіметтің құрамы енді Юань Шикайдың жақтастарынан тұрды. Осыны пайдаланған ол, өзінің жеке диктатуралық тәртібін құруға тырысты.

1912 жылы тамызда революционер-демократтар бастаған жаңа саяси Гомиьндан (Ұлттық партия) партиясы құрылды. Осы жылдың аяғында болған сайлауда Гомиьндан парламентте көп орынға ие болғанымен, олардың билікке араласуына Юань Шикай өкіметі мүмкіндік бермеді. Жаңа өкімет жер-жерде оған қарсы болғандарды қудалап, репрессияға ұшыратты. 1913 жылдың жазында Жапонияда жүрген Сунь Ятсен өзінің жақтастарын Юань Шикайға қарсы «екінші революция» жасауға шақырды. Бірақ оның бұл үндеуі кең қолдауға жете алмады. 1913 жылы қазан айында Юань Шикай Қытай Республикасының тұрақты президенті болды және оны Батыс державалары мойындады. Қараша айында ол парламентті таратып, Гомиьндан партиясының қызметіне тыйым салды. Сонымен қатар, жаңа құлатылған монархияның барлық қызметтері, атақтары, лауазымдары қайта жаңғырды. Жаңа қабылданған конституцияға сәйкес, барлық билік (атқарушы, заң шығарушы, соттық билік) Юань Шикайдың қолында шоғырланды. Көп ұзамай Президент өзінің қызметін он жылға дейін созды және өзінің мұрагерін тағайындауға құқылы болды.

Сонымен, 1911-1913 жылдардағы революция маньчжурлық монархиялық тәртіпті құлатып, басқарудың республикалық үлгісін құру міндетін жүзеге асырғанымен, елде демократиялық емес, мүлде басқа Юань Шикай диктатурасы орнады.

§ 3. XVII-XX ғасырдың басындағы Үндістан

XVII-XVIII ғасырлардағы Үндістан

XVII ғасырдың екінші жартысындағы Ұлы Моғол мемлекеті. XVI ғасырдың басында Дели сұлтандығына 20000 қолды бастаған ортаазиялық түркі қолбасшысы Заһыр ад-Дин Мұхаммед Бабыр баса көктеп кіреді. 1504 жылы Бабыр әскері Кабулды басып алады. 1526 жылы Панипат түбінде Дели сұлтандығының әскерін талқандап, келесі жылы үнділік Раджпутан князьдігін бағындырады. Осылайша Үндістанда Ұлы Моғол патшалығы (1526-1858) құрыла бастайды. Бабыр өзін «падишах» деп жариялайды. Моғолдар билігі кезінде ислам мемлекеттік дін болып есептелді.

Үндістанды жаулап алған түркілер Еуропаға «моғолдар» деген атпен белгілі еді. Моғол әскері құрамында түркілер, парсылар, тәжіктер, ауғандықтар және жергілікті үнділерден құралған жауынгерлер болды. Дәл осы кезде Моғол империясы Орта және Оңтүстік Азиядағы әскери қуаты жағынан мықты мемлекетке айналды.

Әрине, Үнді елін жаулап алу үшін қан төгілген соғыстар болды. Әйтсе де Бабыр негізін қалаған мемлекет Үндістанның қоғамдық-саяси және экономикалық, мәдени тұрғыдан дамып, өркендеп өсуінде өте үлкен прогрессивті рөл атқарды. Бір орталыққа бағынған мемлекет құрылған соң ғана Үнді елінде ғасырлар бойы тынбай жүргізіліп келген жергілікті феодалдардың өзара бақталас соғыстары тоқтатылды. Халық бейбіт еңбекке көшті. Жаңадан көптеген үлкен каналдар қазылып, шөлді жерлерге су шығарылды. Егіншілік мықтап дамыды. Бабырдың әмірімен жаңа қалалар, ғылым және мәдениет орталықтары салынды.

Джахан Шах (1592-1666) басқарған уақытта Ұлы Моғол империясы өзінің шарықтау шыңына жеткен болатын. Алайда Джахан Шахтың билігінен кейін, оның ұлдары арасындағы тақ таласы үшін жүрген қиян-кескі соғыс моғолдар империясының әлсіреуіне әкеліп соқты.

Моғолдардың билеушісі Аурангзеб падишах билігі кезінде (1658-1707) мемлекет 19 облысқа (суба) бөлінді. Әр облыс ба-

сында падишах тағайындаған субалар отырды. Олардың қолында әкімшілік, әскер және сот билігі шоғырланды. Өз әскері болды.

Моғол империясының шекарасы үнемі кеңейіп отырды. Бұл кезде империяның құрамына Ауғанстан, Балх, Оңтүстік Үндістан кірді. Бірақ басқыншылық соғыстар, феодалдық топтардың мұсылмандар мен үнділер болып екі жаққа бөлініп өзара қырқысқан соғыстары, әлеуметтік қайшылықтардың тереңдеуі, экономикалық құлдырауы, халық қозғалыстарының өрлеуі елдегі Моғол үстемдігін әлсіретті.

Моғол мемлекетінде бүкіл жердің иесі падишах болып есептелді. Осыған сәйкес елдің өңделетін, егіншілікке жарамды жерінің бәріне салық салынып, мемлекет қазынасына құйылатын болды. Үндістанда жериеленушілердің үш тобы қалыптасты:

- Ірі жериеленушілер (субадар және джагирдар);
- Орташа жериеленушілер (заминдар);
- Ұсақ жер иеленушілер (раджпуттар).

Бірінші топқа сұлтан, оған тиесілі жалпы жер қорының $\frac{1}{8}$ бөлігі жатты; субадарлар – провинциялардың наменгерлерінің (наместник – кейбір елдерде бір облысты қарамағына алып өз әкімшілігін ерекше уәкілдік құқықпен жүргізуші) жер иеліктері; джагирдар – әскери, әкімшілік немесе басқа да бір қызмет үшін берілетін жер иелігі. Джагирдарлар қоғамның ең бай және ықпалды бөлігін құрады. Бірақ джагирдарлар бұл жерлерінде ұзақ иелік ете алмады, өйткені сұлтандар жер иеліктерін оларға бір қолымен беріп отырса, екіншісімен қайта алып отырды. Мұнымен мына жағдай түсіндіріледі: сұлтандар джагирдарлардың қызмет уақытын, сепаратизмге жол бермеу үшін және билеушілерден де бай болып кетпес үшін қысқартып отырды. Джагирдар қайтыс болған жағдайда жер мемлекет қорына қайтарылды.

Екінші топ жериеленушілері заминдар – заминдарлар меншігіндегі жерді өңдеуге шаруаларды пайдаланды. Жерден алынған өнімнің 10%-ын өзіне қалдырып, қалғанын мемлекетке өткізіп отырды. Заминдарлар өз иелігіндегі жерді мұраға қалдыра алатын еді. Кейде олардың қолында салықтан босатылған жер иеліктері де болды. Заминдарлардың шыққан тегі көбінесе үнді ақсүйектері болса, джагирдарлардың негізі мұсылмандардан құралатын еді.

Үшінші топты ұсақ жериеленушілер құрады, негізінен олар раджпуттар әскери кастасының өкілдері болды. Жерді ауыл шаруалары өңдеді.

Ұлы Моғол мемлекетінің құрамына кірген Үндістанның Бенгал, Маратха, Гуджарат, Пенджаб сияқты ірі ұлыстары касталық жүйеге бөлінді. Касталық жүйенің Үнді қоғамында нақты бекітіліп, тарап отырғаны соншалық, мемлекеттегі ешқандай өзгерістер бұл жүйені тамырымен жұлып тастай алмады. Үнді қоғамындағы «каста» түсінігіне тән ең басты ерекшеліктер: эндогамия (тек бір касталық топ өкілдері арасында тұрмыс құру); басқа касталық топ өкілі болуға ешқандай құқықтың болмауы, яғни тек бір касталық топқа жату, сол касталық топтың өкілі болу; басқа касталық топ өкілдерімен ешқандай қарым-қатынаста болмау; тек өз касталық тобына байланысты кәсіп таңдау және тек сол кәсіппен айналысу (қазіргі таңда да Үндістан қоғамында касталық мәселе орын алады).

Үндістанда тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы. Сикх және Маратха мемлекеттері. Үндістанның солтүстік батысындағы Пенджабта XV ғасырда үнділік сикхтар сектасы пайда болды. «Сикх» деген сөз «оқушы, шәкірт» дегенді білдірді. Сектаның өкілдері өзінің тегіне «сингх» – «арыстан» деген сөзді қосып жүрді. Сектаның негізін салушы ұстаз (гуру) Нанак (1469-1539), өзіндік діни ілім – сикхизмді ойлап тапты. Сикхизмнің негізгі постулаттары: дін мен кастаға қарамастан адамдар арасындағы теңдік; о дүниедегі жақсылықты насихаттай бермей, бүгінгі, жердегі өмір туралы ойлау; әйелдердің ер адамдардан еш төмен еместігін пайымдау болды. Гуру Нанактың пікірінше, адамдар жер бетінде жақсы өмір сүруге лайықты және сол үшін күресу керек деді.

Сикхтардың келесі бір діни көсемі Говинд (1675-1708) өкіметке қарсы ең бір қуатты көтерілісті ұйымдастырған адам болды және елді Халистан деген тәуелсіз мемлекет құруға шақырды.

Сикхтар Пенджабтан мұсылмандарды кетіріп, XVIII ғасырдың екінші жартысына дейін созылған күреске шығады. Нәтижесінде Пенджабта тәуелсіз Сикхтар мемлекеті пайда болады.

Махараштра – Үндістанның батыс бөлігінде орналасқан маратха халқының отаны. XVIII ғасырдың бірінші жартысын-

да маратхалардың біраз бөлігі Моғол мемлекетінің аумағында, бірқатары Голконда және Биджапур сұлтанының жерінде өмір сүрді. Маратха шаруаларының жағдайлары нашар болды. Маратха феодалдары мұсылман билеушілеріне тәуелдікте болған және оларға қызмет еткен. Орташа дәрежедегі маратха феодалдары жер иеленгені үшін мемлекетке көп мөлшерде салық төлеуге мәжбүр еді. Олардың қолында билік болған жоқ. Маратха феодалдары мұсылман феодалдарына тәуелділіктен құтылуға, өздерінің саяси билігін қолына алуға ұмтылды. Олар Моғол үстемдігіне қарсы күреске шықты. Көтеріліс көсемі Шиваджи (1627-1680) 20 жыл бойы моғолдарға қарсы партизандық соғысты басқарды. 1657-1674 жылдары тәуелсіздік жолында күрескен маратхалар жеңіске жетіп, Үндістандағы қуатты мемлекеттің біріне айналды.

Ұлы Моғол империясының ыдырауы. Моғол империясындағы болған дағдарыстар бұқара халықтың жағдайын нашарлатты. Феодалдық жер иеленушілердің, мемлекеттің шаруаларға салатын салықтарының өсуі, тұрмыстарының ауырлығы олардың Ұлы Моғол билігіне қарсы наразылығын күшейтті. Әр жерден қарапайым халық көтерілістерге шыға бастады. Сондай-ақ Үндістан халқының этностық және діни ғұрыптары оларды моғол билігінен тәуелсіздік алуға итерді. Мемлекеттің іргесі шайқалды. Бір аймақтан кейін екіншісі Ұлы Моғол мемлекетінен бөлініп кетіп жатты.

XVIII ғасырдың басында Ұлы Моғолдар империясының территориясында бірнеше тәуелсіз ірі князьдіктер өмір сүрді: Пенджаб, Маратха мемлекеті, Бенгалия, Ауд, Хайдарабад. Олардан басқа тағы көптеген тәуелсіз ұсақ князьдіктер да болды. Енді, Моғолдар иеліктері Дели қаласы және оның аймақтарымен шектеліп қалды.

Моғолдар үшін осы қиын жағдайды пайдаланған Иранның билеушісі Нәдір шахтың 1739 жылы Делиге шабуыл жасауы мемлекеттің ыдырауын жылдамдатты.

1747 жылы Үндістанға Ауған мемлекетінің негізін салушы Ахмед-шах Дурранидің шабуылы басталды. Ол Үндістанның солтүстік аудандарын жаулап алып, Моғолдарды өзіне бағындырды.

Үндістанда ауғандарға қарсылық көрсетуге Маратха билеушілерінің ғана шамалары келді. Маратха мемлекеті мен ауғандардың арасында кескілескен шайқастар өтті. 1761 жылы Панипат жазығындағы шайқаста маратхалар ауғандардан жеңілді. Осылайша ауған шапқыншылығынан әлсіреген үндістандық мемлекеттерді енді еуропалықтар отарлауға кірісті. XVIII ғасырдың ортасына қарай бір кездегі аса қуатты Ұлы Моғол мемлекетінің Үндістандағы билігі құлады. Үндістан жерінде еуропалық отаршылардың билігі орнай бастады.

Үндістанды еуропалықтардың отарлай бастауы. XVIII ғасырдың ортасында Ұлыбритания мен Франция Үндістан нарығы үшін өзара күрес жүргізді. 1746-1763 жылдары үздіксіз жүргізілген соғыстың нәтижесінде Оңтүстік Үндістанда ағылшындар өз қарсыластарын толық талқандап, Бенгалияны жаулап алды, Карнатик пен Ауд провинцияларын да өзіне қаратты. 1767-1799 жылдары Оңтүстік Үндістанның елеулі бөлігі ағылшындық Ост-Үнді компаниясының иеліктеріне қосылды. Майсур, Хайдарабад шекараларына ығыстырылған ұсақ князьдіктер ағылшын бодандығын мойындады. Делиден айрылған (1803) Ұлы Моғолдар империясы ағылшындық Ост-Үнді компаниясына бағынышты болды. Ағылшындардың отаршылдығы Үндістанның экономикалық және әлеуметтік дамуына кері әсер етті. Үнді қолөнер бұйымдарын төмен бағалармен сатып алу мен оларды Еуропа нарығында сату – отарлық қанаудың қайнар көздерінің бірі болды.

Үндістанды отарлауға кең жол ашылғаннан кейін, ағылшындардың сауда-өнеркәсіп буржуазиясы Ост-Үнді компаниясының Үндістанды жалғыз өзі отарлауына наразылық білдіре бастады. Бұл бәсекелестікті ескерген ағылшын өкіметі 1773 жылы Үндістанды билеу жөнінде заң қабылдады. 1774 жылы Үндістанда ағылшын генерал-губернаторы тағайындалды. Бұл қызметке үміткерді Ост-Үнді компаниясымен бірге парламент ұсынатын болды. Үндістандағы ең бірінші генерал-губернатор болып ағылшын Уоррен Хейстингс тағайындалды.

Ағылшын билеушілері жергілікті әкімшілік, сот, салық жинау, полиция және тағы басқа қызметтерді өз қолына алды. Ағылшын-

дық судья басқарған қылмыстық, азаматтық соттар құрылды. Ағылшындар жергілікті үнділер мен мұсылмандарға қарсы қандай қылмыс жасаса да, жазаға тартылмады.

Отаршылдар Үндістандағы өз мүдделерін қорғау үшін жергілікті халықтан шыққандардан жалдамалы, қарулы әскер жасақтарын құрды. Еуропалық офицерлер басқарған, солардың қару-жарағымен жасақталған мұндай әскер сипайлар деп аталды.

Ағылшындар биліктерін орнатқан жердегі халықты қанап, салықты ауырлатып, олардың өмір сүру деңгейін төмендетіп жіберді. Ашынған халық ағылшындарға өшпенділікпен қарады. Үндістан Англияға арзан шикізат беретін, оның өндірісінің өркендеуінде өте маңызды орны бар елге айналды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ұлы Моғол империясына Үндістанның қандай ірі аймақтары кірді?
2. Үндістанда жериеленушілердің неше тобы болды, оларға анықтама беріңіз.
3. Үнді қоғамындағы «каста» түсінігіне тән ең басты ерекшеліктерді атаңыз.
4. Моғол империясының ыдырау себептерін атаңыз.
5. Үндістанның отар елге айналу себептерін түсіндіріңіз.
6. Еуропалықтардың отарлау саясаты Үндістанға қалай ықпал етті?

XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Үндістан

Үндістанды отарлаудың аяқталуы. Отаршылдықтың салдары. XVII ғасырдың ортасында Үнді қоғамындағы феодалдық бытыраңқылық, қоғамның касталық бөлінуі, индуизм мен ислам өкілдерінің өзара қырқысы – еуропалық отарлаушыларға «бөліп ал да, билей бер» ұстанымын еркін түрде жүргізуіне жол берді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Үндістан халқының саны шамамен 200 млн адамға жетті. Үндістан ағылшындар үшін негізгі өтім рыногына айналды. Ғасырдың ортасына қарай

ағылшын импорты 10 есе өсті, ал Үндістаннан экспорт 3 есеге көбейді. Үнді елі экспортқа негізінен дүниежүзіне әйгілі үнді маталарын шығаратын. Маталар қолдан тоқылатын және олардың сапасы өте жоғары еді. Еуропада бұл тауарлар үлкен сұранысқа ие болды. Бірақ Еуропадағы өнеркәсіп төңкерісінен кейін жағдай өзгерді. Еуропада машинамен өндірілген маталар үндінің қолдан тоқылған маталарынан арзанға түсті. Енді керісінше, Англияда өндірілген арзан маталарды Үндістанға әкелу ұлғайды. Тауарды өткізу мүмкіншілігінен айырылған үнді тоқымашылары тоқырауға ұшырап, қайыршылық халге түсті. Үнді шаруаларын отаршылдар түрлі жолдармен қанауды ойлап тапты. Шаруалар өте көп салықтан, ауыр жұмыстардан қалжырап, ашаршылыққа ұшырады. XIX ғасырдың 30-40 жылдары Үндістанның түрлі аймақтарында шаруалардың ашаршылықтан қырылуы көбейді.

Ал Англияда осы уақытта, Ост-Үнді компаниясының Үндістан нарығындағы монополиялық жағдайы, ағылшын сауда-өнеркәсіптік буржуазиясының наразылығын туғызды. Олар да бұл үнді нарығынан өз пайдасын көргісі келді. Осылай, 1813 жылы Ост-Үнді компаниясы Үндістанмен сауда жүргізу монополиясынан айрылып, 1833 жылы сауда ұйымы ретінде жойылды. Бірақ, компания Үндістан колонияларында азаматтық, әскери басқару функцияларын сақтап қалды. Ал бұл оларға Үндістанда жаулаушылық саясатын әрі қарай жалғастыра беруіне құқық берді.

Енді Үндістанға ағылшын өнеркәсіптік тауарлары әкелініп, жергілікті арзан ауылшаруашылық шикізатын метрополияға тасу басталды. Үндістан біртіндеп Ұлыбританияның аграрлы-шикізаттық отарына айналды. Ағылшын капиталы экспорт пен импортты, ішкі сауданың бір бөлігін сауда үйлері мен банк жүйелері арқылы бақылап отырды. Темір жолдар және суландыру жүйелері салынып, шай плантацияларының негізі қаланды. 1847 жылы британдықтар Пенжабты өздеріне бағындырып, Үндістанды отарлауды толық аяқтады.

Отарлық езгі Үндістан халқының қарсылығын туғызды. XVIII ғасырдың 70 жылдарынан бастап елдің әр түрлі аймақтарында ұлтзаттық көтерілістері басталды. Отаршылдыққа қарсы жаппай қозғалыс діни формаларға да ие болды (саньяси, уах-

хабшылар). Алғашқы үнді саяси ұйымдары пайда болды. XIX ғасырдың ортасынан бастап Үндістан ұлттық қозғалысы күшейді.

Ағылшындар жергілікті халықтан құралған жалдамалы әскерді пайдалана отырып, толқуларды басты. Оларды «Сипайлар» (парсының «сипаһи» – сарбаз деген сөзінен) деп атады. Сипайларға жалақы төленіп, әрбір сарбаз әскери киіммен, тағаммен, жатақпен және қарудың соңғы үлгісімен толық қамтамасыз етілді. Әрине, бұндай жағдайда өмір сүру әрбір кедей үндінің арманы еді. Дегенмен әскерге ауқатты ауыл адамдары мен ұсақ феодалдардың балалары түсіп отырды. Ағылшынның сипайлық күштері «Бенгалдық», «Момбайлық» және «Мадрастық» болып 3 армияға бөлінді. Ішіндегі ең ірі күш – бенгалдық армия болды. Оларды 26 мың еуропалық сардарлар басқарды. Бенгалдық армия Үндістанның солтүстік батысынан жиналған, басым көпшілігі мұсылмандар еді.

1857-1859 жылдардағы Үндістандағы ұлтазаттық көтеріліс. Үндістандағы отарлаушыларға қарсы алғашқы және ауқымды көтеріліс дәл осы сипайлардан бастау алды. Көтерілістің басты себебі – сипайларға әкелінген жаңа «Энфильд» мылтығы. Бұл мылтықтың капсюльді құлпысы болатын. Мылтықты оқтау үшін алдымен сол капсюльді қағазынан тістеп ашу қажет болды. Ал қағаз болса сиыр яки доңыздың майымен майланған. Доңыз – мұсылмандар үшін лас хайуан болса, сиыр – үнділер үшін қасиетті жануар екені белгілі. Сипайларды саналы түрде сенімдері бір-біріне қарама-қайшы келетін халықтардан жасақтаса да, бұл наразылық мұсылмандар мен үнділердің ағылшындарға қарсы бірігуіне себеп болды. 1857 жылы 29 наурызда 34-інші Бенгал полкінің сарбазы 29 жасар Менгал Панди мылтықты оқтауға қарсы шықты. 6 сәуірде бұйрықты орындамаған Пандиді ағылшындар өлім жазасына кесіп, екі тәуліктен соң дарға асты. 24 сәуірде Делидің солтүстігінде орналасқан Мератх (Мирут) қаласындағы әскери бөлімшеде оқу-жаттығу шаралары өтіп жатады. Бірақ май жағылған оқ-дәрілерден хабардар болған сипайлар жаңа қаруды сынаудан бас тартады. 90 сипайдың 85-і оқ-дәріні аузымен ашпай қояды. Олардың барлығын британдық басшылар 10 жылға бас бостандығынан айырып, иықтарынан погондарын жұлып, каторгалық жұмысқа айдауға үкім шығарады. Нәтижесінде, Ме-

ратх сипайлары жаппай наразылық білдіріп, қарулы көтеріліске шықты. Сипайлардың оқ-дәріге қарсы наразылығынан басталған бұл көтеріліс, кейін отаршыларға қарсы жалпыхалықтық көтеріліске ұласып кетті. Көтерілісшілер Дели, Канпур және Ауда провинциясының астанасы – Лакхнау қалаларын басып алды. Сипайлар Делиде отырған моғолдар династиясының өкілі Бахадұр Шахқа (1775-1862) халықты басқаруға, оны біріктіріп, императорлық билікті қайта құруға шақырды. Бахадұр Шахтың барлық үндістандықтарды отан үшін бірігіп, отаршыларға қарсы күресуге шақырған үндеуіне қол қойылды. Бахадұр Шах көтерілісте маңызды рөл атқармағанымен, көтерілісшілер оны «Азаттық жолындағы күрестің басшысы», «Үндістанның жоғарғы әміршісі» деп жариялады.

Ағылшын полковнигі К. Янг өз естелігінде былай деп жазды: «Жаңа оқ-дәрілерді пайдаланудан бас тарту көтерілістің басталуының қарапайым сылтауы болды. Оны үнділер мен мұсылмандар алдын ала ойластырып та қойған. Көтерілістің шын себебі ағылшындардың ақылсыз билік жүргізуінен, түсініксіз бейберекет саясаттан, Ауд королінің тақтан түсірілуі мен оның жерінің зорлықпен тартып алынуы сипайлар отбасылары мен сол аймақтан келгендер арасында қатты наразылық тудырғандығына күмәндануға болмайды».

Жергілікті халықтың қолдауына ие болған сипайлар көтерілісі екі жылға созылды. Британдық отаршыл билікте біріккен халық көтерілісін тез басу үшін, ағылшындар олардың ішіне дінаралық араздықты туғызатын тәсілдерді пайдалануға барынша тырысты. Олар ең алдымен, радикалды мұсылмандарға дем беріп отырды. Бұрын Ұлы Моғол императорлары үнділердің сиырды қасиетті жануар деп санаған сенімдерін ескеріп, Құрбан айт мейрамында құрбандыққа тек қойды шалу туралы жариялап отыратын. Ал ағылшындар болса, 1857 жылы 1 тамызда мұсылмандардың құрбан айт мейрамы кезінде алдын ала ойластырылған жоспар бойынша қой атаулының бәрін жоқ етуге тырысып, мұсылмандар тұратын аумақтарға көптеп сиырды толтырады. Қой таба алмаған мұсылмандар қолдарындағы бар сиырын құрбандыққа шалып, жергілікті үнділермен қырқысып, мереке күндері қан төгіледі.

Осылайша британ әскерлері көтерілісшілердің қалаларын бірінен соң бірін асқан айлакерлікпен жаулап ала бастайды. 1858 жылы қыркүйек айында ағылшындар Дели қаласын қайтарып алды, көтеріліс толық басылды. Бахадүр Шах тұтқынға алынып, оның екі ұлы мен бір немересі ату жазасына кесіледі. Бахадүр Шах Рангун жеріне айдауға жөнелтіліп, сол жерде Ұлы Моғолдардың соңғы падишахы 1862 жылы дүние салады.

Сипайлар көтерілісінің жеңілу себептері:

Біріншіден, жеңілістің басты себебі көтерілісшілерде нақты іс-қимыл жоспарының болмауы. Бенгал әскерінде офицерлік қызметті көбіне ағылшындар атқарды. Өздерінің ағылшын командирлерінен кеткен сипайлар дәрменсіз жағдайға түсті.

Екіншіден, көтерілісшілер арасында идеялық бірлестік те болған жоқ. Көтеріліс лидерлері қарама-қайшы шарттар қоюмен болды. Мұсылмандар Ұлы Моғол империясын жаңғыртқысы келсе, үндістер тәуелсіз Үнді князьдіктерін құрмақшы болды.

Үшіншіден, көптеген Үнді князьдіктері тіпті көтеріліске қатысқан жоқ, олар ағылшындар жағына шықты. Оған мысал, сикхтар, маратхалар және тағы басқалардың позициясы.

Төртіншіден, көтерілісшілердің әскери білімдерінің аздығы, қорғаныс тактикасының нашарлығы алдыңғы қатарлы ағылшын әскери стратегиясына қарсы тұра алмады. Көтерілісшілер жасақтары жаулаушылық соғыстарда шыныққан колониалдық әскерлерге қарағанда әлсіздеу болды.

1857-1859 жылдардағы халық көтерілісінің басты нәтижелерінің бірі – Ост-Үнді компаниясының мүмкіндіктерінің шектелуінде еді. Енді Үндістан Ұлыбританияның колониясы болды. Сипайлар көтерілісінен кейін Англияның Үндістандағы саясатына өзгерістер енгізіле бастады. Үндістан істері жөніндегі арнаулы министрлік құрылды. Үндістандағы әкімшілік билік вице-корольге, провинцияларды билеу губернаторларға берілді. Үндістанда жаңадан үш университет ашылып, оларда сабақ ағылшындық білім бағдарламасы бойынша ағылшын тілінде жүрді.

Ағылшындар үнділердің ішкі салт-дәстүрлеріне араласпайтыны жөнінде уәде берді. Елге сәл жеңілдіктер жасалды. Жергілікті ауқатты топтар мен кейбір шаруа-қауымдастықтар жеке-

меншікке жер иеліктерін алды. Ал қалған шаруалар жерді не сатып алуы, не жалға алуы тиіс еді. Бірақ бұл жеңілдіктерге қарамастан шаруалардың жағдайы күрт нашарлап, елді жаппай ашаршылық жайлай бастады, ал үкімет бұған қарсы ешқандай шара қолданбады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Үндістан қоғамындағы өзгерістер. Үндістанның экономикасына XIX ғасырдың екінші жартысында ағылшындар қаржы бөле бастады.

Бірінші көп қаржы, темір жолдар салуға жұмсалды. Бұл құрылыстар тауар-ақша қатынастарының кеңеюіне ықпал етті. 1891 жылы елдегі теміржолдың ұзындығы 27 мың шақырымға дейін жетті.

Екінші рет, қаржыландыру ирригациялық құрылысты қамтыды. Құрылыс көбіне Пенджаб және Синд аймақтарында жүрді. 50 жыл ішінде суармалы жердің көлемі 30 %-ға өскен.

Үшінші қаржыландыру саласы плантациялық шаруашылық болды. Елде ірі-ірі шай және кофе плантациялары пайда болады.

Төртінші көп қаржы жұмсалған сала зауыттар мен фабрикалар, кен өндіруші өнеркәсіптер еді. Алғашқы тоқыма фабрикасы 1854 жылы Калькуттада пайда болды. Ағылшын өнеркәсібінің өтім рыногы кеңейді. Зауыт, фабрика, теміржолдар мен телеграф байланыстарының көптеп салынуы Үндістанда өнеркәсіп төңкерісінің басталғандығын көрсетті. Оның дамуының нәтижесінде үнді капиталистері пайда болды. XIX ғасырдың соңына қарай үнді өнеркәсіп қаржысының 1/3-і үнділіктерге тән болғаны көрінді. Жергілікті кәсіпкерлер тоқыма өнеркәсібіне қаржы салуды белсенді түрде кеңейтті. Бомбей қаласы тоқыма өнеркәсібінің орталығы ретінде өркендей бастады. Үнді тауарлары Англияда, Қытайда және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде экспортқа шығарылды.

Өнеркәсіп дамығандықтан жұмысшылар саны өсті. Сонымен қатар, әр түрлі мамандық иелері пайда болды. Мысалы: дәрігерлер, заңгерлер, университет, коледж оқытушылары және мектеп мұғалімдері. Олардың басым көпшілігі ағылшындар ашқан жергілікті университеттерде Еуропа үлгісінде білім алды.

Үнді қоғамындағы күрт өзгерістер, ескінің қирауы, жаңаның енуі үнді халқының әр қилы топтарына түрліше әсер етті. Біреулері көне арийлік кезеңге қайта оралу, үнді өркениеті қалыптастырған дәстүрлі қоғамды қайта орнату қажет десе, мұсылмандар ежелгі исламның құндылықтарын жаңғыртып, «кәпірлерге қарсы қасиетті соғыс жүргізу қажет», яғни ағылшындармен күресу қажет деп мәлімдеді. Бірақ көпшілік сауатты үнділер батыстың еркіндік, теңдік, гуманистік идеяларын индуизммен, исламмен ұштастыра отырып даму жолын іздеуді жақтады. Үндістанның қоғамдық дамуының артта қалғандығын мойындай отырып, оны жаңаша дамытуды көздеді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Үндістандағы ұлтзаттық қозғалыс. Үндістанда ұлттық сана-сезімнің қалыптасу жолындағы алғашқы қадамы, XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы реформаторлық қозғалыстар болды. Реформаторлық қозғалыстар үнділер мен мұсылмандарда әр түрлі формада қалыптасты. Үндістерде жаңа идеялар дәстүрлі діни-этикалық ілімдердің реформациясынан көрінді. Солтүстік Үндістан мен Бенгалияның мұсылман халықтарында реформация ағартушылық бағытта жүрді.

Үнді мұсылман халықтарының реформаторлық қозғалыстары, көптеген әдеби және ағартушылық қоғамдардың құрылуынан көрінді. Бұл жерде көрнекті мұсылман ағартушыларының қатарына Англияда оқып, білім алған Саид Ахмед Хан (1817-1898), Саид Әмір Әли (1849-1928), Мұхаммед Икбал (1873-1938) жатқызылады. Мұсылмандардың ағартушылық ұйымдары өз қатарынан сауатты өкілдер даярлап, мемлекеттік қызметке орналасырып отырды.

1885 жылы алғашқы жалпыүнділік саяси партия – Үнді Ұлттық Конгресі құрылды. Оның орталығы Калькутта қаласы болды. Ұлттық Конгрестің ішкі құрылысы – либералдық және радикалдық екі топтан құралды. Либералдық қанатты ірі буржуазия, зиялы қауымның ең жоғарғы тобы мен ірі жер иеленушілер құрады, ал радикалдық қанатта – ұсақ буржуазия өкілдері, қала қызметкерлерінің орташа топтары мен шаруалардың ауқатты бөлігі болды.

Конгрестің талабымен ағылшындар кейбір жеңілдіктер жа-сауға мәжбүр болып шықты. XIX ғасырдың 80 жылдарында қалалар мен ауылдық жерлерде өзін-өзі басқару құқығы енгізілді. Сайлауға қалада ауқатты адамдар, ал ауылда жериеленушілер қатыса алды. Бірақ конгрестің бұл табыстары, оның барлық мүшелерін қанағаттандырмады. Конгрестің радикалды сол қанаты революциялық позицияда болды. Радикалдардың лидері Бал Гангадхар Тилак (1856-1920) еді.

Тилак кедейленіп қалған брахмандар әулетінде туылған. Университет бітірген көрнекті ғалым-тарихшы, филолог болды. Өзінің көзқарастарын ол жеке қарамағындағы «Кесари» (Арыстан) деген газет басылымдарындағы публицистикалық мақалаларында білдіріп отырды. Тарихшы және журналист ретінде Бал Тилак колониалдық тәртіпке табанды қарсылық көрсетуді талап етті, ағылшындармен аяусыз және ымырасыз күреске шақырды. Бірақ конгрестің мүшесі ретінде біріккен іс-қимылдарды қолдады, себебі бұл ұйымның екіге бөлінуін қаламаған. Дегенмен конгрес пен Бал Тилак арасында үзіліс болмай қоймады. 1890 жылы ол өзінің азаттық үшін күрес бағдарламасын жасады. Мұндағы Тилактың негізгі саяси талабы, Үндістанның толық тәуелсіздігі еді.

Сонымен XIX ғасырдың соңында либералдар мен радикалдар арасында екі көкейтесті мәселелер бойынша көзқарастық қайшылықтар анық айқындалды. Либералдардың ойынша, Конгрестің басты саяси мақсаты – Үндістанның Британдық империя шеңберінде өзін өзі басқару, ал радикалдар толық тәуелсіздік үшін күреске шақырды. Олардың көзқарастары күресу тәсілдері бойынша әр түрлі еді. Либералдар бірқалыпты бейбіт реформалар қажет десе, радикалдар саяси күресте бүкіл халықтың үлесі болу керек деп тұжырымдады.

Сол қанаттағылар (радикалдар) «свараджа» (өз билігіміз) және «свадеші» (өз тауарларымыз) ұрандарын жалау етті. Оның мәнісі жас үнді өнеркәсібін бәсекелестіктен сақтап қалудың бірден-бір жолы – ағылшын тауарларына бойкот жариялап, тек қана ұлттық тауарларды пайдалануға шақыру. Ағылшын өкіметі бұған қарсы жаза-лау әрекеттерін қолданып, оның ұйымдастырушыларын қамауға да алып отырды. Тилак та осы әрекеті үшін түрмеге қамалды.

XX ғасырдың басындағы Үндістан. XX ғасырдың басында вице-король лорд Керзонның Бенгалияны бөлу жөнінде шешімінен кейін, Үндістандағы саяси жағдай шиеленісе түсті. Бенгалияның шығыс бөлігінде мұсылмандар тұрса, батысында үндістер өмір сүрді.

Ағылшындардың Бенгалияны екіге бөлудегі мақсаты жөнінде зерттеушілермен әр түрлі пікірлер айтылуда. Сол пікірлердің соңғыларының бірі – ағылшындар үнділер мен мұсылмандарды бір-біріне қарсы қойып, олардың арасында діни алауыздық тудырды, сөйтіп бенгалиялықтарды ұлтазаттық қозғалысқа жібермеуді ойлады. Мұны түсінген Үндістан халқы ағылшын отаршылдарына қарсы ұлтазаттық қозғалыс бастады.

Бенгалияны бөлу жөнінде хабар үнділік, әсіресе бенгалиялық жұртшылық тарапынан қуатты қарсылықпен қабылданды. Петициялар, меморандумдар жарияланды, шерулер ұйымдастырылды. 1905 жылдың 16 қазаны Бенгалияда ұлттың қазалы күні деп жарияланды. Калькутта көшелерінде Үнді тарихында бірінші рет, жаппай ірі шеру жүрді. Қаланың күнделікті өмірі тоқтап қалды. Бенгалия бөлінісі ұлттың қаралы күні ретінде, Үндістанның қаза болуы ретінде қабылданды.

1905-1908 жылдар Үндістандағы ұлттық қозғалыстың шарықтау шегі болды. Қозғалыс свадеши және сварадж ұранымен жүрді. Свадеши өзінің тар шеңберінде ұлттық өнеркәсіп және ұлттық өндіріс дегенді білдірсе, кең түсінігінде ұлттық экономика, ұлттық мәдениет, ұлттық дін, ұлттық білім деген үндеумен жүрді. Сварадж тәуелсіздік үшін күресті білдірді. Көтеріліс ауқымы кең болды, әсіресе Бомбей, кейін Пенджаб қалаларында ірі толқулар орын алды. Ақыр аяғы ол бүкіл елді қамтыды.

1906 жылы Бенгалияның ислам орталығы Даккада Мұсылмандар лигасы құрылды. Өзінің түрі мен құрылымы жағынан бұл ұйым Ұлттық Конгреске ұқсады. Халықтың ұлтазаттық күрес жолында Мұсылман лигасы Конгреспен біріге отырып көп жұмыстар атқарды.

Ағылшын өкіметі қозғалыс басшыларын қудалап, көтерілісті күшпен басуға шаралар жасады. Тіпті австралиялық жаяу әскерді көмекке шақырды. 1908 жылы ұлтазаттық қоз-

ғалыс басылды. 1911 жылы Бенгалияны бөлу туралы заң күшін жойды. Үндістанның астанасы Калькуттадан Дели қаласына көшірілді.

Ұлтазаттық қозғалыс үндістердің санасында өзінің терең ізін қалдырды. Бұл британдық отаршыл империяға қарсы жасалған алғашқы қатты соққы болды және Үндістанның тәуелсіздік жолындағы күресінің бастамасы еді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. XIX ғасырдың басында Үнді тоқыма өнері неліктен тоқырауға ұшырады?
2. Сипайлар деп кімдерді атайды? Сипайлар көтерілісінің себептерін түсіндіріңіз.
3. Сипайлар көтерілісінің (1857-1859) жеңілу себептері қандай?
4. XIX ғасырдың екінші жартысында ағылшындар Үндістан экономикасының қандай салаларын қаржыландыра бастады?
5. «Свараджа» және «свадеши» ұрандарының мәнін түсіндіріңіз.
6. Үнді Ұлттық Конгресі қашан құрылды және оның ішкі құрылымы қандай топтардан тұрды?
7. Бенгалия неліктен екіге бөлінді және бұл бөліністің салдары Үндістан халқын неге әкелді?

§4. XVII-XX ғасырдың басындағы Иран

XVII-XVIII ғасырлардағы Иран

XVII ғасырда Ирандағы Сефевид мемлекеті. XV ғасыр барысында Парсы елі, әр ауданында әрқилы әулеттер билеген бытыраңқылықта өмір сүрді. Солтүстік батыс жерлерінде тұрақтанған осындай әулеттердің бірі Сефевидтер болды. Бұл әулетті бастаған, суфистік орденнің негізін қалаған Сефи Ардебелидің ұрпағы I Исмаил (1501-1524 жж. билік еткен жылдары) еді. Алдымен Тебризді жаулап алған I Исмаил, кейін бүткіл Парсы жерін қол астына алады да, VII ғасырдан кейін бірінші рет елді бір орталыққа бағындырады. Ол шах титулын иемденіп, мемлекетті Тебриз қаласында отырып басқарады.

Исмаил шахтың билігі тұсында, жаулаушылық соғыстардың нәтижесінде Хорасан жерлері, батысында Каспий теңізі мен Парсы бұғазының арасындағы территориялар мемлекеттің қол астына кірді. Бұл жаулаушылықтар оларды Осман империясымен қақтығыстарға алып келді. Исмаил шах шииттік исламды мемлекеттік дін қылып, оны Осман империясының суниттік исламына қарсы қойды. Осы қарама-қарсылық екі мемлекет арасындағы соғысты тудырды. Шын мәнінде дау-жанжалдың себебі, екі жақ 150 жылдан бері таласып келе жатқан, құнарлы Месопотамия жерлері болатын. Сефевидтер бұл Месопотамияны 1509 жылы жаулап алып, 1534 жылы одан қайта айырылады. 1623 жылы қайта қоластына алып, 1638 жылы жоғалтады.

Империя өзінің шарықтау шегіне шах I Аббас (1588-1629 жж. билік еткен жылдары) тұсында жетті. Ол билік еткен жылдары Сефевидтер Османдардан жоғалтқан жерлерін тартып алып, Моғолдардан Қандағарды, қатты және соңғы соққы беріп, тынымсыз өзбектерден Хорасанды жаулап алды. Аббас астананы Исфахан қаласына ауыстырды. Ол жерге көптеген мешіттер, мектептер, сарайлар, жолдар мен көпірлер салды. I Аббас жергілікті қолөнерді: кілем тоқу, жібек жіп иіруді көтермеледі, сол арқылы Англиямен, Нидерландымен сауда жүргізуді ынталандырды.

Сефевидтердің көп ұлтты державасы әр түрлі тайпалар мен халықтарды біріктірді. Иран аумағының 1/3-ін көшпелі тайпа-

лар алып жатты. Ауылшаруашылығында негізінен, бидай, арпа, күріш, техникалық дақылдардан: мақта, темекі, зығыр және тағы басқа өсірілді. Жеміс-жидек, жүзім шаруашылығы жақсы дамыды. Жібек өндіру кең етек алды. Иранда жер көбінесе қолдан суарылатын. Мал шаруашылығында қой мен ешкі өсірілді. Онымен көшпелі және жартылай көшпелі күрд, лур, белудж, түрікмен, кашкай және тағы басқа тайпалар айналысты. Иранда қолөнер жақсы дамыған еді. Әсіресе кілем тоқу мен мата жасау өндірісі өркендеді. Парсы кілемі мен иран жібегі дүниежүзіне даңқы шыққан бұйымдар болатын. Сондай-ақ Иранда фарфор, фаянс, қыштан жасалған бұйымдар, зергерлік өнер де қанат жайды. Ішкі және сыртқы сауда байланыстары өркендеді.

XVII ғасырда Иранда феодалдық қатынастар дамып, жерге, суға феодалдық меншік орнады. Мемлекеттік меншіктегі жер «дивани» деп аталатын. Оған елдегі жердің басым мөлшері кірді. Отбасының меншігіндегі жер «хассэ» деп аталды. Мұрагерлікпен мәңгі пайдалануға берілетін жерлер сойырғал делінді. Діни орындар мен діни адамдарға меншікке берілетін «уакф», «мульк», «арбаби» деп аталатын көлемі үнемі өсіп отыратын ірі жер иеліктері болды. Шаруалардың меншікті жері болған жоқ, олар феодалдарға жалданып, ауыр жағдайда күн көрді. Егіншілікпен айналысатын отырықшы шаруаларды райяттар деп атады. Мал шаруашылығымен айналысатын иляттар да сан жағынан аз болған жоқ.

Империя II Аббас (1542-1666) билігінен кейін құлдырай бастады. XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында сефевидтердің соңғы шахы сұлтан Хосейн (1694-1722) билігі кезінде феодалдық қанаудың күшеюі мен халықтың ауыр тұрмыс жағдайы Сефевид мемлекетін дағдарысқа әкелді. Сефевид мемлекетінің ыдырауына Қандағар жерін мекендеген ауған тайпалары да себеп болды. Сефевид билеушілерінен ауған тайпаларын азат ету деген сылтаумен 1722 жылы Мир Махмұд басқарған әскер Иранға шабуыл жасады. Сегіз айға созылған соғыстан кейін, 1722 жылы қазанның 22-сінде Мир Махмұд сефевидтердің астанасы Исфаханды басып алып, сұлтан Хосейн шахты орнынан түсірді. Мир Махмұд Иранның шахы деп жарияланды. Бірақ ауғандықтардың билігі бүкіл Иран жеріне жүре

алған жоқ. Иранның солтүстігінде ауған шапқыншылығына қарсы әскер ұйымдастырылып, жергілікті жердегі билікті ирандықтар өз қолдарында ұстады.

Осы оқиғалардан кейін, Сефевидтер мемлекетінің әлсіздігін пайдаланған Түркия 1723 жылы Иранның солтүстік батыс бөлігін басып алады. 1722 жылы Ресей патшасы I Петр Иранға әйгілі парсы жорығын жасады. Нәтижесінде Закавказьеде орыстардың ықпалы күшейді. Осындай шығындардан кейін Иранның Еуропа мемлекеттерімен сауда қатынастары да қысқарып қалды.

Нәдір шах тұсындағы Иранның ішкі және сыртқы жағдайы. XVIII ғасырдың басында Иран өз тәуелсіздігі үшін ауған және түрік билеушілеріне қарсы күресіп, II Тахмасп шах төңірегіне топтасады. Дәл осы мезгілде оған азаттық күресте аты шыққан Нәдір (түркі афшар тайпасынан шыққан) атты қолбасшы әскерімен қосылып, 1726 жылы түркімендер басып алған Мазандаран қаласын босатады. Сіңірген еңбегіне Нәдір, шах қолынан сұлтан лауазымына қоса, қала губернаторы орнын алады. Сөйтіп әлем тарихында аты қалған Нәдір тарихының жаңа өрлеу кезеңі басталды. XVIII ғасырдағы Иран әдебиетінің ірі өкілі Табиб Исфгани Нәдірді Иранды кеңейтіп, ауған, орыс, түріктер тартып алған жерлерін кері қайтарып, ұлан байтақ жаңа мекендер қосқан соңғы билеуші ретінде атап көрсетті.

1736 жылы ирандықтар Нәдірді «Иранды азат етуші» деп таныды. 1736 жылы наурызда 4 жасар III Аббас шахты Хорасанға жіберген Нәдір Иранның жаңа шахин-шахы болып сайланды. Міне осыдан бастап ол басты саяси бағытын жаулап алушылыққа арнап, 1739 жылдың мамырына дейін Ауғаныстанды, Үндістанды біржолата бағындырды. Үнді жорығында Нәдір шах 90 мың әскерімен қарсыласының өзінен бірнеше есе мол 340 мыңдық үнді әскерін талқандады.

Үндістандағы сұрапыл соғысты көзімен көрген Мырза Мехти: «Ат тұяғының дүбірінен жер дірілдеп, шаң бағаны көкке жетті, оқтың зуылы, жебенің сатыр-сұтыры, зенбіректің күрсілі барлығы мидай араласып кетті, атыс гуілінен күн жерге құлардай, айнала толған жансыз денелер, дұшпанның барлық бас қолбасшылары

өлтірілді – ақыры әскер шіміркенді. Нәдір шахтың мерейі үстем болды», – деп хабарлайды.

Үздіксіз соғыстар елдің жағдайын қиындатты. Ауыр салықтың зардабынан шаруалар мен қала кедейлерінің тұрмысы нашарлап кетті. Халық көтеріліске шығып, Нәдір шах халық наразылығын аяусыз басып жаныштады. Бұл қатыгездік оның елдегі беделін түсірді. 1747 жылы Нәдір шахты Хорасанда бүлікшілер өлтірді. Нәдір шах өлген соң оның құрған державасы ыдырай бастады.

Иранда Каджар әулетінің билікке келуі. XVIII ғасырдың екінші жартысында Иранның экономикасы құлдырап, халықтың жағдайы нашарлап кетті. Ұсақ халықтар (ауғандар, түрікмендер, әзірбайжандар, күрдтер, армяндар, грузиндер) орталықтың езгісіне қарсы жиі-жиі көтеріліс жасап тұрды. Әсіресе, елдегі үстемдік үшін екі әулеттің (Зенд және Каджар) арасындағы үздіксіз соғыс халықты әбден қалжыратты. XVIII ғасырдың аяғында билікке Каджар әулеті келді. Осы кезден елдің ішкі істеріне еуропалық мемлекеттер (Англия, Франция) араласа бастады.

Әулет негізін қалаушы Аға Мохамедхан, өз астанасы етіп Тегеранды таңдады. Қатал да табанды Аға Мохамед елді тәртіпке келтіруді қолға алып, сыртқы жауларға қарсы табысты соғыстар жүргізді. Бірақ ол 1797 жылы өз қызметшілерінің қолынан қаза тапты.

Жылдар бойы жалғасып келе жатқан соғыстар елдің жағдайын қалжыратты және мемлекетті дағдарысқа әкелді. Ауылшаруашылық саласында бұрынғыдай феодалдық қатынастар үстемдік етсе, көшпенділер тұратын аудандарда жартылай феодалдық, жартылай патриархалдық қатынастар орын алды. Каджарлар билігі орнағаннан кейін, жерге жекеменшіктің негізгі түрлері: «халисе» (мемлекеттік жерлер), «уакуфтық жерлер» (дінбасылар иеліктері), тайпа көсемдері иелік еткен тайпа жерлері, «арбаби» немесе «мүлк» (феодалдар мен саудагерлердің жекеменшік жерлері), «омуми» (қауымдық жерлер, негізінен бос жатқан және жайылымдық жерлер), «хордемалек» (ұсақ жериеленушілер жерлері) болды.

Шаруалардың көбі жерді феодалдардан жалға алып отырды. Маусым біткеннен кейін олар өнімнің жартысын немесе одан да көбін феодалға беріп отырды. Сонымен қатар, жол құрылысында, ирригациялық жұмыстарда және тағы да басқа жерлерде ақысыз еңбек етті. Ортағасырлық сипатын сақтап қалған қала шеберханаларында қолөнершілер жұмыс істеді. Өндірістік орындар негізінен базарлардың территориясында болды, сол жерде өнім жасалып, бірден сатуға шығарылды. Иран қалаларында базарлар тек экономикалық орталықтар ғана емес, саяси өмірдің де орталығы болды.

Ішкі сауда ұсақ және орташа саудагерлер арқылы жүзеге асты. Тауар айырбасының қарқынды жүруіне елдегі шенеуніктердің жемқорлығы, озбырлығы кедергі болды. Сыртқы сауда да XVIII ғасырдың соңында XIX ғасырдың басында Иранның экономикасында айтарлықтай орын алмады.

Саяси құрылымы жағынан Иран бұл кезеңде, басында шексіз билігі бар шах тұратын феодалдық монархиялық мемлекет болған. Мемлекеттік істерді жүргізу үшін шах бас уәзір тағайындаған – «садр-азама». Сонымен бірге, уәзірлермен бір қатарда, «Мостоуфи оль-мамалек» (қаржы істеріне жауапты), «монши оль-мамалек» (шах кеңсесін басқарушы және сыртқы байланыстарға жауапты адам), әскери істермен айналысатын да жеке шенеунік тұрды.

Әкімшілік жағынан Иран 30 облыстан (велаеттер) және 4 провинциядан тұрды (эялеттер) – Әзірбайжан, Керман, Фарс, Хорасан. Провинциялардың басына генерал-губернаторлар қойылды, облыстарды хақимдар басқарды. Иранның ең бай провинциясы Әзірбайжанның генерал-губернаторы болып, әдетте тақтың мұрагері сайланды. Иранның қоғамдық-саяси өмірінде мұсылмандық шииттік дін басылар маңызды позицияларды иемденді. Тек оқымысты-діндарлардың (муджтахидтер) Құран мен шариатты елге жеткізуге құқы болды. Олармен шахтың өзі де кеңесті. Дінбасыларының иеліктерінде көлемді жерлер болғандықтан, олар елдің экономикалық өмірінде елеулі рөл атқарды. Сонымен қатар, муджтахидтер ағарту ісін, азаматтық сот ісін (шари-

ат бойынша) бақылады. Мемлекетте шариат сотымен бірге зайырлы сот та болды. Онда жоғарғы сот қызметін шах атқарды. XVIII ғасырдың аяғында Иран өзінің шаруашылық, саяси және мәдени дамуында артта қалғанмен, Еуропа державаларына тәуелді болған жоқ.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Картадан Иранның Сефевидтер әулеті билеген кездегі аумағын көрсетіңіздер.
2. Нәдір шах қандай елдерге басқыншылық жорықтар жасады?
3. Каджар әулеті билікке қашан, қалай келді?
4. Иранда XVIII-XIX ғасырларда феодалдық жер иеленудің қандай түрлері болды?
5. Иранда мұсылман дінінің ықпалы қандай болды?

XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Иран

XIX ғасырдың басындағы Иранның халықаралық жағдайы. XVIII ғасырдың соңында Англия, Франция және Ресей Иранда отаршыл саясаттарын жүргізе бастады. Иран Орта және Таяу Шығыс елдерін отарлау үшін қолайлы плацдарм болатын. Ресей өзінің территориясын Грузия, Армения, Әзірбайжан арқылы кеңейтіп, Солтүстік Кавказда өз позицияларын нығайтқысы келді. Англия Үндістаннан Босфорға дейін колонияларын құруды мақсат тұтты. Иран оған Ауғанстан, Орта Азия территорияларын жалғастырушы буын ретінде керек болды. Франция Үндістанда өз ықпалын Англияның кесірінен жоғалтқандықтан, енді Иран арқылы Үндістанды қайта қол астына алғысы келді. Осы мақсатпен, 1796 жылы Тегеранға француз елшілері келіп, Иран шахын Ресей мен Англияға қарсы айдап салуға кіріседі. Францияға қарсы ағылшындар да Иран шахына дипломатиялық миссия жібереді. Бұл миссияның нәтижесінде 1801 жылы алғашқы саяси және сауда келісімі жасалынады. Келісімшарт бойынша ағылшын саудагерлері салықтан босатылады, ирандық теңіз

порттарында еркін жүруге, бірқатар тауарларды баж салығынсыз әкелуге рұқсат алады. Келісімнің саяси бөлімінде шах француз кеңесшілерінен құтылып, тек ағылшындардан кеңес-насихат алып отыруға сөз береді. Бұл келісімге Тегеран ағылшындардан қару-жарақтар алу үшін келеді.

Ағылшындар мен Иранның келісімшарты Ресейге де қарсы бағытталды. Иран шахы Ресейді Закавказье мен Кавказ халықтарын бағындырудағы басты кедергі санады. Сондықтан шах өзіне одақтас іздеген еді. 1801 жылы Грузияның Ресейге қосылуы, Армения мен Әзірбайжанның Ресейге бет бұру саясатының күшеюі шахты қатты алаңдатты. Ақыры, бұл бәсекелестіктен 1804 жылы орыс-иран соғысы тұтанды. Ағылшындар мен француздар Иранды әрқайсысы өз ықпалына алғысы келіп, түрлі қитұрқы саясат жүргізді. Оны Ресейге қарсы соғысқа айдап салғанымен, соғыста шах ешкімнен нақты көмек пен қолдау көре алған жоқ. Сондықтан өзінен әлдеқайда жақсы дамыған, қуатты Ресейден Иран жеңіліп қалды. 1813 жылы 13 қазанда орыс-иран Гүлстан келісіміне қол қойылды. Келісім бойынша Иран Дағыстан, Грузия және Солтүстік Әзірбайжан жерлерінен айырылды. Бұл елдер Ресей қоластына өтті. Ресей Каспий теңізінде әскери флот ұстауға кепілдік алды. Орыстар Иранда еркін сауда жасауға қол жеткізді. Иранда Ресейдің ықпалы өсті. Бұл жағдайдан шығудың амалын, Иран Ресеймен арадағы жаңа соғыстан көрді. Иранды бұл соғысқа итермелеген тағы бір себеп, 1821-1823 жылдар аралығындағы Түркия-Иран соғысының Иран үшін жеңіспен аяқталуы еді.

1826 жылы екінші орыс-иран соғысы басталады. Бұл соғысқа ирандықтарды ағылшын инструкторлары дайындады. Бірақ бұл соғыс та Иран үшін өте сәтсіз болды. Қуатты орыс әскерінің күшіне төтеп бере алмаған Иран соғыста жеңілгенін тағы да мойындауға мәжбүр болған. 1828 жылы ақпанның 22-інде екі ел арасында Түркманчай бітіміне қол қойылады. Бітім бойынша Иран мен Ресей арасындағы шекара Аракс өзені арқылы өтетін болды. Шығыс Армения Ресейдің құрамына енді. Иран Ресейге 20 млн рубль өтемақы төлейді. Ресейдің Каспий теңізінде әскери флот ұстау құқығы түпкілікті бекітіледі.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы орыс-иран соғыстары ағылшын-иран қатынастарын шиеленістірді. Екі держава арасында Иранға үстемдік үшін күрес басталды. Иранға еуропалық державалар капиталының енуі күшейе түсті. Иран шетелдіктердің тауар өткізу рыногына және арзан шикізат көзіне айналды. Шах өкіметі Батыс елдері алдында дәрменсіз саясат ұстанды. Иран Батыс елдеріне экономикалық тәуелді елге айнала бастады.

1848-1852 жылдардағы Ирандағы бабшылдар көтерілісі. XIX ғасырда Ирандағы сыртқы саяси тұрақсыздық, ішкі ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай елді қаржылық тоқырауға алып келді. Әскери экспедициялар көп ақшалай шығынды талап етті. Иран үкіметі бюджеттік кірістер мен шығыстарды дұрыс, өз бетінше жоспарлай алмады. Мемлекет басындағылар бюджет қаржысының жетіспеушілігін салықты көбейту арқылы толықтыруға тырысты, ал бұл тұрғындардың шектен тыс қаналуына алып келді. Мұндай мемлекет үшін ауыр жағдайда, иран үкіметінің ақылға сыятын, нақты қоғамдық-саяси даму концепциясы болған жоқ. Яғни мемлекеттің идеологиясы болмады. Осыған орай, елде әр түрлі секталар пайда болды. Солардың ішіндегі ірілерінің бірі – шейхиттер сектасы. Шейхиттік секта XVIII ғасырда пайда болды. XIX ғасырдың басында шейхиттер сектасын Фатх Али-шах қолдаған.

Сектаның басшыларының бірі Баб Сайид Әли Мұхаммед Ширази (1819/20-1850). Ол Ширазда саудагердің отбасында дүниеге келген. Жас кезінде Кербала мен Нажфке сапар шегіп, шейхшылдар ілімімен танысады. 1844 жылы 23 мамырда Сайид Әли өзін Баб, яғни халыққа «құпия иманды еркін жеткізетін қақпамын» деп жариялады. Үш жылдан соң: «Мұхаммед пайғамбардың орнына келген жаңа пайғамбармын» деп өзінің «Баян» атты шығармасын, Құранды ауыстыратын қасиетті жазба ретінде таныстырды. Бұл еңбегінде ол өз ілімінің барлық мұсылмандарды теңдікке жеткізетінін, сондықтан бабшылдар мемлекетін орнатып, бұл ілімді мойындамайтындарды елден аластату қажеттігін уағыздады. Осы күпірлігі үшін ол 1847 жылы тұтқындалып, Маку камалында, кейін Чехрикте қамауда болды. Сол жылы бабшылдар

қозғалысы күшейе түскен кезде, шахтың әмірімен Тебризде атып өлтірілді. Бабтың «Баяннан» басқа «әд-Далайл саба», «Китаб арух», тағы басқа еңбектері бар.

Бабшылдар (арабша-әл-бабийа) – Бабтың (Сайид Әли Мұхаммед Ширазидің) діни-саяси ілімін ұстанушылар. Алғашында бұл ілім діни реформалар жасау сипатында шейхшылдар ортасында пайда болғанымен, бірте-бірте 1848-1852 жылы Иранда болған халық қозғалысының қозғаушы күшіне айналды. Бабтың ілімі бойынша, адамзат қоғамы әр дәуірде өзгеріске түсіп, оларға Алла өз пайғамбарларын жібереді, өз тәртіптері мен заңдарын енгізеді. Олар Алланың аяндары арқылы берілмек. Мәңгілік қағидалар болмайды, олар әлеуметтік қарым-қатынастардың өзгеруімен бірге өзгеруі тиіс. Бабшылдар Құран мен шарифат қағидаларына өзгерістер енгізуді талап етті. Заман алмасуы нәтижесінде, Алла жаңа пайғамбар жіберіп отыр, сол арқылы жер бетінде әділдік орнатылуы қажет. Парсы елінде (Иранда) жаңа патшалық орнайды, адамдардың бәрі тең құқылы болады, кейін бұл бүкіл әлемге таралады деп насихаттады. Бабшылдар жеке адамдар құқыларын қорғап, кедейлерден алым-салық алмауды, барлық байлықтың халыққа теңдей бөлінуін, ірі жер иеленушілердің жеке меншігін жоюды талап етті. Онда құранда жазылған Мұхаммед пайғамбардың заңдары мен сөздері ескірді, оны енді жаңарту қажет, ал жаңа заңдар мен тәртіп ережелері Баянда жазылған деді. Баянда жазылған сөздер бойынша барлық адамдар заң алдында тең болуы тиіс және бабшылдардың әулие патшалығы Иранның маңызды аймақтары – Әзірбайжанда, Мазендеранда, Орталық Иракта, Фарс пен Хорасанда құрылуы тиіс деді. Бабшыл еместер мен шетелдіктер Иран жерінен қуылуы тиіс, олардың дүние-мүлкі тәркіленіп, бабшылдарға бөлініп берілуі керек деп жарияланды.

Сол кездегі тұрмыс-тіршілік қағидаларына қарсы болғандықтан, билік басындағылар Бабшылдар ілімін таратпауға тырысты, олардың көсемдерін қудалап, түрмеге қамады. 1848 жылы қыркүйекте бабшылдар көтерілісі әр түрлі аймақтарда етек алды. Алғашқыда Бабшылдар туы астына қыстақ тұрғындары, қолөнершілер, ұсақ саудагерлер көп жиналды. Бірінші көтеріліс

1848 жылы қыркүйекте Мазендеранда басталды. Оған бор-форуштық молда Мұхаммед Әли мен Хусейн Бошру басшылық етті. Көтеріліс 1849 жылы мамырда басылды. Екінші көтеріліс 1850 жылы маусым – желтоқсанда Зенджанда болды. Оған әйелдер белсене қатысты. Көтеріліс басып-жаншылды. 1850 жылы маусымда Нейризде басталған үшінші көтеріліс бірнеше күннің ішінде басылды. Осыдан кейін Бабшылдар қозғалысы бұқаралық сипатын жойып, террорлық жолға түсті. 1852 жылы тамыздан кейін Бабшылдар жаппай қырғынға ұшыратылды, көтеріліс аяусыз басылды.

Иранның жартылай отар елге айналуы. XIX ғасырдың екінші жартысынан еуропалық мемлекеттердің Иранның ішкі істеріне араласуы күшейе түсті. Иран біртіндеп дүние жүзілік капиталистік шаруашылық, әлемдік нарық саласына қосылды.

XIX ғасырдың басында Ресей Иранды күшпен бағындырғысы келсе, Англия бұл бағытта сыртқы сауданы пайдаланды. 70 жылдары шетел компаниялары елде кәсіпкерлікпен белсенді шұғылданды. Ал бұл Иранның экономикасына өз ықпалын тигізді:

- тауар-ақша қатынастары дамыды;
- дәстүрлі тәртіп ыдырады;
- ұлттық капитализмнің элементтері дүниеге келді.

Бірақ батысшылдықтың енуі, консерватизм мен артта қалуды жоюмен бірге, ұлттық игіліктерді де құлдыратты. XIX ғасырдың аяғында бәсекелестікке шыдамаған қолөнер өнеркәсібінің бірқатар салалары өмір сүруін тоқтатады. Тек кілем тоқу саласы ғана бәсекелестікті көтере алды. Экономикалық экспансия тіпті, алғашқы ұлттық фабрика-зауыттық өнеркәсіп ошақтарын да сөндірді.

Иранға капитал енгізуде Англия шұғыл қадамдар жасады. Олар Иран аймағына бірнеше телеграф жүйелерін салады. Телеграф Иранды Үндістанмен жалғастырды. 1872 жылы ағылшын капиталисі барон Ю. Рейтер шахтан 70 жыл мерзімге мұнай және басқа да табиғи байлықтарды игеруге тиімді келісім алады. Шарт бойынша ол тасжолдар, теміржолдар, телефон-телеграф жүйелерін салуға, фабрика, зауыт пен банктер ашуға рұқсат алды. Сонымен

қатар 1889 жылы Рейтер Шахиншах банкін салуға мақұлдама алады. Осылайша Иранның оңтүстігі мен оңтүстік батыс жағында Англия үстемдік жүргізуге кірісті. Ағылшындардан кейін Иранның солтүстігіне Ресей капиталистері келе бастады.

1879 жылы Иранда шахтың өтінішімен, Ресейдің полковник Ляхов басқарған казак полкі құрылады. Иран революциясы кезінде бұл полк ирандық әскердің ең соғысқа қабілетті бөлімі болған.

Осылай XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Иран өзінің ұлттық тәуелсіздігі мен дербестігінен айырылып, Ресей мен Англияға тәуелділікке түседі. Транспорт, салық жүйесі, қаржы, пайдалы қазбаларды табу жұмыстары ағылшын және ресей кәсіпкерлерінің қолында болды.

1905-1911 жылдардағы Иран революциясы. XX ғасырдың басында Иран орыс-ағылшын бәсекелестігінің аренасына айналды. Иранды басып қалған әлеуметтік-экономикалық, саяси дағдарыс, шет елдердің елдің ішкі жағдайына аса көп араласуы халықтың наразылығын тудырды. 1905 жылдан бастап, ел аумағында түрлі көтерілістер белең ала бастады. Діни топтар панисламизм идеясын уағыздап, барлық мұсылмандарды халиф билейтін бір күшті империяға біріктіру қажет деген ұран тастады. Сондай-ақ Иранда бұл кезеңде әр түрлі жасырын ұйымдар құрылды. Мысалы, 1905 жылы «Энджумене махфи» (Жасырын энджумен) атты үкіметке наразы ұйым құрылды. Бұл ұйымдар да халық арасындағы көтерілістердің белсенді болуына ықпал етті.

Осы кезеңде елдегі негізгі оқиғалар Тегеранда, Исфаханда, Тебризде болып жатты. Халық конституция қабылдануын және парламент (меджлис) шақырылуын талап етті. Сонымен қатар, үкімет қызметіне ие болып отырған шетелдік азаматтардың қызметтен кетуін, «әділетхана» құруды, яғни халықтың арыз-шағымын, талаптілегін қарайтын ұйым, мекеме құрылуы туралы шарт қойды. 1906 жылы шах халықпен келісіп, конституция қабылдап, парламент жасақтауға мәжбүр болды. Осы жылы қазанның 7-сінде Тегеранда алғашқы мәжіліс шақырылды. Көтерілісшілер наразылығының арқасында шах қол қойған заңда, адамдардың заң алдында тең

құқықты болуы, сөз бен ой еркіндігі орын алды. Бұл оқиғалар орын алған кезенді иран революциясының бірінші кезені деп белгілеуге болады. 1907 жылдан бастап революция өзінің жаңа екінші кезеңіне аяқ басты. Халықтың демократиялық талаптар қоюшы тобы күресті әрі қарай жалғастырды.

1908-1909 жылдары Иран революциясының ірі ошағы Тебриз қаласы болды. Тебриздегі халықтың бас көтеруін басып-жаншуға шах әскерінің күші жетпей, шетелдіктерді көмекке шақырды. Ағылшындар мен орыс әскерлерінің күшімен Тебриз көтерілісі қанға боялды. Бұған қарамастан, Ирандағы революциялық шерулер 1911 жылға дейін тоқтаған жоқ. Көтерілістің барысында шах билігі едәуір әлсіреп, оның беделі төмендеді. Шах үкіметі халық алдында дәрменсіздігін мойындап, шетел әскери күштеріне арқа сүйеп, империалистерге тәуелділігін арттыра түсті. 1911 жылы шах Ресей мен Англияның әскери көмегін пайдалана отырып, революцияға қарсы төңкеріс жасады. Бұл революция Иран халқының өміріндегі ірі оқиғалардың бірі болды. Революцияның басып-жаншылуы еуропалық елдердің Иранның ішкі мемлекеттік істеріне одан әрі терең араласуына жол ашты. Үкімет олардың қойған талап-шарттарын толықтай орындап отырудан басқа амалы болмады.

Революцияның қорытындысы бойынша парламент таратылып, құрылған демократиялық ұйымдар жабылды. Конституциялық төңкерістің жаншылғанынан кейін, еркін ойлаушыларға қарсы террорлық әрекеттер белең ала бастады. Иран осы уақытта артта қалған жартылай отар ел ретінде өмір сүріп жатты.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. XIX ғасырдағы орыс-иран соғыстарының себептерін атаңыз.
2. Бабшылдар көтерілісінің басталу себептері қандай және оны кімдер бастады?
3. Иранның жартылай отар мемлекетке айналуын қандай мысалдармен көрсете аласыз?
4. Иран революциясының мақсаты қандай болды және оның кезеңдерін атаңыз.
5. Ирандағы алғашқы мәжілістің шақырылған жылын атаңыз.

§ 5. XVII-XX ғасырдың басындағы Осман империясы

XVII-XVIII ғасырлардағы Осман империясы

XVII ғасырдағы империяның дамуы және оның құрамына кірген халықтардың жағдайы. Осман державасы өзінің бастауын 1299 жылдан алады. Оның негізін Осман сұлтан қалады. Француздар бұл мемлекетті «Порта» (Қақпа) деп атады. Еуропалық реформация дәуірінде Осман империясы, Еуропа, Азия және Африканы қамтыған адам саны және территориясы жағынан ең ірі мемлекет болып саналды. Империяның еуропалық бөлігіне Балқан жартыаралы, Венгрия, Молдавия, Украинаның бір бөлігі, Қырым және Қара теңіздің жағалаулары кірді. Азиялық бөлікке – Анатолия, Кавказдың бір бөлігі, Аравия жартыаралы, Ирак, Сирия, Палестина жерлері, Африка жағына – Египет және Магриб мемлекеттері енді.

Жаңа дәуірдің басында Осман империясы әлі де қуатты держава ретінде өмір сүріп, көрші елдерге қауіп-қатер төндіруге қабілетті болатын. Бірақ, дегенмен бұл мемлекет XVI ғасырдың аяғында, ұзаққа созылған дағдарысқа аяқ басқан еді. Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша түріктер, өзінің қол астындағы кейбір халықтардан, әсіресе гректерден, Балқан жартыаралының славяндарынан, грузиндер мен армяндардан төмен болды. Сұлтан мен феодалдардың билігі тек әскери күшке ғана негізделді. Олардың қолында салықты жинау, барлық әскери және азаматтық функциялар шоғырланды. Осман мемлекеті өз ішінде біртұтас бірліктегі ел болған жоқ. Жаулап алынған елдердің экономикалық, мәдени, саяси даму ерекшеліктері бір-бірінен алшақ, әр түрлі сапта тұрды.

Үнемі жаулаушылық соғыстар мен ішкі қарулы күрестер жүргізіп отырған Осман империясы үшін әскер маңызды рөл атқарды. Мемлекеттің қарулы күштері мықты жаттыққан салтаттылардан (сипахи), янычарлардан, яғни жаяу әскерден, флоттан тұрды. Бірақ кейін үкімет әскери қиындықтардан құтылудың бір амалы ретінде янычарлар санын көбейтеді. Оларға әр түрлі

жеңілдіктер жасайды. Нәтижесінде шектен тыс шығып кеткен янычарлар мемлекет істеріне араласып, өз талаптарын қойып, әскери тәртіпті жиі бұзды. Мұның бәрі, әрине, әскердің соғысқа қабілеттілігін азайтты.

Осман империясының әміршілері елдегі саяси және экономикалық дағдарыстарды жеңуге талпынды. XVII ғасырдың бірінші ширегінде олардың шаралары екі негізгі бағытта жүргізілді: әскери табыстарды арттыру және жаңа жерлерді жаулап алу үшін сыртқы экспансияны белсендіре түсу, сондай-ақ, әлеуметтік шиеленістерді тежеу және елдегі орталық билікке бақылау орнату үшін ішкі қайта құруларды жүзеге асыру қолға алынды. Сыртқы саяси шараларға айқын басымдылықтар берілді. Осыдан-ақ Осман империясының әскери-феодалдық сипатын көруге болады. Билік жүргізуші жоғарғы топтардың өкілдері басқыншылық соғыстарды, ішкі кеселдерді айықтырудың ең жақсы құралы деп білді. Міне, сондықтан, қаржы қиындықтарының өсуіне және жиі әскери жеңілістерге қарамастан, Осман мемлекеті өзінің көршілерімен ұдайы соғыс жағдайында болды. XVII ғасырдың бірінші ширегінде түріктер жеті жыл бейбітшілікте, ал он сегіз жыл әскери қимылдар жүргізу жағдайында өмір сүрді. Үздіксіз әскери жорықтар қазынаны қаңсытып, салық төлейтін тұрғындарды, әсіресе, шаруаларды күйзеліске ұшырата отырып, елдің жағдайын нашарлатып жіберді.

XVII ғасырдағы Осман империясының жүргізген соғыстары. Империяда дағдарыстың күшеюі.

XVII ғасырда Түріктерге қарсы араб елдерінің күресі күшейе бастайды. Йемен де 1628 жылы Түркиядан бөлініп кетеді. Күрес империяның барлық африкалық иеліктерінде кең етек жаяды. Иракта да сондай жағдай туындайды. Сонымен қатар, бұл оқиғалардың үстіне, янычарлардың үздіксіз көтерілістері де қосылды.

Билеуші феодалдық топтар мемлекеттің дағдарыстан шығу жолын жаулаушылық соғыстарды жандандырудан, әскерді күшейтуден көрді. Бұл саясатты негізінен Кепрюлю отбасынан шыққан бас уәзірлер жүргізе бастады. Олар билікке XVII ғасырдың екінші жартысында жақындаған болатын. Түркия тарихының бұл кезеңі

үздіксіз соғыстарға, қарулы көтерілістерге толы. Империя Крит аралы үшін Венециямен (1645-1669), Австриямен (1663-1664), Польшамен (1672), Украина үшін Ресеймен (1677-1678) және державалар коалициясымен соғыстар жүргізді (1683-1698). Бірақ бұл соғыстар империяға бұрынғыдай табыстар әкелмеді. Керісінше, олар үлкен жеңілістерге ұшырап отырды, соның ең ірісі Вена маңындағы шайқас болды. 1682 жылы түріктер Австрияға қарсы көтеріліске шыққан Эмерих Текеллиді қолдап, австро-венгрия қақтығысына араласады. Бұл жағдай австро-түрік соғысына әкелді. Австрия жағында Польша соғысты.

1683 жылы түріктер бас уәзір Қара-Мустафа Кепрюль бастаған әскермен австриялықтарды талқандап, Венгрия территориясын қоршауға алады. Бірақ, Венгрлер көмекке келген поляк әскерлерінің арқасында түріктерді жеңеді. Нәтижесінде түріктер бұл соғыста 20 мың адамын жоғалтады. Бұл сәтсіздіктерді естіген сұлтан уәзірдің басын алып келуді бұйырады.

Венаның түбіндегі шайқаста түріктердің жеңілісі кездейсоқ болған жоқ. Бұл ұзақ уақытқа созылған империядағы дағдарыстың салдары еді. Әскери сәтсіздіктер мемлекеттің ішкі жағдайына да әсер етті. Балқан елдері ашық қарсылығын көрсете бастады. Осман әскерлері Венгрия, Трансильвания, Долмацияның бір бөлігінен қуылды. Ресей Азов территориясын қайта өзіне қайтарды.

Осман империясының әлеуметтік-экономикалық дамуы. XVII-XVIII ғасырларда Осман империясының тарихи тағдырында көптеген қиындықтар болып өтті. Бірқатар Азия елдері сияқты Түркия Еуропа елдеріне қарағанда баяу дами бастады. Бұл сол кездегі барлық Азия құрлығының елдеріне ортақ үрдістер еді. Осман империясының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы артта қалушылығы осы жағдайдың көрінісі болып табылады. Түркия XVII ғасырға дейін қуатты державалармен терезесі тең ел болған. Алайда оның ең алдымен экономикалық дағдарыстан шыға алмауы және даму деңгейі жағынан еуропалық елдерден ғана емес, өзінің қол астындағы еуропалық территориядағы халықтардан да артта қалуы оның халықаралық сахнадағы беделінің түсуіне алып келді.

Ауыл шаруашылығында да жағдай қиындай түсті. Егер бұрын феодалдар шаруалардан қосымша өнімді ғана алып отырған болса, енді олар қажетті өнімнің айтарлықтай бөлігін де өзіне иемдене бастады. Мұның нәтижесінде шаруалар қожалығы әбден кедейленді. Салықтың заттай түрін көбіне ақшалай салық алмастырды. Салықты төлеу үшін шаруалар өсімқорларға қол жайды, ал олар мұны пайдаланып, қарызын өтей алмағандардың шаруашылығын тартып алып отырды. Сонымен қатар, феодалдар өздерінің табыстарын көбейту үшін, иеліктерін ұлғайтып отыруға тырысты. Ал бұл түрік феодалдары мен шаруалардың арасындағы қантөгіс қақтығыстарға алып келді. Сонымен бірге, феодалдар арасында да жер үшін таластар көбейді.

Ауылшаруашылығының құлдырауымен колөнер де қатар жүрді. Түрік колөнерінің кейбір салалары еуропаның мануфактуралық тауарларымен бәсекелестікке түсе алмады. Құлдырауға тіпті кен өндіру ісі, қару-жарақ жасау ісі, әскери кемелер салу істері де ұшырады. Осы қиындықтардың барлығы халық наразылықтарын тудырды, оған ұлтазаттық қозғалыстар қосылды. Мұндай көріністер империяда жиі қайталанып отырды.

XVIII ғасырдағы Осман империясының сыртқы саясаты Халық көтерілістері мен ұлтазаттық қозғалыстар. «Шығыс мәселесінің» туындауы. Осман империясының әлсіздігі мен құлдырауын пайдаланып, батысеуропалық мемлекеттер оның ұлан-ғайыр аумағын иемденуге ұмтылды. Осман империясының құрамына кіретін аумақтардың үлкен стратегиялық, экономикалық және саяси маңызы болғандықтан, Англия, Франция, Австрия мен Ресей оның иеліктерін жаулап алуға мүдделі болды. Осы державалардың әрқайсысы өзінің бәсекелестеріне саяси немесе экономикалық басымдылығын көрсетіп, Осман империясының аумағын тартып алуға талаптанды. Осылай XVIII ғасырда «Шығыс мәселесі» туындады.

Ресей Балқан түбегіне орнығып, Қара теңіздегі бұғаздарды жаулап алуға ұмтылды. Осман империясы, әсіресе, сыртқы саясатта өзінің пәрменділігін жоғалтқан кезде, XVIII ғасырдың екінші жартысында «Шығыс мәселесі» асқындай түсті. Мұның

жарқын көрінісі 1768-1774 жылдары орыс-түрік соғысында Осман империясының жеңілуі болып табылады. Соғыстың аяқталуы туралы жасалған Күшік-Қайнар бітімі (1774) Ресейге Қара теңіздегі кеме қатынасы мен орыс көпестеріне сауда жеңілдіктерін пайдалануға мүмкіндік берді. Қырым Осман империясынан тәуелсіз деп жарияланды.

II Екатерина «османдық мұрагерлікті» бөлісу және Еуропа аумағынан түріктерді түгелдей қуу мәселесін қойды. Ресейдің қуатының тез өсе бастауынан және оның Балқан мен Жерорта теңізіне шығуынан қорқа бастаған Англия, Франция және басқа да Еуропа мемлекеттері Осман империясының «тұтастығы мен дербестігін» қорғау мақсатын желеу етіп, Ресейге қарсы күштерін бағыттады.

1738 жылы Қырымның Ресейге қосылуы, 1787-1791 жылдардағы жаңа орыс-түрік соғысының шығуына себеп болды. А.В. Суворов қолбасшылық еткен орыс әскерлері Рокшана, Рымник, Измайлдың түбінде түріктерге соққы берді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Осман империясының құрамындағы халықтардың ұлтазаттық күрестері өршіді. Түрік үстемдігіне қарсы Балқанда, араб елдерінде, Кавказда ұлтазаттық көтерілістер басталды. Әсіресе еуропалықтарға, Ресейге арқа сүйеген болгарлар, гректер, албандар, молдовандар, валахтар наразылықтары күшейді.

III Селим сұлтанның реформасы. XVIII ғасырдың екінші жартысында империядағы ішкі дағдарыс кең етек алды. Қазына ортайып, жаулап алушылық соғыстарының сәтсіздігі, янычарлар көтерілісі, пашалар мен аяндардың өз беттерінше билік жүргізе бастауы, империя құрамындағы халықтардың ұлтазаттық көтерілісі және бірқатар облыстардың бөлінуі кең етек алды. Билеуші топтар осы дағдарыстан реформа арқылы шықпақ болды. Реформаларды 1789 жылы таққа отырған III Селим сұлтан (1789-1807) бастаған болатын. 1792-1796 жылдары Селим әскерді қайта құру туралы үкім шығарды. Әскери қызметтен бас тартушылардың иеліктері қайтарылып алынатын болды. Әскери инженерлік училищелер ашылды, әскери флот құрылды. Оқ-дәрі зауыты, қару-жарақ қоймасы, киім және аяқ

киім тігетін фабрикалар салынды. Батыс Еуропалық ғылыми еңбектер мен әскери ережелер жинақтары түрік тіліне аударылды. III Селим сұлтан жүргізген шаралар «низам-и-джадид» (жаңа жүйе) деген атқа ие болды. «Жаңа жүйе» қалыптасқан мемлекеттік құрылыстың негізін өзгертуге емес, оны жаңалауға және күшейтуге бағытталды.

III Селим реформалары қолайлы жағдайда экономика мен әскери істің прогресіне әкелуі мүмкін еді. Бірақ ондай қолайлы жағдай тумады, сондықтан реформа халық жағынан да, жаңа құрылған әскерге қарсы болған янычарлардан да қолдау таппады. Көптеген феодалдар мен мұсылман дін басылары да реформаларды жақтаған жоқ, өйткені олар өздері пайдаланып жүрген жеңілдіктерінен айырылатынын білді. Реформаны ерекше дұшпандықпен қабылдаған янычарлар әскери салада жүргізіліп жатқан жаңалықтар, янычарлар корпустарын жояды деп түсініп, сұлтанға қарсы бүліктерді бастады. Сонымен қатар, реформалардың жүзеге асуына сыртқы жағдайлар да кедергі болды: Наполеонның Египетке басып кіруі (1798), Ресеймен соғыс.

1807 жылы янычарлар көтерілісі салдарынан III Селим тақтан құлатылып, жазаға тартылды. Барлық реформалар жойылып, оны жақтаушылар жазаланды. Реформалық әрекеттер осылай сәтсіздікпен аяқталды.

Билікке келген жаңа сұлтан IV Мұстафа (1807-1808) янычарлар мен улемдерді қолдап, барлық реформаға тыйым салады. Бұған наразылық танытқан реформаны жақтаушылар Рушук округінің (Болгария) беделді билеушісі Мұстафа паша Байрақтардың төңірегіне топтаса бастайды. 1807 жылы Ресей мен Түркияның арасындағы келісімге қол қойылғанда, III Селимді таққа қайта отырғызу мақсатымен Байрақтар өз әскерін Стамбулға қарай аттандырады. Бірақ әскерлер Стамбулға жақындап қалған кезде III Селим адам қолынан қаза табады. Ал Байрақтар Стамбулға кірген соң IV Мұстафаны тақтан түсіріп, оның орнына II Махмұд (1808-1839) отырғызылады. Байрақтардың өзі бас уәзір болып тағайындалды. Елде реформалар қайта басталды. Янычарлардың ашық наразылығына қарамастан, Байрақтар батыл іс-қимылдар жүргізді. Бірақ Мұстафа Байрақтар реформа жүргізуде III Селим

жолын қайталамауға тырысады. Ол феодалдарды сұлтан өкіметіне күшпен бағындырмай, Порта (Түрік үкіметі) мен ірі әкімдер арасында бейбіт одақ құруға тырысады. Сол үшін белгілі, ауқатты бай феодалдарды астанаға шақырып, олардың үкімет адамдарымен бірге реформалық жоспарларды талқылап, «одақтық келісімді» бекітуге үгіттейді. Байрақтардың бұл жоспары іске асырылған жоқ. Янычарлар тағы да бүлік ұйымдастырып, Байрақтарды өлтіреді, оның барлық реформалық әрекеттері жойылады, жақтастары өкіметтен алыстатылады.

Жалпы алғанда бұл реформалар, нарықтық қатынастардың қалыптасуына ықпал етті, бірақ империяның дәстүрлі саяси-әлеуметтік негізіне әсер етпеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. XVI ғасырда түрік османдар иеленген аумақтарды атап, картадан көрсетіңіз.
2. Осман империясының біртіндеп әлсіреу себептері қандай?
3. Осман империясының XVII-XVIII ғасырларда экономикалық, саяси-әлеуметтік даму деңгейі қандай болды?
4. Османдар дағдарыстан шығу үшін қандай шаралар жасады?
5. III Селим реформалары нені көздеді?
6. Осман билеушілері жасаған реформалар қандай салаларды қамтыды?

XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Осман империясы

XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі Осман империясының жағдайы. Танзимат реформалары. XIX ғасырдың 40 жылдарында Осман империясында реформалардың жаңа кезеңі басталады. Бұл реформалар «танзимат» деген атауға ие болды. Танзимат реформалары екі кезеңнен тұрды:

– бірінші кезең – 1839-1853 жылдар аралығы, яғни Қырым соғысының басталуына дейінгі кезең.

– екінші кезең – 1856-1871/1872 жылдар аралығы, конституцияны қабылдауға дейінгі кезең.

Танзимат міндеттері:

- империяның экономикалық, саяси, сыртқы саяси жағдайын нығайту;
- туркияда капитализмнің орнауына жағдай туғызу;
- мемлекеттің құлдырауын алдын алу, ұлтазаттық қозғалыстың ұшынуын тоқтату.

Бұрынғы реформалармен салыстырғанда, танзиматта басты орынды әскери емес, әлеуметтік-экономикалық реформалар алды. Бұл қайта құру идеясының басты авторы Мустафа Решид паша (1800-1858) еді. Ол 1869 жылы 3 қарашада Гюльхане саябағында өзі құрған «Гюльхане хатт-и шериф» атты жарлығын жария етті. Мустафа Решид паша сыртқы істер министрі, премьер-министр қызметтерін атқарған, ұзақ уақыттар бойы Франция мен Англияда өмір сүрген, терең ойлы, көреген қайраткер болған.

Гюльхане жарлығы үш бөлімнен тұрды:

– біріншіден, нәсіліне, ұлтына, діни сенімдеріне қарамастан империяның барлық азаматтарының өмірін, ар-ұжданын және дүние-мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

– екіншіден, салықты жинау мен бөлуді реттеу;

– үшіншіден, әскери қызмет мерзімін қысқарту, жауынгерлерді әскерге алу ережелерін жаңарту.

Хатт-и шерифте алдыға қойылған міндеттер халық пен үкіметтің бірлігі болғанда ғана жүзеге асатыны айтылды. Реформа авторлары Империяға көпұлтты елді біріктіретін мемлекеттік идеология қажет екенін түсінді. Осындай идеология ретінде османизм жарияланды. Османизм жақтастары түрік державасында өмір сүретін «барлық халықтардың теңдігі мен бірлігін» паш етті. Кейін бұл османизм идеясы, жас түріктер қозғалысының идеологиясына айналады.

Осман империясында Хатт-и шериф идеялары мұсылмандардың да, христиандардың да қарсыластығын тудырды. Мұсылмандар «кәпірлермен» бірге болуға қарсы болса, христиандар өз кезегінде тәуелсіз, жаңа мемлекет құрғылары келді. Дегенмен, танзимат барысында біраз игілікті шаралар да іске асырылды:

жер туралы заң, қылмыстық іс және азаматтық іс кодекстері қабылданды. Сұлтан таққа ресми түрде отырған соң, қабылданған заңдарды бұзбауға міндеттеме алды. Ақша реформасы жүргізілді. Қызметкерлердің жалақысына қатаң шек қойылды. Орта мектептер ашылды. Империя аумағында теміржолдар мен байланыс тораптары салынды. Алғашқы өнеркәсіп орындары пайда болды. Танзиматтың бірінші кезеңі осындай жетістіктерге ие болып, елдің алдыға жылжуына ұйытқы болған.

Қырым соғысы басталған реформалардың барысын бұзды. 1853-1856 жылдардағы қақтығыстың себебі: баяғы «Шығыс мәселесі» еді, яғни Ресей, Англия, Франция және басқа да еуропалық елдердің Таяу Шығыс үшін күресі. Дау-жанжалды бастаған Ресей болды. 1853 жылдың ақпанында І Николай Портаға ультиматум жібереді. Онда: Осман империясындағы барлық христиан халықтарына Ресей қамқорлық жасауы тиіс деген талаптар қойылған. Мемлекеттің ішкі істеріне араласқаны үшін Ресейге наразы болған сұлтан оның талаптарын қабылдамайды. Осындай шиеленістерден кейін Қырым соғысы басталады. Ресей тек Түркиямен соғысуға үміттенді, бірақ оның болжамдары іске аспады. Англия, Франция, Сардиния сұлтанмен келісім жасап, Портаның жағында соғысты. Соғыстың нәтижесінде Ресей жеңілді. Париж трактаты бойынша (1856 ж.) Ресей Түркияға Карс қамалын және Бессарабияның бір бөлігін қайтарды. Сонымен қатар, Қара теңіздің нейтралитетін, Сербия, Молдавия, Валахияда Осман империясының үстемдігін мойындауға мәжбүр болды.

Қырым соғысында жеңгенімен, Түркия Еуропа елдерінен 1854, 1855 жылдары қарыз алуына байланысты, олардан тәуелді жағдайға түсті. Сондықтан танзиматтың екінші кезеңі елеулі жетістіктерге жетті деуге болмайды. Екінші кезеңнің басты құжаты 1856 жылғы «Хатт-и хумаюн» болды. Бұл манифесте елдің тек экономикалық қана емес, саяси теңдігі жөнінде де айтылды. Еуропалық державалардың қысымымен, шетелдік кәсіпкерлерге мемлекетте ерекше құқық берілу жөнінде заңдар қабылданды. Батыс инвесторлары Түркияда жер сатып алу, темір жолдар салу, пайдалы қазбаларды өңдеу ісіне араласу, теңіз сауда жолдарын

бақылау құқықтарына ие болды. 1856 жылы ағылшын және француз капиталдары арқылы Оттомандық банк ашылды. Бұл шектен тыс еуропалықтардың араласуымен болған жаңалықтарға танзиматтың басты инициаторы Мустафа Решид-паша қарсы шықты. Оған істің барысы ұнамады, өйткені мұның барлығы Түркияны шетелдіктерге экономикалық, саяси тәуелділікке әкелді.

XIX ғасырдың 50-60 жылдары шетелдіктерге кіріптарлыққа қарсы шыққан жалғыз ұйым – «жаңа османдар» қозғалысы болды. Ағарту ісіндегі реформалардың нәтижесінде пайда болған бұл қозғалысқа ұлттық интеллигенция мүше болды: жазушылар, ғалымдар. 1865 жылы Стамбулда ұлттық интеллигенцияның өкілдері жасырын ұйым құрады. Оның мүшелері өздерін «жаңа османдар» деп атайды, ал Еуропада олар жаңа түріктер деген атқа ие болады. Өздерінің шығу тегі жағынан «жаңа османдар» жериеленуші бюрократияға жатты, идеология жағынан либералдар болды. «Жаңа османдар» Портаның экономикалық, саяси тәуелсіздігін, сұлтан билігінің шектелуін, конституциялық монархия құруды және ағарту ісінің әрі қарай қарқын алуын талап етті. 1876 жылы жаңа османдардың ықпалымен елде ең алғашқы конституция қабылданды.

XIX ғасырдың соңында Осман империясының құлдырауы және отар елге айналуы. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Осман империясының Еуропадағы державалардың жартылай отарына айналу үдерісі аяқталды. Бұл үдеріс ұлы державалардың отар елдерді қайта бөлу, бүкіл әлемге билік жүргізу мақсатындағы қызу күресінің кезеңіне сай келді. Шығыстың экономикасы артта қалған бірқатар елдері формальды түрде мемлекеттік тәуелсіздігін сақтағанымен, шын мәнінде империалистік державаларға тәуелді жартылай отар елдерге айналып еді. Кезінде жарты әлемге билік жүргізген Осман империясы XIX ғасырдың соңында осындай елге айналып шыға келді.

Формальды түрде Порта өзінің тәуелсіздігін сақтады. Сұлтан шексіз монархия құрды-мыс, тіпті халиф титулын да иемденді. Премьер-министр ұлы уәзір деген атақты алып жүрді. Мемлекет халықаралық трактаттар бекіте алды, оның әскері мен флоты

болды, дипломатиялық миссияларды қабылдап, басқа елге жібере алды. Бірақ, мұның бәрі суверенді елдің тек сыртқы атрибуттары еді, шын мәнінде мемлекет иелері барған сайын Батыс елдері болғаны анық көрінді.

Батыс державалары Осман империясының ішкі ісіне белсене араласа бастады. XIX ғасырдың соңғы ширегінде империя Болгария, Сербия, Черногория, Румыния сияқты иеліктерінен айырылды. Закавказьедегі Ресейдің шекарасы империяға ішкерілеп, түріктер тұрып жатқан жерге дейін жылжыды. Басқа да иеліктерден айырылуға тура келді: Франция, Алжир мен Тунисі, Англия Мысыр мен Каирды түріктерден тартып алды. XIX ғасырдың соңына қарай Осман империясының солтүстік африкалық иеліктері еуропалық мемлекеттердің билігіне көшті. Франция Сирия мен Ливанда, Англия Парсы шығанағы мен Қосөзен аймағында үстемдік етуге ұмтылды. Австрия-Венгрия әскерлері Босния мен Герцеговинаға енді.

1876 жылғы «жаңа османдар» ықпалымен қабылданған конституция бойынша, империя азаматтарының бәріне либералды бостандық, ұстанған дініне қарамастан еркіндік берілу керек еді. Онымен бірге сөз бостандығы, баспасөз бостандығы жарияланған болатын. Конституция елді конституциялық монархия қылып, екі палаталы парламенттің құрылуын қамтамасыз ету керек еді. Сенат мүшелерін сұлтан өмір бойына тағайындады. Түрік конституциясында ішкі қайшылықтар бар болды: бір жағынан, конституция империяның барлық азаматтарына теңдік пен еркіндік берсе, екінші жағынан мемлекеттік дін ислам діні болып, ал мемлекеттік тіл түрік тілі болып жарияланды.

Конституция үшін күрес түрік қоғамының белсенді мүшелерінің екіге бөлінуіне алып келді:

- Бірінші топ – «оттомандық либералдар» немесе «жаңа османдар» мемлекеттік идеология тек османизм бола алады деп шешті;
- Екінші топ – II Абдулхамит сұлтан бастаған консервативті топ панисламизм позициясын ұстанды.

Ақырында, сұлтан компромиске барып, 1876 жылғы конституцияны жариялады, бірақ әрі қарай өзінің жағын ұстана-

тыны анық көрінді. Оған сылтау (1877-1878) орыс-түрік соғысы еді. Бұл соғыста Ресей жеңіске жетті. II Абдулхамит конституцияны жойып, 1878 жылы парламентті таратты. Елде диктатура орнады.

Осман империясының XIX ғасырдың соңында Еуропа державаларының «шаруашылық аймағына айналуының» басты себептерінің бірі Абдулхамит сұлтанның (1876–1909) көпжылдық деспоттық билігі болды. Оның феодалдық абсолюттік деспотиясы «зұлым» («зулюм» түрікше – zülüm деспотизм, тирания) деп аталды. Осман империясының осы кезеңде барынша артта қалған аграрлы ел болғандығы еуропалық саяхатшыларды жер өңдеудің қарапайым тәсілдерін қолдануымен таң қалдырды. Шын мәнінде, бұл елде XIX ғасырдың басынан ауылшаруашылығында ешқандай өзгеріс, даму болған жоқ еді.

II Абдулхамиттің сұлтандық билігі тұсында халықтың әлеуметтік жағдайы мүлдем қорғалмады. Күнделікті өмірде шенеуніктердің шектен шыққан бассыздығы, бюрократтық басқару аппаратының жемқорлығы орын алды. Тақтан айырылып қалудан қорыққан сұлтан және оның төңірегіндегілер, атап айтқанда, мұсылман діндарларымен бірге араб, күрд және шеркеш феодалдарының кер-тарпа өкілдері мемлекеттің басқару тізгінін ұзақ уақыт уыстарынан шығармады.

II Абдулхамиттің билігі танзимат жылдарындағы ағарту үдерісінің дамуына тежеу болды. Сұлтан барлық оқу орындарына қатаң цензуралық бақылау орнатты, оқу жүйесіне өзі тікелей араласты. Кез келген еркін ойлылықтың көрінісі, тіпті ақыл-ойды оятатын пәндер оқу бағдарламасынан алынып тасталды. Осы кезеңде түрік мектептерінің барлық буындарына діни ықпал күрт өсті. XIX ғасырдың соңында орта, арнаулы және жоғары білім беру ісінде бірқатар ілгерілеушілік байқалғанымен, ол үдерістер баяу жүрді.

«Зұлым» дәуірінде түрік мәдениеті де ауыр жағдайды басынан кешті. Танзимат және конституцияның енгізілген жылдарында елеулі табысқа жеткен журналистика сұлтандық цензордың әрекеттерінен кәсіптік дамуын тоқтатты. Елдегі газеттердің саны күрт төмендеді. Ал жабылудан аман қалған газеттер сұлтан билігі

мен Портаға жағатын мақалаларды ғана жариялады. «Еркіндік», «теңдік», «құқық», «конституция», «революция», «тирания», «деспотизм» және тағы да басқа осындай мағынадағы сөздердің қолданылуына тиым салынды.

Сонымен қатар, енді Осман империясында Германияның саяси-экономикалық ықпалы орнықты, сұлтан мен Порта өздерінің сыртқы саяси істерінде германиялық бағдарды ашық ұстана бастады. Көп ұзамай немістік ықпал, әскери саланы да қамтыды. Түрік әскері неміс әскери кеңесшілерінің тікелей бақылауына көшті, ал соңында империяның көптеген азаматтық мекемелері немістердің бақылауында болды. Осылай, ХХ ғасырдың бас кезінде Осман империясы экономикалық және белгілі дәрежеде саяси тәуелсіздігінен айырылды, ал елдің тарихи дамуына феодалдық-сұлтандық деспоттық билік пен елдің ішкі және сыртқы саясатын шырмап алған шетелдік капитал қарсы тұрды. Мұндай жағдай ХІХ ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап реформалық даму жолына түскен және конституциялық қозғалыстың әлеуметтік негізін құрған, түрік қоғамындағы әлеуметтік және саяси күштердің қарсылығын тудырды.

«Жас түріктер» қозғалысы. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында жас түріктер қозғалысы қарқын алды.

Ұйымның құрылу себептері, тарихи алғышарттары:

- сұлтан ІІ Абдулхамиттің деспоттық билігі елде демократиялық өзгерістер жасауға кедергі болуы;
- шетелдік державалардың Осман империясының иеліктеріне көз тігіп, оны экономикалық және саяси тәуелділікте ұстауға бағытталған әрекеттері.

Әскери-медициналық училище қабырғасында құрылған жас түріктердің алғашқы ұясында 20-25 мүше болды. Ұйым басшылары қоғамның жаңа ұяларын құру мақсатында өзге оқу орындарымен байланыс орната бастады. Осы кезеңде жас түріктердің оппозициялық орталықтары құрылады. Оны жас түріктер қозғалысының идеологы және көрнекті басшысы, танымал түрік шенеунігінің баласы, еуропалық білім алған Ахмед Риза бей басқарды. 1889 жылы Риза бей Францияға барып, көптеген түрік буржуазиялық реформаторлары сияқты, конституциялық басқаруды құруға шақырып, сұлтанға хат

жазды. Осы кезеңде Риза бейдің төңірегіне II Абдулхамиттің қанды билігіне наразы болып, Түркияны тастап кеткен эмигранттардың шағын тобы шоғырлана бастады.

1894 жылы әскери-медициналық училищенің курсанттары Стамбул қаласында Османдық «Иттихад ве Теракки» қоғамының атынан алғашқы үнпарағын жариялады. Оның мазмұны Осман империясының барлық халықтарын деспоттық билікке қарсы күреске шақыру еді. Бұл саяси актіге билік басындағылар еркін ойлыларды тұтқынға алумен жауап берді. Осыған байланысты 1894-1895 жылдары тұтқындаудан қашқан жас түріктер ұйымдарының мүшелері шет елдерге барып бой тасалады. Олар негізінен Париж қаласына орнығып, Ахмед Риза бейдің және оның ұйымдастырған «Мешверет» газетінің төңірегіне топтасты. 1894-1895 жылдары тұтқындау мен қуғындаудан кейін де Стамбулдың жас түріктер ұйымы жұмысын тоқтатпаған. Тіпті осы кезде танымал шенеунік қажы Ахмет Эфендидің төрағалығымен қоғамның алғашқы орталық комитеті құрылады.

1896-1897 жылдары жас түріктердің Париж, Женева, Каир, Румыния, Болгария және Албанияда бірнеше шетелдік орталықтары жұмыс жасады. 1902 жылы 4-9 ақпанда Париж қаласында жас түріктердің алғашқы барлығы бас қосқан конгресі өтіп, оған 60-70 адам қатысқан. Онда екі мәселе қаралды: 1) әскерді қозғалысқа қатыстыру мәселесі; 2) Түркиядағы конституциялық реформаны жүзеге асыру үшін шетелдіктердің қолдауын пайдалану.

1907 жылы 27-29 желтоқсанда жас түріктердің II Конгресі де Париж қаласында өтті. Оның нәтижесінде қабылданған «Декларация» өмір сүріп тұрған билікке қарсы бүкіл халықты қарсы шығуға үндеді. Осылай, Париж конгресі деспоттық билікке қарсы саяси күштерді біріктіруде үлкен рөл атқарды. Конгрестен соң-ақ ел ішінде жас түріктер ұйымдары ерекше белсенді жұмыстар жүргізді. Соның ішінде әскерилердің арасындағы насихат күшейе түсті.

Әскердің арасындағы жас түріктердің насихаты жауынгерлермен бірге әскери мектептерді бітірген жас офицерлердің де арасында кеңінен тарады. Әскерде құрылған жас түріктер ұйымдарына орта және жоғарғы әскери құрамның өкілдері де енді.

1906-1907 жылдары және 1908 жылдың бас кезінде Осман империясында әскер мен әскери флотта ашық қарсылыққа ұласқан толқулар болып жатты.

XX ғасырдың басында Осман империясының халықаралық жағдайы нашарлап, империя күйреу алдында тұрған кезде, жас түріктер өздерінің қызметін жандандыра түсті. 1908 жылы шілдеде батыстық державалардың Македонияны Осман империясынан бөліп алмақ болған саясатынан кейін, сұлтан үкіметінің әлсіздігіне ызаланған түрік әскерінің бөлімдері көтеріліс жасады. Бұл жас түріктер революциясының басталуы еді. Жас түріктер жағына әскердің басқа аймақтардағы бөлімдері де қосылды. Жас түріктердің қысымынан қорыққан сұлтан, 1908 жылы шілденің 24-інде конституцияны қалпына келтіруге және парламентті шақыруға келіседі. Жаңа парламентте көп орынға ие болып, жеңіске жеткен және әскерге арқа сүйеген жас түріктер, іс жүзінде, елде өздерінің билігін орнатады. 1909 жылы жас түріктер II Абдулхамид сұлтанды тақтан тайдырды. Жаңа сұлтан болып V Мехмед сайланды. 1908 жылғы жас түріктер революциясы Осман империясында биліктің конституциялық түрін енгізді.

1908 жылғы төңкеріс, Түркиядағы ең ауқымды халық көтерілістерінің бірі болып саналады. Төңкеріс Анадолы мен Румелиде (Осман империясының оңтүстік шығыс Еуропадағы иелік еткен жерлерінің аты, сондай-ақ Осман мемлекетінің Балқан елінде құрған облысының аты) болған халық көтерілісімен басталды. Бостандық және конституция үшін күрескен зиялы қауым көтеріліске шыққан халықтың бір бөлігін құрады. Бұл көтерілісті кіші қызметкерлер, шағын кәсіпкерлер мен зиялы қауым өкілдері, әскерилер, сонымен бірге басқа да әлеуметтік топтардың өкілдері ұйымдастырды.

Жас түріктер қозғалысының ең жоғарғы шыңы – 1908 жылғы революция, Осман империясындағы ортағасырлық деспоттық биліктің іргетасын шайқалтты. Сонымен бірге еуропалық державалардың саяси, экономикалық басқыншылығына тосқауыл қоя алды.

Бірақ мұндай оқиғалармен қатар, мемлекеттегі жағдайлар елге тұрақсыздық әкелді. Елдегі саяси тұрақсыздықты мынадай мысалдардан көруге болады: жас түріктер билігі кезеңінде

(1909-1918) он төрт үкімет ауысты. Бұл жағдай жас түріктер арасындағы ішкі партиялық тартыстың нәтижесі еді.

Жас түріктер қозғалысының XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезіндегі әрекеті, Түркияның қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі болды. Сонымен бірге жас түріктердің қозғалысы, 1918-1923 жылдары Түркияны жаңа сипаттағы қазіргі заманғы мемлекетке айналдырған буржуазиялық ұлттық революцияның басты дайындығы еді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. XIX-XX ғасырлардағы Осман империясының құлдырау себептерін атап көрсетіңіздер.
2. Танзимат реформалары деген не? Оның кезеңдерін атаңыздар.
3. «Жас османдар» деп кімді атады, олардың ұстанған саясаты қандай?
4. II Абдулхамиттің тәртібі елді тоқырауға алып келгенін дәлелдеңіз.
5. «Жас түріктер» ұйымының құрылу себептері мен тарихи алғышарттарын атаңыз?
6. Түркияда ең алғашқы конституция қашан жарияланды? Конституция жариялаудың нәтижесінде елде қандай билік түрі орнады?
7. Түркиядағы 1908-1909 жылғы оқиғаларға қандай баға бере аласыз? Көзқарасыңызды дәйектеніз?

§ 6. XVII-XX ғасырдың басындағы Ауғанстан

XVII-XIX ғасырлардағы ауған халқының шаруашылығы және қоғамдық құрылымы.

Бабыр және ауған тарихы.

XVI ғ. басындағы Ауғанстан тарихы ұлы жаулаушы Ақсақ Темірдің ұрпағы, Ферғана тумасы, Ұлы Моғолдар мемлекеті мен Үндістанның негізін қалаушы, жауынгер әрі қолбасшы, атағы әлемге жайылған «Бабырнама» шежіресінің авторы Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың есімімен байланысты.

1503 жылы Бабыр Кабулды жаулап алып, ауқымды иеліктің дербес билеушісіне айналды. Осы кезден билеушінің ауған тайпаларымен тығыз байланысы басталады.

Ауған тайпалары Бабырдың жоғарғы билігін мойындады, алайда оның өзі де, мұрагерлері де жаужүрек еркін ауғандарды толық бағындыра алмады. Бірнеше әскери жорық (1505-1507 жылдары) нәтижесінде Тимуридтердің және кейіннен Ұлы Моғолдардың жоғарғы билігі көбіне салық не алым ретінде азын-аулақ мал алумен ғана шектелген сынайлы. Ал Бабыр Үндістанға басып кіруге дайындықты бастағаннан кейін көп өтпей-ақ, оның ауған тайпаларымен қатынасындағы өшпенділік жойыла бастады.

XVI ғасырда Иранда билік жүргізген сефевид-шахтары өзбектерден Гератты қайтарып алып, содан кейін Қандағар аумағындағы ауған тайпаларының жерлерін басып алды. Сол кезде Ауғанстанның шығыс аумақтары (Газни, Кабул және Пешавар) Үндістанның Ұлы Моғолдары мемлекетінің құрамына кірді. Қандағар болса, ұзақ уақыт бойы Иран мен Моғол империясы арасындағы дау мен жаулыққа себеп болып келді. Үнді құрлық сауда жолдарының осы ең маңызды бекеті көп рет қолдан қолға өткен, алайда 1649-1709 жылдар аралығында Сефевидтер мемлекетінің құрамында болған.

XVIII ғ. басындағы сыртқы саяси жағдай дербес ауған мемлекетінің құрылуына жақсы ықпал етті. Иран бөлшектеніп кетіп, қуатты қарсыластарымен күресте өмір сүру құқығын қорғауға мәжбүр болатын. Әлсіреп кеткен Ұлы Моғолдар империясы тара-

пынан да ауғандар тәуелсіздігіне қауіп енді жоқ еді. Аурен-гзетбін өлімінен соң (1707 жылы) Моғол мемлекеті ыдырай бастады.

Алайда, Инд өзенінің бойын мекендеген ауған тайпалары сол бөлшектенген қалпы қала берді. Негізінен ішкі себептердің ықпалымен мемлекет құрылуы шығыс емес, XVIII ғ. басына қарай Гильзайлар мен абдалилар күшейген батыс аумақтарда жүрді. Қолда бар деректер бойынша, XVIII ғ. басында гильзайлардың саны елу мың шаңырақ немесе 250 мың адам болған, ал абдалилер 60 мың шаңыраққа жеткен.

XVII аяғы – XVIII ғ. басында сефевид мемлекеті экономикалық және саяси құлдырауға келе жатқан еді. Халықтың түрлі таптарының наразылығы бұқара халықтың толқуы мен ірі көтерілістеріне әкеп соқтырды.

Сефевидтерге ауыр соққының бірін гильзайлар жасады. Гильзай және өзге де ауған тайпалары ішіндегі толқулар Хусейн-шахтың билік құруының (1694-1722) алғашқы жылдарында-ақ шахтың наменгерлерінің алымдары мен қысымының салдарынан туған наразылыққа байланысты Иранға қауіп төндіретін сипатқа ие болды.

Ауған тайпалары көтерілістермен жауап қатты. Гильзай тайпаларының сефевидтерге қарсы күресі Мир Вайс ханның есімімен байланысты. Ол 1709 жылғы сәуірде басталған көтерілістің ұйымдастырушысы болды.

Көтерілісшілер Дех и Шейх (Қандағардан 60 шақырымдай) қыстағында шах наменгері Гүрген-ханның әскеріне шабуыл жасады. Шабуылды күтпеген Гүрген-ханның сарбаздары қырылып, өзі де қаза тапты. Тағы бір отрядты талқандағаннан кейін көтерілісшілер Қандағарды басып алып, сол жерде Мир Вайстың билігіндегі тәуелсіз Гильзай мемлекетін құрды. Оның басшылығымен гильзайлар 1709 жылы Исфаханнан жіберілген қуатты әскердің шабуылына тойтарыс беріп, осы мемлекеттің дербестігін қорғап қалды.

1711 жылы Қандағар түбіндегі шах әскерінің жағдайы нашарлап кеткені сонша, қолбасшы Хусрау Мирза шегінуге бұйрық беруге мәжбүр болды. Осы талқандалғаннан кейін Сефевидтер

Қандағардағы билігін қалпына келтіру талпыныстарынан бас тартты. Мир Вайс Қандағар аймағын 1715 жылы қайтыс болғанға дейін тәуелсіз билеуші ретінде әлі де бірнеше жыл басқарып отырды.

Гильзайлардың ізін ала, 1716 жылы Гератта көтеріліс жасаған абдалилар да тәуелсіздікке қол жеткізді. Көтерілісті Абдуллахан мен Асадулла басқарды. Шайқаста Иран әскерін талқандап, көтерілісшілер 1717 жылдың аяғында Гератты басып алып, өз билігін Мургаба, Бадшса, Кусувийе және Гуриана аудандарына таратты.

Осы оқиғалардың нәтижесінде Герат садозай әулетінен шыққан абдали хандарының дербес иелігінің орталығына айналды. Гераттың алғашқы абдали билеушісі Абдулла хан болды. 1719 жылы ол сефевидтердің соңғы жорығына тойтарыс берді, бірақ гильзайлармен соғыста жеңіліп қалды. Осы соғыстан кейін Фарах пен Заминдавар Қандағар мемлекетіне өтті. Асадулла шайқаста қаза тапты. 1717 жылы Қандағарда билік басына келген Мир Вайстың үлкен ұлы, жас та қажырлы Махмудтың қуаты күшейді.

Ирандағы ауған басқыншылығы.

Өз иелігіндегі жерлерді Герат тарапынан төнетін қауіптен қорғап, Махмуд Иранның шекаралас провинцияларына бірнеше шабуыл жасағаннан кейін, 1721 жылы Исфаханға үлкен жорық ұйымдастырды. Парсы әскерін талқандап, ауғандықтар Исфаханды қоршап алды. Жеті ай қоршаудан кейін қала тізе бүгіп, 1722 жылғы 22 қыркүйекте Хусейн шах Махмудқа келіп, тәжін тапсырды.

1725 жылы сарай ішіндегі төңкеріс нәтижесінде шах тағын Махмудтың немере інісі Ашраф басып алды. Қанды қырғын көмегімен ол Иранның орталық бөлігіндегі билігін сақтап қалды.

Алайда, кейбір әскери және саяси табыстарына қарамастан, Иранның ауғандықтар жаулап алған бөлігінің билеушісі ретіндегі Ашрафтың беделі әлсірей берді. Парсы халқының қарсылығы арта бастады, ал Ашрафтың ауғандық әскері әлсірей берді, өйткені Қандағардан келетін қосымша әскер легі мүлде тоқтаған еді.

Осы жағдайлар тұсында болашақ Иран шах Надир Ашрафтың (1688-1747 жж.) жұлдызы жанды. Ол түркіменнің жаужүрек Аф-

шар тайпасынан шыққан. Қанды шайқастар кезінде дарынды қолбасшы ретінде көзге түсіп, ол 1726 жылы екі мың әскерімен Хусейннің ұлы Тахмасп-шахқа келіп қосылады.

Надир-шахтың Ауғанстанды жаулап алуы

Гильзайлар мен Ашрафтың басты күштерімен қақтығысқа баруға шешім қабылдас бұрын, Надир 1729 жылы Гератқа қарсы жорыққа шығып, төрт шайқаста Герат князьдігін уысында ұстап отырған абдали тайпасының ауғандарын күйретті. Надир жеңілгендерге рахымшылық жасап, көптеген абдалилерді қызметке алды. Ол ауғанның абдали және гильзай тайпалары арасындағы бұрыннан келе жатқан бітіспес бәсекелестікті өз пайдасына жаратпақ болды. Енді Надир Ашраф-шахқа қарсы соғысқа шыға алатын еді.

Сыртқы жауларға (түріктер мен ауғандар) қарсы күресті басқарып, Надир билік пен беделге ие болды. 1729 жылы Надирдің Ирандағы гильзайлармен шешуші шайқастары басталды. Надирдің Исфаханға қарай жылжығанын күтпестен, Ашраф өз әскерін Хорасанға қарай бағыттайды, алайда 1729 жылғы 30 қыркүйекте Михмандост өзенінің маңында жеңіліп қалды. Содан кейін де Ашраф әскері бірнеше рет талқандалып, Исфаханды тастап, Фарсаттағы соңғы жеңілісінен кейін қашып бас сауғамалақ болды, алайда жаулары оны танып қойып өлтіреді.

1736 жылы Надир-шах тәжін киді, ал 1737 жылы Ауғанстан арқылы Үндістанға үлкен жорық бастады. Бір жыл қоршауда ұстап, иран әскерлері Қандағарды басып алып, оның тас-талқанын шығарды, содан кейін Газни мен Кабулды да бағындырды. Надир-шах Қандағардан басқа бір де бір қаланы талқандап, халқын қырмаған.

«Дуррани» мемлекетінің құрылуы. Қоғамдық құрылысы

Ауған мемлекеті Надир-шах өлгеннен кейін бірден ыдырап кеткен мемлекетінің орнында құрылды.

Надир-шах Ашрафты 1747 жылы маусымның он тоғызынан жиырмасына қараған түні Хабушандағы әскери лагерьдегі қосына кіріп кеткен бүлікшілер өлтіреді. Түрлі тайпалардан құралған әскер ішінде толқу басталды. Әскер өзара жауласқан отрядтарға

бөлініп кетті. Надир армиясының ауғандық сарбаздарының жағдайы қауіпті болды. Алайда, олар қазынаның бір бөлігі мен зеңбіректерді алып лагерьден қашып кете алды. 1747 жылдың күзіне таман кейіннен жаңа ауған мемлекетінің діңгегіне айналған отряд Қандағар маңына келді.

1747 жылы қазан айында Қандағарда Ауғанстан шахын сайлау үшін джирга жиыны басталды. Оның құрамына негізінен беделді деген абдали хандары кіретін. Олардың көбі шах тағынан үміткер еді. Джирга мәжілісі сегіз рет өтіп, еш нәтижесіз аяқталды. Тоғызыншы мәжілісте сопы Сабырдың ұсынысымен Ахмедхан шах болып тағайындалды.

Ауған мемлекетінің жалпы сипаттамасы

Ахмед-шах мемлекетінде абдали хандары ерекше орынды иеленді. Шах билігі әуел бастан тайпаның басшылары тарапынан шектеліп отырды. Кейіннен хандар жерлердің және мемлекеттегі жоғары лауазымдардың бәрін иеленіп алды. Осыдан кейін Ахмед-шахтың «дурр-и-Дурран» («інжулердің ішіндегі інжу») атағына ие болуы және сонымен қатар абдалилардың дуррани аталуы да жай емес, саяси мәні бар еді. Осы арқылы Дурранилар, яғни, олардың хандары жаңа құрылған мемлекетте алдыңғы орындарды иеленетіні, сонымен қатар шахтың өзі дуррани хандары арасында «інжулердің ішіндегі інжу» ғана екені баса көрсетілді, бұл белгілі бір дәрежеде еуропа феодализмінің «тең құқылылар ішіндегі бірінші» формуласына сәйкес келетін.

Ахмед-шах билік құрған алғашқы жылы-ақ өз иелігіндегі жерлерге ауғандар мекендейтін аумақтардың көбін қосып алды. Надирдің Кабул, Газни, Пешаварда қалдырып кеткен парсы бекеттерін келіссөздер жүргізу арқылы осы қалаларды ауған-шахының қоластына беруге көндірді. Осыдан кейін көп ұзамай Инд өзенінің оң жағалауын мекендейтін ауған тайпаларының хандары да оны өз билеушісі ретінде мойындады.

Басқару жүйесі және әскери құрылымы

Ауған мемлекетінің ең ірі әкімшілік бірлігі вилайеттер болды. Ахмед-шах билігі тұсында (1747–1773) мемлекеттік құрылым мен әскери құрылыс хандықтың мүдделеріне толықтай

сәйкес келетін түрде ауған тайпалық құрылымымен сәйкестендірілді. Вилайеттер махалаларға бөлінетін. Махалалар мен вилайеттердің билеушілері «хакимам» және «субадар» аталатын, оларды шах тағайындайтын. Ауған тайпаларынан Ахмед-шах аздаған алым-салық алып тұрды немесе көсемдерді шах әскері сапында қызмет ету үшін сарбаздар отрядтарын шығарып тұруға міндеттеп, мүлде алмайтын.

Сырт көзге ауған шахтарының билігі шексіз болды, алайда олар ауған тайпаларының көсемдерімен үнемі санасып, маңызды мемлекеттік мәселелерге қатысты олардың пікірін сұрап отыруға міндетті еді.

Шахтан кейінгі мемлекеттегі екінші тұлға уәзір болды. Ол барлық ведомстволар мен жоғарғы лауазымды билеушілердің бәрінің үстінен қарап, жолдардағы және жалпы ішкі қауіпсіздік пен тәртіпке жауап беретін.

Мемлекеттегі ең маңызды ведомстволар мыналар еді: «жоғарғы диуан» қаржы, салық жинау және маңызды шаруашылық мәселелерін басқаратын, «шах кеңсесі» мемлекеттік құжаттарды, шахтың жарлықтарын, грамоталар мен елшілік хаттарды рәсімдеумен айналысатын, жорық кезінде шах сарайын және оның қосынын «ордубаши» қорғайтын, қызметшілерді басқаратын, карауылдарды таңдайтын және т.б.

«Хабардар ету ведомствосы» да өте маңызды болды, оны «харкара-баши» басқаратын. Ол тек хабар жеткізушілер желісін басқарып қана қоймай, шах поштасының жұмысына да жауап беретін.

Дуррани мемлекеті Сефевидтер мен Моғолдардан феодалдық әкімшілік аппаратты және шарифат негізіндегі сот жүйесін мұраға алды. Ауған мемлекетіндегі басты дін сунниттік бағыттағы ислам болатын.

Ахмед-шахтың қарулы күштері тұрақты және уақытша әскерлерден құралды. Тайпалар жасақтары мен ауған хандарының атты әскері уақытша әскердің басым бөлігін құрады.

Тұрақты әскер құрғанда Ахмед-шах көбіне Надир-шах әскерінің құрылымын үлгі етті. Оның тұрақты әскерінің діңгегі жеке

гвардиясы болды. Тұрақты қарулы күштер құрамына сондай-ақ, иран мушкетшілері, дала жандармдары отрядтары және шахтың қорғаушылары кіретін.

Қарулы күштерді басқаруды Ахмед-шах бас қолбасшы (сипах-салар) арқылы жүзеге асырды. Сипахсаларға әскер канцеляриясы мен арсенал тікелей бағынатын. Канцелярия арқылы әскердің жеке құрамының есебі жүргізіліп, жалақы төленіп, азық-түлік пен сауыт-сайман берілетін. Қару-жарақ қоймасын (арсеналды) «курчи баша» басқаратын, ол оқ-дәрінің, зеңбірек және мылтық оқтарының жасалуына, қару-жарақтың әскерлерге жеткізілуіне жауап беретін.

Сарбаздардың діни парыздарын және шарифаттың өзге де шарттарын орындауына «мухтасибтар» жауап берді. Әскери сословиедегі тұлғаларға қатысты сот жүргізу үшін арнайы әскери судьялар болды.

Ахмед-шахтың жаулап алған жерлері

Газни, Кабул мен Пешаварды бағындырып алған соң, Ахмед-шах 1748 жылы Панджабқа басып кірді. Ол ондаған мың атты сарбаздан құралған әскерін бастап Инд өзенінен өтіп, Шикапур қаласын басып алды. Сондай-ақ, Лахор қаласын да иеленді. Алайда, 1748 жылғы 11 наурыздағы Сирхиндтегі моғол армиясының басты күштеріне қарсы шайқаста ауғандықтар жеңілді. Бірақ, Моғол армиясы жеткен табысын ұтымды пайдалана алмай, Ахмед-шах тыныш қана шегініп кетті.

1750 жылы Ахмед-шах Панджабқа екінші рет, 1756 жылы үшінші және 1757 жылы төртінші рет жорық жасады. Осы жорықтардың нәтижесінде Кашмирді бағындырды, Ұлы Моғол өзінің Панджаб пен Мультандағы билік құқығынан ауған шахының пайдасына ресми түрде бас тартуға мәжбүр болды.

1758 жылы Ұлы Моғолдар империясын бөлісу үшін маратхалармен ұзақ соғыс басталды. 1760 жылы маратхалар Ахмед-шахқа үлкен армиямен (200 мың сарбаз) қарсы шықты. 1761 жылғы 13 қаңтардағы шешуші шайқаста Ахмед-шах жеңіске жетті.

Алайда, ауған феодалдары үшін маратхаларға қарсы соғыстағы жеңіс жаңа жерлерді иеленуге мүмкіндік бермеді. Үлкен

олжаға ие болған Ахмед-шах көп ұзамай Ауғанстанға қайтып оралып, Моғолдардың астанасы Делиді ұстап тұруға талпынбады да.

Ол Үндістанда астанасы Дели болатын үлкен империя құруға ұмтылмады, бұл династияны мемлекеттік ауған діңгегінен алыстатып жіберер еді. Ахмед-шахтың Солтүстік Үндістандағы жаулап алған жерлері ол өлген соң көп ұзамай-ақ ауған иелігінен шығып кетті. Атап айтқанда, Панджаб 1764 жылы сикхтардың қолына көшті.

Ахмед-шах мемлекетінің негізгі аумақтарында (шығысы мен оңтүстік шығысында Инд өзеніне дейін) ауғандардан бөлек тәжіктер, хазарлықтар, белуджалар және басқа да көптеген халықтар мен тайпалар мекендеді. Тәжік шаруа халқы Гиндукуштың бірқатар таулы аймақтарын – Панджшер, Бимиан және басқаларын ғана емес, Герат, Кабул, Қандағар шұраттарын да алып жатты. Сүлеймен тауларынан солтүстікке қарай аумақтардағы қалалық колөнерші және саудагер халық та негізінен тәжіктерден құралған. Ауған халқы көбірек қоныстанған ірі қала Қандағар еді. Индтің оң жағалауындағы ауған қалаларының тұрғындары үнділер болды. Бұл аумақтағы ауған халқы қоныстанған ең ірі қала Пешавар еді.

Ахмед-шах жаулап алған жерлерде құрылған ауқымды Дуррани мемлекетінің ғұмыры ұзақ болмады, алайда ол мемлекеттің негізін құрайтын ауған тайпалары мекендеген аумақтарды біріктіруінің тарихи маңызы үлкен еді. Кейіннен, Дуррани мемлекеті құлағаннан кейін, осы аумақтар тәуелсіз ауған ұлттық мемлекетінің дамуына негіз болды.

Дуррани мемлекетінің әлсіреуі

Садозай-шахтарының жағдайы тұрақсыз болуының бір себебі – ауған тайпаларының барлығы орталық билікке бағынбауында еді. Садозай-шахтарының Хайбар өткеліндегі жерлерді мекендеген тайпалармен қарым-қатынасын сипаттайтын кейбір фактілер бар. Өздеріне дейінгі мемлекеттердің билеушілері сияқты, садозай-шахтары да, Хайбер өткелін ашық ұстап тұру үшін осы тайпаларға ірі көлемде қаражат төлеп отыруды жөн санайтын. Садозайлар тұсында ол тайпалар жылына 130 мың рупияға дейін алып отырған. Сонда да өткелді бақылауда ұстап отыру қиын болды.

Ахмед-шах мемлекетінде феодализм дамуының жылдамдап кетуі Дуррани мемлекетінің ыдырауына ықпал еткен сепаратистік күштердің шапшаң өсуіне әкеп соқтырды.

Шах билігінің тиянақсыздық белгілері Ахмед-шах билік еткен тұста-ақ байқала бастады. 1773 жылы Ахмед-шах қайтыс болып, оның орнын ұлы Тимур-шах басты.

Тимур-шахтың орталық билікті бекіту жолындағы қадамдарының маңыздысы мемлекет астанасын Кабулға көшіру болды.

Қауіпті көтерілістер мен қастандықтар жиі болып тұрды. Тимур-шах оларды жалдамалы гвардия көмегімен басып тастап отырды, алайда оған ажал төнген сәттер де аз болмады. Тимур-шах өз ажалынан емес, улап өлтірілді деген сөз де бар.

XVIII ғ. аяғына таман Ахмед-шах билігі тұсындағымен салыстырғанда сыртқы саяси жағдай біршама өзгерді. Дуррани мемлекетінің көршілері күш ала бастады.

Тимур-шах өлгеннен кейін таққа оның бесінші ұлы, әкесінің тұсында Кабулды наменгер ретінде билеген Земан-шах (1793-1801) отырды. Земан-шах өзін қажырлы да жаужүрек мемлекет басшысы ретінде көрсете білді. Алайда, ол шах билігін нығайтпай, тек дуррани ақсүйектерінің басым бөлігін өзіне қарсы қойып алды.

Соңғы Садозайлар және Фатх-хан Баракзидің көтерілуі

Земан-шахтың салыстырмалы түрде берік билігінен кейін Садозай династиясының соңғы билеушілерінің шах тағына таласуы мен өзара жауласып келе жатқан феодал тап өкілдерінің соғыстары кезеңі басталды.

Махмуд-шах (1801-1803) қуылып, оның орнын Шуджа аль-Мульк (1803-1809) басты. Шуджа аль-Мульктің қысқа ғана билік құрған дәуірінде ағылшындардың Ауғанстанға басып кіріп, оны өз ықпалына бағындыруға деген алғашқы талпынысы болды. Сол кезде қалыптасқан жағдайда бұл талпыныс тек дипломатия құралдары арқылы ғана жүзеге асты. 1809 жылғы ақпанда Пешаварға Ост-Индия компаниясының елшісі Эльфинстон келді.

Эльфинстон Шуджи аль-Мулькпен келісім жасады. Ауған шахының өзі де тақ үшін күресте құдіретті де бай шетелдіктердің

көмегіне сүйенуді ойлаған сыңайлы. Алғашқы ағылшын-ауған келісімі Франция мен Иран Ост-Индия компаниясына шабуыл жасаған жағдайда Ауғанстан Англия жағында соларға қарсы соғысуын көздейтін. Ал Иран мен Ауғанстан арасында соғыс бастала қалған жағдайда ОИК қандай да бір көмек көрсетуге міндетті емес еді. Осылайша, бұл келісім Ауғанстан үшін тең құқылы болмады.

Феодалдық ыдырау жылдары. Дост-Мұхамедтің билік басына келуі

Бұл жылдары хандықтың жекелеген жер үлестері (Кабул, Қандағар, Пешавар және басқа) қатігез билік құрған хандар басқарып отырған дербес иеліктер болатын. Көптеген аумақтарды жазаланған Фатх ханның жақын туыстары, Баракзай руынан шыққан хандар билейтін. Көп ұзамай-ақ осы туыстар арасында билікке талас басталды. Ауған хандықтарының ішіндегі ең әлсізі Пешавар, ең қуатты Кабул болатын. Пешаварды билеп тұрған Баракзай хандары осы қаланың маңындағы шаруаларды ғана басқара алатын, ал көрші ауған тайпаларына, оның ішінде ең саны көп юсуфзайларға билігі жүрмейтін.

Бауырларымен қатыгез күресте (1818-1826) жеңіп шығып, Кабул билеушісі болып сердар Дост Мухаммед хандығы бекіді. Біраздан соң ол Кабул, Газни, Джелалабадты қоластына қаратып, Кабулдан солтүстікке қарай орналасқан Кухистан тәжіктерінің жерін жаулап алып, ауған хандарының ішіндегі ең қуаттысына айналды.

1826 жылы ол әмір атағын алып, ауған билеушілерінің жаңа баракзай династиясының негізін қалады.

1819 жылы Герат билеушісі Камран өзін парсы шахына тәуелді деп жариялады, алайда бұл Каджарларға ұнамады: 1823 және 1833 жылдары олар осы хандықты басып алуға талпыныс жасайды. Оларға қарағанда Пенджаб билеушісі сикх махараджасы Ранджит Синг батыл қадамдар жасады. Ол бір кездері дуррани мемлекетіне тиесілі болған Үндістанның солтүстік батыс аумақтарын – Мультан (1818 жылы) мен Кашмирді (1819 жылы) жаулап алды. Осыдан кейін сикхтар Индтің оң жағалауындағы, ең алдымен Пешавардағы ауған жерлерін басып алуға кірісті.

Пешавардың бөлініп шығуы. Халықаралық қатынастардағы Ауғанстан.

1823 жылы Ранджит Синг Пешаварды біржола бағындыру үшін әскер жібереді. Пешавар түбіндегі шайқаста сикхтар осы провинцияның билеушісі Мухаммед Назимнің сатқындығы арқасында жеңіске жетті.

Ауғанстанның Үндістан, Иран мен Орта Азия арасындағы стратегиялық маңызы бар сауда жолдары тоғысында орналасуы осы елді Англия мен Ресей арасындағы саяси және сауда бәсекесіне нысан етті. Англия ол кезде Үндістанның Синд пен Панджабтан басқа жерлерінің бәрін бағындырып алған. Ағылшындар сикх махараджасының одақтастары саналатын. Панджаб билеушісі Ранджит Сингты өздеріне бағынышты үнді жерлеріне басқаруға араластырмай, ағылшындар ауған-сикх жаулығын қоздыруға барынша күш салды. Ағылшындар сикхтердің қолымен Ауғанстанның шығыс аумақтарын жаулап алуға, сонымен қатар осы арқылы сикхтерді әлсіретіп, олардың мемлекетін (Пешавар және сикхтер жаулап алған басқа жерлермен қоса) жұтып жіберуге дайындауға талпынды. Ағылшын дипломатиясының ықпалымен сикхтер Хайбар өткелінде Джамруд бекінісін салып, Ауғанстанның ішкі аумақтарына жорық бастады, алайда 1836 жылы Дост-Мұхаммед әмірдің әскерінен тойтарыс тапты.

Сонымен қатар ағылшындар өздерінен пана тапқан бұрынғы ауған шахын пайдаланып қалуға да тырысты. 1834 жылы Шуджаға сипайлардың мықты отрядын беріп, уысынан шығып кеткен патшалығын қайтарып алуға жібереді. Бұл келешек ағылшын-ауған соғысына дайындық еді. Шуджа Қандағарға жетті, алайда оның отрядын Кабулдан жетіп үлгерген Дост-Мұхаммед әмірдің әскері талқандады (1835 ж.). Шуджа қайтадан ағылшындардың Үндістандағы иелігінде бас сауғалауға мәжбүр болды.

Гераттың қоршалуы. Ауғанстандағы Бернс пен Виткевич миссиясы.

Дост-Мұхаммед әмір Шуджа мен сикхтердің әрекетінің артында ағылшындар тұрғанын білді. Ресейдің көмегіне сенім артып, ол I Николай патшаға Хусейн Али-хан бастаған елшілік жіберді. Петербургке елшілік Орынбор арқылы жетті, ары қарай

оларды губернатордың адъютанты поручик Виткевич бастап барды. Кейін ол І Николай патшаның жауап хатымен Ауғанстанға жол тартты. Ол әмірге 2 млн қолма-қол ақшамен және 2 млн тауар түріндегі рубль көмек көрсетілетінін уәде етуі тиіс болатын.

Сол арада, 1837 жылы қазанда Иран шахы Махмұд Гератты қоршауға кіріседі. Қоршау ұзаққа созылды, бірақ тоғыз ай дегенде қала тұрғындары берілуге дайын еді. Осы кезде ағылшындардың көмегі келіп жетті. Парсы шығанағына ағылшын флоты келіп, Харак аралына әскер түсірілді. Осылайша бекітілген ағылшындардың бітімсіз талабы шахты Герат қоршауын тоқтатуға мәжбүр етті (1838 жылғы тамыз).

Герат соғысы аяқталмай тұрып-ақ, Ост-Индия компаниясы Кабулға өз өкілі Александр Бернсті жібереді. Бернс Дост-Мұхаммед әмірді ағылшын жағына тартып, онымен Иран мен Ресейге қарсы келісім жасауы тиіс еді. Сол кезде ағылшындар Дост-Мұхаммедке Пешаварды және сикхтер жаулап алған басқа да жерлерді қайтарудан бас тартты. Сондықтан әмір Бернспен арадағы келіссөздерді тоқтатып, 1837 жылы Кабулға келген Виткевичті құшақ жая қарсы алды. Виткевич миссиясы өте табысты басталды. Дост-Мухаммед пен оның бауыры, Қандағар билеушісі Кохендиль-хан Ресейдің кепілдігімен Ост-Индия компаниясына және оның одақтасы, Гераттың садозайлық шахына қарсы Иранмен одақ құрды. Алайда, кейіннен ағылшын дипломатиясының қысым жасауы салдарынан Виткевичтің бар еңбегі зая кетті. І Николай өкіметі ауған саясатын түбегейлі өзгертіп жіберді. Ол Тегерандағы елшісі Симоничті қайта шақырып алып, Кабулдағы келіссөздерді жақсы бастаған Виткевичтен бас тартты. Ресейдің мұндай мәмілешілдігінің түп тамыры ағылшындардың Мұхаммед Әлиге қарсы күресте «ортақ әрекет» етуді тануында жатыр еді.

Иранның әскери, Ресейдің дипломатиялық жолдан жаңылуы ағылшындардың Ауғанстандағы жаугершілік жобаларына жақсы әсер етті. Англия соғыс бастауға шешім қабылдады. Бір мезгілде Хиваға, Бұқара мен Қоқанға көптеген әскери агенттерін жіберді. Ауғанстанды бағындыру Орта Азияның бөлек-бөлек жатқан бай хандықтарын бағындырудың бастамасы болуы тиіс еді.

Бірінші ағылшын-ауған соғысы (1838-1842)

Ауғанстанның ол кезде Үндістандағы ағылшын иеліктерімен ортақ шекарасы жоқ еді. Оларды екі тәуелсіз князьдық – Синд пен Сикхтер мемлекеті бөліп жатқан. Ағылшын әскері Синд арқылы Ауғанстанға басып кіруге тиіс болғанда, сикхтер Пешавардан Кабулға қарай шегінуге міндеттелді. Бір кездегі садозай шахы Шуджа ағылшын армиясына «занды ауған билеушісі» ретінде ілесіп жүруі тиіс еді. Оған ағылшындар Үндістанда алты мың сарбаздан құралған сипайлар отрядын жинап беріп, ақшамен жабдықтап қойды.

1838 жылы күзде соғыс басталды. Ағылшын және сипай бөлімдерінен тұратын 22 мың сарбаздан құралған армия Қандағарға бет алды. Шуджа-шахтың жанында ағылшын елшісі ретінде Макнотен есімді жоғары лауазымды шенеунік жүрді, оның көмекшісі етіп Александр Бернс тағайындалған. Қандағар қарсылық білдірмеді. Баракзай билеушілері қашып кетті, ал осы князьдіктің ағылшындарға сатылған жоғары шенді тұлғалары Шуджа жағына өтіп кетті. Шуджаның өзі ағылшындармен тең құқысыз шартқа қол қойғаннан кейін Қандағарда таққа отырды. Содан кейін ағылшын әскерлері Газниді бір шабуылмен басып алып, Кабулға жол ашты. Шешуші шайқас алдында Макнотен сатып алған ауған хандары ағылшындар жағына шығып кетті. 1839 жылы 7 тамызда ағылшындар астанаға соғыссыз кірді. Дост-Мұхаммед Гиндукуш асып шегініп кетті, сол жақтан Құндыз хандығының өзбектерінің көмегімен ағылшындарға қарсы астыртын соғысын жалғастыра берді. Ол әлі де Ресейдің көмегінен үмітті еді.

Кабулды басып алғаннан кейін ағылшындардың да жағдайы қиындады. Бұл кезде Ауғанстанда халықтың наразылығы артып, шетел басқыншыларына және олардың қолшоқпары Шуджаға қарсылығы күшейіп келе жатқан еді. Шуджаның билігін о бастан мойындамаған гильзайлар бір көтерілістен соң бір көтеріліске шығып, Кабул, Газни және Қандағар арасындағы жолдарды жауып отырды. Ауғанстанның басқа аумақтарында да толқулар мен көтерілістер болып жатты.

Дост-Мұхаммед те қол қусырып қарап отырмай, Кохистанға жол тартып, сол жақта халық жасағын басқарып, Шуджа мен

ағылшындардың астанадағы билігіне қауіп төндірді. 1840 жылғы қыркүйектің аяғы қазанның басында Кохистан шатқалдарында бірнеше қиян-кескі ұрыс, ал 2 қарашада Парван түбінде шешуші шайқас болды. Дост-Мұхаммед өзеннен өтіп алған ағылшын атты әскеріне қарсы сәтті шабуылды басқарды. Есі шыға кері қашқан атты әскер жаяу әскерді де ілестіре кетті.

Әмірдің берілуі және халық күресі

Келесі күні ағылшындарға шегіну туралы бұйрық берілді. Олар тылдағы көтеріліс пен қоршаудан қорықты. Әскер қолбасшылары қалыптасқан жағдайды қиын деп бағалап, Кабул гарнизоны қаланы қорғауға әзірленіп жатты. Алайда осы кезде ақырына дейін анық емес болып қалған жағдайда Дост-Мұхаммед өз еркімен тұтқынға берілді. 3 қарашаға ауған түні, жеңістен кейін бірден ол әскерін тастап, бір қызметшісімен бірге кетіп қалды. Кабулға келісімен ол Макнотенге барып, оған берілетінін мәлімдеді. Бүкіл елге танымал әмірді Ауғанстаннан тезірек аластау үшін ағылшындар оны Бұқар әмірінің түрмесінде жатқан ұлы, дарынды қолбасшы Акбар-ханның басқа бүкіл отбасымен бірге Үндістанға жөнелтті.

Әмір тұтқынға берілгеннен кейін алғашқы кезде Ауғанстанның көптеген жерлерінде өршіп тұрған көтерілістер саябырлап, ағылшындар тыныштық орнады деп ойлады. Алайда, кейін олардың қатты қателескені белгілі болды. Халық көтеріліп, осы көтеріліс оқиғалардың нәтижесіне шешуші ықпал етті.

1841 жылы көктемі мен жазында елде халық соғысының оты өршіп тұрды. Джелалабад, Зурмат, Калати және басқа да аудандар толқуға қосылып жатты. Дост-Мұхаммед Үндістанға жөнелтілгеннен кейін көп ұзамай гильзайлар тайпасы қарулы күреске қайта шықты. Ағылшындарға қарсы қарулы көтерілістер Ауғанстанның өзге де аумақтарында жүріп жатты, ағылшындарға деген наразылық ауған ақсүйектері, хандар, тайпа көсемдері арасында да белең ала бастады. Шуджа жағына шығып кеткендердің көбі уәде етілген сыйақыларын ала алмай өкпелі жүрген еді. Хандар мен көсемдерге берілетін ақшалай сыйлықтар ағылшын өкіметінің Ауғанстанды басып алу шығындарын қысқарту жөніндегі бұйрығымен алып тасталған болатын.

Ағылшындар Ауғанстан халқын түгелдей өздеріне қарсы қойып алды. Сөйте тұра, халықтың өсіп келе жатқан наразылығы да, бірінен кейін бірі болып жатқан көтерілістер де Макнотен сияқты ағылшын басшыларының басып алған елдегі өз жағдайлары нық екеніне сенімділігіне секем түсіре алмады. 1841 жылы тамызда Макнотен ел тынышталды деп хабарлады.

1841 жылы 2 қарашадағы Кабулдағы көтеріліс

Ауғанстандағы ағылшындар үшін қауіпті оқиғалардың белгілері 1841 жылы қыркүйекте көріне бастады. Кабул көтерілісінің алғышарты – көсемдері астанадағы астыртын әрекеттердің басшыларымен байланыста болған гильзайлардың қарулы көтерілісі еді. Қыркүйектің соңында гильзайлар Кабулдан Джелалабадқа баратын жолдағы асуларды басып алып, Кабул гарнизонының Үндістанмен байланысын үзіп тастады.

1841 жылы 2 қарашаға қараған түні көтерілісшілер Кабулдағы британ резиденті А. Бернстің үйін және өзге ағылшын офицерлерінің үйлерін қоршап алды. Үйлер өртеніп, тұрғындары қарауылдарымен бірге қашып кетті.

Кабулда басталған көтеріліс бұқаралық сипат алды: оған қаладағы кедейлер, қолөнершілер, саудагерлер мен отырықшы ауылдардағы шаруалар да қатысты. Біраздан кейін оларға астанаға келген ауған тайпаларының отрядтары да қосылды.

Астанадағы көтеріліс туралы біліп, Шуджа оны басу үшін Бала-Хисрадан гвардия полкін жіберді. Ағылшын гарнизоны басқарушысы да Шурпур лагерінен әскер жіберді. Бірақ олар тіпті астанаға жақындауға батпады. Қала көтерілісшілердің қолына өтті.

Көтерілісшілердің жеңісі туралы хабар бүкіл елге тарады. Ағылшын гарнизондарының Үндістанмен байланысы үзілген еді. Көтерілісшілерге көмектесу үшін Кабулға жақын маңдағы аудандардан отрядтар ағылып келіп жатты. Бала-Хисар бекінісіндегі гарнизон мен ағылшын лагері басып алынды.

Қарашада Кабулға Бұқарадан Акбар-хан келді. Ол көп ұзамай ауған халқының ұлтазаттық күресі көсемдерінің арасында алғашқы орынға шығып, ел есінде жауларымен шайқаста

батылдығы танытып қана қоймай, олардың жоспарларының құлталқанын шығара алатын қайтпас, берілмес қолбасшы ретінде қалды.

Ендігі жерде Макнотен көтерілісшілермен келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. 1841жылғы 12 желтоқсанда қол қойылған келісімде ол ағылшын әскерін Ауғанстаннан әкетіп, тұтқындарды босатып, Дост-Мұхамедті отанына қайтаруға міндеттелді.

Алайда, келісімге қол қою Макнотен тарапынан жасалған айла ғана еді. Ол келіссөз кезінде Акбар-ханды тұтқынға алуды немесе өлтіруді көздеген, ол үшін кездесу орнына зеңбіректері бар екі батальон әскер әкелуге бұйрық берді. Бірақ Акбар-хан оның жоспарын біліп қойып, қақтығыс кезінде өлтіріп тастады, Макнотен әскері тіпті араласып та үлгермеді.

Осы оқиғалар ағылшындардың үрейін ұшырып, 1842 жылғы 1 қаңтарда ағылшын басшылығы мен ауған көсемдері арасында жаңа келісім жасалды. Оның шарты бойынша ағылшын әскерлері Ауғанстаннан тез арада әкетіліп, Дост-Мұхамед әмір оралғанға дейін кепілдікке адамдар қалуы тиіс болатын.

Ағылшындардың Кабулдан кетуі

1842 жылы қаңтарда ағылшын гарнизонының шегінуі басталды. Кабулдан бес мыңға жуық сарбаз бен офицер және он екі мың лагерь қызметкерлері шықты. Ағылшындар келісімді бұзып, зеңбіректерін ала шыққанын көрген ауған көсемдері өздерінің алдында берген гарнизонды жол бойы қорғау жөніндегі уәдесінен бас тартты.

Шегініп бара жатқан ағылшын әскерін тауларды мекендейтін тайпалар қырып тастады. Бүкіл Кабул гарнизонынан, тұтқынға түскендерді қоспағанда бір-ақ адам тірі қалып, Джелалабадқа жетті.

1842 жылдың басында ауған отрядтары елдің кейбір қалаларында әлі де қалған ағылшын гарнизондарына шабуыл жасады. Көтерілісшілер қоршаудағы Джелалабад пен Канджарадағы гарнизондардан басқа ел аумағын шетел басқыншыларынан түгел азат етті. 1842 жылғы 7 наурызда көтерілісшілер Газни бекінісіндегі ағылшын гарнизонын талқандап, бекіністі босатты.

Кабулдың қирауы және ағылшын әскерлерінің Ауғанстаннан шығуы.

Шетел әскері Кабулдан кеткеннен кейін Шуджа өзара қырқысып жүрген бірнеше феодал топтарының басшыларымен мәмілеге келді. Олардың арасында көтеріліс басшылары Мұхаммед Земан мен Аманулла Логари да бар еді. Бұқара халықтың қысымымен ол ағылшындарға қарсы қасиетті соғыс ашып, тіпті Джелалабадқа жорыққа шығуға да мәжбүр болды. Жолда ол қаза тауып, Логари дуррани көсемдерінің көмегімен таққа Шуджаның екінші ұлы Фатх Джангты отырғызды.

Ақбар феодалдардың бүлікшілігіне қарсы тұра алмады. Фатх Джанг та сатқындық жолына түсті. Ол ағылшындар жағына қашып кетіп, ағылшын әскері оның атын пайдаланып жазалаушы экспедиция ұйымдастырып, соның нәтижесінде Кабулды қайтадан басып алды. Кабул күйреді, алайда ағылшын отарлау саясатының басшылары ендігі жерде Ауғанстанды өз билігінде ұстап қала алмайтынын түсінді. Толассыз жүріп жатқан бұқара соғысы ағылшындарды көп ұзамай елден біржола кетуге мәжбүр етті. Ағылшын әскерлерінің Кабулдан Үндістанға оралуы өз еркімен кетуден көрі, алды-артына карамай қашуға көбірек ұқсайтын еді.

1843 жылы ағылшын билігі Дост-Мұхаммедтің отанына оралуына рұқсат беріп, сол арқылы өздерінің Ауғанстанға қатысты басқыншылық жоспарларының күл-талқаны шыққанын мойындады. Көп ұзамай Дост-Мұхаммед қайтадан әмір болды. 1838-1842 жылы соғыс осылай аяқталды.

Ауғанстандағы өзара соғыстар. Әмударияның сол жағалауын жаулап алу.

Дост-Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін ауған тағына оның ұлы Шер Әли-хан отырды.

Шер Әлидің билігі қатал болды. Ол Гиндукуштың арғы жағын жаулап алу саясатын қайта бастап, Меймененің бір бөлігін, Балх, Ахча және өзге де бірқатар өзбек хандықтарын өз билігіне бағындырды. 1869 жылы Құндыз да бағынды.

Әскери қауіптің ұлғаюы.

Осы оқиғалардың бәрі аймақтағы жағдайды өзгертіп жіберді.

Орта Шығыстағы ағылшын-орыс қайшылықтарының өртін басуға ұмтылған Ресей Англиямен Ауғанстанның солтүстік шекарасы жөнінде келісімге барды. Ол шекара Әмудария деп танылып, сонымен бірге орыс өкіметі ағылшындарға «Ауғанстанды орыс ықпалы аясынан тыс қарастыратыны» жөнінде ресми мәлімдеме жасады.

Өздерін Ресей тарапынан төнетін қауіптен құтқарып алғаннан кейін ағылшындар Ауғанстанға басқыншылық бастады. 1870-1880 жылдардағы ағылшын шапқыншылығының жаңа толқыны британ капитализмінің монополистік сатыға өтуімен байланысты болды. Сонымен қатар, ағылшындар Ауғанстандағы соғысты Үндістанда қалыптасқан шиеленісті жағдайды тұрақтандыру үшін пайдалануға да тырысты.

Англияда Дизраэлидің консервативті кабинеті билік басына келуімен (1874 г.) Ауғанстанмен соғысқа тікелей дайындық басталды. 1876 жылы ағылшындар Келат ханнан өз әскерін Кветта-Пишин қыратында, ауған Қандағарына жақын ұстау құқығын алды. Ағылшындар салған Кветта бекінісі алдағы Ауғанстанға басқыншылық соғыстың базасына айналды. Ауғандарды бағындырып алғаннан кейін олар Орта Азияны тұтас иеленіп, оны Ресейден бөліп алғысы келді.

Дизраэлидің жарлығымен Үндістан вице-королі Литтон Шер Әлиге Ауғанстанға британ резидентін кіргізіп, британ офицерлеріне ауған территориясында бекіністер мен жол салуды және қадағалауды тапсыру жөнінде талап қойды. Әмір бұл талаптарды қабылдамай, қарулы қақтығысқа әзірлене бастады. Сөйте тұра ол халыққа салынатын жан салығын үстемелеп арттырып жіберді, бұл елде үлкен наразылық туғызды. 1877 жылы әскери кимылдар Ұлыбританияның бар назары Таяу Шығыстағы ағылшын-орыс қатынасындағы дағдарысқа ауып кетуі себептен ғана басталмады. Алайда бұл соғысты бір жылға ғана шегерді.

Екінші ағылшын-ауған соғысы (1878-1880) және Әбдуррахманның таққа отыруы.

1878 жылы қарашада ағылшын әскері Ауғанстанға басып кірді. Шер Әлидің тұрақты әскерінің қарсылығын ағылшындардың

басым күші жаншып тастады. Олар Джелалабад, Қандағарды басып алып, астанаға қарай келе жатты.

Шер Әли билікті ұлы Жақып ханның қолына беріп, өзі солтүстікке, Мазар-и-Шерифке кетті, сол жақта ауыр науқасқа шалдықты. 1879 жылы ақпанда Шер Әли қайтыс болды.

Шер Әлидің баласы Жақып хан әмір ағылшындардың досы саналатын және таққа отырмай тұрып-ақ олардың қамқорлығын пайдаланған.

1879 жылы 11 қыркүйекте Кабулға генерал Робертс бастаған бірінші әскери бөлімше жақындады. Кескілескен шайқас нәтижесінде Робертс Кабулды басып алды, содан кейін қала халқын қыра бастады. Гератта көтерілісті Шер Әли әмірдің екінші ұлы Аюб-хан бастады.

1880 жылдың басында солтүстік Ауғанстанда Шер Әли әмірдің жиені, бүлікшіл Абдурахман хан пайда болды.

Оның туы астына бәсекелестерінен бұған көшкен әскерлер жинала бастады, сөйтіп 1880 жылы ол Талкан мен Құндызды иеленіп алды. Аз уақытта оның билігі бүкіл Ауғанстанға жайылды.

Аюб-хан Абдурахманды әмір деп мойындамай, ағылшындарға қарсы күресін жалғастыра берді.

Ағылшындардың Қандағардағы билігін нығайтуға деген талпынысы сәтсіз аяқталды. 1881 жылы сәуірде басқыншы әскердің жағдайы шатқаяқ екеніне көзі жеткен соң, ағылшындар бұл қаладан әскерін шығарып әкетіп, қаланы Абдурахманға өткізіп берді.

1881 жылы маусымда Аюб хан ауған тағына хақын білдіріп, өз әскерімен Қандағар аумағына келді. Шілдеде ол өзіне қарсы жіберілген өкімет әскерін талқандап, Қандағарды басып алды. Абдурахман өзіне тән шешімталдықпен әрекет етіп, қолда бар әскерін жиып алып, Қандағарға жорыққа шықты. Қала қабырғасы түбінде болған шешуші шайқас нәтижесінде Аюб ханның әскері талқандалды. Зеңбіректері мен қару-жарақтарын тастап, Аюб хан қалған әскерімен Гератқа қашты. Содан кейін әмір сардарларының қысымымен осы мекеннен де бас тартып, кейін Иранға қоныс аударып кетті.

Өз билігін Герат пен оның аумағына таратып, Абдуррахман негізінен Ауғанстанды қазіргі шекарасында біріктірді.

Кафристан және оны жаулап алу.

Кафристан деп Гиндукуштың оңтүстік сілемдеріндегі, солтүстіктен оңтүстікке қарай ағып жатқан Башгул, Печдара және Рамгул өзендері бірнеше алқапқа бөліп жатқан биік таулы аумақ аталатын.

Кафристанды жаулап алуға дайындалып жатқанда Абдуррахман әмір сол жерлерді қоныстанған халық жау келгенде тауға қашып тығылу мүмкіндігінен айрылып қалатын мезгіл дұрыс деп шешті. 1895/1896 жылы қысында Кафристанға әмір әскерлерінің мұздай қаруланған бірнеше отрядын жіберді. Кафристанды бағындыру бірнеше апта ғана уақыт алды. Ауғандар ондағы халықты күштеп ислам дініне кіргізді, соның құрметіне ел бұдан былай Нуристан деп аталатын болды. Ислам дініне кірген кәпірлер нуристандықтар деп атала бастады.

1901 жылы қыркүйекте Абдуррахман сал ауруына шалдығып, 1 қазанға қараған түні көз жұмды. 3 қазанда Хабибулла көп алдында әмір деп танылып, таққа отырды. Оның билігі көп ұзамай бүкіл Ауғанстанда мойындалды.

XX ғасырдың табалдырығына Ауғанстан осындай оқиғалармен кірді. Бұл ғасырға Ауғанстан дербестігін сақтап қалған, бірақ егемендігі толық емес, сыртқы саяси тыйымдары бар, саяси тұрғыда біртұтас, алайда артта қалған, өз ішінде жүк тасымалдаудың жалғыз құралы бағзы замандардағыдай керуен ғана болып қалған ел ретінде енді.

§ 7. XVII-XVIII ғасырлардағы Азия және Африка елдерін отарлау

Жаңа заман дәуірінде экономикалық-әлеуметтік тұрғыдан неғұрлым жетілген мемлекеттер дамуы баяу қалған елдерді саяси, экономикалық және рухани құлдықта ұстады, олардың табиғи байлықтарын өтеусіз, ынсапсыз тонап, арзан шикізат көзіне айналдырды.

Отарлау дәуірінің, яғни басқаша айтқанда колониалдық экспансия дәуірінің тарихта үш кезеңі белгілі:

- XVI ғасырдың басынан XVIII ғасырдың ортасына дейін «сауда колониализмі», колониалдық тауарлардың Еуропаға шығарылуы;
- XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың аяғы – «өндіріс капиталы кезеңіндегі колониализм», колониялар мен еуропалық емес әлемді эксплуатациялау тәсілі, ол елдерге еуропалық тауарлардың ағылуы, яғни енуі болды;
- XIX ғасырдың аяғынан – «империализм кезеңінің колониализмі» немесе «монополиялық капитал кезеңінің колониализмі», тәуелді елдердің ресурстарын пайдаланумен қатар, ол елдердің өндірістік дамуына алып келген, еуропалық капиталдың енуі, инвестициялардың өсуі.

Еуропалықтардың Шығысқа қатысты отаршылдық саясатының бірінші кезеңі, XV ғасырда португалдықтардың Үндістанға жол ашуынан басталған. Олар Үндістанның жағалауына орнығып, Маллук аралдарын жаулап алды. Мыңдаған адамды қырып, тұтас аймақты құлдықта ұстады. Әсіресе, алым-салықты көп жинап, плантациялар мен елді мекендерде тұрғындарды еріксіз еңбекке жекті. Алтын мен күмісті ашкөздікпен өндіріп, сыртқы және ішкі саудада монополия орнату Португалия мен Испанияның отаршылдық саясатына тән сипат болды. XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында Франция да осы бағытты ұстана бастады. Бұл кезеңдегі отаршылдық саясат, негізінен, озбыр сауда-саттық арқылы жүзеге асты. Отарлаушы мемлекеттердің компаниялары сапасы төмен бұйымдарын аса қымбат бағаға өткізуге ерікті болды.

Еуропалықтарға Азия және Африка халықтары бай болып көрінді. Сенегал мен Нигерден еуропалық саудагерлер көп мөлшерде алтын шығарды. Қытай, Үндістан мен Үндіқытайдан көптеп дәмдеуіштер (пряности) тасыды. Дәмдеуіштер құны ол кезеңде алтынның бағасына тең, қымбат еді.

Сол кезеңдегі еуропалықтар, алтын негізінен үлкен өзендердің барқынынан (орысша-отмель) табылатын болғандықтан, біртіндеп «алтын өзеннің» дәл өзіне жетуге болады деген жалаң ойда болған. Дәмдеуіштерді де тура солай, Осман империясымен қақтығыспай, жаңа теңіз жолдары арқылы Үндістанға жетіп алуға болады деп үміттенді. Олардың осындай жемқорлық ізденісі, бір жағынан, жаңа географиялық ашуларға алып келді.

Құл саудасы да еуропалықтарға мыңдаған табыс әкелді. Мұнымен бірқатар Еуропа және Америка қалаларының тез дамуы мен гүлденуі тығыз байланысты – Бристоль, Ливерпуль, Манчестер, Лондон, Нанта, Руана, Амстердам, Нью-Йорк, Жаңа Орлеан, Рио-де-Жанейро және тағы басқа қалалар. Құл саудасының төрт жүз жылдық тарихының барысында, құл сатушылар Америкаға 15-16 млн-ға дейін адамды құлдыққа сатқан. Трансатлантикалық құл саудасы барысында шамамен, 60-70 млн адам қаза болған. Құлдыққа ең мықты, төзімді жас африкандықтар айдалатын.

Осылай, XVII ғасырдың басында Шығыс Голландия, Англия және Франция елдерінің назарын өзіне қаратты. Голландия Азияда Цейлон аралын, Малайяның оңтүстік жақтарын тәуелділікке алды және Индонезиядан португалдықтарды қуып шықты. Африкада Голландықтар «Добрая Надежда» мүйісінде орнықты.

Англия Африкада Гамбия мен Ганада (Алтын Жиек) өзінің алғашқы фортын құрды.

Колониалдық саясаттың екінші кезені, Англияның Үндістан үшін күресінен басталады. Күрес екі бағытта жүрді: Еуропада Франциямен бақталастық (жеті жылдық соғыс); Үндістанның бөлшектенуі және біртіндеп үнді князьдіктерінің бірінен соң бірі ағылшындарға бағынуы. 1818 жылға қарай Үндістанның Пенджаб княздігінен басқа жерлерінің бәрін ағылшындық Ост-Үнді компаниясы жаулап алды. 1858 жылы Үндістан «Британдық тақтың басты әшекейіне» айналды.

Франция Үндістанда жеңіліске ұшырап, енді Үндіқытай (Вьетнам) үшін күресін бастайды. Африкандық континентте оның негізгі форты Сенегал өзенінің сағасындағы Дакар өңірі болды.

Отар елдер біртіндеп үстемдік құрушы мемлекеттердің арзан шикізат көзіне, олардың өнімдерін өткізудің нарығына айналды. Мысалы: 1757-1812 жылдар аралығында Англияның Үндістаннан жинаған тікелей алым-салығы 10 млн фунт стерлинг құрады. Сонымен қатар, 1814-1835 жылдар аралығында Үндістанға мақтамата өнімдерін өткізу көрсеткіші 65 есе ұлғайды. 1860 жылы мұнда, Еуропа мен АҚШ-қа қарағанда 2 есе көп ағылшын матасы әкелінді. Арзан шикізат көзі ретінде Үндістан-мақта, кендір, апиын, Цейлон-каучук пен шай, Вьетнам күріш тағы басқасын өндірді.

Отаршылдықтың үшінші кезеңі – колониаларды монополиялық капитал арқылы эксплуатациялау, яғни Қытайды «ықпал ету аймағына бөлу», Вьетнамды, Бирманы және тағы басқа аумақтарды жаулап алу, Африканы территориялық бөліктерге бөлу. Бұл жағдай XIX ғасырдың аяғынан XX ғасырдың басына дейін орын алды.

Еуропалық жаулаушылардың басты тәсілі отарлық иеліктердің барлық байлығын тонаушылық жолмен иемденіп, өздеріне қажетті Шығыстың аса бағалы тауарларына – дәмдеуіштер, шай, кофе, шығыс маталары, қытай фарфоры және сән-салтанат заттарының саудасына бақылау орнату арқылы оларды қанауға ұшырату болды. Осыны жүзеге асыру үшін барлық жерде факториялар – сауданың тірек пунктері құрылды. Еуропалық отаршыл үкіметтің қолдауымен құрылған сауда компаниялары қарулы әскери отрядтардың рөлін атқарып, отарлық басқыншылық саясаттарын жүзеге асырып отырды. Олар өз қарамағында әскери күштер ұстады және бітім жасауға немесе соғыс жариялауға, қамал салуға құқылы болды. Мұндай компаниялар жергілікті тұрғын халықтың қарсылығын басып қана қоймай, бәсекелестерімен – басқа еуропалық елдердің компанияларымен күрес жүргізуі тиіс еді.

Батыс державаларының Азия және Африка елдерінде «ықпал ету аймағы» үшін күресі. Батыс Еуропа елдерінің ішінде,

бастапқыда отаршылдық саясат жүргізуде Голландия алғашқы орынға шықты. Одан кейін, Англия Испаниямен соғыста, сондай-ақ Голландияның, Португалияның есебінен өз иеліктерін 18 есе ұлғайтты. 1840-1842 жылдары (Франциямен бірлесіп), 1856-1860 жылдары «апиын соғыстарын» жүргізді. Сянганды (Гонконгті) иеленіп, Ауғанстанды бағындыруға тырысты, Парсы шығанағының маңызды бөліктерін басып алды.

XVII ғасырдың басында әр түрлі бағытта сауда байланыстарын жүргізген, Англияда пайда болған ірі сауда компанияларының ішіндегі ең қуаттысы Ост-Үнді компаниясы болды. Бұл компания, негізінен, Үнді мұхиты арқылы сауда жүргізген еді. Ост-Үнді компаниясы Англиядағы «мемлекет ішіндегі мемлекет» сияқты ерекше ұйым болды. Бұл компанияның өз әскері, флоты, мыңдаған өкімдері, сауда агенттері мен аудармашылары болған. Осындай Ост-Үнді тектес компаниялар Голландия мен Францияда да құрылды. Бұл компаниялардың арасында отарлық иеліктер үшін, саудадағы үстемдік үшін бәсекелестік үлкен соғыстарға, әскери қимылдарға әкеліп отырды. XVIII ғасыр бойы жүргізілген отарлық басқыншылықтың нәтижесінде XIX ғасырдың ортасына қарай Англия Үндістанды толық отарлауды аяқтады.

Шығыс та еуропалық экспансияға қарсы жай қарап отырмады. Қытай, Жапония, Корея және Вьетнам үкіметтері өздерінің мемлекетін шетелдіктер үшін жабық деп жариялады. Бірақ Батыс отаршылдары бұл елдерге түрлі тәсілмен, жанама жолдармен енуге ұмтылды. Қытай елі бұл кезде ішкі дағдарыстар салдарынан өте ауыр жағдайда еді. Қытай да «жабық есік саясатын» ұстанғанымен, елдің оңтүстігіндегі жалғыз ашық порт – Гуанчжоу (Кантон) арқылы ағылшындық Ост-Үнді компаниясы апиынды елге жеткізіп тұрды. Қытай өкіметінің қатаң тыйым салғанына қарамастан апиынды күміске және бағалы экспорттық тауарларға айырбастау саудасы өте белсенді түрде жүрді.

XX ғасырдың басына қарай Англияның колониалдық империясында жер шарындағы тұрғындардың төрттен бір бөлігі өмір сүрді. Оның колонияларының территориясы метрополия территориясынан жүз есе көп болды.

Сонымен бірге, Франция Вьетнамды (1850-1880) бағындырып, Камбоджада (1863), Лаоста (1893) өз билігін орнатты. Азиядағы отаршылдық жергілікті халықтардың ұлтазаттық күресімен қатар жүріп отырды. Мысалы, 1857-1859 жылдары Үндістанда, 1851-1864 жылдары Қытайда (Тайчин), XIX ғасырдың 80-90 жылдары Үндіқытай елдерінде отаршылдарға қарсы көтерілістер болды. Басқыншылықпен қатар көптеген елдерді билеп-төстеп, жартылай отарға айналдыру саясаты кеңінен жүргізіле бастады. XIX ғасырдың 40-50 жылдары АҚШ Қытай мен Жапонияға әділетсіз келісімшартын еріксіз танды. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Қытай, Иран, Түркия, Сиам жартылай отар ел халіне душар болды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Германия, АҚШ пен Жапония басқыншылық жорыққа шықты. 1898 жылы АҚШ Филиппин, Гуам аралдарын басып алды. Қытайда «ашық есік» саясаты белсенді жүргізілді. Германия Түркияға, Таяу және Орта Азияға, Қиыр Шығысқа экспансия жасады. 1905 жылы Жапония Ляо-дун жартыаралын, Маньчжур темір жолының оңтүстік тармағын, Оңтүстік Сахалинді иеленді. Сондай-ақ, 1910 жылы ол Кореяға қарсы соғыс ашып, Оңтүстік Маньчжурияға (Солтүстік шығыс Қытай) толық бақылау жасады. Бұл кезеңдердегі отаршылық саясат әскери-саяси қысым жасау арқылы қамтамасыз етіліп, әкімшілік тәсілдер экономикалық айла-шарғылармен ұштастырылды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германия өзінің отар елдерінен айырылды, Осман империясының бірқатар аудандары Англия мен Францияның қол астында қалды. Отар елдерде жаппай азаттық күресі басталды.

XVII-XVIII ғасырларда Ресей де отаршылдық саясатқа бет бұрып, халықаралық саясаттағы мәртебесі өсе бастады. Ресейдің Азияны отарлау басқыншылығы Қазан (1552) және Астрахань хандықтарын (1555) жаулап алғаннан кейін басталған. XVI ғасырда башқұрттарды, XVII ғасырда Солтүстік Азия халықтарын біржола бағындырып, XVI-XVIII ғасырларда Қазақстанды иеленуге әрекеттенді. XIX ғасырда Орталық Азия халықтары отарлық тәуелділікке ұшырады. Азия елдерінде Ресей империясының

үстемдігі 300 жылдан астам мерзімге созылды, оған казактардың мекендерін, бекіністері мен далалық қамалдарын салу арқылы әскери басқыншылық жасау, тұрақты әскери бөлімшелерді орналастыру, тартып алған территорияларға шаруаларды қоныстандыру, тең емес сауда айырбасын жасау, тікелей тонау, өзінің басқару жүйесі мен әкімшілік-территориялық құрылымын енгізу сипаттары тән болды.

Отар және жартылай отар Шығыс елдерінің жағдайы. Шығыс елдердің отаршыларға қарсы батыл тегеурінге қарсы тұруға шамасы жетпеді. Қытай және Жапония сияқты кейбір елдер еуропалықтардың жөнсіз араласуынан өздерін сақтауға ұмтыла отырып, сыртқы әлемнен қол үзді. Басқалары (Африка, Үндістан елдері) еуропалық отаршылдықтың құрбандары болды.

Еуропалық отаршыл мемлекеттердің отарлық саясаты оларда капиталистік қатынастардың одан әрі күшейіп, дамуына жол ашса, Шығыс елдерін қайыршылану мен күйзеліске әкелді. Шығыс елдерінің өндіргіш күштері күйреді, шаруашылық өмір салты бұзылды. Капиталистік Батыс пен артта қалған Шығыс елдерінің арасында теңсіздік пайда болды.

Колониалдық экспансия тарихи дамудың табиғи үдерісін бұзды, отар халықтарды күштеп әлемдік нарыққа, әлемдік капитализмге жүктеді. Колонизация Шығыс өркениетінің тоқырауына, тіпті кейбір халықтардың мүлдем жойылуына алып келді. Әсіресе еуропалықтардың Африка елдеріне келуі, ол халықтарға қатты күйзеліс әкелді. Африка континенті қара нәсілді адамдарды аулау қорығына айналды. Еуропалықтар жаулап алған жерлердің тұрғындарын қырды немесе жаппай құлдыққа әкетті. Құл саудасы африкандықтарға зор шығындар әкелді, афро-американдық тарихшы Ц. Дюбуаның айтуынша, XVI-XVIII ғасырлар аралығында колонизация зардабынан Африка континентінің тұрғындарының саны 60-100 млн адамға дейін қысқарған.

Отарлық құлдыққа түскен елдердің экономикасы, әсіресе ауыл шаруашылығы отаршылдардың мүддесіне қарай шешілді. Яғни, егістік жерлерге халықтың өзіне қажетті өнімдер егуге емес, отаршылдардың сұранысын қанағаттандыратын техникалық да-

кылдар – мақта, темекі, тағы басқа өсіруге мәжбүрледі. Соның нәтижесінде халықтың өмір бойы айналысып келе жатқан шаруашылық түрі өзгерді, өндіргіш күштер күйреді, мыңдаған қол-өнершілер, шаруалар қайыршылыққа ұшырап, негізгі кәсібінен айырылды.

Бұрын өздеріне беймәлім халықтармен таныса отырып, еуропалықтар оларды өздерімен салыстырды. Уақыт өте еуропалықтар өздерінің еуропалық емес халықтардан артықшылықтарына сенімін бұрынғыдан да бекіте түсті. Оған дәлелді олар өздерінің әскери және теңіз ісіндегі, өнеркәсіптегі табыстарынан тапты. Еуропалық өркениеттің қол жеткізген табыстары олардың басқа елдерден «артықшылығын» айқындап, ерекшелейтін жағдай қалыптастырды. Өзіндік өркениеттік нәтижесі бар «Еуропа – басқа халықтар еліктеуге тиіс үлгі болады» деген түсінік «еуроцентристік» немесе «Еуропаға табыну» ұғымын қалыптастырды.

Сонымен, еуропалық отаршылдардың әлсіз дамыған Шығыс елдеріне баса-көктеп енуі және олардың тонаушылық саясаты – жана замандағы Шығыс мемлекеттерінің экономикалық, саяси және мәдени жағынан артта қалуының басты себебі болды. Отаршылдардың тонаушылық әрекеті Шығыс елдерінің дербес, заңды түрде табиғи дамуын күшпен тежеп, өндіргіш күштерін күйретті, ежелден қалыптасқан мәдениетін құлдыратты. Соның салдарынан Шығыс елдерінде капиталистік қатынастардың қалыптасуы бәсең түрде дамыды. Жапониядан басқа барлық Шығыс елдері метрополияның аграрлық-шикізат көзіне айналды. Азия елдерінің ішінен Жапония ғана әр түрлі ішкі және сыртқы себептер арқасында төніп келген отаршылдық құрсауға түспей, өзінің егемендігін сақтап қалды. Шығыс елдерінде қалыптасқан ауыр жағдай отаршылдыққа қарсы ұлтазаттық қозғалыстарды тудырды.

Ұлтазаттық қозғалыстар жолындағы Азия, Африка елдері. Еуропалық елдердің отаршылдық саясаты бастау алғаннан-ақ қарсылықтар туғызды. Еуропа колонизациясының әр кезеңдерінде Азия және Африка елдерінің жергілікті тұрғындары үнемі қажырлы күрес жүргізіп отырды. Мысалы: Индонезиялық Ява

аралындағы Дипонегоро бастаған антиголландиялық көтеріліс (1825-1830), Алжирдағы француздарға қарсы Абд аль-КаDIR бастаған көтеріліс (1832-1847) және басқалары.

Бастапқыда бұл көтерілістер кездейсоқ сипатта, ұйымдаспаған күйде және колонизаторлардың белгілі бір жөнсіз қатыгездігіне, озбырлыққа қарсы әрекет болды. Қарсылық көрсеткендердің ба-сында әдетте феодал-ақсүйек өкілдері, тайпа көсемдері, діни қызметкерлер және тағы басқалар тұрды. Сонымен қатар, отар елдердегі ауқатты тұрғындарды метрополияларға жер аударып отырды, бірақ барлығы емес. Олардың арасында бөтен этномәдениетке, әлеуметтік ортаға бейімделе алмағандар да болды. Жергілікті тұрғындардың осындай кейбір жас буыны метрополияларға барып, ол жердің өркениетімен араласса да, қайта оралып отырды және өздерінің мүмкіндіктерінің шектеулігін, кемсітілгендігін сезінді. XIX ғасырдың екінші жартысында жергілікті элиталардың белсенді және оқымысты тобының, интеллигенцияның ықпалымен ұлзаттық қозғалыстар ұйымдасқан түрде жүре бастады. Алғашқы қоғамдық-саяси ұйымдар, мәдени-ағартушылық, діни-реформаторлық мінездегі қоғамдар пайда болды. Жалпы ұлттық мүддені қорғайтын саяси партиялар дүниеге келді. Осылай мысалы, 1885 жылы британдықтарға қарсы ұйымдастырылған Үнді Ұлттық Конгресі партиясы пайда болды.

Азия және Африка елдерінде дін – мықты жұмылдырушы күш ретінде көрінді. Ол халықты ортақ идеялық негізге біріктірді. Оған мысал, Судандағы аль-Махди көтерілісі, Ливиядағы сенуситтер, Аравия жартыаралындағы уахабшылар, Бельгиялық Конгодағы кимбангизм қозғалыстары және тағы басқалары.

Тәуелсіздік күрестердің барысына Еуропадағы уақиғалар да ықпал етіп отырды. Қарқынды көтерілістер мен соғыстардың майданына Қытай, Корея, Индонезия, Үндістан, Иран, Ауғанстан, Египет, Марокко, Сирия, Түркия, Нигерия, Сьерра-Леоне, Гамбия, Кения, Камерун және тағы басқалары айналды. Азат етуші күштерді ыдырату, жетекшілерінен айыру үшін колониалдық әкімшілік үнемі зорлық-зомбылық, қатыгездік, опасыздық, арандатушылық шараларын ұйымдастырып отырды.

Азия, Африка елдерінде ұлтазаттық қозғалыстар біркелкі жүрген жоқ. Әлеуметтік-экономикалық, саяси даму деңгейінің жоғары болуына байланысты кейбір елдерде бұл үдерістер ерте басталып, тез қарқынмен жүрді. Жалпы алғанда, екінші дүниежүзілік соғысқа дейін ұлттық тәуелсіздікті көп ел ала алмады: Солтүстік Йемен 1918 ж., Ауғанстан – 1919 ж., Египет – 1922 ж., Ирак – 1930 жыл, Сирия – 1941 ж., Ливан – 1943 жыл. Тәуелсіздік салыстырмалы шамада, жиі формальды түрде болды және бұл жолдағы барлық күрес алда еді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Испания мен Португалияның отарлық иеліктерін картадан көрсетіңіздер.
2. Англия, Франция және Голландиялық Ост-Үнді компаниялары отаршылдық әрекеттерін қалай жүргізді?
3. Шығыс елдері неліктен дамуы жағынан Батыс елдерінен артта қалып қойды?
4. Дүниежүзілік отаршылдық жүйенің қалыптасу үдерісі қалай өтті? Дәптерлеріңізге экспансия себептерін, мақсаттарын, отарлық тәуелділік түрлерін, еуропалық үстемдік салдарларын жазыңыздар.
5. Жаңа ұғымдар мен терминдер: фактория, экспансия, отарлық империя, метрополия, «жабық есік» саясаты, жартылай отар елдер дегенді түсіндіріп беріңіздер.

§ 8. XIX ғасыр - XX ғасырдың басындағы Араб елдері

XIX ғасырда Мысырда Мұхаммед Әлидің билікке келуі. Мысыр тарихында жаңа кезеңнің басталуы – Мұхаммед Әлидің атымен байланысты. Мұхаммед Әли (Мехмет Али, 1769-1849) Түркияның Францияға қарсы Египеттегі соғысына (1799-1801) түрік әскерінің албан жасағының қолбасшысы ретінде қатысты. 1805 жылы өзін уәли деп жариялап, түріктер мен жергілікті мәмлүктерді жеңіп, іс жүзінде тәуелсіз Египет мемлекетін құрды. Ол Францияға сүйеніп, елде реформалар (жер, әскер, ағарту ісі, сауда, тағы басқа салаларда) жүргізді. Жүргізген реформалары Мысырдың күшеюіне, экономикалық, мәдени дамуына ықпал етті.

Мұхаммед Әли барлық жерді мемлекет қарамағына алды. Елді басқару жүйесін қайта құрып (1816-1820), шетел (негізінен француз) мамандарын кеңінен пайдаланды. Египет жастарын білім алу үшін шетелдерге жіберді. Еуропалық үлгідегі тұрақты әскер мен теңіз флоты, орта және жоғарғы оқу орындары, өндіріс орындары ашылып, Египет қайтадан дами бастады. Мұхаммед Әли 1820-1830 жылдары Арабияны, Суданды, Палестинаны, Сирияны, Крит аралын, Кіші Азияның бір бөлігін түріктерден тартып алды. Бұл соғыста оны Ресей, Англия, Франция мемлекеттері қолдады. Бірақ 1821-1829 жылы болған грек көтерілісін басуға түрік сұлтанына көмектескені үшін аталған мемлекеттер Мұхаммед Әлидің теңіз флотын талқандап, әскерін Грекиядан шығаруға мәжбүр етті. Кейіннен ол Батыстың көмегі арқасында түрік сұлтанымен соғысты әрі қарай жалғастырды. Жеңіліске ұшырап, 1840 жылы Суданнан басқа жерлердің бәрінен айырылды. Елдің әскери күштері қысқартылды, шетел саудагерлеріне жеңілдіктер беріліп, Батыс елдері Египетке үстемдік жүргізе бастады. Оның ұрпақтары 1952 жылдың 23 шілдесінде болған әскери төңкеріске дейін билік басында отырды.

Мұхаммед Әлидің реформалары, оның жүргізген ішкі және сыртқы саясаты. Мысырдың Осман империясынан тәуелсіздігі, мамлюк феодалдарының үстемдігінің жойылуы елдің экономикалық дамуына жақсы негіз болды. Мұхаммед Әлиді реформа-

лар жүргізуге итермелеген, күшті, қаруланған, еуропалық үлгіде дайындалған әскер құру мақсаты болғанымен, оның реформалары әлеуметтік қатынастардың әр түрлі салаларын, экономиканы, мәдениетті және мемлекетті басқару ісін қамтыды.

Маңызды реформалардың бірі аграрлық реформа болды. Аграрлық реформа сол кезеңдегі ірі жер иеленушілер мен көпестердің ойынан шықпаса да, өзінің уақыты үшін прогрессивті реформа болған. Мамлюктер арасынан шыққан ірі жер иеленушілердің иеліктері қазынаға тартып алынды, ал мысырлық феллахтар енді ірі жер иеленушілерге емес мемлекетке жұмыс істеу керек еді. Тәркіленген және жаңадан игерілген жердің бір бөлігін Мұхаммед Әли жақындарына үлестірді. Ауыл аймақтарында жер феллахтарға бөлініп берілді, бір шаруаға 3-5 феддан (1 феддан = 0,42 га) көлемінде. Ресми түрде шаруа өз жер учаскесінің иесі болып саналды, бірақ шын мәнінде ол қазынаға көп мөлшерде салық төледі, қалған өнімді үкімет белгілеген бағамен сатты. Жылына 60 күн феллах мемлекетке еңбек міндеткерлігін өтеді. Шаруаларды осылай эксплуатациялау 1820 жылдың аяғына дейін жүзеге асып отырды. Одан кейінгі жылдары Мұхаммед Әли өзінің реформасына сәйкес жер иеліктерін, ол жерде отырған феллахтармен бірге офицерлер мен шенеуніктерге тарата бастады. Бұл әрекеті арқылы Мұхаммед Әли бір жағынан мамлюктерге соққы берсе, екінші жағынан жаңа ақсүйектер мен шонжарлардың қалыптасуына жағдай жасады. Сонымен қатар, діни қызметкерлердің (уакфтар) жерлері экспроприацияланды, бұл жерлер мемлекеттің қарамағына өтті.

Аграрлық реформа діни қызметкерлер мен мамлюктердің наразылығын тудырды. 1811 жылы Мұхаммед Әли наразы болған барлық мамлюк феодалдарын артықшылықтарынан айырды.

Аграрлық реформалармен қатар Мұхаммед Әли жер шаруашылығының дамуына да назар аударды. Өңделетін жерлердің көлемін ұлғайту мақсатында, Төменгі Египеттің жазық жерлерін суармалы егістіктерге айналдырды. Сол үшін жаңа ирригациялық жүйелер салынды. Мұхаммед Әли тұсында суармалы егістіктің көлемі 100 мың федданға ұлғайды, яғни егістік жерлердің ауқымы

бір жарым есе өсті, осы арқылы елде мақта өсіру мәдениеті жетілді. Мақта өсіруден басқа да техникалық дақылдарға көп көңіл бөлінді: кендір, индиго, қант құрағын өсіру және тағы да басқа. Ауылшаруашылық өнімдерін үкімет шаруалардан өзі тағайындаған бағаға сатып алып, оны жоғары бағамен алып-сатарларға өткізді. Бірақ, Мұхаммед Әлидің жасаған бұл реформаларынан халықтың жағдайы айтарлықтай жақсарған жоқ. Анда-санда орын алып отырған халық қозғалыстары, үкіметпен аяусыз басып-жаншылып отырды.

Әскери реформа күшті армияның құрылуына бағытталды. Еуропалықтардың (француздар) көмегімен Мұхаммед Әли еуропалық үлгідегі әскер құрды. Жаңа армия заманауи артиллериямен камтамасыз етілді, флот құрылды. Әскери реформалар бірқатар өндірістік кәсіпорындардың пайда болуына әкелді. Шойын қорытатын, қару-жарақ, оқ дәрі жасайтын зауыттар, тоқыма мануфактуралары салынды. Сонымен қатар, әскери кемелер салынды. Барлық өндірістік кәсіпорындар мемлекетке қарады, тек аз ғана бөлігі жеке меншікке немесе жалға берілді.

Еуропалық үлгімен қаржы жүйесі мен мемлекеттік аппарат құрылды. Министрліктер жұмыс істеді: әскери, қаржы, сауда, білім министрліктері. Египет орталық үкіметке бағынатын жеті провинциядан тұрды. Оқу-ағарту ісі жетілдірілді, техникалық, ғылыми жетістіктер жақсы қабылданды. Мектептер, оқу орындары ашылып, еуропалық оқулықтар араб тіліне аударылды. Шетелден мемлекеттік қызметтерге инженерлер, юристер, мұғалімдер, дәрігерлер шақырылды. Жас египеттіктер Еуропаға оқуға жіберіліп отырды. Осы жерде бір қызықты жағдай: Мұхаммед Әлидің өзі тек қырық жасында әліппе оқып үйренген екен.

Егер Мұхаммед Әлидің реформаларын, сол кездегі Түркия елінде орын алған (ІІІ Селим мен ІІ Махмұдтың реформалары, танзиматтың бірінші кезеңі) реформалармен салыстырса, Египет реформалары нәтижелі болды. Мұхаммед Әли мен оның айналасындағылар этникалық жағынан египеттік арабтар болмаса да (олар түріктер, черкестер, албандар, күрдтер және тағы басқалар болды), оның саясаты объективті түрде мықты, тәуелсіз Мысыр мемлекетін құруға бағытталды.

Елде жүргізілген реформалар Мұхаммед Әли билігін нығайтты және Египетті Шығыс елдерінің біршама дамыған мемлекеттерінің қатарына қосты. Ал бұл жағдай Мұхаммед Әлидің араб империясын құру және Стамбулды жаулап алу арқылы сұлтан билігін өз қолына бағындыру мақсатына сай келді.

Мұхаммед Әлидің Мысырда билеуші болуына Түркияның әлсіреуі әсер еткені сөзсіз. Еуропа елдері енді Түркия мен Мысырды бір-біріне айдап салып, екеуін де күйретуді көздеді.

1811 жылы Түркия билеушісі II Махмұдтың нұсқауымен, Мұхаммед Әли Арабия түбегіндегі уахабшылар қозғалысын басуға әскерін жіберді. 8 жыл бойғы соғыстың нәтижесінде мысырлықтар Арабияны өзіне қаратты, бірақ оны қолдарында ұзақ ұстай алған жоқ.

1820 жылы Мысыр Суданды жаулауға кірісіп, 1828 жылы ғана оны бағындыруға шамасы жетті. Суданнан мал, піл сүйектері, құлдар Мысырға ағылды.

Екінші рет сұлтан II Махмұд Мұхаммед Әлиді Греция көтерілісін басуға шақырды. Мысыр қарулы күштері 1824 жылы шілдеде Грецияның көптеген қалаларын басып алды. Бірақ бұл жолы Ресей, Англия, Франция бірігіп, 1827 жылы түрік-мысыр флотын талқандады. 1829 жылы Греция тәуелсіздік алды.

Осы оқиғадан кейін Мұхаммед Әли Батыс елдерімен, ең алдымен, Франциямен тіл табысып, әлсіреген Түркияға қарсы шығуға бел байлады. Ол 1830 жылы сұлтанға бағынудан бас тартып, қасындағы өлкелерді жаулап алуға кірісті.

Мұхаммед Әлидің баласы Ибрагим бастаған Мысыр әскері Сирияны басып алып, түрік армиясын талқандайды (1832 ж., желтоқсан). II Махмұд сұлтан Еуропа елдерінің ішінен тек Ресейден ғана көмек ала алды. Орыс әскері мен кемелері Босфорға келіп орналасқанда, Франция мен Англия екі жақты (Түркия мен Мысырды) келісімге келтіреді. Осылай, 1833 жылы Кютахья шартына қол қойылады. Мұхаммед Әли Сирия мен Палестинаны және Адан округін өз иелігіне алады, бірақ есесіне сұлтан билігін ресми түрде мойындау керек еді.

1839 жылы жазда Мысыр мен Түркия арасында жаңа соғыс бұрқ етіп, түріктер тағы да қатты жеңіліске ұшырады. 1840 жылы Англия,

Ресей, Австрия, Пруссия Осман империясының тұтастығы мен тәуелсіздігін қолдау туралы шешімге келеді. Франция бастапқыда қарсылық білдіріп, кейіннен ол да конвенцияға қосылады. Осы арқылы енді, Сирия мен Ливан жерінде еуропалық державалардың қолдауымен Түркия Мысырды жеңеді. Нәтижесінде келісім жасалынып, бұл келісім бойынша Сирия, Киликия, Кипр Түркияға қайтарылады. Мұхаммед Әлидің иелігінде Мысыр мен Судан қалады, ал оның өзі сұлтанға тәуелді болып қалады және оған қоса салық та төлеуге мәжбүр болады. Мысыр әскері 18 мыңға дейін қысқартылып, теңіз флоты Түркияға өтеді.

Осы оқиғалардан кейін енді Мысырда ағылшын үстемдігі орнай бастайды. Сирия мен Ливанда Франция ықпалы күшейеді. Ресей Палестинаға көз тігеді, бірақ олар Қырым соғысында жеңілгендіктен, Таяу Шығыстан ығыстырылады.

Шетел капиталының Египетке енуі. Мұхаммед Әли өзінің билік еткен уақытында елдің экономикасын күшейте отырып, өнеркәсіпті дамытып, Египетті Еуропа державаларынан тәуелсіздікте ұстауға тырысты. Ал оның мұрагерлері кезінде жағдай күрт өзгерді. Египеттің Түркиядан жеңілуі, елге шетел капиталының енуіне қолайлы жағдай туғызды. 1838 жылы Египет территориясында ағылшын-түрік конвенциясы тарады. Елге ағылшын тауарлары ағылып келе бастады. Ертеректе ашылған зауыт-фабрикалар жабылды. Саудадағы мемлекеттік монополияға тыйым салынды. Ағылшын фирмаларының сауда агенттері арзан бағаға, тікелей феллахтардан мақтаны сатып алып отырды. 1851 жылы ағылшындықтар Александриядан Каирға және Суэц каналына дейінгі жерлерде темір жол салуға концессия алады.

Египетке капитал енгізуде ағылшындарға француздар күшті бәсекелестік тудырды. 1854 жылы француз дипломаты, инженер Фердинанд Лессепс Жерорта теңізі мен Қызыл теңізді қосатын канал салуға және оны пайдалануды көздейтін концессияға қол жеткізеді. Бұл құрылыс 1859-1869 жылдар аралығында жүреді. Құрылысқа жұмыс күші феллахтар арасынан күштеп алынды – ай сайын 60 мың адам. Египет тарихшыларының айтуынша, осы жұмыстарда аса ауыр еңбектің зардабынан, эпидемиялардан 120 мың адам қайтыс болған.

Египетте капиталистік қатынастардың қалыптасуы, елдің экономикасына шетел капиталының көптеп енуімен қатар жүрді. Еуропалық державалардың мемлекеттің ішкі істеріне араласуы Египетті артқа тартты. Дегенмен ауылшаруашылық өндірістің біршама өсуі де байқалды. Жаңадан өндірістік кәсіпорындар пайда болды. Египеттік мақтаға сұраныс, егістік жерлердің кеңеюіне алып келді. XIX ғасырдың 50-60 жылдары мемлекетте мақта тазалайтын және қант зауыттарының саны өсті. Тауар-ақша қатынастарының дамуына аграрлық заңнаманың өзгеруі де ықпал етті.

Жер мұрагерлікке, жалға беріле бастады, сатылды. Салық жинауда сыбайластыққа шек қойылды. Натуралды салық ақшалай салықпен ауыстырылды. Египеттік арабтар арасынан енді жерді жаппай сатып алуды бастаған ауқаттылар шыға бастады.

1875 жылы Осман империясы қаржылық банкроттығын жариялағаннан кейін, египеттік құнды қағаздар бағасы да күрт түседі. Ал бұл жағдай елді қаржылық тоқырауға алып келеді. 1876 жылы Батыс елдері қаржы және алым-салық жүйесін бақылауға алды, өйткені осы жылдарға қарай қарызға белшесінен батқан Египет, оны төлей алмады. Бұл қарыздар Батыс елдерінен алынған несие қарыздары еді.

Елдегі қаржылық тоқырау, шетелдіктерге тәуелділік жиі-жиі мысырлықтардың наразылығын тудыра бастады. Қоғамдағы наразылықты Мысырдың жас зиялылары мен офицерлері қолдап, шетел қысымына тойтарыс беруді ойластырады. Олар жасырын түрде «Отан» ұйымын құрып, «Мысыр – мысырлықтарға» деген ұран тастады. Белгілі жазушылар мен зиялылар – Мұхаммед Абду, Адиб Исхақ, Абдел Недим сияқты тұлғалар ұлттық сана-сезімді оятуға үлкен үлес қосты. Әскерлер арасында феллахтардан шыққан офицер Араби паша көтерілісті басқарды. Әскерлер арасында көтерілістерді алдын алу үшін, 1879 жылы Нұбар паша өкіметі ақша шығынын қысқартуды сылтау етіп, 2500 офицерді қызметтен босатады.

1880 жылдың мамырында офицерлердің бір тобы, египеттіктерден шыққан офицерлердің қызметінің өсуіне кедергі жасамауды талап етті. Сонымен қатар, жауынгерлерді күштеп жү-

мысқа салуды тоқтатуды, жалақыны көтеру жөнінде шарттар қойды. 1881 жылы полковник Ахмед Араби бастаған каирлық гарнизонның офицерлері қозғалысқа шығып, оның барысында әскери министрліктің ғимаратын жаулап алып, министрдің өзін тұтқынға алады. Әскердің келесі қимылдарынан қорыққан үкімет, олардың талаптарын қабылдауға мәжбүр болады. Осы оқиғалардың нәтижесінде, елдің қолдауына ие болған Ахмет Араби жаңа әскери министр болып тағайындалады. Оның ықпалымен елде жаңа конституцияның жобасы қабылданады және буржуазиялық реформалардың бағдарламасы жасалынады.

Англия мен Франция Арабиден құтылу үшін, елдің ішкі істеріне белсене араласа бастайды. Бірақ олардың бұл әрекеттері, египеттіктердің қарсылығына тап болады. Шетелдіктерге қарсы қозғалыстар үдей түседі және елде исламның дәстүрлі нормалары қайта жаңғырады. Теріс діндегілерге қарсы шаруалар да күреске шыға бастайды.

Мысырдағы жағдайды Батыс елдері халықаралық мәселеге айналдырып, Стамбулда өткен конференцияда тәртіп орнату түрік әскерлеріне жүктеледі. Англия өкіметі өз тарапынан 1882 жылы Александрияны зеңбірекпен атқылап, тас-талқанын шығарады.

Англия әскери қимылдарын одан әрі жалғастырып, Суэц каналын, Каир қаласын басып алады. Ахмет Араби серіктестерімен сотталып, Цейлон аралына айдалады. Осылай, ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған Мысыр қоғамы ел бірлігін ұйымдастыра алмай, жеңіліске ұшырайды.

Басқа араб елдерінің жағдайы. Араб елдері Еуропа державаларын – Франция, Ұлыбритания, Германия, Италия, Испанияны отар ел ретінде өте қызықтырды. Египет үшін жоғарыда айтқандай Ұлыбритания мен Франция, Тунис үшін Франция мен Италия, Марокко үшін Франция мен Испания бәсекеге түсті.

XIX ғасырдың екінші жартысында Суданда ағылшын ықпалы күшейді. 1899 жылы Судан Ұлыбритания мен Египеттің бірігіп басқаратын аймағы деп жарияланды (кондоминиум), сөйтіп, Ағылшын-Египет Суданы деген атты иеленді. Іс жүзінде Судан ағылшын отарына айналып, негізінен мақта өндіруге бейімделді.

Египет бастапқыда айтып кеткендей Ұлыбритания отарына айналса, Тунистің тағдыры Францияның қолына өтті. 1881 жылы 12 мамырда Бардос келісімі бойынша Тунис үкіметінде Француз протектораты орнады.

1880-1890 жылдары Франция Алжир территорияларын қоластына алуға күш жұмсайды. Нәтижесінде, 1900 жылы тамыз-қыркүйек айларында Оңтүстік шығыс Алжир Францияның бақылауына көшеді.

Сирияда, Ливанда, Тунисте француз тауарлары, Иракта, Суданда, Палестинада, Парсы шығанағында ағылшын тауарлары басымдық алып, шетел фирмалары мен компаниялары жергілікті өндіріс салаларын өз қарауында ұстады. Осы елдерде өсетін көкөністер мен жемістер, темекі мен мақта, жүн мен тері, сондай-ақ тау-кен қазбалары Батысқа тартылып, Франция, Англия, тағы да басқа елдердің зауыт, фабрикаларын шикізатпен қамтамасыз ететін болды. Сирия мақтасының 3/4-і Англияға тасылып, ішкі өндіріске небәрі 1/4-і ғана қалдырылатын. «Режи» темекі компаниясы өз монополиясын орнатты. Ливанның өнімі Италия мен Францияға кетіп жатты. Иракта ондаған ағылшын компаниялары жұмыс істеуге кірісті.

70 жылдары Франция Марокконы мазалап, Алжирмен шекаралас жерлерін тартып ала бастады. Басқа ірі Еуропа елдері 1880 жылы Марокко «егемендігіне» кепілдік жасасып, Францияға Марокконы бермеуге келісті. Бұл елдерге тең емес шарттар қою арқылы олар капитуляция тәртібінің ықпалдарын күшейте түсті. 1901-1902 жылдары Париж Марокко сұлтанына қарсы шыққан тайпаларды басу үшін әскер жіберіп, елді жаулауға кірісті. Бұл жолы Еуропа елдері (Ресей, Англия, Италия, Испания) Францияға қолдау көрсетті. Өйткені өздері де Италия-Ливияны, Испания-Солтүстік Марокконы иеленгісі келген еді. Англияның Мысырда қалуы шешілді, Франциядан ұшан-теңіз қарыз алған Ресей онымен одақтас жағдайда еді. Тек Германия ғана бұл шарттарға көнгісі келмеді. Кезекті халықаралық кездесуде (1906) Марокко «тәуелсіздігін» құрметтеу туралы шешім қабылданып, Францияға Мароккодағы тәртіпті сақтау туралы

арнайы құқықтар жүктелді. Келесі жылы отаршылдар озбырлық әрекеттерін ұлғайтып, ірі қалаларды басып алды. Елді қорғай алмаған сұлтан Абд әл-Әзизден халық бас тартып, таққа оның інісі Хафизді отырғызғанда, Абд әл-Әзиз француздар жағына қашып кетті. Жаңа сұлтан да отаршылдарға қарсы батыл қимыл көрсете алған жоқ. Халық қарсылығын басу үшін Франция мен Испания әскер күштерін пайдаланды. 1912 жылы екі ел протектораты орнатылып, Марокко отарға айналды.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында араб әлемін отарлауға тек Англия, Франция, Ресей ұмтылса, XIX ғасырдың соңында жыртқыштар саны көбейе түсті. Солардың қатарында Италия да болды. 1885 жылы Шығыс Африкадағы Эритрея мен Сомалиді өзіне қаратып алған соң, Италия Ливияға жармасты. Италия-Түрік соғысының (1911-1912) нәтижесінде, Осман империясынан Италияға Триполитания, Киренаик және Феццан (Лозанндық келісім 18 қазан 1912 ж.) жерлері өтті. Бұл елдерден Италияның Ливия колониясы құрылды.

Осылай, XIX-XX ғасырларда араб елдері бытырап, Еуропа державаларының күрмеуіне түсті. Тәуелсіздік алу үшін араб елдері мүмкіндігінше күресуге тырысты.

Араб елдеріндегі ұлтазаттық қозғалыстар. Араб ұлттық сана-сезімінің қалыптасуы. Араб елдерінде соның ішінде Францияның отар елі болған Алжирдің әлеуметтік-саяси жағдайына метрополиядағы өзгерістер әсер етті. 1847-1870 жылдары Француз революциясына қатысушылар Алжирге жер аударылады. 1870 ж. жер аударылғандар елдің әр түрлі аймақтарында Республикалық ассоциация құрады. Осы ассоциациядағы жұмысшылар қатарына арабтар да алынады. Ассоциацияның мақсаты губернаторды орнынан алып, билікті өз қолдарына алу болды. Бірақ олардың бұл талабы көздеген мақсатына жеткен жоқ. Ассоциация құрамындағы француздар дегендеріне жеткеннен кейін, арабтардың мүддесімен санасуды ойламады. Сондықтан, 1871 жылы наурызда алжирлік феллахтар мен берберлер колонизаторларға қарсы көтеріліс бастады. Жер аударған француздардың көбі осы кезде, енді керісінше француз колониалдық билеушілер жағына өтіп кетеді.

Колонизация Алжир үшін өте ауыр болды. 1868-1870 жылдары жаппай ашаршылықтың зардабынан тұрғылықты халықтың біраз бөлігі қайтыс болады. Ашаршылыққа инфекциялық аурулар қосылып, жағдай одан әрі ұшына бастайды. Елде көтерілістер мен қозғалыстар жиіленеді. 1871 жылы көтерілістерге Мұхаммед Мукрани бастаған Алжирдің кабилдік тайпалары қатысады.

10 ай ішінде 340 шайқас болады. Мұхаммед Мукрани шайқастарда жарақаттанып, оның ісін інісі Ахмед бу-Мырза жалғастырады. Бұл көтерілістерді отаршылар аяусыз жаншыды және алжирлықтарға еселенген штрафтар төлетті.

1879-1881 жылдар аралығында елде көтерілістердің жаңа толқыны орын алады. Бірақ олар ұзаққа бармайды. Нәтижесінде колонизаторлар су мен жерді, тау-кен өндіру өнеркәсібін, кәсіпорындарды бақылауға алады. Жер аударылған еуропалықтар жүзім және мақта өсіруге бөлінген жердің 55%-ын өз қолдарына тартып алады.

XIX ғасырдың аяғында Сирия, Ливан, Ирак, Хиджаз, Палестина, Египет, Ливия, Тунис елдерінде ұлттық сана қалыптаса бастайды. Алғашқы жасырын қоғамдар мен ұйымдар пайда болады. XX ғасырдың басында «Оян Азия!» атты қозғалыстар кең етек алады. Түркияда жас түріктер революциясы басталғанда Сирияда, Ливияда, Тунисте, Палестинада, Иракта автономия және тәуелсіз араб мемлекеттері одағын құруды көздеген қоғамдар пайда болады. Араб-осман қоғамы, «Жас Аравия», ыдыраған республикалық реформаторлық партиялар 1913 жылы Парижде Араб конгресін шақырып, араб елдеріне автономия беруді талап етеді. Сонымен қатар, ұлттық сананың өсуі Египетте де байқалды. Реформаторлық, ағартушылық ойлардың таралуына Джемал ад-Дин, аль-Афгани, Мұхаммед Абду және тағы басқалары шешуші рөл атқарды.

XIX ғасырда Мұстафа Кемаль «Мектеп» атты журнал шығара бастайды. Онда оның бостандық жайлы ойлары жазылады: «Өз мектебінді, өз еліңді, өз Отаныңды сүй». «Байрақ» деген газетте ол империалистік елдердің қанаушылық саясатын көрсетіп, Египет өз бетінше дами алады деп көрсетеді. 1907 жылы Мұстафа Кемаль «Отан» атты партиясын құрады. Бірақ, көп ұзамай 1908 жылы ол

қайтыс болады. Оның атқарған істеріне Египет халқы жоғары баға береді.

XIX ғасырдың соңында Египетте ереуілдер жиілейді. 1909 жылы алғашқы кәсіподақтар пайда болады. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында араб елдерінде ұлтзаттық қозғалыстар дегенмен әлсіз еді. Зиялы қауым ұлттық тәуелсіздікке жетуді мақсат тұтып, оған жету жолдарын белгілей алмады. Сондықтан, XX ғасырдың басында империалистік елдердің колониалдық саясаты араб елдерін терең экономикалық, әлеуметтік-саяси тоқырауға алып келді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мұхаммед Әлидің жүргізген реформалары елге қалай әсер етті?
2. Мұхаммед Әли қандай салаларда маңызды реформалар жүргізді және ол реформалары іске асты ма?
3. Еуропа елдерінің араб елдерін отарлауы туралы қосымша әдебиеттерді оқып, танысыңыздар.
4. Мысырды қолға түсіру үшін Англия қандай әрекеттер жасады? Ахмет Араби көтерілісі неге жеңіліс тапты?
5. Араб ұлтзаттық қозғалысы туралы пікір алысып, қорытынды жасаңыздар.

§ 9. XVII-XIX ғасырлардағы мәдениет пен ғылымның дамуы

Жаңа заман мәдениетінің қалыптасуына қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер әсер етті. XVII ғасырда капитализм дүниежүзілік сауда мен мануфактуралық өндірістің тез қарқынмен дамуын бастан кешті, ол рационализмге негізделген еді және өндірістегі механизмдердің рөлі арта түсті.

Капиталистік өндіріс тәсілі ғылымға деген сұранысты күшейтіп, ғылым бірте-бірте өндіргіш күшке айнала бастады. Экономикалық және әскери жағынан мықты мемлекетке айналу мақсат еткен еуропалық мемлекеттер ғылыми ізденістерге ерекше көңіл бөлді, бұл өмір талабы еді. Жаңа заман мәдениетінің жалпы негізгі көріністері мыналар болды:

- әлемде басты орынды адам алады;
- әлем табиғат, жеке тұлға, мәдениет түрінде өмір сүреді;
- адам табиғатқа билік етеді, ол «табиғаттың патшасы» болып саналады;
- пайда – адамның іс-әрекеттерінің мақсаты;
- ғылым мен техника қоғамда шешуші рөлге ие болды.

XVII ғасыр мәдениеті жалпы күрделі және қайшылықтарға толы. Бұл буржуазиялық революциялар кезеңі: Нидерландыда (1566-1609), Англияда (1640-1688). Абсолюттік монархиялардың гүлденген шағы – Францияда «XIV Людовик ғасыры», ғылыми революциялар уақыты, жаңа көркемдік стильдер бағыты – барокко және классицизм.

Әлеуметтік тұрғыда, қоғамда прагматизм мен меркантилизм басымдылығы көрініс табады, ақша құндылығы артады. Еңбек бөлінісіне және кооперациялануына ықпал ететін, өнеркәсіптік өндірістің мануфактуралық түрі нығаяды. Техникалық жетістіктер одан әрі қарқын алады, тау-кен өндірісі, әскери техника дамиды. Нарықтық қатынастарда қор, биржа, банк, жәрмеңке сияқты институттар пайда болды. Билікке жаңа тап – буржуазия келді.

Мысалы, Франция үшін XVII ғасыр – абсолюттік монархия кезеңі: Ұлы Людовик, король өзін сән-салтанатпен, керемет

әшекейлермен қоршады. Француз тілі мен француз сәніне (мода) бүкіл Еуропа еліктей бастады.

Бұл кезеңде діни, шіркеулік ықпал азайып, жаратылыстану ғылымдары бірінші орынға шыға бастайды. Механика, математика, физика ғылымдары өмірлік талаптарға сай, сұранысқа ие болады. 1635 жылы Француз Академиясы пайда болады, 1660 жылы Лондондық Корольдік қоғам дүниеге келеді. Өздерінің ғылыми жаңалықтарымен дүниетанымды байытқан бірқатар ғалымдар алдыңғы қатарға шығады: Френсис Бекон (1561-1626), Галилей (1564-1642), Кеплер (1571-1630), Декарт (1596-1650), Паскаль (1623-1662), Лейбниц (1646-1716), Ньютон (1643-1727). Алгебра, аналитикалық геометрия кең қолданыс тауып, дифференциалдық және интегралдық есептеу, ықтимал теориясы, маңызды физикалық, механикалық, химиялық, астрономиялық, биологиялық заңдар ашылды. Қоғамдық санада күрделі өзгерістер болып, енді қоршаған ортаны, дүниені діни тұрғыдан емес, ақыл-ой, ғылым арқылы тану орын алады. Бұл факторлар шіркеудің рөлін төмендетіп, атеизмнің терең тамыр жаюына әкелді.

Дегенмен, жаңа дүниетанымның қалыптасу жолы тегіс болған жоқ. Діннің де ықпалы бірден түгел жойыла қойған жоқ. Инквизиция әлі де көрініс тапты, шіркеу діннен алшақтағандармен күрес жүргізіп жатты. Бір жағынан – ғылыммен тығыз байланыс, екінші жағынан – ғылыми шығармаларда діни-теологиялық мазмұн әлі де болса мол болды. Көптеген көрнекті ғалымдар өздерінің табыстарын діни ілімдер арқылы түсіндірді. Мысалы, Галилей астрологиялық карталарды құрумен шұғылданды, Ньютон алхимиямен айналысты, Спиноза дүниені жаратқан құдай деп тұжырымдады. Әйтсе де қоғам ғылымға көбірек бет бұра бастады.

Қоғамдағы жаңа ойлар. Фрэнсис Бэкон (1561-1626) дворяндар отбасында туып, Кембридж университетін бітірген. Дипломатиялық қызметпен айналысқан, парламент мүшесі, танымал адвокат, шешен, белгілі жазушы ретінде де танылды. Негізгі еңбектері: «Жаңа Органон», «Тәжірибелер немесе адамгершілік және саяси қағидалар», «Жаңа Атлантида», тағы да басқа. Әйгілі «Білім – күш» (Знание – сила) деген қағиданың авторы.

Бэкон ойынша, адам табиғатты өзіне бағындырып, адам патшалығын орнатуы қажет. Оның ойынша, адамның ақыл-ойына, санасына қателіктер тән, олар ақыл-ойдың дамуын тежеп отырады, сондықтан олардан құтылуға тырысу керек. Бэкон бұл кемшіліктерді идолдар, елестер, ескіліктің қалдықтары деп атайды. Олар:

- «Тек идолдары» адам табиғатынан туындайды. Олар мәдениетке, адамның жеке тұлғалық қасиеттеріне байланысты емес. Адамның ақыл-ойының да, сезімдерінің де кемшіліктері көп. Бірақ адам оны ескере бермейді, не ақылына, не сезіміне көбірек жүгінеді. Мысалы, ғылыми фактілерді толық жинап болмай жатып, теориялық асығыс қорытынды жасайды, немесе дәлелденбеген нәрсеге көбірек сенеді. Бэкон теорияны эксперимент арқылы тексеру бұл елестен құтылуға себеп деп көрсетеді, ақылдың қанатына таразы іліп қойса, ақыл басып кетеді, фактілерге жақын болады дейді.
- Үңгір идолдары (елестері) адамның физиологиясы мен психикасының, тәрбиесінің ерекшеліктері, жеке наным-сенімдері мен ырымдары құбылыстарды объективті түрде қабылдауға кедергі жасайды. Оны түзететін ұжымдық тәжірибе.
- Алаң идолдары – адамдардың тіл арқылы араласуынан туындайтын елестер. Жаман сөздерді қолдану адамның санасын, ойлау логикасын бұзады. Адамдардың көпшілігі оның зиянын ескере бермейді. Сөздерді қолдана отырып, олардың артында нақты заттар тұрғанын, нағыз объективтілік тек соларға тән екенін ұмытпаған жөн дейді.
- Театр идолы – жалпы қабылданған, көнеден келе жатқан философиялық доктриналарға, мектептер мен жүйелерге, олардың беделіне деген соқыр сенім «философиялық театрларды» туындатады. Мысалы, дінге деген шектен тыс сенім. Оны жеңу мақсатымен Бэкон «екі ақиқат» теориясын ұсынады. Философия ақыл-ойға жүгініп, ол әлсіздік танытқанда теологияға да арқа сүйесе, артық болмайды.

Бірақ олар бір-бірінің ісіне араласпауы қажет. «Ақиқат беделдің емес, уақыттың туындысы» деп көрсетеді.

Рене Декарт (1596-1650) математик ретінде танылған. Декарт осы ғылымның көмегімен бүкіл ғылымдар жүйесін өзгертуді армандады. Белгілі еңбектері: «Философияның алғашқы бастаулары», «Метод туралы ойлар» және тағы басқа. Декарттың ойынша, мейлінше дәл ойларды ұсынуға тек математика қабілетті, сол себепті осы ғылымның тәсілдерін жаңа философиялық жүйе жасау ісінде қолдану керек. Декарт төрт ережені көрсетеді:

- ақиқат деп ақиқат екені күмәнсіз нәрсені ғана қабылдау қажет. Асығыстық пен нанымға орын болмауы тиіс, тек ақылға айқын, нақты тұжырымды ғана қабылдау керек.
- зерттейтін мәселемізді ойша, мүмкіндігінше қарапайым элементтерге бөліп қарастырсақ, қиындықтарды шешу, белгілі бір шешімге келу жеңілдейді.
- бұл ереже логикалық түрде екінші ережеден туындайды: таным үдерісі қарапайымнан күрделіге қарай жүреді.
- дедукцияның барлық буынын ұмытпайтындай шолу жазап отыру қажет – энумерация.

Декарттың рационализмінің негізі – күмән. Күмәнданған адам күмән туғызған объект туралы терең ойланады, яғни өмір сүреді, тіршілік етеді. «Мен ойлаймын, яғни өмір сүремін» (Я мыслю. следовательно я существую. Cogito ergo sum).

Жаңа Дәуір философиясының тағы бір өкілі – Джон Локк (1632-1704). Оксфорд университетінің түлегі, осы университетте грек тілі мен риторикадан сабақ берген. Адам ауруларын тереңірек зерттеу мақсатымен медицинамен, кейінірек саясатпен айналысты. Негізгі еңбектері: «Адамның ақыл-ойы туралы тәжірибе», «Ақыл-ойды басқару туралы» және тағы басқа. Локк эмпиризмді – білім тәжірибеден ғана туындайды деген көзқарасты ұстанды. Адам жаны, Локктың ойынша, дүниеге келгенде таза қағаз, оны өмір әр түрлі жазулармен толтырады, осы өмірлік тәжірибені Локк сыртқы тәжірибе деп атайды (адамнан тыс заттар мен жағдайлардың әсері).

Адамдардың бәрін ол еркін, тең, тәуелсіз, өмірге, еркіндікке, меншікке құқы бар деп қарастырды. Жеке меншік пен еңбекті

ол адамның табиғи, ажырамас атрибуттары деп түсінеді, оларды қанағаттандырмаса, өмір де жоқ деп ұғынады. Локктың пікірінше, қоғамға діни шыдамдылық қажет, бірақ атеизмге жол жоқ, себебі дінсіз қоғам болмақ емес.

Коперниктің көзқарастарын қолдаған ғалым Галилео Галилей (1564-1642) механика, физика және астрономия салаларында көптеген жаңалықтар ашты. Ол әлемде тұңғыш рет өзі жасаған телескоп арқылы аспан әлемін бақылады. Нәтижесінде: жай көзбен қарағанда көрінбейтін жұлдыздардың әлдеқайда көп екендігі, Айдың бетінде Жердегі сияқты таулар болатыны, Күн бетінде дақтар бары, Юпитердің серіктері бар екені анықталды. Көптеген бақылаулар Коперник пен Бруно көзқарастарының дұрыстығын дәлелдеді. Осыдан кейін Галилей «Әлемнің басты екі жүйесі жөнінде диалог» атты жеке еңбегін жариялады. Коперниктің көзқарастарын автор өз атынан емес, лақап ат арқылы жеткізгенімен, бұл сақтығы оны аман қалдырмады. 1633 жылы қарт Галилей инквизиция сотына тартылды. Азаптау, дарға асу қаупі оны өз көзқарастарынан бас тартуға мәжбүр етті, дегенмен ғалым өле-өлгенше ғылыми ізденістерін тоқтатқан жоқ.

Ғылымдар тарихындағы бүтін бір кезеңді ағылшын ғалымы Исаак Ньютон (1643-1727) еңбектері құрайды. Өзіне дейінгілердің жетістіктеріне сүйене отырып, ол әлемнің жаңа келбетінің пайда болуын, математика мен механиканы қоса отырып негіздеді.

Өзінің ең басты «Табиғат философиясының математикалық принциптері» (1687) деген еңбегінде ғалым әлемдік тартылыс заңын тұжырымдады. Ньютон бүкіл табиғат математика мен механиканың нақты заңдарына бағынышты деп оқытты. Ол механикалық қозғалыс және жарықтың таралу заңдарын, математикалық есептеулердің жаңа әдістерін ғылымға енгізіп, көптеген жаңалықтар ашты. Ньютонның жаңалықтары ғылымның дамуына ғана емес адамдардың дүниетанымына да орасан зор әсер етті.

XVII ғасырдағы Еуропа ғылымы мен мәдениетіндегі елеулі рөлге, неміс ғалымы және философы Готфрид Вильгельм Лейбниц (1646-1716) ие болды. Оның мүдделерінің кеңдігі таңғаларлық,

ол сол кезеңдегі ғылымның барлығымен айналысып, физика мен геологияда, заң ғылымы мен тарихта өзінің ізін қалдырды. Әсіресе математика саласына сіңірген еңбегі орасан. Ньютонмен бір уақытта, бірақ басқа тәсілдер арқылы дифференциалдық және интегралдық есептеулердің негізін қалады. Ол жасаған есептеуіш машинеге бүкіл Еуропа таңдай қақты, бу қозғалтқыштары идеясы да оған тиесілі. Ғұлама ойшыл барлық ғылымдарды біріктіретін ортақ негіздерге көңіл аударып, білімдердің бірлік идеясын пайымдады.

Классицизм (латынша classicus – ең үлгілі) – XVII ғасырда әдебиет пен өнерде өріс алған көркемдік бағыт. Әдебиеттегі классицизм Ежелгі Греция мен Ежелгі Римнің классикалық әдеби шығармаларын үлгі тұтты. Классицизмге тән негізгі ерекшелік – көркем шығарманың құрылысын бір тәртіпке бағындыру. Мысалы, драмалық шығармаларды «үш бірлікті» сақтай отырып жазу талап етілді: уақыт бірлігі (оқиға бір тәулік – 24 сағат ішінде ғана өтуі керек), орын бірлігі (оқиға тек бір орында ғана өтуі керек), оқиға бірлігі (оқиға бірінен-бірі туындап, бір ізбен дамып отыратын бір ғана сюжеттік желіге құрылуы шарт). Оқиға сюжетінің сарай өмірінен алынуы, қатысушыларының үстем тап өкілдері болуы, басқа тап өкілдері тек солардың қызметшілері дәрежесінде ғана қатыстырылуы, қаһармандар мінездеріндегі менмендік, тәкаппар пандық, ұзын-ұзын монологтармен сөйлеулер, тағы басқалар. Классицизмнің өркендеген кезі Францияда XVII-XVIII ғасырлар болды.

Бұл кезеңдегі классицизмнің ең ірі өкілдері – Н. Буалоның (1636-1711) поэтикалық толғаулары, П. Корнельдің (1606-1684), Ж. Расиннің (1639-1699) трагедиялары, Ж.Б. Мольердің комедиялары кең танымал болды.

Классицизмнің тағы бір көрінісі ол – абсолюттік Франция. Версаль – француз корольдерінің резиденциясы, өзінің саябағы мен архитектуралық ансамблі арқылы Еуропаның көптеген король сарайларына үлгі болды.

Әдебиет пен көркемөнердің дамуы. Ғасырдың ұлы идеясы әдебиет – көпшілік көңілін баурап алды. Ағарту әдебиеті жаңа

оқушының пайда болуына әкелді, бұл оның өз бетімен білім алуға құштарлығын арттырды. Ағартушылық кезеңнің жазушылары өздерін философтар деп атады. Әдебиет қоғамдық ой-пікірге сүйенді, ол ой-пікір үйірмелер мен салондарда қалыптасты. Сарай жалғыз орталық болудан қалды. Париждің философиялық салондары сәнге енді. Оқыған білімді қоғам ағартушылардың жаңадан басылып шыққан шығармаларын құмартып оқыды. 1717 жылдан 1724 жылға дейін Вольтердің жарты миллион томы және Руссоның шамамен миллион томы басылып шықты.

Вольтер, шын аты Франсуа Мари Аруэ (1694-1778) барлық Еуропаның ағартушыларының көсемі. Оның шығармашылығында ғасырдың қоғамдық ойы толық және айқын бейнеленді. Барлық рационалистік қозғалыс көбінесе Вольтердің қызметімен теңестіріледі және вольтерлік деп жалпы атпен аталады.

Ағартудағы демократиялық бағыт, радикалды ағартушы Жан-Жак Руссоның (1712-1778) есімімен «русоизм» деп аталады. Ол Француз революциясын рухани дайындаушы болды. Руссо әлеуметтік теңсіздік себебін жеке меншікте деп білді («Теңсіздіктің басы және негіздері туралы ойлар»). Руссо адамның табиғи дамуына бөгет жасайтын нәрселердің бәрі тәрбиенің көмегімен жойылу керек деп есептеді. Ізгілік пен демократизмге толы педагогикалық көзқарастар оның атақты «Эмил, немесе тәрбие туралы» роман-трактатында жазылған.

Ғасырдың ірі оқиғасы «Ұлы Энциклопедияны» жарыққа шығару болды. Ол ағартушылардың бөлек-бөлек жатқан білімдерін бір жерге жинады. Бұл іске Ағарту идеясының жүздеген өкілдері қатысты. Энциклопедия өз маңына ақылды, данышпан адамдарды жинады. Кәсіпорынның редакторы ағартушылардың демократиялық бағытының өкілі Дени Дидро (1713-1784) болды. Ол Түсіндірме сөздікке әр түрлі мазмұндағы мақалалар жазды: философия, саясат, грамматика, риторика, мораль, эстетика, механика бойынша. Ол өз мақалаларына жаңа рух – еңбекке құрмет рухын енгізді.

Әдеби шығармаларға келер болсақ, Даниель Дефоның (1660-1731) атақты «Робинзон Крузо» романы жатады. Ол әр түрлі

жанрларда 200 жұмыс жазды: өлеңдер, романдар, саяси очерктер, тарихи және этнографиялық туындылар.

«Гулливердің саяхаты» атты әйгілі туындының авторы Джонатан Свифт (1667-1745) дүниеге ұстамды, материалистік позиция жағынан қарайды. Лилипуттардың ойлап тапқан елі ағылшын қоғамының сатиралық бейнесін береді: сарайдағы қастықтар, жағымпаздық, тыңшылық, парламент партияларының мағынасыз күресі. Алыптар елін суреттейтін екінші бөлімінде «ағартушылық абсолютізмнің» идеалы – мейірімді және ақылды монарх билік құратын елдегі бейбіт өмір мен еңбек туралы армандар айтылады.

Музыка. Сұлулығы мен ұлылығы жағынан теңдесі жоқ шығармалар дүниеге келді. Немістің екі ұлы композиторы Георг Фридрих Гендель (1685-1759) мен Иоганн Себастьян Бах (1685-1750) шіркеулік музыканың жан-жақты дамуына жол ашып, оны биікке көтерді. Жарты ғасырға жуық уақытын Лондон соборына қызмет етуге арнап, таңғажайып туындыларды дүниеге әкелген Гендельді ағылшын композиторы ретінде де тануға болады. Неміс шіркеулерінде органда ойнаудан бастаған Бахтың құдіретті де терең музыкасы шіркеулік музыканың нағыз шынайы музыкаға айналуындағы алтын көпір болды. Бұл композитордың жаңашылдығы мен таланты бірден бағаланған жоқ. Тек 80 жылдан кейін, Бах қайтыс болғаннан соң ғана оның туындылары шарықтады. Осы жылдар аралығында оның ноталары жазылған көптеген қолжазбалары ізсіз жоғалып кетті.

Кәсіби музыка өнерінің дамуында веналық классикалық мектептің басты өкілдері Й. Гайдн, В. Моцарттың алатын орны ерекше. Гайднды Вена мен Вена маңында тұрғандықтан, Веналық классик деп те атайды. Мұндай жоғары атаққа Гайдннен кейін Моцарт пен Бетховен ие болған. Йозеф Гайдн (1732-1809) – Австрияның ұлы композиторы, аспаптық музыкадағы классикалық стильдің негізін қалаушы. Гайдн творчествосы өмірлік дүние танымымен, образдардың шыншылдығымен, терең тебіренісімен ерекшеленеді. Өзінің алғашқы квартеттерін XVIII ғасырдың 50 жылдарында, алғашқы симфонияларын 50-60 жылдары жазса, 90 жылдары бұл жанрларды шыңына жеткізді. Ол өзінің ұзақ өмірінде 30 шақты

опера, 3 оратория, 104 симфония, 14 месса, увертюралар, квартеттер тағы басқа шығармалар жазған. Й. Гайднді «симфония мен квартеттің атасы» деп атайды.

Вольфганг Амадей Моцарт (1756-1791) – Австрияның ұлы композиторы, Венаның классикалық мектебінің ірі өкілі. Оның өмірі таңғажайып, ерекше бір құбылыс. Ол бар болғаны 35 жыл өмір сүрді. Осы аз уақыттың ішінде 50 симфония, 19 опера, сонаталар, квартеттер, квинтеттер жазған. Оның аспаптық шығармалары тыңдаушылар жүрегіне жол тауып, тамсандырып келеді. Адамның көңіл-күйлерін баяндау, бақытты өмірді аңсау, халықтың күш-қуатына деген сенім Моцарт туындыларының негізгі тақырыбы болды.

Сонымен, XVII-XVIII ғасырларда Еуропа елдері арасында идеялармен және шығармашылық жетістіктермен алмасу күшейе түсті. Оларда білімді адамдар шеңбері кеңіп, ұлттық зиялы қауым қалыптаса бастады. Дамып келе жатқан мәдени алмасу, адамзат қоғамының мәдениет бірлігі туралы түсініктерді таратуға мүмкіндік жасады.

Осы кезеңдердегі Шығыс мәдениетіне келер болсақ, онда күрделі өзгерістер болмағанымен, айтарлықтай алға жылжушылық орын алды. Мысалы, Ұлы Моғолдар билігінің дәуірі үнділік өнер мен архитектурасының дамуында тамаша кезеңдердің бірі болған. Бұл жерде Үнді және Парсы дәстүрлері араласқан жаңа мектептер пайда болды. Осы кезеңнің ең елеулі әсер беретін архитектуралық құрылыстарының қатарына – Шах Джахан өзінің әйелі үшін салған Тадж-Махал мавзолейі, Агра және Дели форттары, Фатехпур-Сикридегі Джама-Масджид үлкен мешіті жатады. Сурет өнеріндегі осы кезеңнің ірі жетістіктері, иллюминацияланған қолжазбалар мен миниатюралы көркем суреттер болды.

Қытайдың қоғамдық ойында маньчжурлар жаулап алғаннан кейін де дәстүршілдік басым болды. Оған ішкі және сыртқы саясаттың да ықпалы көп еді.

Бұл кезеңдегі қоғамдық ойдың екі негізгі тенденциясын белгілеуге болады. Ойшылдардың бір тобы Цин династиясының орнауын заңды және қажеттілік деп негіздеуге тырысса, екінші

тобы керісінше, оның Қытай үшін кертартпа құбылыс екенін дәлелдеумен болды.

Бірінші тенденцияда, Циндықтар Чжу Си интерпретациясындағы сундық кезеңнің конфуциандық ілімін басшылыққа алды. Император Канси (1662-1723) конфуциандық негізде мемлекеттің ресми идеологиясын белгілейтін «Шэн Юй» («Қасиетті эдикт») доктринасын жариялады.

XVII ғ. ресми идеологияның ерекше қарсыластарының бірі ретінде Хуан Цзусиді атауға болады, ол сундық идеологияның басты тезисі билеушінің абсолютті билігіне қарсы болды. Оның ойынша, халық пен императордың арақатынасы шартты түрде болады және ол халық мүддесімен белгіленеді. Бұл кезеңнің ойшылдарының негізгі тезистерін құрған идея: кез келген философиялық жүйе өмірлік тәжірибеден шығуы тиіс.

Осы кезеңде идеологиялық күрес филология аясында да жүрді. Бұл қозғалыстың идеологтарының бірі Хуэй Дун және Дай Чжэнь болды. Хуэй Дун Хань империясының кезеңіне дейінгі жазба ескерткіштердің дәйектілігін жоққа шығарды, оның пікірінше, сундық емес, тек ханьдық ойшылдар шынайы қытайлық дәстүрлерді иеленуші болып табылады. Дай Чжэнь пікірінше, кез келген ежелгі құжат мазмұны, адамдарға сөз арқылы жазбаша түрде жеткен белгілі бір ілімді құрайды. Сондықтан, ең алдымен жазудың өзін зерттеу керектігін айтты. Осы ойдың ықпалымен Қытайдың циндік дәуірінде палеография, тарихи география және хронология дамыды. Ғалымның ойынша, бұл ғылыми бағыттарсыз ежелгі ескерткіштердің мазмұнын тану мүмкін емес.

XVII ғасырда маньчжурлар тұсында Мин династиясының тарихын жазатын топ құрылады, онда Мин империясының құлап, Цин империясының орнау керектігі дәлелденеді. Бұл топпен келіспеген тарихшылар қудаланды, түрмелерге жабылды. Үкіметке ұнамаған кітаптар жойылды. Тек император Цяньлун тұсында 1774-1782 жылдар аралығының өзінде мұндай тәркілеулер саны 34-ке дейін жетті.

1772 ж. Цяньлун Қытайда шыққан және алдағы жиырма жыл ішінде шығатын кітаптардың бәрін жинауға бұйрық береді.

Олардың саны 170 томнан тұратын 10 мың атаудан тұрды. Олардың бәрі төрт категорияға бөлініп, құрылған кітапхана «Сы ку цюань-шу» («Төрт қордағы толық кітаптар жиынтығы») деп аталды.

Шетелдік державалардың қытай нарығына дендеп енуі және Қытайға апиын ағынын тоқтату мен күміс шығынына шек салу әрекеттерінің сәтсіздікке ұшырағанын көрген қытай элитасының өкілдері енді Қытайдың әлем орталығы еместігіне көздері жетті. Олар конфуциандық идеологияны сынап бастады. XVIII-XIX ғғ. мұндай сыни критиканы білдіргендер «Заманауи мәтіндер мектебінің» («Школы современных текстов») өкілдері болды. Бұл мектеп өкілдерінің ойынша, Қытайдағы конфуциандық идеология заман талабына сай өзгерістерге ұшырап отыру керек. Сонымен қатар, олар батыста шыққан кітаптардың, ғылыми еңбектердің қытай тіліне аударылуын, батыстың жақсы жетістіктерінің қытайға енуін талап етті. Олар, билеуші ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, өзінің іс-қимылын жасау керек деп мәлімдеді. Осы ойшылдардың күштерінің арқасында XIX ғ. Қытайда «варварлардың (шетелдік) істерін үйрену, игеру» доктринасы орын алды, оның негізін салушы Вэнь Юань (1794-1856) болып саналады. Оның «Хайго тучжи» («шетелдік істерді карта арқылы сипаттау») атты басты еңбегінде, сол кезеңдегі Қытай үшін негізгі міндет қойылды – «варварлардың» көмегімен «варварларға» соққы беру, олар туралы білімді, олармен бейбітшілікте тұру үшін пайдалану, ал олардың жетістіктерін игеру арқылы, оларды бағындыру.

Бұл жұмысты жазуда авторға Линь Цзэсюй көп септігін тигізеді. Линь Цзэсюйдің өзі де Қытайдың қоғамдық ойының тарихында ізін қалдырған. Оның «Цифу шуйли» («астанаға қарасты су шаруашылығы туралы еңбек») атты туындысы белгілі. Онда күріш өнімін тек оңтүстік аймақтарда ғана емес, Қытайдың шығысында да өндіру керектігін дәлелдейді. Сонымен қатар, оның қаламына «Шетелдіктер Қытайда», «Ресей мемлекеті жөнінде маңызды мағлұматтар», «Төрт материк сипаттамасы» және т.б. атты еңбектер жатады.

Аталған кезеңдегі Қытай мәдениеті бұрынғы дәстүрлік ағымында қала берді. Билеушілердің бақылауына әдебиет көп ұшырамады. Оны шамалап екі типке бөлуге болады – элита және халық үшін әдебиет. Жоғарғы тап әдебиетіне «жоғарғы» поэзия, сун дәуірінде қалыптасқан эссе түрінде сюжетсіз прозалар жатты.

Халыққа арналған әдебиет негізінен театралданған пьесалардан, повестерден, романдардан тұрды. Ең атакты романдардың қатарына Цао Сюэциннің «Қызыл үйдегі түс» жатады, онда бай маньчжур отбасы өмірі туралы сөз болады. Келесі бір атакты әдебиетші У Цзинци және оның «Конфуциандықтың ресми емес тарихы» сатиралық шығармасы, ол шенеуніктердің конфуциандық негізде емтихан қабылдауларына және бюрократтарға қарсы бағытталған еңбек ретінде жазылды.

Архитектурада да дәстүрлік жалғасты. Ең алдымен ол, көлемділік және қытайлық барокко стилінде жаңа салынған ғимараттардағы декоративті элементтер.

Мұндай құрылыстардың ішкі жинақталуына деген қажеттілік қолданбалы өнер бұйымдарына қызығушылықты арттырды. Қолданбалы бұйымдар көбінесе ежелгі қытайлық қолөнер туындыларының көшірмесі еді, мұны білмеген шетелдіктер көшірмелерді түп нұсқа деп танып, оларды өз елдеріне мұражайларға жіберіп отырды. Қытай шеберлері сонымен қатар, тасқа салынған оюлармен (нефрит, яшма, піл сүйегінен жасалған бұйымдар) әйгілі болды. Ерекше атаққа қытай фарфорының шеберлері ие болды. Оны өндіретін мемлекеттік және жекеменшік зауыттар пайда болды. Фарфор Еуропа елдерінде, Азияда үлкен сұранысқа ие болды, онымен әдетте сарайлар әдемі безендірілді.

Қытай көркем сурет өнері де дәстүрлікті сақтады. Негізгі көркем сурет өнер жанрлары декоративті («гүлдер мен құстар»), пейзаж («тау мен су») және портретті жанрлар болып табылды. Қытай суретшілері сурет көркем өнер Академиясына біріктіріліп «Көркем сурет өнер бағы» деп аталды. Қытай сурет өнеріне миссионерлер арасында болған еуропалық суретшілер де әсер етті. Нәтижесінде қытайлық және еуропалық көркем өнер техникасы араласқан ерекше мәнердегі туындылар пайда болды.

Жапония мәдениетінің дамуы үшін XVII ғасыр қолайлы кезен еді. Себебі бұл уақытта Жапонияда 200 жылға созылған бейбіт өмір орнады. Осы аралықта халық саны 30 млн дейін өсті. Қала мәдениеті дамыды. Кабуки (музыка, өлең айту, би және драманы біріктірген өнер орны) және бунраку (қуыршақ театры) театрлары пайда болды. Ақындар «хайку» деп аталатын өте қысқа өлең түрін ойлап тапты.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мәдениет ұғымына түсініктеме беріңіз?
2. XVIII ғасырды неліктен Ағартушылық дәуірі деп атайды?
3. Осы дәуірдегі өнер туралы не айта аласыздар?
4. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, осы дәуір өнерінің туындылары, көрнекті өкілдері жайлы реферат жазыңыздар.
5. Алып отырған кезеңдегі Шығыс мәдениеті жайлы не айта аласыз?

§ 10. Халықаралық қатынастар

XIX ғасырда Шығыс елдері жоғарыда көрсеткендей, еуропалық мемлекеттер мен АҚШ-тың отарлық жаулаушылығына ілікті. Олар Қытай, Жапония және басқа да Қиыр Шығыс елдеріне бақылау жасауға ұмтылды. XIX ғасырдың басынан Орта Шығыс елдері мен Үндістан да отаршылдар назарынан тыс қалмады. Бұл уақытта Иран, Ауғанстан, Кавказ және Закавказье үшін Англия мен Ресей арасында талас орын алды. 1875-1878 жылдары «Шығыс дағдарысы» жүрді. Оның мәні Осман империясының иелігіндегі Балқан халықтарының түріктерге қарсы азаттық күреске шығуы болды. Балқандағы оқиғаларға Ресей, Англия, және Австро-Венгрия белсенді қатысты.

Еуропа мен АҚШ-тағы жұмысшылар қозғалысының дамуы. Фабрика-зауыттағы жұмысшылар тобының құрылуының негізгі алғышартына өнеркәсіптік революция айналды. Оның әр елдегі қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері болды. Машиналар қол еңбегін, қолөнер шеберханаларын және мануфактураларды ығыстырды. Мануфактуралардың маманданған шеберлері, қайыршылық күйге түскен қолөнершілер, шебер көмекшілері, шаруалар жұмысты фабрикаларда, темір жолдарында іздеуге мәжбүр болды. Әйел мен бала еңбегін пайдалану кең етек жайды. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ұлыбританиядан басқа еуропалық елдерде жұмысшы тобы халықтың аз бөлігін құрады. Еңбек және тұрмыс шарттары 10-сағаттық жұмыс күнімен сипатталды. Кейбір елдерде жұмыс күні 12-16 сағаттан болды. XIX ғасырдың екінші жартысында жұмысшылардың саны өзгерді: 1907 жылы олар Германиядағы халықтың – 43% үлесін, Бельгияда 1910 жылы – 54%, Ұлыбританияда 1911 жылы – 51%, Францияда 1911 жылы – 36% құрады.

XIX ғасырдың екінші жартысында жұмысшылар әр түрлі жалақысы бар үш топқа бөлінді. Олар күрделі иерархиялық құрылымды құрады. XIX ғасырдың екінші жартысындағы жұмысшылар тобы қайыршылық күйге түскен бұрыннан келе жатқан жұмысшылардан тұрды. Өнеркәсіптік революцияның барысында жұмысшылардың жоғарғы тобы – аристократия қалыптасты.

Германияда ол 9% (700 мың) құраса, Англияда 15-20% құрады. Жұмысшылардың үшінші тобына мамандандырылмаған жұмысшылар кірді. XIX ғасырдың екінші жартысында жұмысшылардың саны өсті. Олардың соғыс қарсаңындағы жалпы саны 100 млн -ға жетті. Көптеген зерттеушілер жұмысшылардың жоғарғы тобының тұрмыстық деңгейінің көтерілуін атап өтті. Олардың етті (0-ден 8,2 фунтқа дейін), майды (1-ден 8 фунтқа дейін), шәйды пайдалануы көбейді.

Коммунистік идеялардың жұмысшылар қозғалысына ықпал етуі. 22 шілдеде Лондонда Польшадағы көтерілісті қолдау мақсатындағы ереуіл өтті. Онда 5 адамнан құрылған француздық делегация қатысты. Келесі күні тред-юниондардың Лондондық кеңесінің делдалдығы арқылы олар ағылшын жұмысшыларының өкілдерімен кездесті. Нәтижесінде, жұмысшы тобының халықаралық ұйымын құру бойынша Дайындық комитеті құрылды. 1864 жылдың 28 қыркүйегінде лондондық Сент-Мартинс-холлда ағылшын тред-юниондары, Франция делегаты итальяндық, польшалық және неміс эмигранттары өкілдерінің жиналысы өтті. Олар Жұмысшылардың Халықаралық Бірлестігін құрып, Бас Кеңесті тағайындады. 1864 жылдың 1 қарашасында ол К. Маркс ұсынған Құрылтай манифестін және уақытша Жарғыны бекітті. Ол тарихта Бірінші Интернационал деп аталып кетті. Интернационал орталықтандырылған тұтас халықаралық жұмысшылардың партиясы болды. Оның конференциялары (Лондонда 1865 және 1871 жж. шақырылды) мен конгрестерінде (Женева – 1866ж., Лозанна – 1867ж., Брюссель – 1868 ж., Гаага – 1872 ж.) жұмысшылар қозғалысының стратегиялық жолы және тактикалық мақсаттары анықталды. 1865 жылы Лондон конференциясының жұмысында Маркс қатысты, ал екінші Лондон конференциясына Маркс та, Энгельс те қатысты. Интернационалдың қызметінің маңызды бағыты ұлтзаттық қозғалыстарды қолдау болды. Кеңес дәстүрлі түрде Польша халқының 1831,1846,1863 жылдары болған көтерілістерінің бір жылдығы кезінде ынтымақтастық ереуілін ұйымдастырып тұрды. Маркс Кеңес мәжілістерінде және ереуілдерде сөз сөйлей отырып, патшалықтың, пруссиялық және австриялық үкіметтің саясатын

әшкереледі. 1866 жылдың қаңтарынан бастап Кеңес Англиядағы ирландық мәселеге көп көңіл бөлді.

60 жылдардың аяғында 70 жылдардың бірінші жартысында Маркс пен Бакуниннің арасында социалистік қозғалыстағы жетекшілік үшін бәсекелестік күшейді. 1863 жылы Бакунин анархистік заңсыз бауырластықты құру үшін насихат жүргізді. Интернационалдың құрылысы Бакуниннің жоспарын жүзеге асуын тездетуге итермеледі. 1868 жылы Женевада «социалистік демократияның Альянсы» өз қызметіне кіріседі. Маркс Швейцария, Испания, Италияда анархизмнің жайылуы мен Бакунин ықпалының өсуі, француз, бельгия, голландық жұмысшылардың көп бөлігінің бакунизмге қолдау көрсетуіне алаңдады. Шешуші қақтығыс 1872 жылы 2-7 қыркүйекте өткен Гаага конгресінде болды. Конгрестің 6 күндік жұмысының 3 күнін алған мандаттарды тексеру барысында, Бас кеңестің жақтаушылары басым көпшілікке ие болды. Ол Жарғыға «жұмысшы тобының саяси қозғалысы туралы» Лондон конференциясының резолюциясын қосуды қамтамасыз етті. Анархистер конгресте жеңілді. Интернационалдан Бакуниннің алшақтауы оның беделін төмендетпеді. Көптеген көрнекті социалистер өкініштерін білдірді (Э. Бернштейн, Г. Лопатин). Юрадағы секция (Швейцария), Бельгиядағы, Испаниядағы, Англиядағы федерациялар Гаага конгресінің шешімінен бас тартты. 1873 жылы мамырда Бас кеңес Маркс пен Энгельстің өтініш-талаптары бойынша басқаша ойлайтындарды шығарып салумен жауап берді. Интернационалдың құлдырауы аяқталған факт болды. Бакунистер оның қызметін өз жалауының астында жалғастыруға тырысты және бірқатар конгрестер өткізді: Женевада (1873ж.), Брюссельде (1874ж.), Бернде (1876ж.), Вервьедде (1877ж.). Бірақ кейіннен анархистік Интернационалдың да қызметі тоқтады.

Ұлы державалардың арасындағы дүниежүзілік аумақтық бөліністің аяқталуы олардың арасындағы қарама-қайшылықтарды тереңдетті. XIX ғасырдың аяғында капитализмнің дамуының әркелкілігі күшейді. Германия мен АҚШ өздерінің өнеркәсіптік дамуында ескі капиталистік елдерді – Англия мен Францияны озып

өтті. Жаңа капиталистік мемлекеттердің өсуі әлем нарығындағы күрестің шиеленісуіне әкелді. Жетекші мемлекеттер жаңа шикізат нарықтарын іздестірді. Олардың бастауына отарлар айналды. 70 жылдары Англияның консервативтік үкіметі отаршылдық басқыншылықты бастады. Англия Кипрді жаулап алды (1878 ж.), өзіне бағындыру үшін Ауғанстанға қарсы соғыс бастады. Африкада Англияның Трансваальді басып алмақшы болған талпынысын бурлар тойтарып тастады. 1885 жылы Англия Ауғанстанды ағылшын протектораты ретінде мойындауға мәжбүрледі. Ағылшын үкіметі орыс-ауған шекарасында болған қақтығысқа араласып, ағылшын-орыс соғысының қаупін туғызған болатын. Белсенді отаршылдық саясат жолына енді Франция шықты. 1881 жылы ол Тунисті басып алып, өзінің протекторатын мойындатты. Бұл жағдай Туниске дәмесі бар Италиямен қақтығысқа алып келді. Экономикалық себептерден басқа, Туниске деген қызығушылық оның стратегиялық орналасуына байланысты да күшейді. Францияның Тунисті жаулап алуы, Италияның Германия және оның одақтасы Австро-Венгриямен жақындасуына түрткі болды. 1882 жылы Италия Германия және Австро-Венгриямен Үштік одақты құруға келісті. Одақтық келісім бойынша, Италияға Франция шабуыл жасаған кезде, қатысушы екі ел (Германия мен Австро-Венгрия) оған әскери көмек беруге уәделесті. Дәл осындай жауапкершілікті Италия да өз мойнына алды. Ал Австро-Венгрияның Германияның алдында мұндай міндеті болмады. Египетті ағылшын-француз банкирлерінің аяусыз пайдалануы 1882 жылы ұлтзаттық көтеріліске алып келді. Ағылшын үкіметі өз елінің азаматтарын қорғау сылтауымен Египетті басып алмақшы болды. Александрияны варварлық бомбылаудан кейін ағылшын флотының кемелерімен десант түсірілді. Көп ұзамай ағылшын әскерлері бүкіл Египетті жаулап алды.

Басқыншылардың Африканы бөлуі уақытында көптеген келіспеушіліктер орын алды. Мысалы, Конго өзенінің сағасы кімге берілу керек сияқты мәселелер үшін күрес туындады. Ол экваториалдық Африканың басты сауда көзі болды. Ағылшын үкіметі Конго өзені сағасын Англияның қаржы-экономикалық тәуелділігінде болған Португалияға бергісі келді. Франция (Гер-

маниямен қоса), Конго бассейнін толығымен дерлік жаулап алған бельгиялық король Леопольдке берілуіне қол жеткізді. 1884-1885 жылдары Берлин конференциясында аумақтың шекарасы белгіленді. «Конго тәуелсіз мемлекеті» деп аталған бұл жер шын мәнісінде король Леопольдтің жеке иелігі болды.

Ағылшын және француз мүдделері Батыс Африкада да қақтығысқа келді. 70 жылдары француздар Сенегал сағасынан (бұл жерде олар ертеде орналасқан) өзенмен өрледі. Осылай, олар Нигердің бастауына келді де, оның ағымымен төменге түсті. Сол шақта осы өзен бойымен өрлеп келе жатқан ағылшындар 1884 жылы қазіргі Нигерияның аймағын жаулауға кірісті. 90 жылдардың басына таман отарлаушылардың екі қозғалысы қақтығысып қалды. Нигер бассейніндегі ағылшын және француздық ықпалдарды бөлісу туралы талас 1899 жылға дейін созылды.

Осы кезде француздар Конгомен жоғары жылжи отырып, оның оң жағалауын басып алып отырды. Олар Конгоның тармағы – Убанга өзенімен де жылжыды. Француздар Х Карл кезінен-ақ жаулап ала бастаған Алжир мен Нигер бассейнінің арасында Сахара жатыр. Тұтас отаршыл аймаққа жақын осы шөл де жаулап алынды. 80-90 жылдары Франция Батыс және Орталық Африкада алып отаршылдық империясын құрды. Ол Мадагаскар аралын да басып алған болатын (1886 ж.).

1874-1887 жылдары Англия Малай түбегінің мемлекеттерінде протекторат құрды. Бұл кішкентай отар Англияның ең табысты иелігі болды. 80 жылдардың басында екінші империя кезінде Үндіқытайдың оңтүстік бөліктерін басып алған Франция, ол жерде жаңа жаулап алушылықтарға кірісті. Ол Аннамды басып алды (1883). Француздық агрессия Вьетнам халқының батыл қарсылығына, сонымен қатар Қытаймен соғысқа апарды. 1885 жылдың 15 наурызында Ланг-Сон маңындағы шайқаста қытайлықтар француздардың тас талқанын шығарды. Бұл жеңіліс біраз уақытқа француздық отаршылдық басқыншылығын тежеді. Дегенмен де, Тонкийді француз отаршылары басып алды (1885).

Үндіқытайдағы француздардың иеліктерінің кеңеюі, оларды Үндістанның шығыс шекараларына жақындатты. Ағылшындар оларды «британдық тәждің інжу моншағына» жақындатпау үшін,

1885 жылы Бирманы басып алды. Француздық Үндіқытай мен Британдық Үндістанның ортасында, дәнекер ретінде, өз даралығын сақтап қалған Таиланд (Сиам) қалды. Конгоның батыс бөліктері ағылшындар ықпалына, шығыс бөліктері француз ықпалына жатты.

Германдық капиталистер 70 жылдары отаршылдық басқыншылықты қарқынды түрде жүргізе бастады. Бірнеше уақыт бойы Бисмарк бұл қадамға бара алмады. Бірақ, 80 жылдардың басындағы Бисмарк бар күш-жігерімен отаршылдық саясатқа кірісті.

1884 жылы Германдық оңтүстік батыс Африка атауына ие болған облыстар басып алынды, одан кейін Того мен Камерун аймақтары да жаулап алынды. 1885 жылы Германдық шығыс Африка мен Жаңа Гвинеяның солтүстік шығыс бөлігі алынды. Алайда, 1886 жылы Еуропалық құрлықтағы қиындықтар германдық үкіметтің кейінгі басқыншылық саясатын жүргізуден уақытша бас тартуына ықпал етті. Берлин конгресінен кейін қайта құрылған болгарлық мемлекеттегі жағдай тұрақты болған жоқ.

80 жылдарға дейін ағылшын капиталы Африканың көп бөлігінде ықпалды болды. 80 жылдардан бастап Италияның басшылығы Эфиопияны (Абиссиния) жаулауға кірісті. 1895 жылы олар осы елге шабуыл жасады. 1896 жылдың басында эфиопиялықтар Адуа маңындағы шайқаста Менликтің басшылығымен итальяндық экспедициялық корпустың тас-талқанын шығарды. Эфиопия батыл күресте өзінің дербестігін сақтап қалды. 1896 жылы ағылшын үкіметі Суданды басуға кірісті. 1898 жылы ағылшын әскері жергілікті халықтың қарсылығына төтеп беріп, Хартумды басып алды. Ол жерде арабтарға, отарлаушылардың тәжірибесінде жоқ, аса қатыгездікпен жәбірлеу көрсетілді. Осыдан кейін Нилдің бойымен өрлеген итальяндық экспедициялық корпус Фашод аулының жанында Маршан басшылығындағы француз жасағын кезіктіреді. Маршан Суданға француз иеліктерінен Убанга аумағына (Конго бассейнінде) тропикалық ормандар мен Орталық Африканың саванналары арқылы, ағылшындарға кесе-көлденең жүрген. Оның мақсаты Англияға Нил алқабының қожайыны

атануына жол бермеу. Сонымен қатар алқаптың бастауында орналасқан Маршан француз әскерінің Египеттегі ықпалын күшейтуге жәрдемдесуі қажет болды. Ағылшын әскерінің қолбасшысы Китченер Маршанға Ніл бассейнінен кетуін ұсынды. Ағылшын үкіметі француздық әскерлер осы талапты орындамаса, соғыс ашамыз деп қокан-локқы көрсетті. Маршан артқа шегіну туралы бұйрық алды. Кейіннен Англия Суданды басып алды.

XIX ғасырдың аяғына таман империалистік державалардың арасындағы әлемді аймақтық бөлісуі негізінен аяқталды. 70-90 жылдары Африка, Орта мен оңтүстік шығыс Азияның бөлінісі орын алды. Ауқымды аймақтар ірі капиталистік алып мемлекеттердің отарларына айналды. Түркия оған мүдделестік танытушы мемлекеттердің көптігінен бөлінбеді. Ресей Англияның өз ықпалын Осман империясының барлық жерінде нығайтуына жол бермеді. Англия мен Австро-Венгрия Ресейге Түркияның бұғаздары мен астанасында өз бақылауын жүргізуге кедергі жасады. Бірақ капитуляциялық тәртіп және халықаралық қаржылық бақылау Түркияны жартылай отар елге айналдырды. Марокко мен Эфиопия да жартылай отарға айналды. Қытай мен Түркия сияқты олар да өздерінің ұлттық мемлекеттігін сақтағанымен, экономикасы жағынан бағынышты және теңсіз келісімдермен шырмалған болып қалды. Олардың егемендігі де капитуляция режимімен бұзылды.

Әскери-саяси одақтардың құрылуы. XX ғасырдың басына таман Еуропада 2 басты әскери-саяси одақ құрылды (Үштік және Антанта). 1882 жылы Үштік одақтың құрылуынан қауіптенген Франция оны бейтараптандыруға тырысты. Одақтасы ретінде Ресейді алуға болатын еді. Мұндай одақты жүзеге асыру үшін, біріншіден Қиыр және Таяу шығыстағы француз-орыс қарамақайшылықтарын біржақты ету керек болды. Франция мен Ресей, әскери-саяси конвенцияда рәсімделген франко-орыс одағын құрды (1891-93). 1903 жылы король VII Эдуард және президент Лубе іс-сапарлармен алмасты. Олардың барысында ағылшын-француз достығының дәуірі басталу қажеттілігі туралы айтылды. Нәтижесінде Антанта келісіміне қол қойылған еді. Оның

екі бөлігі болды. Біреуі жария үшін, екіншісі – құпия. «Египет пен Марокко туралы» ашық декларацияда Англия мен Франция осы елдердегі саяси бағытты өзгерту ойларының жоқтығын айтты. Құпия келісімнің баптарында Франция Египетте Англия тәртібінің орнатылуына кедергі жасамайтындығын, ал Англия Францияның Марокконы басып алуына қарсылығының жоқтығы туралы атап өткен. 1904 жылы Англия мен Франция Антанта келісіміне және отаршылдық ықпал аймағының бөлінісі туралы шарттарға қол қойды.

1905-1906 жылдардағы Марокко дағдарысына Германия да араласты. II Вильгельм өз үлесін алғысы келіп, марокколық портқа сапар шекті. Онда Марокко сұлтанының тәуелсіздігіне «қошемет білдірді». Германияның араласуы Еуропадағы жағдайды шиеленістірді. Англияның басшылығы Германияға қарсы флот қана емес, сонымен қатар құрлықтық әскер мен одақтастардың қажеттігін түсінді. «Тамаша оқшаулану» саясаты соңына жетті. 1906 жылдың басында-ақ Англия мен Францияның құпия жазбалары олардың әскери ынтымақтастығы және Германиямен соғыс болып қалған жағдайда ағылшын дивизияларының Францияға қоныс аудару мүмкіндіктерінің шарттарын анықтады. Сонымен қатар ағылшын-орыс одағы да қажет болды. 1907 жылдың 31 тамызында Иран, Ауғанстан және Тибетте ықпал аймақтарын межелеп бөлу туралы ағылшын-орыс конвенциясына қол қойылды. Санкт-Петербуркте өткен келіссөздер 1907 жылдың 31 тамызында ағылшын-орыс келісімімен аяқталды. Ол Англия мен Ресейдің Орта Шығыстағы қарым-қатынасын реттеді. Парсы елін үшке бөлді. Солтүстік – халқы көп және бай бөлігі Ресей ықпалына өтті. Орталық аудандары бейтарап болып жарияланды. Мұнайға бай және Парсы шығанағы мен Үндістанға іргесін жауып тұрған оңтүстік бөлігі Англия бақылауына кетті. Ресей Ауғанстанды талап етуден бас тартты. Ағылшын-орыс келісімі Антантаны құру үдерісін аяқтады.

Шілде дағдарысы және бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы. 1914 жылдың көктеміне қарай еуропалық державалардың арасындағы қарама-қайшылықтар қатты шиеленісті. Шиеленістер тек құрылған екі әскери-саяси одақтардың арасында ғана емес, сонымен қатар әр топтардың ішінде де орын алды.

Серб шекарасының жанында австриялық әскер тақ мұрагерінің алдында маневрлар жүргізуді жоспарлаған. Құрамына сербтер, хорваттар, словендер, босниялықтар кірген «Жас Босния» ұлттық ұйымы, лаңкестік акт дайындады. 1914 жылы 28 маусымда Гаврила Принцип эрцгерцог Франц Фердинанд және оның жұбайы автокөлікте Босния астанасы Сараево қаласының көшесімен өтіп бара жатқан кезде өлтіріледі. Бұл Босния мен Герцеговинаның Габсбургтер монархиясына күштеп қосуына жауапты акция болды. 1914 жылы 23 шілдеде Австро-Венгрия Сербия-ға ультиматум қойды. Оны қанағаттандыру үшін баржоғы 48 сағат берді. Австрияның талаптары: Сербияда барлық Австрияға қарсы ұйымдарды және габсбургтерге қарсы үгіт-насихаттарды тоқтату, офицерлерді австро-венгерлік үкіметтің тізімі бойынша жұмыстан шығару, тақ мұрагерін өлтіру ісі бойынша тергеу жұмыстарына Габсбургтер монархиясының өкілдерін кіргізу болды. Олар егемен мемлекет ретінде Сербияның абыройына нұқсан келтірді және оның ішкі істеріне араласуын білдірді. Сербия барлық наразылықтарды қабылдағанымен, Австро-Венгрия 26 шілдеде оған соғыс жария-лады. 30 шілдеде Ресей әскери мобилизациясын бастады. Осы жағдайды сылтауратқан Германия 1 тамызда Ресей империясымен соғыс жағдайын жария-лады. Германдық бас штабтың бастығы фельдмаршал Шлиффенмен жасалған әскери қимылдардың жобасы бойынша алғашында Францияны Бельгия арқылы соққы берумен талқандауды қарастырды. Оның бейтараптығын германдық соғысқұмарлар ескермеді: француздық әскерлердің Германияға шабуылына тойтарыс беру үшін деп әскерлерді өткізуін талап етті. Олардың бас тартуына қарамастан германдық әскер Бельгияға басып кіре бастады. 3 тамызда Францияға соғыс жарияланды. Ағылшын үкіметі бельгиялық бейтараптылықты бұзуын пайдаланып, 4 тамызда Германияға соғыс жариялады. Барлығы соғысқа 33 мемлекет тартылды. Антанта елдері – Франция, Англия және Ресей жағында Сербия, Черногория, Бельгия, Италия, Португалия, Румыния, Греция, Жапония, Қытай, Сиам, Мысыр, Либерия, АҚШ, Куба, Гаити, Панама, Гватемала, Никарагуа, Коста-Рика, Гондурас, Бразилия

шықты. Германиямен дипломатиялық қарым-қатынастарын Боливия, Перу, Уругвай, Доминикан республикасы, Эквадор үзді. Орталық державалардың одағымен – Германиямен және Австро-Венгриямен тек Болгария мен Түркия шайқасты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өнеркәсіптік революцияның жұмысшы тобын қалыптастырудағы маңыздылығын ашып көрсетіңіз.
2. I Интернационал қашан құрылды?
3. Соғыс қарсаңында қандай әскери одақтар құрылды?

II бөлім

XVII-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ

§11. XVII-XVIII ғасырлардағы Англия

Революцияға дейінгі Англияның даму жағдайы. XVII ғасырдың басында Англия Еуропа елдерінің ішінде дамуы бойынша алдыңғы орынға шықты. Англиядағы революцияның басталуының алғышарттары:

Біріншіден, елдің аграрлық саласында феодалдық пен капиталистік қарым-қатынастар шиеленісті. XVII ғасырда феодалдық қарым-қатынастардың қысымы әсіресе ауыл шаруашылығында көрініс тапты. Шаруалардың 60%-ы феодалдық рентаны төледі. Король жердің меншік иесі болды. Ол заңсыз салықтар мен алымдарды жинап алып отырды. Шаруалар жер қожайындары тарапынан қысымға ұшырады. Әсіресе, олардың жағдайының нашарлауына «қоршау саясаты» айрықша әсер етті. Жерді иемденген іскер қожайындар қауымдық алқаптарға малдарын жіберіп, қоршап алды. Нәтижесінде шаруалар бірнеше жылдар бойғы күнкөріс көзінен айырылды. Ағылшын қоғамы дворяндар мен шаруалар болып екіге бөлінді. Дворяндар жаңа дворяндар және ескі дворяндар деген екі топтан тұрды. Жаңа дворяндар немесе джентрилер тобы экономикалық өзгерістерді, капитализмнің дамуын қолдады. Ал ескі дворяндар корольдің абсолюттік билігіне, шіркеуге сүйенді. Олар осыған дейін өмір сүрген феодалдық қарым-қатынастардың сақталуын қалады.

Екіншіден, капитализмнің дамуы өнеркәсіп саласында да көрініс тапты. Өнеркәсіптің жаңа формасы түрінде мануфактуралар пайда болды. Әсіресе, шұға өнеркәсібін дамытуда мануфактураның рөлі артты. Англиядан шұға оңтүстік батысында Нидерланды, Франция, Германия, Италияға, ал солтүстік шығысында Польша мен Ресейге сатылымға шығарылды. Елдің ауыр өнеркәсіп

саласы да дами бастады. Қалайы, мыс, тұз өндіру 6-8 есеге, темірді балқыту 3 есеге артты. Тас көмір өндірісі 1540 жылдан 1640 жылға дейін 200 мың тоннадан 1,5 млн тоннаға дейін өсті.

Үшіншіден, революциялық бағытты насихаттаушы саяси қозғалыстар пайда болды. Саяси бастамашылықты өз қолына буржуазияның өкілдері – жана дворяндар алды. Олардың революциялық идеологиясына пуританизм айналды.

Пуританизм Англиядағы әлеуметтік, діни-саяси бағытты сипаттады. Латын тілінен аударғанда, «*purus*» таза деген мағынаны білдіреді. Олардың ілімі Жан Кальвин мен шотландық уағызшы Джон Нокстың идеяларына сүйенді. Пуритандар өздеріне қажетті идеялардың бастауын Библиядан алды. Олар бұл кітаптың жаңа аудармаларын да шығарды. Пуритандар шіркеуге мұраға қалған католиктік дәстүрлер – шіркеу соттарынан бас тартуды жақтады. Пуритандар шіркеудің сән-салтанатына, театрларға қарсы шықты.

Елдегі қалыптасқан феодалдық жүйені өзгерту мәселесінде пуританизмнің өзі екіге бөлінді:

1) пресвитериандар (ұстамдылар) – жаңа дворяндар банкирлер мен көпестерден тұрған ірі жер иеленушілердің мүддесін қорғады. Олар Англиядағы революцияның тереңдеуіне қызығушылық танытқан жоқ. Оларды пресвитер (ақсақалдар) басқарды.

2) Индепенденттер (тәуелсіздер) орта және кіші буржуазияның жаңа ақсүйектерінің ортаңғы топтарының мүддесін қорғады. Бұл радикалдық ағым Орта және Шығыс Англиядағы кішігірім джентрилер, колөнершілер және фригольдерлердің арасында кең таралған. Олар радикалдық (түбегейлі) реформаларды қолдады.

Революцияның басталуы мен барысы. XVII ғасырдың 30 жылдардың аяғы 40 жылдардың басында Англияда революциялық жағдай қалыптасты. Заңсыз салықтар сауда мен өнеркәсіптің дамуына кедергі болды. Олар халық жағдайының нашарлауына ықпалын тигізді. Биліктің тұрақсыздығына байланысты еңбекшілердің мұқтаждығы күшейді. Жаңа дворяндар, ірі жер иеленушілер мен кәсіпкерлер Стюарттардың билеу тәртібіне қарсы оппозиция ретінде қалыптасты.

Англиядағы буржуазиялық революцияның себептері:

1. Жаңадан пайда болған капиталистік нарықтық қатынастар мен ескі феодалдық құрылыстардың арасындағы қарама-қайшылықтар.

2. Стюарттар әулетінің саясатына қарсы наразылықтар. Парламент пен король І Карлдың арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісуі.

3. Ағылшын шіркеуі мен пуританизм идеологиясы арасындағы қарама-қайшылықтар.

Революцияның басты қозғаушы күштері: буржуазия және джентрилер басқарған қалалық төменгі топтар мен шаруалар.

Жаңа дворяндар, жер иеленушілер, кәсіпорын қожайындары мен саудагерлер билеуші Стюарттардың тәртібіне қарсы шықты. Олардың қарсылығы І Яков (1603-1625 жж.) пен оның ұлы І Карл (1625-1649 жж.) билеуі тұсында күшейді. Абсолюттік билікке қарсы наразылық 1628 жылы парламенттің «Құқық жөніндегі петиция» аталынған құжатты құрастыруына әкелді. Ол бойынша: сотсыз қамауға алуға тыйым салу, парламенттің рұқсатынсыз салықтарды алуға тыйым салу қарастырылды. Мұндай талаптары арқылы оппозициялық топ жеке меншіктің король мен шіркеуден қорғалуын талап етті. Король І Карлға қаржы қажет болғандықтан, парламенттің бұл шарттарына келісті. Бірақ қаржыны алғаннан кейін І Карл парламентті таратып, 11 жыл бойы жеке дара билік жүргізді. Англиядағы революциялық қарсылық бәсеңдемеді. Революцияның басталуына сыртқы саяси жағдай әсер етті. Жаңа халық пен оппозиция толқуларына қарсы шығу үшін корольдің жақын кеңесшісі лорд Страффорд Ирландияда жалдамалылардың армиясын жасақтады. Бірақ Шотландиядағы жағдай қиындады. 1638 жылы басталған Шотландиядағы ереуіл абсолюттік биліктің әлсіздігін көрсетті. Шотландия Англиямен әулеттік тамырлар арқылы байланысқан тәуелсіз корольдік еді. Шотландияда өз парламенті мен шіркеулік басқаруы болды. XVI ғасырдан бұл аумақта реформация жеңіске жетіп, шіркеулік жерлер дворяндар және буржуазияның бөлігінің қолына өтті. 1637 жылы архиепископ Лодтың кеңесімен І Карл Шотландияда жаңа діни орталықты құрды. Бұл ағылшын мен шотландиялық кальвинистік шіркеу-

лерді сәйкестендіруге жасалынған алғашқы қадам еді. Шотландия дворяндары екі мемлекеттің шіркеуін бір жүйеге келтіру елдің саяси тәуелсіздігі үшін қауіпті деп есептеді. Сондықтан 1638 жылы ереуілге шыққан шотландықтар Шотландияның діни және саяси тәуелсіздігіне қол сұғу әрекеттеріне қарсы күресу туралы салтанатты міндеттемеге қол қойды. 1639 жылы Шотландиямен соғыс басталды. Шотландияға қарсы соғыс жүргізу үшін көмек қаржы алу мақсатында «Қысқа парламент» шақырылды. Ол 1640 жылдың 13 сәуір – 5 мамыр аралығында қызмет етті. 1640 жылдың күз мезгілінде Англияда пайда болған революциялық жағдайда жаңа парламентті ашу және сайлау жұмыстары маңызды рөл атқарды. Революциялық Англияда парламент феодалдық-абсолюттік тәртіпке қарсы күрестің ұйымдасқан орталығына айналды. 1640 жылдың 3 қарашасында «Ұзақ парламент» атауына ие болған жаңа парламент шақырылды. Ол 1640 жылдың 3 қарашасында Вестминстерде жиналып, 1653 жылдың көктеміне дейін, 13 жыл бойы тараған жоқ. Парламенттің шақырылымы Англиядағы революцияның басталу кезеңі болып табылады.

1641 жылдың қазан айында Ирландияда кең ұлттық көтеріліс басталды. Ол ғасырлар бойғы Ирландияда ағылшын лендлордтарымен жүргізілген отаршылдық саясатқа наразылық ретінде пайда болды. 1640-1641 жылдары Англияда болып жатқан революциялық оқиғалардан ирландықтар өз қорытындыларын жасады. Олар ақсүйектер тобы және католик дінбасыларымен конфедерацияға бірікті.

Ұзақ парламент корольдің билігін шектеу және қоғамдық тұрмысты демократияландыру бойынша бірқатар заңдар қабылдады. 1641 жылдың қарашасында парламент «Ұлы ремонстрация» деп аталатын декларацияны жариялады. Құжатта буржуазиялық кәсіпкерліктің еркіндігін шектейтін немесе буржуазиялық меншіктің қол сұқпаушылығына қауіп төндіретін оқиғалардың барлығы «қиянат» ретінде қарастырылды. Бұл тізімге патшаның өнеркәсіп және сауда мәселелеріне араласуы, салықтардың өз қалауынша орнатуы, I Карлдың Испания және Франциямен жүргізген сәтсіз соғыстары, католиктер мен иезуиттердің жазасыз

калуы, пуритандарды қудалау жайттарына қатысты шағымдар кірді. Бірақ «Ұлы ремонстрация» манифестінде қоршау саясаты, шаруаларды тонау, ауыл және қала жұмысшыларының мұқтаждықтары туралы еш нәрсе айтылмаған.

Ұзақ парламент «Ұлы ремонстрацияны» қабылдаудан кейін оны жүзеге асыруға кірісті. 1641 жылы Жұлдызды палата мен Жоғарғы комиссияның соттары таратылды. Осы уақытта ел ішінде халықтың наразылығы да өршіді. Әсіресе, бұл қарсылық граф Страффордтың ісінде айқын көрініс тапты. Ол Ирландияда армияны жасақтап, корольдің кез-келген уақытта шақыруы бойынша Англиядағы оппозицияны басып тастауға дайын болды. Парламенттік көшбасшылар жиналыстың бірінші күні-ақ Страффордты тұтқындады. 1641 жылдың мамырында халықтың бастауымен Тауэр алдындағы алаңда Страффорд дарға асылды.

Революция одан әрі күшейді. 1642 жылдың қаңтарында I Карл «Ұлы ремонстрация» шарттарының орындалуын талап еткен бес парламенттік көшбасшыларды тұтқындауға тырысты. Бірақ халық оларды Лондон қаласында жасырды. Халық пен король билігінің арасындағы азаматтық соғыстың басталуының алғышарттары қалыптасты.

Азаматтық соғыс. Бірінші азаматтық соғыс (1642-1646 жж.) екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең 1642 жылдан 1644 жылдың жазына дейінгі аралықты қамтиды. Ол уақытта әскери бастама негізінен корольдің тарабында болды. Екінші кезең 1644 жылдың жазынан 1646 жылға дейінгі уақытты қамтыды. Ол әскери іс-әрекеттердің бастамасының толығымен парламент құзырына көшуі кезеңі болуымен сипатталды.

1642 жылдың 22 тамызында король Ноттингемде өз туын көтерді. Англияда «кавалерлер» және «домалақбастылар» болып екіге бөлінген топ арасында азаматтық соғыс басталды. Король әскерін әскери кавалерлер деп атады. Парламент жақтаушыларын, олардың шаштарының домалақ түрінде қиылғанына, иықтарына түсіп тұратын шаштарының болмауына байланысты домалақбастылар деп атады. Кавалерлер мен домалақбастылар әр графтықта бір-біріне қарсы тұрды.

Бүкіл Англия парламентті жақтаушыларға және феодалдық абсолюттік құрылыстың қорғаушыларына бөлінді. Қалалық колөнершілер мен саудагерлер, еркін шаруалар, джентрилер парламентті жақтады. Солтүстіктің феодалдық дворяндары, сарайдың өсімқорлары, ағылшын дінбасылары корольге қолдау көрсетті. Барлық жерде милиция жасақтары жиналды, қару-жарақ қоймаларына ие болу үшін күрестер жүрді. Бір күннің ішінде ғана Лондон милициясының қатарына 5 мың ерікті әскер қабылданды.

Азаматтық соғыстың басынан бастап-ақ парламенттің бір-қатар артықшылықтары болды. Олардың қолында барлық маңызды порттар мен флоттар шоғырланды. Сондықтан парламент теңіз қатынастарына толығымен бақылау жүргізді. Олардың адам саны және материалдық ресурстары Лондонның құрамына кіруіне байланысты корольге қарағанда едәуір көп болды. Бірақ соғыстың нәтижелілігі үшін сандық артықшылық қана маңызды болмады. Парламент күресті соңына дейін жеткізе алатын, революциялық көпшілікті басқару қабілеттеріне де ие болуы тиіс еді.

Азаматтық соғыстың 1642 жылының аяғына таман парламент екі партияға бөлінді. Біріншісі – буржуазияның кертартпа басшылығына (негізінен Лондондағы) және аксүйектердің оппозициялық бөлігіне сүйенген көпшілдер партиясы. Екіншісі – орта буржуазияның мүддесін қорғайтын, кіші және орта ауыл аксүйектерінен тұратын азшылдар партиясы. Бірінші партия үшін соғыс тек корольмен ортақ келісімге қол жеткізіп, өздерінің кейбір шарттарына көндіру үшін ғана қажет болды. Екінші партия корольді және кавалерлерді толығымен талқандағанға дейінгі күресті жалғастыруға дайындығын білдірді. Осы мақсатта олар көпшіліктің революциялық рухын пайдалануға тырысып бақты. Осы екі саяси топтар пуританизмнің екі негізгі ағымының қызметімен байланысты болды: көпшілдер партиясын пресвитериандар, азшылдар партиясын индепенденттер құрады.

Бірақ корольге қарағанда парламенттің арнайы дайындықтан өткен кавалериясы болмады. Парламенттік әскер және оның қолбасшылығы қайта құрудан өтуді қажетсінді. Осындай қысыл-

таяң уақытта Хантингдоннан шыққан Оливер Кромвель инденттердің көшбасшысы ретінде тарих сахнасынан көрінді.

Оливер Кромвель жаңа тұрақты армияны жасақтады. 1645 жылдың 11 қаңтарында армияның құрылуы туралы актіге қол қойылды. Оның құрамына 6 мың адамдық кавалерия және 14,5 мың жаяу атты әскер кірді. Әскер орташа джентрилер, шаруалар, қолөнершілер мен шебердің көмекшілерінен тұрды. Кромвельдің армиясы роялистермен шайқаста біртіндеп жеңіске жете бастады. 1645 жылдың 14 маусымында Нейзби маңында роялистер ойсырата талқандалады.

I Карл солтүстікке қашып, шотландықтарға тұтқынға беріледі. 1646 жылдың аяғында Англиядағы бірінші азаматтық соғыс Парламенттің жеңісімен аяқталды. Король әскерін жеңу оқиғасы 1646 жылдың 24 ақпанындағы парламенттің Актісімен бекітіледі. Бұл Актіде азаматтардың жер меншігіне жүргізілген корольдің бақылау жүйесінің және феодалдық тәуелділіктің жойылуы қарастырылды. Буржуазия мен жаңа дворяндар меншікке ие болу құқығын алды. Феодалдық меншікті буржуазиялық меншікке айналдырған парламент көшбасшылары ағылшын шаруаларын жерге деген құқықтарынан айырды. Сондықтан халықтың басым көпшілігі революцияны жалғастыру үшін күрес жүргізді. Әскер солшылдардың революциялық күштерінің орталығына айналды. Инденттік бағыттан революция барысында левеллерлер бөлініп шықты. 1646-1647 жылдары левеллерлер – «теңестірушілердің» саяси партиясы құрылды. Олар орта қолөнершілер мен шаруалардың қолдауына ие болды. Левеллерлердің көрнекті өкілдері Дж. Лильберн, У. Уолвин, Р. Овертон болды. 1647 жылғы «Халық келісімі» деп аталынған өз манифестінде левеллерлер халық егемендігі, жаппай адамдардың теңдігі идеяларын ұсынды. Олардың өз ішінде диггерлер деп аталынған «жер қазушылар» бөлініп шықты. Олар кедей шаруалар және қала мен ауылдың жұмысшыларының мүддесін қорғады. Диггерлер жерге және тұтыну заттарына жеке меншікті жоюды талап етті.

1647 жылы Ағылшын революциясы жаңа буржуазиялық-демократиялық кезеңіне өтті. Конституцияның жобасы – «Ұсы-

ныстар негізі» құрастырылды. 1647 жылдың 6 тамызында армия елдің астанасына кірді. Оның атынан «Ұсыныстар негізі» деп аталынған құжат жарияланды. Сонымен қатар, левеллерлер өз бағдарламасының орындалуын талап етті. Олар екі маңызды құжат – «Армия ісі» мен «Халық келісімін» жариялады. Бұл құжаттардың мазмұнында елдің конституциялық құрылымының жобасы ұсынылды. Құжаттардағы басты шарттар: 21 жасқа дейінгі барлық азаматтар үшін жаппай сайлау құқығы; король билігін жою; әрбір екі жыл сайын тағайындалатын бір палаталық парламент; барлық лауазымды тұлғалар мен депутаттардың халықтың алдында жауапкершілігі; монополиялар, патенттер, акциздер, басқа да басымдықтарды жою; салықтың прогрессивті түрі. Сонымен қатар, «Армия ісінде» қоршаудағы жерлерді өзінің бұрынғы қожайындарына қайтару талабын қамтыды.

1647 жылдың қарашасында король Уайт аралына қашып кетіп, шотландық пресвитериандармен кұпия келісімге келеді. Бұл әрекетке жауап ретінде парламент корольмен барлық қарым-қатынастарды тоқтататындығы туралы жарлық шығарады.

1648 жылдың 6 желтоқсанында тарихта «Прайд тазалауы» деген атпен белгілі оқиға орын алады. Полковник Прайдтың қолбасшылығымен парламенттен пресвитериандар қуылады. Революциялық бастама халықтың қолына көшеді. 1649 жылдың 30 қаңтарында король өлім жазасына кесілді. 1649 жылдың қаңтарында Вестминстерде Жоғарғы Соттың жиналысы өтті. Ол бойынша I Карл қатал билігі үшін айыпталды. Ол мемлекеттік сатқындығы және халықтың қанын көп төккендігі үшін өлім жазасына кесілді.

Англия республика болып жарияланды. 1649 жылдың көктемінде «нағыз левеллерлер» немесе диггерлердің («жер қазушылардың») жаңа қозғалысы көтеріліске шығады.

1649 жылдың көктемінде левеллерлер конституциялық жолмен реформалардың орындалуына қол жеткізу мүмкіндігіне сеніп, Солсбериде көтеріліске шықты. Кромвель олардың қарсылығын өзінің мықты әскери күштерімен 14-інен 15 мамырға қараған түні басып тастады. Роялистік топтар тарапынан қауіп те жойыл-

мады. Өлім жазасына кесілген I Карлдың ұлы II Карл Шотландиядағы үш мемлекеттің королі болып жарияланды. Ол Ковенантты қабылдап, Шотландиядағы пресвитериандық шіркеудің орнауына келісті. Ағылшын республикасына енді солтүстіктен қауіп төнді. Елдегі ішкі жағдай қиындады, сауда, қолөнер мен жериеленушілік құлдырауда болды. Халықтың арасында биліктің әрекетсіздігіне байланысты қарсылық күшейді. Реформалардың қажеттілігі талаптары армия мен жоғарғы офицерлердің арасында да таралды. Осы қалыптасқан жағдайда Кромвель батыл шешім қабылдады. 1653 жылдың 20 сәуірінде ол парламентті таратып жіберіп, биліктің жаңа органын тағайындайды.

Оливер Кромвельдің протектораты кезіндегі ішкі саясаты ұстамдылық және байыптылықпен сипатталды. Бэрбон парламентінің барлық қаулылары жойылды; құқық реформасын дайындау заңгерлердің қолына өтті; шіркеулік ондық салық сақталды.

Шотландия мен Ирландия толық қосылды. Олардың парламенттері жойылды. Енді олар біріккен қауымдар палатасына 30 өкілден жіберді. Кедендік кедергілер барлық жерде жойылды.

Жаңа конституцияға сәйкес жиналған парламент протектордың билігін шектеп, «Басқару құралын» қайта қарауға тырысты. Кромвель жүзеге асырған «тазалау» көмектеспеді. Депутаттар палаталардың өкілеттігін кеңейтуді, тек оның келісімімен ғана салықтарды енгізу, палаталарға милицияны бақылау, армияның санын қысқарту өкілеттігін беруді талап етті. Нәтижесінде Кромвель бұл парламентті де таратып, жеке дара билігін жүргізді. Ол халықтың салықтарды төлеуге наразылығына жауап ретінде елде майор-генералдардың полициялық тәртібін орнатты. Англия 11 округке бөлінді. Оның әрқайсысын милиция мен салық, дін, сот пен соттаушылар сияқты барлық істерге жауапты басқарушы басқарды. Ол ереуілдер мен көтерілістерді басып тастауға, жолдағы қарақшылардан қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты болды. Елде барлық баспа орындарына цензура жарияланды, көптеген тәуелсіз газеттер жабылды. Түрмелер адамдарға толды.

Лорд-протектордың сыртқы саясаты ағылшын буржуазиясы үшін тиімді болды. Англияның теңіздегі басымдыққа қол жет-

кізуіне 1651 жылы қабылданған Навигациялық актінің маңызы зор болды. Ол бойынша сыртқы саяси сауда тасымалдар тек ағылшын кемелері мен сол тауарды шығаратын елдің кемелерінде жүзеге асырылады. Голландияға қарсы бағытталған навигациялық акт XVII ғасырдың екінші жартысындағы бірнеше ағылшын-голландық соғыстарға әкелді. 1654 жылы Кромвель Англияның әлемдік теңіз саудасындағы басты қарсыласы – Голландиямен соғыста жеңіске қол жеткізді. Англия әлемдегі жетекші теңіз бен сауда мемлекетіне айналды. Навигациялық актілердің ережелері кейіннен 1660, 1663, 1672, 1696 жылдардағы актілерде көрініс тапқан. Олар Англияның сыртқы саудасының дамуына ықпал етті. Тек XIX ғасырда ғана актілер Англияның әлемдегі өнеркәсіптік үстемдігіне қол жеткізуіне байланысты күші жойылды.

1655 жылдың қарашасында ағылшын-француз-испан соғысы басталды. Оның барысында Англия Дюнкирхенді (оңтүстік Нидерланды), ал ағылшын флоты Ямайка аралын жаулап алды. Бұл арал ағылшын үкіметінің оның ішкі ісіне тікелей араласқан бірінші Англия отары болды. 1655 жылы Испаниямен соғыс басталды. Оның нәтижесінде қаржы дефициті өсті. Ел салықтардан зардап шекті. Мұндай жағдайда Кромвель 1656 жылдың қыркүйегінде жаңа парламентті шақыруға мәжбүр болды. Оның басты қабылдаған шешімі – жаңа Конституцияны ұсыну. Бұл құжат бойынша Англияда корольдің, лордтар мен қауымдар палатасының билігі орнатылды. Яғни, елдің революцияға дейінгі басқару түрі қалпына келтірілді. Кромвель ұзақ ойланудан кейін бұл конституцияны қабылдады. Бірақ үкімет туындаған маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шеше алмады. 1658 жылдың 3 қыркүйегінде Кромвель қайтыс болып, билік оның ұлы Ричардтың қолына өтті. 1659 жылдың көктемінде билікке Ұзақ парламенттің республикалық «өкілі» қайтып келуі нәтижесінде Англияда екінші республика орнайды.

Бұл уақытта Голландияда болған II Карл Бред декларациясын жариялады. Құжатқа сәйкес ол ағылшын халқына азаматтық соғыстағы барлық әрекеттері үшін амнистия беруге уәде берді. 25 сәуірде жиналған Конвент II Карлды заңды монарх ретінде жариялады. Англияда қайта абсолюттік монархия тәртібі орнады.

II Карлмен бірге билікке келген роялистер өз жерлері және революцияға дейінгі беделін қайтаруға тырысты. Бірақ үкімет буржуазияның мүддесімен санасуға мәжбүр болды: ол сауда мен өнеркәсіпті қолдады, отарлық соғыстарды жүргізді.

1685 жылы II Яков бауыры II Карлдың өлімінен кейін тақты иемденді. Елде террор күшейді. Корольдің саясатына наразылық жаппай белең алды. Оппозиция көшбасшылары 1688 жылдың маусымында нидерландық билеуші Вильгельм Оранскийге Англияға қарумен келіп, «протестанттық бостандықты» қалпына келтіру туралы шақыруды жіберді. Ол II Яковтің қызы Марияның жолдасы еді. 5 қарашада Вильгельм Оранский Англияға 15-мыңдық әскермен орналасты.

Англия королі II Яковтің әскерлері қарсыластардың тарапына өтті. II Яков Францияға қашты. 1688 жылдың 18 желтоқсанында Вильгельм Оранский Лондонға келіп, 1689 жылы Англияның королі болып жарияланды. Бұл оқиға тарихта «Әулетті революция» деген атпен белгілі. Англияның белгілі бір біріккен құжат түріндегі конституциясы болмады. Оның орнын бірнеше конституциялық актілер мен келісімдердің жиынтығы алмастырды. Құжаттардың ішіндегі ең маңыздысы – 1689 жылғы «Құқықтар туралы билль» және «Құрылым туралы акт» болды. Билль бойынша Англия конституциялық монархия ретінде жарияланды. Король вето құқығынан айрылып, елді парламентпен бірге басқаруы тиіс болды. Ол парламенттің рұқсатынсыз салықтарды жинау, тұрақты әскерді қамту, шіркеудің ісіне араласу құқықтарына ие болмады. Сонымен қатар, сайлау жүйесі бұрынғыша қалды, оған тек мүлкі барлар иелік ете алады. Дінге сенушілік шектелген сипатта болды: сектанттар заңның барлық қаталдығымен жазаланды. Индепенденттік конгрегациялар еркін дінді насихаттау құқығына ие болды. 1701 жылғы акт бойынша король министрлерінің парламент алдындағы жауапкершілігі белгіленді. Құжатқа сәйкес ағылшын тағының Ганновер әулетіне өту мүмкіндігі қарастырылды. Сонымен қатар король билігінің бірқатар шектеулері енгізілді. Нәтижесінде ағылшын конституциялық монархиясының негізгі қағидалары белгіленді:

- 1) парламент – король тәжінен жоғары;

- 2) парламент – жалғыз заң шығарушы орган;
- 3) биліктердің бөлінуі;
- 4) соттардың ауыспауы;
- 5) парламентке еркін сайлау бостандығы.

Ағылшын революциясы Англияның даму тарихындағы маңызды кезенді сипаттады. Ол елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының келбетін өзгертті. Революцияның нәтижесінде Англия экономикалық дамуы бойынша басқа еуропалық мемлекеттерді басып озды. Абсолютизм жойылды. Капиталистік қарым-қатынастар дами бастады. Азаматтық қоғам қалыптасты. Сонымен қатар заманауи индустриалдық өркениеттің негізі қаланды.

XVIII ғасырдағы Англияның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Бұл кезеңдегі Англияның экономикалық дамуында біршама өзгерістер орын алды. XVI ғасырда басталған аграрлық революция аяқталды. Азаматтық соғыс пен 1688 жылғы мемлекеттік төңкерістен кейін қоршау саясатына негізделген жерлердің көлемі артты. Үкімет оған қарсы тұрудың орнына керісінше қоршау туралы актілер шығарды. Нәтижесінде шаруалардың жағдайы қиындады. Ұсақ жер иеленушілер, ауыл қолөнершілері кедейленді. Олардың жағдайының нашарлауы салдарынан мануфактуралық өнеркәсіптің дамуы есебінен арзан жұмысшы күші пайдаланылды. Ауылшаруашылығындағы ұсақ иеліктер орта және ірі фермерлік шаруашылықтарға жол берді. Олар өз жұмысында жалдамалы жұмысшы күшін пайдаланды. Көптеген кедейленген шаруалар Солтүстік Америкадағы отарларға кетті. Ірі лендлордтардың жер иеліктерін өз қолында шоғырландыруы олардың баюына әкелді. Ауылшаруашылығының дамуы, отарларды тонау мен құл саудасы қаржылық буржуазияның қалыптасуына ықпал етті. 1694 жылы жер магнаттары мен саудагерлер Ағылшын банкіні құрды. Оның салымдары және қаржы операциялары арқасында XVIII ғасырда бытыраңқы қаржы жүйесі қалыптасты. Мемлекеттің өзі қаржы капиталының қолында қалды. XVIII ғасырда Еуропа мемлекеттерінің ішінде алғашқы болып Англияда өнеркәсіптік төңкеріс басталды. Ол XVIII ғасырдың екінші жартысында жеңіл өнеркәсіп саласынан басталды. Ұсақ тауарлық өндіріс мануфактураға жол берді.

Мануфактураны дамытудың қажеттілігі XIX ғасырдағы бүкіл ағылшын өнеркәсібін жандандырған механика саласындағы ғылыми жетістіктердің пайда болуына әкелді. Машина өндірісі ертеректеу жаңа мақта-мата өнеркәсібінде пайда болды. XVIII ғасырдың бірінші жартысында-ақ мақта-мата мануфактураларында тағы бір жаңалық ашылды. 1733 жылы тоқымашы және механик Джон Кэй ұшқыш қайықшаны ойлап тапты. 1738 жылы Джон Уайатт және Льюис Пауль деген өнертапқыштар адам қолының қатысуынсыз жіп тоқитын машина жасады. 1764 жылы Дж. Харгривс «Дженни» механикалық ұршығын ойлап тапты. Өнеркәсіптің басқа да салаларында өзгерістер пайда болды. Ауыр өнеркәсіп дами бастайды. Өндірістің жалпы көлемі ұлғайды. 1720 жылы шойын өндірісі 18 мың тоннаға теңелді. Ал 1802 жылы 250 мың тоннаны құрады. 1750 жылы өндірілген тас көмірдің көлемі 4773 мың тонна болса, 1795 жылы 10 млн тоннадан асқан.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Англиядағы абсолюттік биліктің ерекшелігі қандай болды?
2. «Қысқа парламент» пен «Ұзақ парламент» деген атаулар неліктен пайда болды?
3. Пуританизмнің қандай бағыттарын білесіз?
4. Англиядағы өнеркәсіп төңкерісі нәтижесінде енгізілген ғылыми жаңашылдықтарға тоқталыңыз.
5. Вильгельм Оранскийдің билікке келуін неліктен тарихта «әулетті революция» деп атаған?

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы Англия

Англияның экономикалық дамуы. XIX ғасырдың ортасына таман Англияда өнеркәсіптік төңкеріс аяқталды. Көптеген техникалық жаңашылдықтар мен түрлі машиналар ағылшын өнеркәсібінің барлық негізгі салаларында пайдаланылды. Англия әр түрлі машиналарды тек өз елінде пайдаланбай, шетелге шығара бастады. 1826-1850 жылдары машиналардың экспорты

6 есеге артты. XIX ғасырдың ортасына таман машиналардың фабрикалық өндірісі қол еңбегінен асып түсті.

Фабрикалық капитализмнің дамуымен темір жол құрылысы тығыз байланысты болды. 1814 жылы Дж. Стивенсон паровозды ойлап тапты. Әлемдегі ең бірінші темір жол – Стоктон Дарлингтонның құрылысы 1825 жылы аяқталды. 1829 жылы Ливерпуль-Манчестер үлкен жолы салынды. Ал 1835-1849 жылдары жолдардың ұзындығы 540 км-ден 9,5 мың км-ге дейін ұзарды. 1807 жылы американдық Р. Фултон кемені ойлап тапты. Ол су асты қайығын да дайындады. Кеменің пайда болуынан бастап каналдар желісін белсенді түрде пайдалануға мүмкіндік ашылды.

Өнеркәсіп төңкерісін басқа елдерден ерте аяқтаған Англия XIX ғасырдың ортасында ұтымды жағдайда болды. Оның алдыңғы қатарлы өнеркәсібі барлық бәсекелестерден тауардың арзан бағасы және тауардың сапасымен басымдыққа ие болуына мүмкіндік берді. Бұл ағылшын буржуазиясының әлем нарығындағы толық монополиясына жол ашты. XIX ғасырдағы Англия өнеркәсібінің дамуындағы басты ерекшелік – ауыр индустрияның қарқынды өсуі болды. 20 жылда Англияның шойын өндірісі 165%-ға өсті (1850 жылы – 2250 мың т., 1870 жылы – 5960 мың т.); 1870 жылы әлемдік шойын өндірісінің жартысын Англия шығарды. Алайда, 70 жылдар Англияның «әлемдік фабрика» деген мәртебесін сақтап тұрған соңғы онжылдық болды. 80-90 жылдары ел экономикасы өз дамуының жаңа жолына түсті. 80 жылдардан бастап Англияның әлемдік шаруашылық байланыстардың жүйесінде өнеркәсіптік және сауда рөлінің төмендеу үдерісі басталды. Англия өнеркәсіптік даму қарқыны бойынша, ал кейбір салаларда өндіріс көлемі бойынша АҚШ пен Германияға жол бере бастады. 1913 жылы ағылшын металлургиясы 10,3 млн т. шойын шығарса, АҚШ 31 млн т., ал Германияда 19,3 млн т. құрады

Англияда конституциялық монархияның қалыптасуы мен саяси дамуы. XIX ғасырдың өн бойы – XX ғасырдың басында Біріккен Ұлыбритания Корольдігі деп аталған бұл мемлекет конституциялық монархия жолын таңдады. 1688 жылғы «Әулетті

революция» нәтижесінде Англияда конституциялық монархия орнады. Ұлыбританияның конституциялық құжаттарына сәйкес номиналдық мемлекет басшысы монах болып табылады. Қазіргі ағылшын корольдері туралы «олар патшалық құрады, бірақ басқармайды» деп айтылады. Бірақ XIX ғасырда – XX ғасырдың басына дейін король билігі ерекше рөлге ие болды. Ол мемлекеттік істерге араласудың кең мүмкіндіктерін иемденді. Корольдің келісімі парламентті шақырып, тарату үшін қажетті болды. Оның қол қоюынсыз бір де бір заңның күші болмады. Король атқарушы билікке де өз ықпалын жүргізді. Оған премьер-министрдің таңдалуы байланысты болды. Король министрлерді тағайындап, қызметінен кетіре алды. Ол атқарушы мен сот билігінің басшысы, ағылшын шіркеуінің зайырлы басқарушысы болып саналды.

XIX ғасырдың өн бойында Ұлыбританияның саяси басқаруы «викториялық кезең» немесе ғасыр деп аталынды. 1837 жылы 20 маусымда Ұлыбританияның патшайымы болып жарияланған Виктория елді 1901 жылға дейін басқарды.

Бұл «викториялық ғасыр» тек Викторияның патшалық құруымен сипатталды. Ол Англияның өнеркәсіптік, теңіз, сауда мен отарлық өркендеуінің шыңы кезеңі болуымен ерекшеленді. 1876 жылы 1 мамырда Виктория Үндістанның патшайымы да болып жарияланды. Осы уақыттан бастап «Британ империясы» деген атау пайда болды. Парламент те империялық деп аталына бастады. Осылайша, империализм деген термин пайда болды. Викторияның тағының мұрагері оның ұлы VII Эдуард болды. Ол 1910 жылдың 6 мамырына дейін елді басқарды. Одан кейін билік 1936 жылға дейін V Георгтың қолында шоғырланды.

Екіпартиялық жүйенің қалыптасуы. XIX ғасырдың 30 жылдарынан бастап Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяғына дейін «либералдар-консерваторлар» деген екіпартиялық жүйенің қалыптасуының қорытынды кезеңі болды. Осы уақытта екі партияның да ұйымдық қайта құрылуы орын алды. Либералдық жаңа партиялық жүйенің құрушысы – Бирмингемнің бай кәсіпкері Джозеф Чемберлен болды. Ағылшын либерализмі саяси-идеялық ағым ретінде қалыптасты. Оның қағидаттарын әр

түрлі топтардың уәкілдері жақтады: аристократия, буржуазия, бюрократия, зиялылар, жұмысшылар. Ұлыбритания тарихында өз іздерін қалдырған либералдық партияның көшбасшылары У. Гладстон, Г. Кемпбелл-Баннерман, Г. Асквит, Д. Ллойд Джордж болды. 60 жылдардың аяғында Чемберлен Бирмингемдегі Либералдық партияны қайта құруға кірісті. Партияның қалалық кеңесі сайлау насихаты және оның барлық қызметі бойынша жетекші органы болып табылды. Бирмингемнің үлгісі бойынша Чемберленнің басқа қалаларында да Либералдық партияның ұйымдары құрыла бастады. 1877 жылы либералдық партияның жергілікті жерлерде қайта құру жұмыстары жалпыұлттық деңгейде аяқталды. Ұлттық либералды ассоциация құрылды. Басшылығында партия Кеңесі тұрған қатаң орталықтандырылған жүйе пайда болды. Ол партияның материалдық құралдары мен кадрларын басқарды.

XIX ғасырдың екінші жартысында ағылшын консерватизмі де қайта ұйымдастырылуын аяқтады. Ол 1883 жылы Консервативтік ассоциациялардың Ұлттық одағы түрінде құрылды. Ағылшын консерватизмінде әр түрлі үрдістер болғанына қарамастан, Б. Дизраэлидің қалыптастырған «демократиялық торизм» бағдарламасы бекітілді. Ол бойынша монархтың, Лордтар палатасы мен шіркеудің рөлін сақтау, отарлық империяны кеңейту, «Англияның ұлылығын» бекіту қарастырылды. Сонымен қатар консерваторлар әлеуметтік мәселелерді шешу қажеттілігін мойындады.

Парламенттік реформалар үшін күрес. XIX ғасырдың басында Англиядағы саяси жағдай шиенелісті. Англиядағы халық күресі демократиялық қозғалыстың жаңа күшпен жандануына түрткі болды. Солшылдардың жалынды қайраткері Вильям Коббет (1762-1835) еді. Ол халық атынан «Апталық саяси хабар» газетінде олигархияға, тори мен вигтарға қарсы шықты. 1817 жылы «Тәж және зәкір» деген лондондық тавернада радикалдық клубтардың отырысы өтті. 1817 жылдың қаңтарында олардың уәкілдері, Вестминстерді қоршаған көп мыңдық топтың айқайымен, парламенттің ғимаратына ұзақ тізімді петицияны алып кірді. Ливерпуль үкіметі бүлікшілер қауымы туралы Актіні енгізіп, оларға тыйым салды. Халық қозғалысының толқыны 1819 жылы қайта көтерілді. Оған еңбекші топтардың әйелдері де

қосылды. Күрес орталығы Лондоннан пролетарлық Манчестерге ауысты. 1819 жылдың 16 тамызында Манчестердің маңында Питерсфилдте үлкен митинг өтті (150 мың адамға дейін). Үкімет әскерлерді жіберіп, митинг қатысушыларын соққыға жықты. Бұл қантөгіс «Питерлоо түбіндегі шайқас» (ұқсастығы бойынша Ватерлоо түбіндегі Наполеонды талқандау кезімен бірдей) деген атауға ие болды.

Өнеркәсіп те соғыстан кейінгі дағдарыстан шықты. Ливерпуль кабинеті елді тағы жеті жыл басқарып, ұзақ билікте болды (1812-1827 жылдар). Осы кабинеттен Джордж Каннинг, Роберт Каслри, Джон Пальмерстон және Роберт Пил шықты. Ливерпуль-Каслри Кабинеті ешбір өзгерістің болуын жоспарламады. Бірақ буржуазияның саяси рөлінің өсуі, вигтарды айтпағанда, торидың күштері мен әлеуметтік бағдарына өзгерістер енгізді. Тори партиясында ресми саясатты сынайтын «либералдар» пайда болды. Кейіннен олар ториларды ығыстырып жіберді. Жаңа кабинетте отырған «либералдық» тори – Джордж Каннинг (1822 ж. ол Каслриді ауыстырды, ал 1827 жылы премьер болды) және оның серіктестері (Пиль, Пальмерстон) бірқатар жеңілдіктердің арқасында буржуазияны реформа үшін күрестен алыстатуға тырысты. 1829 жылы католиктерді азат ету актісі енгізілді. Ол арқылы католиктер, ирландықтарды қосқанда, дауыс беру құқығына ие болды. Халықтың қолдауымен Ирландияда Дэннел О’Коннел басқарған жер иеленушілер католиктердің теңдігіне қол жеткізуге талпынды. Сыртқы саясатта «либералдық тори» «бостандық дәуірін» жариялады. Олар Грекия жағына шығып, Осман империясына қарсы күресіне қатысты. Іс жүзінде торилер ағылшын буржуазиясының Шығыс Жерорта теңізіндегі сауда қызығушылығы туралы ойлады. Сонымен қатар, олар 1825 жылы Мексика, Аргентина, Колумбия, кейіннен Бразилия мемлекеттерінің нарығын жаулап алуға талпынды. Сондықтан олардың тәуелсіздігін мойындауға асығыстық танытты. Алайда, торизмнің «либералдық» дәуірі буржуазияның көңілінен шықпады. Торилер бұқара халықтың үкіметке қарсы көңіл күйін пайдалана білді. Үш ағым бір мықты тасқынға айналып, реформаларды талап етті. «Төменгі» топтар азық-түліктің қымбаттауын

білдіретін, жеккөрінішті нан заңдарына қарсы шықты. Олардың артында әділетсіз парламент тұрды. Күшке ие болған өнеркәсіптік буржуазия шеттен келетін нарықтан түскен пайдамен қанағаттанбады. Сондықтан мықты билікке қол жеткізуді талап етті. Нан бағасының түсуі олар үшін төлейтін айлық жалақыны да азайтуына ықпал етті. Ал қозғалыстың басында конституциялық нормаларды демократизациялау үшін күресетін радикалдар тұрды. Идеолог рөлінде Ричард Кобден шықты. Ол еркін сауданы қорғады. 1830 жылы күзге белгіленген жалпы сайлаудың дәл алдында, реформаторларға дем берген, Франциядағы революция туралы хабар келді. Нәтижесінде 1832 жылы сайлау реформасына қол жеткізілді. Реформаның мазмұны бойынша: көптеген «қалталы» сайлау округтері жойылды, босатылған 143 орын өнеркәсіптік қалаларға (65 орын), халқы көп ауылдық аудандарға (65 орын), сонымен қатар Шотландия мен Ирландияға (13 орын) берілді. Сайлау жүйесі бұрынғыша жоғарғы мүліктік шектеулермен негізделді. Сондықтан дауыс беру құқығына ұсақ буржуазия да ие болмады. Дауыс берушілердің саны 814 мыңды құрағанына қарамастан, қалалық және ауылдық ірі-орта буржуазияның есебінен екі есеге артты. Реформа үшін халық қозғалысы буржуазияның жеңісімен аяқталды. Осылайша, 1688 жылдан бері өмір сүріп келе жатқан жер иеленушілер мен буржуазияның санаулы топтарының арасындағы саяси келісімнің әлеуметтік шеңбері кеңейді. Саяси өмірдің сахнасында бұрынғыша екі партия болды: тори және виги, 40 жылдары олар консерваторлар мен либералдар деп аталды.

Вильям Гладстон мен Бенджамин Дизраэли үкіметі. Либералдық партияның саясатын В. Гладстон жүзеге асыра бастады. Вильям Гладстон – британдық либерализмнің ең көрнекті тұлғасы. Оның үкіметтік кабинетінің ішкі саясат саласындағы маңызды іс-шарасы – 1872 жылы парламенттік құпия сайлауды енгізуі. Бұл шара, либералдардың қоғамдық пікірге көнуінің белгісі болып табылады. Ол жұмысшы ұйымдарға салынған тыйымды алып тастады, тред-юниондар мен ереуілдерді заңдастырды. Қауымдар палатасына сайлау кезінде мүліктік цензді азайтуды ұсынды. Гладстонның тағы бір маңызды шарасы – орстердің реформасы

деп аталатын бастауыш білімнің реформасы. Үкіметтің қаржылық көмек көрсетуі жағдайында, халықтан алынған арнайы жергілікті салықтың есебінен шіркеу мектептерін салуды көздеді. Осындай мектептерде үкімет жаңартылған бағдарлама енгізіп, сабақ оқытуға ықпал ете алды.

1871 жылы Гладстон үкіметі армия реформасын жүзеге асырды; әскери министрдің есімімен ол Кардвелл реформасы деп аталды. 1870 жылы Гладстон үкіметінің реформасы бойынша мемлекеттік қызметке кірушілер емтихан тапсыру керек болды (жаңа жүйеден алынды). 1873 жылы Англияның жоғарғы сот мекемелерінің реформасы туралы заң шығарылды. Қолайсыз әрі шиеленіскен жүйенің орнына екі жоғарғы сот инстанциялары – Жоғарғы сот және Апелляциялық палата құрылды. Сондай-ақ, либералдық партиямен қатар, XIX ғасырдың екінші жартысында Консервативтік партия да қайта құру жолына түсті. «Бирмингемдік үлгі» бойынша жергілікті консервативтік топтардың («ассоциациялардың») құрылуы басталды. Консерватор Дизраэли либералдық партияның өкілі Гладстонның қателіктерінен сабақ алды. 1867 жылы наурызда қаржы министрі болып отырған Бенджамин Дизраэли реформа туралы жаңа билль енгізді.

1867 жылы Дизраэли жүзеге асырған заң ертедегі сәтсіздікке ұшыраған Гладстонның билліне қарағанда анағұрлым радикалдық сипатта болды. 1867 жылы жаңа сайлау реформасы енгізілді. Отырықшылық цензі бір жылға дейін азайтылды. Жалдамалы тұрғын үйге жылына 10 ф.ст. төлеп отырған, қалалардағы салық төлеушілер дауыс берушілерге айналды. Ал ауылдарда аз ғана кірісі бар фермерлер де, жалға берушілер де дауыс бере алатын болды. Дауыс берушілердің саны екі есеге, 1 миллионнан 2 миллионға дейін артты. 1875 жылы Дизраэли парламент арқылы 1871 жылғы заңды жоятын және ереуіл кезінде пикет жасауға рұқсат беретін билльді өткізді. Гладстонның кабинеті 1880-1886 жылдары өз беделін екінші рет көтерді. 1880 жылы наурызда болған парламенттік сайлауда либералдар жеңіске жетті: олар жаңа парламентте 349 орынға (консерваторлар 250 орын) ие болды. Дизраэли қызметінен өз еркімен кетті. Гладстонның либералдық кабинеті бірнеше заң реформаларын шығарды. Осы-

лайша, 1883 жылы Гладстонның үкіметі парламенттік сайлау кезіндегі жемқорлықтың алдын алу туралы заң қабылдады. Бұл заң парламенттік сайлауға қатысатын үміткерге жұмсалатын шығынның белгілі шегін анықтады. 1884 жылы Гладстонның кабинеті, дауыс берушілердің санын арттыратын жаңа сайлау реформасын жүргізді. 1884 жылғы жаңа сайлау реформасы бойынша ауылда дауыс беру үшін мүліктік ценз белгіленген, енді ол жойылды. Қабылданған реформаның нәтижесінде дауыс берушілердің саны бес есеге артып, 5 млн адамға жетті. 1885 жылы парламентте ел бойынша сайлау округтерін қайта бөлу жұмыстары жүргізілді.

Чартистік қозғалыс. XVIII ғасырдың 30-40 жылдары ағылшын халқының қалың бөлігінің өмірлік деңгейі көтерілгеннің орнына, керісінше төмендей бастады. Әлеуметтік айырмашылықтар күшейді. Ұзартылған жұмыс уақыты өнеркәсіптік революцияның нәтижелерінің бірі болды. 1833-1834 жылдары жұмысшы топтарының өз құқықтары үшін күресі күшейді. 1833 жылы Оуэннің қатысуымен «ұлттық жандану Қоғамы» қалыптасты. Ол максималдық айлық жалақыны және 8 сағаттық жұмыс күнін талап етті. Қоғамның құрамында жұмысшы әйелдерді қосқанда жарты миллион адам болды. Бұқаралық ереуілдік күрес пен революциялық көтерілістің ұрандары белең алды. Осыған орай 1836 жылы солтүстікте Ф. О'Коннор және Дж. Р. Стифенс сияқты насихаттаушылар кең танымалдылыққа ие болды. 1836 жылы бір уақытта Лондон жұмысшыларының ассоциациясы мен Үлкен Солтүстік (Лидс) одағы құрылды.

1839 жыл чартистік қозғалыстың бірінші көтерілісінің уақыты болды. 1839 жылы ақпанда Лондонда чартистердің құрылтайы – Ұлттық конвент өтті. Күш қолданғанды жақтаушылар (О'Коннор, Гарин) конвентті жауынгерлік орталыққа айналдырды. Конвенттің қызметі жеңіске дейін – парламенттің хартия қабылдағанына дейін жұмыс істеуге тырысты. Шілде айында 1280 мың чартистердің қолы қойылған ұлттық хартия парламентке жеткізілді. Парламент оны қабылдаған жоқ. Үкімет әскерлері бүлікшілердің тас-талқанын шығарды. 1840 жыл бүкіл ел бойынша тұтас ұлттық чартистік ассоциацияның құрылуымен әйгілі.

Көп ұзамай оның құрамында 50 мың адам болды. 1842 жылы чартизмнің екінші көтерілуі болды. Сәуірде ашылған жаңа конвент Ұлттық чартистік ассоциация құрылтайының қызметін атқарды. 1845 жылы солшыл чартистер басқа елдің революционер-демократтарымен қосылып, Лондондағы «Бауырлас демократтар» деген халықаралық қоғамның құрылуына белсенді қатысты. 1848 жылы парламентке үшінші петицияны берген кезде чартизмнің жаңа көтерілісі болды. Қауымдар палатасы, өзін әскермен қауіпсіздендіріп, оны қабылдамады. Чартистердің жетекшілерінің айтуынша, петицияға 5 млн адам қол қойды. О'Коннор митингіге қатысқандардан үкіметке ашық түрде қарсы шығуын өтінді. Оның сөзіне құлақ асқан халық тарқап кетті. Чартизм құлдырау кезеңіне жақындап қалды. Чартистердің ең соңғы митингісі 1852 жылы О' Коннорды жерлеген күні болды.

Л. Джордж үкіметі. Әлеуметтік заң шығарудың негізгі бастамашысы ретінде Д. Ллойд Джордж шықты. Ол 1905-1908 жылдары сауда министрі, кейіннен қаржы министрі болған. Ллойд Джордждың беделінің жаңа кезеңі 1909 жылдың бюджеті мәселесінде көрініс тапты. Бюджет соғысқа бөлінген қаражаттың көбеюін қарастырды. Бірақ Ллойд Джордж әскери қаражаттандыруды әлеуметтік демографияның жаңа мөлшерімен жасырып қойды: ол бюджетке қария жұмысшылардың зейнетақысы және жұмыссыздарға көмек көрсету үшін қоғамдық жұмыстарды жүзеге асыру мақсатындағы шығындарын енгізді. Екеуі де бюджетте аз көлемді орын алды – 1,8 млн ф. ст. немесе бюджеттің шағын бөлігінің 1% құрады. Ал теңіз құрылысына бөлінген қаржы 3 млн ф. ст. құрағанда, 1909 жылы 5 қарашада қауымдар палатасы консерваторлардың қарсылығына қарамастан бюджетті қабылдады. Бірақ 30 қарашада лордтар палатасы басым көпшілікпен оны қабылдамады. Лордтарға қарсы шығудың орнына либералдар парламентті тарқатып, жаппай сайлау туралы жариялады. Парламенттік сайлау либералдық партияның үміттерін ақтамады. Олар жаңа палатада консерваторлардан көп дауысқа ие болғанымен (397 дауыс 272 дауысқа қарсы), жаңа парламентте толық басымдылыққа ие бола алмады. Лейбористер

мен ирландықтар оппозициямен бірігіп, үкіметті азшылықтың қолына бере алатын еді. 1910 жылы 20 наурызда жаңа палата, төменгі палата қабылдаған заңнан бас тарту құқығын шектеу туралы шешім қабылдады. Ал бір айдан кейін лордтар бас тартқан бюджетті қабылдады. Күрестің жаңа кезеңі басталды. Либералдар билік басына тек 1916 жылы ғана келді. 1916-1922 жылдары Ұлыбританияның премьер министрі Л. Джордж болды.

Ирландия. Ирландық ұлттық қозғалыстың негізгі мақсаттары аграрлық мәселенің шешілуі және елді ағылшын басқыншылығынан босату болды. Онда екі бағыт қалыптасты. Біреуі либералдық-оппозициялық, оларды жергілікті буржуазия, көбінесе ирландық жер иеленушілер, яғни қаланың бай және ауылдық халқы қолдады. Ұлттық құқықсыздық тәртібіне қарсы шыға отырып, ирландық қоғамның осы топтары гомрульдің жүзеге асуын талап етті. Яғни Британия империясының құрамындағы Ирландияның өзін-өзі басқаруын талап етті. 1870 жылы гомрульдік ирландық лига құрылды. Оның мүшелері тиісті билльді парламенттен өткізу арқылы ирландық автономияға қол жеткізгісі келді. 1877 жылы гомруль лигасының көшбасшысы Ч. Парнелл болды.

70 жылдардан бастап, осы топтардың белсенділігі басталды. 1879 жылы Ирландық ұлттық жер лигасы құрылды. Оның президенті Парнелл болды, бірақ оның нағыз рухтандырушысы мен ұйымдастырушысы М. Девит еді. 1880 жылдың аяғына таман Ирландия шаруалар соғысының алаңына айналды. Ұлттық қозғалыстың жоғары деңгейі ағылшын мемлекетінің жауапты қарсылығын тудырды. Қауымдар палатасында жаңа тәртіп енгізілді. Ол 1881 жылы 2 наурызда Ирландияға соғыс жағдайын енгізу туралы заңды өткізуіне мүмкіндік берді. Одан басқа, қазанда Парнелл мен басқа гомрульдер парламенттік қол сұқпаушылық құқықтарынан айырылып, абақтыға қамалды. Оған дейін Девит қамалған болатын. Ол кейіннен қалған мерзімін жер аударылған жақта өтеді. Сонымен қоса Гладстон үкіметі 1881 жылы жер актісін қабылдайды. Ол ирландық шаруалардың жалға берудің заңдық кепілдігін белгілеу талаптарын орындауға жасалынған

қадамын көрсетті. 1882 жылы көктемде Гладстон үкіметі мен Парнелл келісімге келді. Ол бойынша соғыс жағдайынан бас тарту, тұтқындалғандарды босату үшін шамамен 100 мың жалдаушыларға мемлекеттік көмек көрсету жоспарланды. Парнелл екі Жер лигасын таратып жіберуге келісім берді және бұқара шаруалардың көтерілісін тоқтатуға көмектесуге уәде берді.

Либералдар мен гомрульдердің арасындағы келісім толығымен жүзеге аспады. 1882 жылы 6 мамырда Дублинде, «Жеңімпаз» құпия қауымының лаңкестері Ирландия ісі бойынша статсхатшы және оның көмекшісі Беркті өлтіреді. Британдық әкімшілікке қарсы бірқатар лаңкестік актілер жүргізілді. Лондондық Тауэрдегі жарылған бомбадан бірнеше адам жарақаттанды. Нәтижесінде қабылданған басты шара ретінде Ирландияда қайта 3 жылға төтенше жағдай енгізілді. Ирландиядағы саяси жағдаймен Гладстон санаспай тұра алмады. 1886 жылдың 4 сәуірінде оның үкіметі Палатадан Ирландияның өзін-өзі басқаруы туралы заң жобасын өткізді. Бірақ оның экономикасын, сыртқы саяси, әскери және полицейлік қызметтерін британдық үкімет бақылауында ұстап отыру керек. Бұл заң жобасының табанды қарсыластары Ольстерден шыққан оранжистер болды. 80 жылдары ирландық халықтың ұлтазаттық күресі құлдырай бастады. Бірақ британдық басшылық аграрлық қайта құру жұмыстарын жалғастыруға мәжбүр болды. 1885 жылы либералдар, ал 1887 және 1891 жылдары консерваторлар парламентте жаңа заңды өткізді. Оған сәйкес жалға беру бойынша қарыздың көлемі азайтылды және жалдау бағасының өзі де төмендетілді. Жалдаушылар жер учаскелерін сатып алу үшін мемлекеттік қарыз алды. Мемлекет лендлордтардың жерін сатып алды. XX ғасырдың басында Ирландияның саяси өмірі бұрынғыша гомруль үшін күрес пен Ольстердің мәселесімен анықталды. Осы жерде протестанттық халықтың негізгі бөлігінің арасында Ирландияны Ұлыбританияның бөлігі ретінде сақтап қалу үшін қозғалыс өршіді. 1913 жылы күзге таман көпмыңдық әскери құрылым – Ольстерлік еріктілер корпусы құрылды. Ольстердің жасырын үкіметінің басында Э. Карсон тұрды. Ол егер парламент бүкіл Ирландия үшін гомрульді

қабылдаса, онда үкіметті басып алуға дайын екендігі туралы жариялады. Дублинде ұлттық топтар гомрульді қорғау үшін жаппай әскериленген «Ұлттық еріктілер» ұйымын құрды. Дағдарыс 1914 жылдың көктемінде өршіді, ол кезде Г. Асквиттің үкіметі Ольстерге әскермен қозғалды. Ал Орталық Ирландияда тұрақты бөлімдердің офицерлері бағынудан бас тартты. Үкімет артқа шегініп, солтүстік шығыстың протестанттық графтықтарды гомруль туралы заңның әрекет ету ауқымынан алды. 1914 жылдың 1 тамызында Ирландияны гомрульдың қағидаттары бойынша басқару туралы заң қабылданды. Бірақ оның өз күшіне ену күні Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяғына дейін шегерілді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Біріккен Ұлыбритания корольдігі қашан қалыптасты?
2. Англиядағы қабылданған 1832, 1867 және 1884 жылғы сайлау реформаларын салыстырыңыз.
3. Англия XIX ғасырдың ортасында «әлем шеберханасы» деп неліктен аталды?
4. Вильям Гладстон мен Б. Дизраэли кабинеттері қандай шараларды қабылдады?
5. XIX ғасырдағы жұмысшылар қозғалысындағы чартистік қозғалыстың рөлін сипаттаңыз.

§12. XVII-XVIII ғасырлардағы Франция

Француз абсолютизмінің дағдарысы. Еуропадағы мемлекеттердің ішінде Франциядағы абсолюттік биліктің ықпалы басымырақ болды. XVIII ғасырдың аяғында біріккен ұлттық мемлекетті құруда прогрессивті рөл атқарған абсолюттік монархия енді кертартпа күшке айналды. Ол капитализмнің дамуына бөгет болды. Абсолюттік билік ақсүйектер және діни қызметкерлердің мүдделерін қорғады. Ел ішіндегі сауданың кеңеюіне натуралды шаруашылық кедергі жасады. Сол себепті феодалдық қарым-қатынастарды жою қажеттілігі туындады. Бұл жағдайға шаруалар да, буржуазия да мүдделі болды. Өнеркәсіп пен сауданың еркін дамуына өндірістің регламентке бағыну талаптары кедергі жасады.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Франция саудасында капиталистік тәртіп пісіп жетілді. Өндірісте машиналар және ірі мануфактуралар пайда болды. Ауыл шаруашылығында ұсақ жалға берушілік кең тарады. Ауыл шаруашылығы бұрынғыдай француз экономикасының негізгі саласы болды.

Франция бір жағынан, Жерорта теңізіне тән, екінші жағынан, солтүстік батыс Еуропаға тән табиғи-жағрафиялық жағдайлар және аграрлық дамудың түрлерін үйлестірген ерекше ел болды.

XVIII ғасырдың 80 жылдарында Францияда феодалдық абсолютизмнің дағдарысы шиеленісіп кетті. Елде ескі тәртіптен бөлек жаңа қағидаттарға негізделген банктік жүйе қалыптасты. Бірақ XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Франция көптеген кедергілердің себебінен экономикалық пен саяси салада өзінің позитивтік қасиеттерін жоғалтады. Олар қоғамның барлық саласында сақталып қалды. XV Людовик басқарған тәртіптің жөнсіз саясаты халықтың монархиялық билікке қатысты түсінбеушілігі мен қарсылығын тудырды.

1774 жылы таққа XV Людовиктің немересі жиырма жасар XVI Людовик отырды. Жаңа корольдің қажырлы мінезі де, саяси қабілеті де болмады. Мемлекеттік іспен айналысудың орнына ол аңшылық және ұсталықпен айналысқанды жөн көрді. XVI Людовик қаржының бас бақылаушысы етіп Тюргоны тағайындады.

Қабілетті мемлекеттік қызметкер және көрнекті теоретик-экономист Тюрго буржуазиялық реформалардың бағдарламасын жүзеге асыруға тырысты. Ақсүйектер мен дінбасыларына сүйенген монархия үнемі салықты көтеру саясатымен айналысты. Саудагерлер, өнеркәсіпшілер, көпестер, мануфактура қожайындарынан құралған үшінші сословие өкілдері негізгі салық төлеуші болды. Салықтың көбеюі өндірісті кеңейту үшін, оның бірқалыпты қызметі үшін еш мүмкіндік туғызбады. Салықтан жиналған алымдар сарайды қамтамасыз ету үшін пайдаланылды. Сондай-ақ, ол тиімсіз сыртқы саясат жүргізу үшін жұмсалды. Монархиямен салық салудың күрделі жүйесі белгіленді. Оған тікелей және жанама салықтар кірді. Салықтардың саны өте көп болды.

Көпмиллиондық шаруалардың арасында терең наразылық туындады. 1783 жылы Сеуеинда «соттарға қарсы қарулы маскалар көтерілісі» лап етті. Жалдамалы жұмысшылар да өзіндік ерекше талаптары бар әр түрлі сипаттағы күрестерге шыға бастады. XVIII ғасырдағы бағаның тұрақты өсуі шынайы табыс көлемінің 25%-ға түсуіне ықпал етті. Осы ғасырдың екінші жартысында жалақыны көбейту және еңбек шарттарын жақсартуды талап еткен ереуілдер саны көбейді. 1786 жылы Лион қаласындағы жұмысшылар – тас қалаушылар, жібек тоқушылар мен қалпақ тігушілердің ереуілдері көпшілік демонстрациясына және «кең көлемді бүлікке» ұласты.

XVIII ғасырдың 80 жылдары Руанда, Седанда, Сент-Этьенде «луддистік» көтерілістер де лап етті – машиналық техниканы сындыру оқиғалары орын алды.

1787-1789 жылдары сауда-өнеркәсіптік дағдарыс күшейді. «Үшінші сословиенің» әлеуметтік наразылығының артуы жағдайында король 250 жыл жиналмаған Бас штаттарды шақыруға мәжбүр болды. 1789 жылдың 5 мамырында Версаль қаласында діни қызметкерлер, ақсүйектер және үшінші сословиенің өкілдерінен тұратын Бас штаттардың отырысы ашылды. Ақсүйектердің өкілдері – 270 депутат, дінбасылардың өкілдері – 291 депутат, үшінші сословие өкілдері – 578 депутаттан құралды. Олардың арасындағы басым көпшілігі буржуазия зиялыларынан

шыққандар болды. Яғни соның ішінде саудагерлер, банкирлер, кәсіпкерлер, шаруалар кірді (барлығы 150 адам).

Бірнеше ай бойы процедуралық мәселер бойынша өткір пікірталас жүргізілді. Ол негізінен дауыс беру қағидасы негізінде өткізілді. Бас штаттарда сословие бойынша дауыс беру қағидасы қалыптасты. Сондықтан ақсүйектер мен дінбасыларының кез келген сұрақтарды шешуде артықшылығы болды. Үшінші сословиенің жеке адамның дауыс беруі туралы бастамасын ұсынуы қабылданған шешімдерді өз мақсатында пайдалануына мүмкіндік берді. Ақсүйектер мен дінбасылар дауыс берудің жаңа қағидасына көшуіне келісімін бермеді. Сондықтан үшінші сословие 17 маусым күні өздерін Ұлттық жиналыс деп жариялады. Ал 9 шілдеде Құрылтай жиналысы деп мәлімдеді. Бұл атаумен үшінші сословиенің депутаттары өздерінің Франциядағы жаңадан құрылатын тәртіптердің бағдарламасы туралы хабарлады.

1789 жылдың 12 шілдесінде Париж қаласында Неккердің қызметтен кетуі туралы хабар тарады. Үкімет басшылығына Парижге қоқан-лоққы көрсеткен реакционер Бретейль қойылды. 13 шілдеде Парижде көтеріліс бұрқ етті. 14 шілдеде Париж көтерілісшілердің қолында болды, Бастилияның алынуы Француз революциясының бастамасы деп белгіленді.

Ұлы Француз буржуазиялық революциясының басталуы. Көптеген тарихшылар революцияның басын 14 шілдемен байланыстырады. Бұл күнгі Бастилияны басып алу Француз революциясының алғашқы жеңісі болып табылады. Король Құрылтай жиналысын мойындауға мәжбүр болды. Кейінгі апталарда революция бүкіл елге жайылды. Қалаларда үкіметтің жаңа таңдаулы органдары муниципалитеттер пайда бола бастады. Жаңа қарулы күштер Ұлттық гвардия құрылды. Көтерілген шаруалар сеньорлардың қамалдарын өртеп, олардың жерлерін басып алумен айналысты.

Ұлы Француз революциясының тарихын үш кезеңге бөледі: біріншісі – 1779 жылдың 14 шілдесі 1792 жылдың 10 тамызы аралығы; екіншісі – 1792 жылдың 10 тамызынан 1793 жылдың 2 маусымына дейін; үшіншісі – революцияның шарықтау шегі –

1793 жылдың 2 маусымынан 1794 жылдың 27/28 шілдесіне дейінгі уақыт.

Революцияның алғашқы кезеңінде билікті ірі буржуазия мен либералдық ақсүйектер басып алды. Олар конституциялық монархия атынан шықты. Бұл топтың арасында жетекші рөлді атқарғандар: М. Лафайет (1757-1834 жж.), А. Барнав (1761-1793 жж.), А. Ламет. 1791 жылдың қыркүйегінде XVI Людовик Құрылтай жиналысы жасаған конституцияға қол қойды. Содан кейін елде конституциялық монархиялық тәртіп орнады. Құрылтай жиналысы таратылып, Заң шығарушы жиналыс жұмыс істей бастады.

Елде болған терең қоғамдық қайта құрулар революциялық Франция мен Еуропаның жетекші монархиялық мемлекеттері арасындағы қарама-қайшылықты күшейтті. Англия Париж қаласынан өз елшісін қайта шақыртып алды. Ресей патшайымы II Екатерина (1729-1796 жж.) француздың сенімді өкілі Женені елден қуып жіберді. Париждегі испан елшісі Ириарте сенім грамоталарын өзіне қайтарып беруін талап етті. Ал испандық үкімет Пиреней түбегі бойымен әскери маневрлер жасай бастады. Парижден Голландия елшісі қайта шақырылды.

1789 жылдың тамыз айында болған Құрылтай жиналысы екі негізгі актіні қабылдады. 4 пен 11 тамызда жасалынған декреттерге сәйкес жерге қатысты феодалдық меншікті жою туралы, шіркеу үлесін үкіметке беру туралы шешім қабылданды.

1789 жылдың 26 тамызында Құрылтай жиналысы Адам және азамат құқықтарының декларациясын қабылдады. Оның мазмұнында табиғи құқықтың ойлары бейнеленді. Декларацияның мазмұнында азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары көрініс тапқан. Ол Франция тарихындағы ең маңызды заңнамалық құжатқа айналды.

Революцияның бірінші кезеңінің тағы бір маңызды құжаты 1791 жылы қабылданған конституция болды. Оның мазмұнында Монтескьенің (биліктерді бөлу) және Руссоның (халықтың егемендігі және заң ұғымын халық тілегінің көрінісі ретінде қарастыру) теориялық қағидаттары көрініс тапты. Конституция Еуропа елдерінің тарихында айрықша маңыздылыққа ие бол-

ды. Оның мазмұнында тәуелсіз мемлекеттің азаматтары мен құқықтарын ескерген маңызды тұстары болды. Француз Конституциясы қазіргі уақытқа дейін де өз маңыздылығын жоғалтпады. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ата Заңы да Франция Конституциясынан бастау алған.

Франциядағы революцияның екінші кезеңінде елдің сыртқы саясатында да үкімет белсенділігін байқатты. 1792 жылы Пруссия мен Австрия Францияға қарсы әскери одақты құрды. Олар Франциядағы монархияға және барлық еуропалық державалардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайлардың таралуына жол бермейтіндігі туралы жариялады. 1792 жылдың 20 сәуірінде Франция Австрияға қарсы соғыс жариялады. Соғыс француз әскері үшін сәтсіздіктерден басталды. Майдандағы ауыр жағдайға байланысты Заң шығарушы жиналыс «отанымызға қауіп төніп тұр» деп жар салды. 1792 жылдың көктемінде жас сапер капитаны, ақын және композитор Клод Жозеф Руже де Лиль (1760-1836 жж.) шабыттана отырып, бір түннің ішінде атақты «Марсельезаны» жазды. Кейіннен ол француздың ұлттық әнұранына айналды.

1792 жылы монархиялық конституцияға негізделген барлық саяси жүйе түбегейлі жойылды. 1792 жылдың 10 тамызында Париж коммун асы басқарған халық көтерілісі болды. Тюильри сарайы алынды. Революцияның екінші кезеңі басталды. Бұл кезеңде Париж коммунасы қалалық өзін-өзі басқару органына айналды. Ол 1793-1794 жж. революциялық үкіметтің ең маңызды сүйеніші болды. Коммунаны П.Г. Шометт (1763-1794 жж.), Ж.Р. Эбер (1757-1794 жж.) және т.б. басқарды. Көптеген монархиялық газеттер жаптырылды. Олар бұрынғы министрлерді соттады, мүліктік ценз жойылды; 21 жасқа толған барлық ер адамдар дауыс беру құқығына ие болды.

Коммунаның жетекшілігімен Париж халқының көп бөлігі Тюильри сарайына шабуыл жасауға дайындалды. Олар Тюильри сарайын басып алды. Заң шығарушы жиналыс корольдің биліктен бас тартуы туралы үкім шығарып, жаңа жоғарғы үкімет – Ұлттық конвентті (жиналыс) шақыруға шешім қабылдады. 10 тамызда болған көтеріліс революцияны жаңа кезеңге көтерді.

Жиналыс XVI Людовикті тақтан тайдырды. 1792 жылдың 11 тамызында Франциядағы монархия іс жүзінде жойылды. Заң шығарушы жиналыс «10 тамыздың қылмыскерлерін» (корольді жақтаушылар) соттау үшін Төтенше әскери сотты ұйымдастырды.

20 қыркүйекте екі маңызды оқиға болды. Француз әскерлері Вальми маңындағы шайқаста қарсыластардың әскеріне тойтарыс беріп, алғашқы жеңісіне қол жеткізді. Сол күні Парижде Ұлттық Конвент жұмысқа кірісті. Сонымен қатар басқа да маңызды іс-шаралар қабылданды. 21 қыркүйекте король билігін жою туралы декрет қабылданды. Якобшілдер мен жирондықтардың арасында қызу тартыс пайда болды. Жирондықтар революцияның нәтижесіне қанағаттанды. Якобшілдер революциялық қозғалысты тереңдету қажет деп санады. Ұзақ талқылау барысында Конвенттегі екі декрет бір ауыздан қабылданды: жеке мүлікке қол сұқпаушылық туралы, монархияны ыдырату және Республиканы құру туралы.

Республиканы жариялау. XVI Людовиктің өлім жазасына кесілуі. 22 қыркүйекте Франция Республика болып жарияланды. Бұл Франция тарихындағы бірінші республика еді. Республиканың «Еркіндік, теңдік және бауырластық» деген ұраны болды.

Революцияның екінші кезеңінде саяси жетекшілік жирондықтардың қолына өтті.

Жирондықтар негізінен республикалық сауда-өнеркәсіп және жер шаруашылығының буржуазиясының өкілдерінен құралды. Жирондықтардың көшбасшылары Ж.П. Бриссо (1754-1793 жж.), П.В. Верньо (1753-1793 жж.), Ж.А. Кондорсе (1743-1794 жж.) болды. Конвенттің оң қанатын 136 депутаттан құралған жирондықтар деп атады. Жирондықтарға сол қанаттың құрамындағы якобшілдер қарсы тұрды. Конвенттің сол қанатының жоғарғы палатасының 113 депутатын «таулар» немесе «монтаньярлар» деп атады. Олардың арасында М. Робеспьер (1758-1794 жж.), Ж.Ж. Дантон (1759-1794 жж.), Ж.П. Марат (1743-1793 жж.) болды. Ешбір топқа жатпайтын орталық бөлігін Конвенттің «батпағы» немесе «тегістігі» деп атады.

1792-1793 жылдардың қыс мезгіліне таман қалалар және ауылдардағы халықтың көпшілігі революцияның ары қарай те-

рендеуін талап етті. Конвентке нан және басқа азық-түліктің тұрақты бағасын белгілеу талаптары қамтылған петициялар түсіп жатты. Көктемге таман жер туралы мәселе қайта туындады.

Сол кезде барлығын толғандыратын мәселе тұтқынға алынған XVI Людовиктің тағдыры болды. Конвент оны соттауға шешім қабылдады. 1793 жылдың 14 қаңтарында Конвенттің 749 депутатының 387-сі корольді өлім жазасына кесу үшін дауыс берді. 1793 жылдың 21 қаңтарында XVI Людовик жазаланды. Осы жылдың қазан айында Мария-Антуанетта патшайым жазаланды.

1793 жылдың 21 қаңтарында корольдің өлім жазасынан кейін де саяси күрес күрделене түсті. Коммуна, секциялардың көп бөлігі, монтаньярлар, кордельерлер клубының мүшелері жирондықтарға қарсы бірікті.

XVI Людовиктің жазасы антифранцуздық коалицияны кеңейту үшін себеп болды, оған Англия мен Испания кірді. Сыртқы майдандағы сәтсіздіктер, ел ішіндегі экономикалық қиындықтардың тереңдеуі, салықтың өсуі жирондықтардың позициясын әлсіретті. Ел ішінде толқулар көбейе бастады, тонаушылық, адам өлтіру жағдайлары орын алды. Ал 1793 жылдың 31 мамыр 2 маусым аралығында ұлттық көтеріліс болды. 1793 жылдың көктемінде революция дағдарыстың жаңа деңгейіне көшті. Париж секцияларының көпшілігі, яacobшілдер бір ауыздан жирондықтарды қоғамнан шығару туралы пікір айтты. 1793 жылдың 31 мамырында көп мыңдық халық тобы мен ұлттық гвардияның күрескерлері Конвентті қоршап алып, жирондықтардың көшбасшылары қамауға алынды.

Революцияның үшінші, яғни шарықтау кезеңі басталды. Францияда яacobшілдер диктатурасы орнады. Биліктегі буржуазиялық радикалдық топтар қаланың негізгі бөлігі және шаруаларға сүйенген еді.

Яacobшілдер буржуазиялық-демократиялық революцияның жетістіктерін нығайту мақсатында маңызды іс-шараларды қабылдады. 1793 жылдың 3 шілдесінде халыққа аз телімді жерлерді 10 жылдық мерзімге сату туралы Заң қабылданды. 1793 жылдың 24 маусымында жаңа конституция қабылданды. Конституцияға

сәйкес Франция республика деп жарияланды. Мемлекеттік құрылымы бойынша ол бірыңғай және бөлінбейтін, яғни унитарлық мемлекет болып табылатындығы туралы атап өтілді. Заң шығарушы билік заң шығарушы корпусқа тиесілі. Жаңа Конституция бойынша қарастырылған мәселелер:

- Заң шығарушы жиналыстың бір палатасының болуы;
- сайлауда тікелей дауыс беру жүйесі;
- жас шектелімі 21 жастан кіші емес болуы керек;
- демократиялық құқықтар мен бостандықтар жарияланды.

Қызықты мәлімет. Ұлы француз революциясының талқандалуынан кейін 1793 жылы Ұлттық конвент күнтізбе мен уақытта есептеу бірлігінің реформасын жүргізді. Бір жыл әрқайсысы 30 күннен тұратын 12 айға бөлінді. Бір ай 10 күннен тұратын 3 декадаға бөлінді. Мемлекеттік қызметшілер үшін олардың бір күні ғана демалыс күні болып белгіленді. Бір жылдағы қалған санкютидтер деп аталынған 5 пен 6 күндер ешбір айға жатқызылмады. 1 күнде жаңа ережелер бойынша 10 сағат, 1 сағат – 100 минутқа, ал 1 минутта – 100 секунд болған. 1806 жылдың 1 қаңтарынан бастап Наполеон бұл жүйені жойып, оның орнына бізге белгілі күнтізбені қайтарған.

1793 жылғы Конституция халықтың барлық талаптарына сай келді. Бірақ шілде-тамыз айларында республиканың жағдайы қиындап кетті. Азық-түлік дағдарысы басталды. Якобшілдердің міндетті шарты мемлекеттік билікті орталықтандыру болды. Конвент жоғарғы заң шығарушы орган ретінде қалды. Оның карамағындағы атқарушы биліктің қызметін 11 адамнан тұратын Қоғамдық құтқару комитеті атқарды. 1793 жылдың шілдесінде Конвент Қоғамдық құтқару комитеті ретінде қайта сайланды. Үкіметті Робеспьер басқарды. Контрреволюциямен күресу үшін Конвенттің қоғамдық қауіпсіздік комитеті нығайтылды, революциялық трибуналдар белсенді жұмыс істеді. Бұл жағдай елдегі өкілеттікті кеңейтуге мүмкіндік туғызды.

Жаңа үкіметтің жағдайы ауыр болды. Соғыс өршеленді. Францияның көптеген департаменттерінде бүліктер орын алды.

Якобшілдер одағының ішінде саяси күштердің бөлінісі көрініс тапты. Бір жағында террорды тоқтату керек деген Қоғамдық құтқару Комитетін басқарған Дантон мен оның жақтастары болды. Келесі тарабында қатал билікті ұстап тұруды қолдаған Робеспьер мен оның жақтастары орналасты. 1793 жылдың 13 шілдесінде террористік акт жасалды. Белсенді якобшілдердің бірі Жан Поль Марат пышақпен өлтірілді. Бұл жағдайдың нәтижесінде көптеген қалалардағы контрреволюциялық террорға жауап ретінде якобшілдердің терроры күшейді.

1794 жылдың көктемінен бастап, якобшілдер одағы тез ыдырап кетті. Робеспьер билікті басып алушы деп айыпталды. 1794 жылы (27 шілдеде) 9 термидор Робеспьер мен оның серік-тестерін, ал келесі күні барлық жақтастарын тұтқынға алып, оның басын шапты. Якобшілдер диктатурасы жойылды. Якобшілдерден тазартылған Конвент өз қызметін бастады. Термидориандық төңкеріс революцияның аяқталуының басы болды.

Франциядағы ағартушылық қозғалыс. Француз буржуазиялық революциясының басталуында ағарту қозғалысының рөлі зор болды. Оның негізінде халықтың ой-санасы көтеріліп, революциялық көңіл-күй қалыптасты. Оқу-ағарту бағытының өзі де қоғамдық қозғалыс пен идеологияны білдірді. Ол тұлғаның ақыл-ойы мен өнегелігін дамытуға, қоғамдық өмірдің барлық жағын адамгершілік сипатқа келтіруге бағытталды.

Француз ағартушылық қозғалысы ақсүйектік мәдениеттің елеулі ықпалымен қалыптасты. Оның негізінде қарым-қатынастың жаңа өзіндік түрі салон қалыптасты. Салон ұжымдық уақыт өткізу әдісі ретінде қарастырылды. Ол саяси, әдеби-шығармашылық және басқа да интеллектуалдық қызметті ұйымдастырудың орталығы болып қызмет етті. Ағартушылар философиялық, ғылыми, әдеби әр түрлі үйірмелерді құрды. Ағартушылық қозғалыс мықты идеялық қозғалыс ретінде Англияда Джон Локк сияқты ойшылдардың еңбегімен басталды. Ал Францияда XVIII ғасырдың 40 жылдары пайда болды. Қозғалыстың Монтескье, Вольтер, Гольбах, Руссо сияқты өкілдері қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтарынан шыққан. Бірақ ескі тәртіпке де-

ген қатынасы, теңдікке деген талаптар, адамды оның деңгейіне қарай емес, жеке дара еңбегіне қарай бағалау сияқты мәселелер Францияның ойшылдарын біріктірді.

Ағартушылардың ішіндегі ең маңыздысы – энциклопедистердің үйірмесі болды. Энциклопедистер деп 1751-1772 жылдары аралығында жеке-жеке томмен шыққан, атақты «Энциклопедия немесе ғылым, көркемөнер және қолөнердің түсіндірме сөздігін» жасаушыларды атаған. Үйірменің жетекші философы Дени Дидро, оның белсенді мүшелері – Гольбах, Руссо, Гельвеций, Кондорсе, Кондильяк және т.б. болды.

Ағартушылық қозғалыстың рухында жазылған француз әдебиетінің алғашқы еңбегі Ш. Монтескьенің «Парсы хаттары» болды. Ол 1721 жылы басылып шығарылды. Автор сатиралық, арасында тұспалдау мәнерімен, шығыс деспотының сарайында билік ететін әрекеттерді көрсетеді. Бірақ парасатты, ойшыл оқырман Монтескьенің астарлау формасында француз абсолютизмінің пиғылдары мен тәртіптері жайлы жазғанын анық байқайды. Вольтердің (Франсуа Мари Аруэ) де көптеген еңбектері сол рухта жазылған, әсіресе ғасырдың ортасында басып шығарылған «Философиялық повестердің» маңыздылығы зор. Сонымен қатар Монтескье «Заң рухтары туралы» (1748 жылы) трактаттың авторы ретінде де танымал болған. Ол алғашқы рет биліктің үш тармаққа – заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып бөліну қағидасын ұсынды.

Францияның ағартушылық қозғалысының дамуындағы жаңа кезең Руссоның есімімен тығыз байланысты. Руссоның радикалдығы оның этикалық көзқарасына сүйенді. Ол қоғамның игілігі үшін адамның қызмет етуін талап етті.

Руссоның ойынша: «Теңдік жоғалды, жеке меншік пайда болды және кең ормандар көз қуандыратын егістікке айналды, оларды адамның еңбегімен суару керек еді. Сол жерлерге көп ұзамай егін салынып, солармен бірге құлдық та, кедейлік те өсті».

Руссо сауданың еркіндігін де қолдамады. Ол мемлекет сауданы және өнеркәсіпті жалпы қоғамның игілігіне сай бағыттап, азық-түлік, қаржы, тауарларды дұрыс бөлу үшін бақылау жасау

керек деп санады. Еркін саудаға қатысты Руссоның қарсылығының этикалық себептері бар еді. Оның ойынша, сауда, байлық, ғылым, көркемөнер сияқты өркениеттің басқа да жетістіктері салт-дәстүрдің бұзылуына алып келеді. Жоғалған мейірімділікті қайта жаңғыртуға тырысқан Руссо, мейірімділіктің негізгі тараушысы «халық» деп білді.

XVIII ғасырдың ортасынан бастап француз ағарту қозғалысында шіркеуге қарсы көзқарастар көрініс тапты. Дидро, Гольбах, Гельвеций бастаған философ-материалистердің қызметі белсенді сипатқа ие болды. Олардың көбісі халық үшін «табиғи» діннің қажеттілігі идеясын қолдады. Тек Гольбах қана адамзатты кез келген діннің қысымынан босатуды қолдады.

Монстескье, Вольтер, Дидро сияқты осындай француз ойшылдарының арқасында Франциядағы ағартушылық идеялары басқа Еуропа елдеріне қарағанда кең таралды. Олар елдегі қоғамдық санаға сілкініс жасады. Ағартушылардың еңбектерінің ықпалымен революциялық көңіл-күй қалыптасты.

Термидорлық билік. Директорияның сыртқы және ішкі саясаты. 1794 жылдың 27 шілдесінде яacobшілдер диктатурасының қарсыластары мемлекеттік төңкеріс жасады. Ол 9 термидорлық төңкеріс деген атпен белгілі. Олар ірі буржуазияның жаңа топтарының мүдделерін білдірді.

Жұмысшы тобы және халықтың кедей топтарының ұйымдаспағандығы, яacobшілдердің бөлініп кетуі ірі буржуазияның пайдасына шешілді.

Францияда 9 термидордың бірінші контрреволюциялық төңкерісінен кейін билік басына буржуазия келді. Яacobшілдер клубы жабылып, оның ғимараты мөрленді. Париждік секциялар таратылды, революциялық өзін-өзі басқару қыстартылды. Конвентке жирондықтар қайтып келді. Яacobшілдерді ығыстырғаннан кейін ірі буржуазияның өкілдері Конвентте көпшілік дауысқа ие болды. 1795 жылы 22 тамызда ол жаңа конституцияны қабылдайды. Конституция ірі буржуазияның билікке келуін бекітті.

1795 жылдың конституциясы немесе оны III Республика Конституциясы деп ресми түрде атады. Ол француз революциясы-

ның термидорлық кезеңінің аяқталуын және Директорияға көшуін білдірді. Бұл Ұлттық Конвенттің ең соңғы ірі әрекеті және оның жұмысының қорытындысы болды.

Директорияның құрамы өзгеріп отырды, оның басқару кезеңі 1795 жылдың 4 брюмерінен, 1799 жылы 18 брюмеріне дейінгі (26 қазан – 9 қараша) аралықты қамтыды. Қалалық пен ауылдық кедейлердің жағдайлары ауыр болып қала берді.

Революцияның маңызы. XVIII ғасырдың соңында орын алған Франциядағы революция Еуропа елдерінің саяси дамуына ықпал еткен маңызды оқиғаға айналды. Оның нәтижесінде Франциядағы бірнеше жыл үстемдік құрған феодалдық абсолюттік билік жойылды. Капиталистік қарым-қатынастарға жол ашылды. Революциядағы халықтың атқарған рөлі ауқымды болды. Революцияның барысында қазіргі уақытқа дейін маңыздылығын жоғалтпаған жалпы демократиялық және гуманистік құндылықтар басшылыққа алынды («бостандық», «теңдік», «бауырлық»). Алғашқы рет сөз бостандығы, жиналыс бостандығы сияқты негізгі адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары бекітілді. Француз революциясы басқа осыған дейінгі Англия мен Нидерландыдағы революциялардан ұзақтығы бойынша да ерекшеленді. Үш кезеңді қамтыған француз революциясы барысында бірнеше саяси күштердің арасында күрес жүрді. Революцияның маңыздылығы оның тек өз аумағында шектелмеуімен ерекшеленді. Ол өз тәуелсіздігін алмаған басқа да Еуропа мемлекеттеріне әсер етті. Герман империясы сияқты бұл еуропалық елдерде саяси өзгерістердің алғышарттары қалыптасты. Революцияның басталуында ағартушылық қозғалыстың да рөлі зор болды. Монтескье, Вольтер, Руссо, Дидро сияқты ойшылдар мен жазушылар әлемдік саяси ойдың тарихында лайықты орынға ие болды. Революцияның нәтижесінде Франция экономикалық деңгейі бойынша басқа еуропалық мемлекеттермен отарлық саясатта бәсекелестікке түсе алды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Франциядағы абсолюттік биліктің қандай ерекшеліктері болды?
2. Француз революциясы қанша кезеңнен тұрады?

3. Француз революциясы барысында елдің дамуын анықтаған қандай маңызды құжаттар қабылданды?
4. Жирондықтар мен якобшілдер деген екі топқа бөлініп, олардың көзқарастарын сипаттаңыз.
5. Франциядағы термидорлық төңкеріс неліктен болды?

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы Франция

XIX ғасырдағы Францияның экономикалық дамуы. XIX ғасырдың басында Францияның экономикалық дамуында біршама өзгерістер орын алды. Консулдық және империя жылдарында Францияда өнеркәсіптік төңкеріс басталды. Машиналар қол еңбегін ығыстыра бастады. Жүн өнеркәсібінің өнімділігі 1812 жылы 1789 жылмен салыстырғанда 4 есеге, тас көмір өндірісі 250 мың т-дан 800 мың т-ға дейін, темір рудасы – 60 мыңнан 120 мың тоннаға дейін өсті. Бурбондардың қайта билікке келуі жылдарында өнеркәсіптік төңкеріс жалғасын тапты. Мысалы, 1814 жылы көмір өндірісі 1 млн т болса, 1825 жылы 1,5 млн т-ға (тонна) жетті. Шойынды қорыту Жаңғырту жылдарында екі есеге өсті. Ол 1830 жылға таман 250 мың тоннаға жетті. Мақтаны пайдалану да айтарлықтай ұлғайды. Егер де Бурбондардың қайта билеуі кезінде Францияда 10,5 мың т мақта шығарылса, онда 1830 жылы бұл көрсеткіш 34 мың т шамасына жетті. Нәтижесінде 1820 жылдан 1830 жылға дейін бу машинасының саны 10 есеге артты. 1823 жылы алғашқы темір жол салынды.

XIX ғасырдың ортасында Франция өнеркәсіптік дамуда алға шықты. Екінші империяның 19 жылында француз өнеркәсіптік өндірісінің көлемі 2 есеге, сыртқы саудасы 3 есеге өсті. Тас көмір өндірісі 1851 жылы 4,5 млн т болса, 1869 жылы 13,5 млн т жетті, болат қорыту – 14 мың т-дан 110 мың т-ға дейін өсті, шойын өндірісі – 450 мың т-дан 1,4 млн т жетті.

Наполеон жорықтары мен антифранцуздық коалициялар. XVIII ғасырдың аяғында Франциядағы революциялық жағдайлар еуропалық державалардың ұстанымдарына үлкен әсерін тигізді. Бұл елдердегі саяси күштер революцияға қарсы бірікті. 1792 жылы

7 ақпанда бірінші контрреволюциялық коалиция Австрия мен Пруссияның арасындағы келісімнің негізінде құрылды. Англиядан басқа Францияға қарсы Испания, Сардиния корольдігі, Неаполь және Ресей шықты. Нәтижесінде 1793 жылдың көктемінде француз әскері жеңіліске ұшырайды.

1793 жылдың 23 тамызында француз әскеріне 18-25 жас аралығындағы бойдақ ер адамдар шақырылады. Бонапарт өзінің әскери жорықтарын жалғастырды. Ол енді Италияның аумағына енді. 1798-1799 жылдары Англия, Ресей, Австрия және Түркия екінші коалицияны құрды. 1799 жылы А.В. Суворовтың әскері Солтүстік Италияда француз әскерін талқандайды. Адмирал Ушаковтың орыс флоты француздарды Ион аралдарынан қуып шығады. 1800 жылы адмирал Нельсонның ағылшын эскадрасы Мальта аралын басып алады. Ірі буржуазия және жаңа буржуазия мүдделігіне қызмет ететін, 1799 жылдың 9 қарашасындағы 18 брюмердің төңкерісіне дейін-ақ екінші коалиция ыдырап кетті. Наполеон Бонапарт екінші коалицияның ыдырауын шебер пайдаланды. Наполеон тез арада жаңа әскер жинап алып, құпия түрде оны Альпі өткелдерінен Италияға өткізіп алды. 1800 жылдың 14 маусымында Маренго бойындағы шайқаста Австрия әскерлері талқандалды. Франция Италияның солтүстігін басып алды. Генерал Моро басқарған француз әскерінің бөлігі Баварияға аттанып, сол жылдың 3 қарашасында Гогенлинденнің маңында австриялықтарды жеңді. 1801 жылдың 9 ақпанында Австрия үкіметі Люневилде бейбітшілік келісіміне қол қоюға мәжбүр болды. 1801 жылдың қазан айында Франция мен Ресей арасында бейбітшілік келісімі жасалды. Олар германдық және итальяндық иеліктерге қатысты мәселелерді бірігіп шешу туралы құпия келісімге қол қойды. Жалғыз қалған Англия соғысты сәтті жүргізе алмады. 27 мамырда Амьенде Франциямен бейбітшілік келісімі жасалды. Англия Египет пен Мальтаны босатуға келісімін берді. Ал Бонапарт Еуропадағы жағдайды сақтап қалу міндетін қабылдап, Англиямен сауда келісімін жасады.

1805 жылдың тамыз айында Наполеонға қарсы үшінші коалиция құрылды. Оған Англия, Ресей, Австрия және Қос Сицилияның Корольдігі кірді. 21 қазанда француздық флот Тра-

фальгар мүйісінің маңында адмирал Нельсонның ағылшын эскадрасынан жеңіліс тапты. Бірақ Наполеонның жоспары бойынша австриялық және ресейлік әскерді талқандауы қажет болды. Француз әскерлерінің шабуылы Пруссияның бейтараптылығы арқасында жеңілдетілді. Ресей және австриялық әскерлер Чехияда біріктірілді. І Александр Австрияның жоспары бойынша шайқасуға шешім қабылдап, Кутузовтан көмек келгенше шайқасты бастамау туралы ұсынысын қабылдамады. 1805 жылдың 2 желтоқсанында Аустерлиц маңындағы шайқаста австриялық және орыс әскерлері талқандалды. Ол тарихта «Үш императордың шайқасы» деген атпен қалды.

Аустерлицтен кейін Австрия соғыстан шығып, Братислава бейбітшілік келісіміне қол қоюға мәжбүр болды. Сонымен қатар, Наполеонға Германия мен Италияда еркін іс-әрекеттерге жол ашылды.

Пруссияны басып алу қаупі төніп тұрғанын түсінген берлиндік сарай, Ресей және Англиямен одақтасады. 1806 жылдың қыркүйек айында олар Швециямен бірігіп, төртінші коалицияны құрды. 1806 жылдың күз мезгілінде наполеондық әскерлер Берлинге кіреді. 21 қарашада Наполеон құрлықтық блокада туралы Берлин декретіне қол қояды. Бұл декрет бойынша, Францияға тәуелді елдердің барлығына Англиямен сауда жасауға тыйым салынады. 1807 жылы Наполеон Англия порттарына және оның отарларына кіріп тұратын бейтарап кемелердің барлығын тәркілеуге бұйрық берді. Англия болса, Франция және оның вассалдарының порттарының құрлықтық блокадасы туралы хабарлады. Наполеон өз әскерін шығыс Пруссиядағы орыс әскеріне қарсы жылжытты. 1807 жылдың 6 ақпанында Прейсиш-Эйлау маңында қанды шайқас болды. Екі әскер де үлкен шығынға батты, бірақ орыс әскерлері шайқас алаңында соңына дейін шыдады. Алғашқы рет Наполеон жеңіліске ұшырайды. Бірақ 14 шілдеде Фридланд маңындағы шайқаста орыс әскері талқандалды. 1804 жылдан бастап Ресей Иранмен соғыс жүргізді, сондықтан оның жағдайы қиындай түсті. Ал 1806 жылы орыс-түрік соғысы басталды. Одақтастары болмаған және Англиядан көмек алмаған Ресей үкіметі өз саясатының бағытын өзгертіп, Наполеонмен

келісімге келуге шешім қабылдады. Тильзитте екі императордың кездесуі 1807 жылдың 7 шілдесінде екіжақты бейбітшілік және одақтастық туралы келісімдерге қол қоюмен аяқталды. Одақтық келісім бойынша Ресей құрлықтық блокадаға қосылды.

1809 жылы Англия мен Австрия одақтасып, Францияға қарсы бесінші коалицияны құрды. 1809 жылдың 5-6 шілдесінде Наполеон үшін Ваграм маңында австриялық әскерді жеңу қиынға соқты. 1809 жылдың 14 қазанында Шенбрундік бейбітшілік келісіміне қол қойылды. Австрия үлкен аймағы және теңізге шығу жолдарынан айырылады. Зальцбург Баварияға беріледі. Австрия құрлықтық блокадаға қосылуға, өз әскерін 150 мың адамға қысқартуға және Францияға соғыс шығынын төлеуге міндетті болады. 1809-1811 жылдары Франция басқа аймақтарды жаулап алды. Австриямен соғысқан кезде Наполеон өз империясына Рим қаласымен бірге папалық облысты қосу туралы декрет шығарады. Гамбург және Германияның басқа да облыстарының тағдыры да осы құжатпен шешілді. Наполеон Түркияның соғысқа қатысуынан үміттенді, бірақ 1812 жылдың мамырында орыс әскерінің бас қолбасшысы Кутузов Дунай маңында Түркиямен Бухарест бейбіт келісін жасады. Ол бойынша Ресей Бессарабияны алды. Түрік үкіметі Ресейге қарағанда, наполеондық әскерден қатты қорықты.

1812 жылдың 5 сәуірінде Ресей Швециямен одақтасты. Еуропалық Ресейдің солтүстігі мен оңтүстігіне еш қауіп төнген жоқ. 1812 жылы болған Ресей тарихында «Бородино шайқасы» деп аталынған соғыста Ресейдің жеңіп шығуы Франциядан оның одақтастарының алшақтауына әкелді. Бұл соғыс Наполеон империясы үшін ауыр соққы болып тиді.

1813 жылдың көктеміне таман Наполеон империясына қарсы Ресей, Англия, Швеция, Пруссия, Испания және Португалиядан тұратын алтыншы коалиция құрылды. 1813 жылы соғыстың негізгі алаңы Саксония болды. Наполеондық әскерлер бұрынғы артықшылығын жоғалтты. Коалиция әскерінің саны да көп еді, артиллерияда да артықшылығы басым болды. Негізгі шайқас Лейпцигтің маңында 1813 жылдың 16-19 қазанында орын алды.

Наполеон әскері талқандалып, оның қалған бөлігі Рейннен асып жіберілді. Бұл шайқас тарихта «Халықтар шайқасы» деген атпен белгілі болды.

1814 жылдың 31 наурызда император І Александр мен прустік король Фридрих Вильгельм өз армияларымен Парижге кірді. 1 сәуірде Талейранның ұсынысымен сенат Францияның уақытша үкіметін құрды. Ал 3 сәуірде ол Наполеонның тақтан кеткендігін мәлімдеді. Граф Прованский ХVIII Людовик есімімен король ретінде жарияланды. 1814 жылдың 11 сәуірінде одақтастар Фонтенбло келісіміне қол қойды. Ол бойынша Наполеонға өмір бойғы иелікке Жерорта теңізіндегі Эльба аралы берілді. 1814 жылы Париж келісіміне қол қойылды. Ол бойынша Франция 1792 жылғы шекарасына қайтып оралады. Барлық жаулап алынған жерлерден оның қолында тек Ницца, Савойяның бір бөлігі және бірнеше шекаралық қамаулар қалды. Нәтижесінде Франция әскери шайқас алаңдарында жеңіліс тапты. 20 сәуірде Фонтенбло сарайында гвардиямен қоштасып, Наполеон айдауға жіберілді.

1815 жылғы Вена конгресі. Наполеонның соғыстарының нәтижесі 1814 жылғы Вена конгресінде қарастырылды. 1814 жылдың қыркүйегінде Вена қаласында 216 мемлекеттің өкілдері бас қосты. Оның жұмысы 1815 жылдың 9 маусымына дейін жалғасты. Конгресте шешім қабылдауда 4 мемлекет – Англия, Австрия, Ресей жетекшілікке ие болды. 1815 жылы Францияда Бурбондардың билікке қайтып келуі нәтижесінде ол да өз тағдырына қатысты мәселелерде шешім қабылдауда қатысты. Сонымен қатар Вена конгресі барысында Францияның саяси беделін сақтап қалуда дипломат Талейран зор үлесін қосты. Талейран конгресс барысында «легитимизм» деген қағиданы ұсынды. Ол бойынша еуропалық мемлекеттердің 1792 жылға дейінгі болған шекараларды сақтау қажеттілігіне мән берілді.

Конгресте Ресейден – І Александр, Ұлыбританиядан – Кеслри, ал кейіннен Веллингтон, Австриядан – І Франц пен Меттерних, Пруссиядан – Гарденберг қатысты. Венадағы басқосуда жетекші рөлді Австрияның сыртқы істер министрі, князь Клеменс фон Меттерних алды.

Вена конгресі Наполеон жорықтарынан кейінгі көптеген мәселелерді шешті. Ең алдымен, территориялық өзгерістер орын алды. 1815 жылдың 9 маусымында Ресей, Англия, Испания, Австрия, Франция, Ұлыбритания, Португалия, Пруссия мен Швеция өкілдері Вена конгресінің Қорытынды бас актісіне қол қойды. Бельгия Голландиямен біріктіріліп, Нидерланды корольдігін құрады. Оған Люксембург те қосылды. Рейннің сол жағалауында Пруссия мен Швейцарияның провинциялары орналасты. Италияда Сардиния корольдігі қайта құрылып, оған Генуя қосылды. Сонымен қатар, оған Савойя мен Ницца қайтарылды. Ломбардия мен Венеция кіші итальяндық герцогтіктермен Австрияның бақылауына өтті. Тоскана, Модена және Парма герцогтіктері Габсбургтер әулеті өкілдерінің меншігіне айналды. Қасиетті Рим империясының 300-ден астам мемлекеттерінің орнына 38 мемлекеттен тұратын Герман одағы құрылды. Солтүстік Саксония мен Познань Пруссияға берілді. Сонымен қатар ол Померания мен Рюген аралын иемденді. Норвегия Швецияға берілді. Англия Ион аралдары, Мальтаны алды және Азиядағы өзінің жаулап алған голландық отарларды бекітті. Ресейге Варшавамен бірге поляк аумақтары қосылды. Олар Поляк корольдігіне бірігіп, Ресеймен әулеттік униямен байланысты болды. Сондай-ақ Финляндия мен Бессарабия жерлерін өзіне қосты.

Вена конгресі XIX ғасырдағы маңызды оқиғаға айналды. Ол ең алдымен, барлық мемлекет үшін қиындықтар тудырған соғыстарды аяқтады. Екіншіден, бірінші рет Еуропаның көптеген мемлекеттері аумақтық мәселені шешу үшін бас қосты. Жетекші еуропалық мемлекеттер алғашқы рет бір мақсат төңірегінде бірігіп, «еуропалық концертті» құрады. Олар Еуропадағы ұлтзаттық қозғалыстардың таралуының алдын алу үшін Қасиетті Одақты құруға шешім қабылдады.

Франциядағы Бурбондардың билікке қайта келуі. Вена конгресі барысында Францияда елеулі өзгерістер орын алды. 1815 жылдың 1 наурызында Наполеон Эльба аралын жасырын түрде қалдырып, Францияның оңтүстік бөлігіне келеді. Ол 20 наурызда ел астанасына салтанатпен кіреді. XVIII Людовик пен оның министрлері елден қашты. Халық Наполеонды қуанышпен қарсы

алды. Олар Наполеоннан революциялық әрекеттерді күтті. Бірақ оның 22 сәуірде жариялаған қосымша актісі халықтың үмітін ақтамады. Оның мазмұны Бурбондардың Хартиясынан ерекшеленбеді. Наполеонның өзі де ішкі саяси істерге араласпады. 1814 жылдан Венада бас қосқан еуропалық мемлекеттер оған қарсы жетінші коалицияны құрды. Қысқа уақытта жиналған армиясымен 1815 жылдың 18 маусымында Наполеон Ватерлоо түбіндегі антифранцуздық коалициямен шешуші шайқаста жеңіліс табады. Осы уақытқа дейінгі оның билеу уақыты тарихта «Наполеонның 100 күні» деп аталынды. Жеңілістен кейін Наполеон тақтан бас тартып, Атлант мұхитындағы Әулие Елена аралына қайта айдауға жіберіледі. Сол жерде 1821 жылы дүниеден өтеді.

Наполеонның Франциядағы дәуірі аяқталғаннан кейін Бурбондар әулеті қайта билікке келеді. XVIII Людовик король болып жарияланады. 1814 жылғы 4 маусымда Конституциялық Хартия қабылданады. Ол бойынша парламенттің төменгі палатасына сайлау өткізілуі, барлық француздардың заң алдындағы теңдігі, жеке бостандықтар, ар-ұждан бостандығы, революция кезінде алынған жерлер мен мүлікті қосқандағы жеке меншіктің қол сұқпаушылығы, азаматтарға тең салықтың енгізілуі заңдастырылды. Король қасиетті тұлға ретінде көп билікке ие болды. Ол барлық атқарушы билікті иемденді, өзіне ғана және жоғарғы палатаның пәрлеріне жауапты министрлерді тағайындады. Заң шығару бастамасы мен заңдарды жариялау корольдің құзыреттілігінде болды. 1815 жылы жаңа палата депутаттары сайланып, ол «теңдесі жоқ» палата деген атқа ие болды. Парламенттің құрамына ультрароялистер кірді. Францияда 3 саяси партия қалыптасты. Біріншісі – ультрароялистер партиясы. Көшбасшысы – корольдің бауыры – граф де' Артуа (болашақ король X Карл). Олар француздық консервативтік романтизм идеясындағы жаңа монархиялық тәртіпті орнатқысы келді. Екіншісі – Конституциялық партия. Олар «ақ террорды» жокқа шығарды. Ультрароялистерден басқару әдістері бойынша ерекшеленді. Оң қанаты – де' Решелье, сол қанаты – Гезо, Барант. Олар ақсүйектер тобының, орта таптың басшылығының либералды бөлігінің қолдауына сүйенді. Үшіншісі – Тәуелсіздер партиясы (1817 ж.). Ол тәртіпке қарсы шыққан республикашылдар,

бонапартшылдар, орлеаншылдар сияқты барлық қарсыластарды біріктірді. Көшбасшылары: Бенджамин Констан, Казимир Перье және Лаффит. Бұл топ шіркеу ықпалына да қарсы болды.

1824 жылы Людовик қайтыс болғаннан кейін, билік басына X Карл келді. Білім жүйесі католик шіркеуінің бақылауына өтті. Әйелдердің діни қауымдастығына рұқсат беріледі. Діни рәсімдерді бұрмалағаны үшін жазалау енгізіледі. 1823 жылы – 1789 жылғы революциядан кейін жеке мүлкі сатылып жіберілген эмигранттардың шығынын өтеу туралы заң қабылданды. Буржуазиясы көп ұлттық гвардия тарқатылады. 1829 жылы Полиньяктың әлсіз үкіметін Мартеньяк үкіметі алмастырды. Оның басқару тұсында фабрикалар мен зауыттардың саны өсті, шаруалардың жіктелуі көрініс тапты. Жұмысшылардың саны жерсіз шаруалардың есебінен көбейді.

Өнеркәсіптік төңкеріс және капитализмнің дамуы жұмысшы күшін пайдаланудың күшеюіне, кіші қолөнершілер мен кәсіпшілердің кедейленуіне әкелді. 1826 жылы өнеркәсіптік төңкеріс, 1829-1830 жылдардағы депрессия құрғақшылық кезеңіне тұспа-тұс келді. Солшыл буржуазияның оппозициялығы күшейді. Ал 1829 жылы Бурбондар әулетінің кіші тармағының жақтаушылары орлеандық партияны (Талейран, Тьер) құрды. Олар депутаттар палатасының кезекті сайлауынан кейін көпшілік дауысқа ие болды.

Шілде революциясы. Қаржы топтарының Карлды конституциялық шаралармен шектеу талпыныстары, оның конституцияға қарама-қайшы келетін қаулыларға – «ордонанстарға» қол қоюына итермелейді (25 шілде 1830 ж.). Ордонанстар төменгі палатаны тарқатуды, депутаттар санын екі есеге қысқартуды, сауда және өнеркәсіптік патенттері барлардың барлығын дауыс беру тізімінен шығару, дауыс берушілердің ортасын тек ірі жер иеленушілермен шектеуді, газет пен журналдарды басып шығару үшін алдын ала рұқсат алу жүйесін енгізуді қамтыды. Осындай жағдайда оппозиция бұқара халықты үкіметке қарсы шығуға шақырды. 27 шілдеде шерулер кең көлемді көтерілістерге айналды. 1830 жылы 29 шілдеде халық Тюильри сарайын басып алды, Полиньяктың және 1814 жылдың Хартиясының күшін жоюын та-

лап етті. Халық толқының қысымымен X Карл тақтан бас тартып, Англияға қашты. Мемлекеттік қайта құруды ұйымдастырушылар, Талейран мен Адольф Тьерді қосқанда, уақытша үкімет құрды. Патша тағын герцог Луи Филипп Орлеанский иемденді.

1830 жылғы революция корольдің ауысуына алып келді. Республикалық партияның әлсіздігі революцияның тереңдеуіне, республиканың орнауына кедергі болды. 1830 жылы 14 тамызда қабылданған жаңа Конституция бұрынғы Хартияның жағдайын сақтап қалды. Сайлаушылардың жастық цензі 25 жасқа, депутаттарда 30 жасқа дейін қысқартылды. Мүліктік кедергілер азайтылып, ірі буржуазияның өкілдерінің билікке келуіне жол ашылды. Нәтижесінде Франция тарихындағы бұл оқиға «Шілде революциясы» деп аталды. Король заң шығаратын бастамасынан айырылды, вето құқығы парламенттің шешімімен жүзеге асты. Дауыс берушілердің саны көбейді (100 мыңнан 240 мыңға дейін). Мұрагерлікке пәрліктің берілуі жойылды. Пэрлар палатасы сайланбалы болды. Католиктік дінбасылардың құқықтары шектелді, уақытша цензура жойылды. Жергілікті және облыстық өзін өзі басқару енгізілді. Ұлттық гвардия қалпына келтірілді. Сауда-өнеркәсіптік және банк буржуазия басшыларының айрықша құқықтары бекітілді.

1832 және 1834 жылдары көтеріліс ұйымдастырған легитимистер мен республикандықтар корольге қарсы болды. Леон тоқымашыларының көтерілістері болды. Ұстамды республикашылдар сайлау құқығын кеңейтуді қолдады. Солшыл радикалдық канат жалпы дауыс беру және әлеуметтік революцияны қолдады. 1839 жылы Бланки жыл мезгілі Қауымын құрады. Республикалық оппозицияның құлдырауы басталады.

Банкрот қауіп алдында жапа шеккен банкирлер мен кәсіпкерлер корольді қорқыту және оның жеңілдіктер жасауы үшін қарсылық митингін ұйымдастырады. 1848 жылы 24 ақпанда Луи Филипп өзінің немересі граф Парижскийдің пайдасына тақтан бас тартты. Ал өзі Англияға қашады. 25 ақпанда Францияда Екінші республика жарияланды. Оның басшысы болып Дюпон дел'Эр сайланды. Коалициялық уақытша үкімет құрылады. Уақытша үкімет үнемі қауіпті жағдайда болды. 1848 жылы көктемде мың-

даған жұмыссыздар мен баспанасыздар, шеберханаларға жұмысқа орналасу үшін Парижге шет аумақтардан келді. Шерушілер, егер де шеберханалар таратылып, жұмысшылар таратылмаса, онда жағдай бақылаудан тыс қалатындығына үкіметті көндірді. Ұлттық шеберханаларды жою туралы шешім жарияланды. Шерудің жетекшілері сөзсіз қуғын-сүргін басталатынын біліп, көтеріліске шығуды шешті. Шеберханаларды жою бұйрықтары елеусіз қалды, жұмысшылар қолдарына қару алып, баррикадаға шықты. 1848 жылдың 23-26 маусымында төрт күн бойы қаладағы көше ұрыстары аяқталмады. Олар қатаң басылып тасталды. Көтерілістердің ауқымынан қауіптенген үкімет 1848 жылдың 4 қарашасында Екінші республиканың конституциясын қабылдады. Ол бойынша президенттік лауазым енгізілді.

Екінші империя. Наполеонның ішкі саясаты. Революциядан кейінгі Франциядағы саяси жағдай тұрақсыз болды. 1848 жылы 10 желтоқсандағы президенттік сайлау нәтижесінде Наполеон Бонапарттың жиені Луи Бонапарт жеңіске жетті. Кейіннен Луи Наполеон өзінің кеңесшілерінің ұсынысы бойынша мемлекеттік төңкеріс жасауға шешім қабылдады. Себебі Конституция бойынша президент өз лауазымында екінші мерзімге қала алмайтын болғандықтан Заң шығарушы жиналыс Луи Наполеонның бұл шартты қайта қарастыру туралы өтінішінен бас тартты. 1851 жылы 2 желтоқсанда Луи Наполеон және оның серіктестері елдегі билікті басып алды. Елдегі жаппай толқулар басып тасталынды. 1850 жылдың сайлау заңы жойылды және конституцияны қайта қарастыру үшін плебисцит өткізілді. Сенім вотумын алған Луи Наполеон шын мәнісінде империялық билік құра отырып, авторитарлық конституцияны дайындады. Бірақ «Екінші Империя» деген атау тек 1852 жылы 2 желтоқсанда ғана пайда болды. Ол уақыт I Наполеонның таққа отыруының бір жыл өтуіне сәйкес келді. Осы күні ұлттық плебисциттің нәтижелері бойынша елдің билеушісі ретінде император III Наполеон жарияланды.

III Наполеон өз билігін ұзақ мерзімге бақуаттылықты арттыру бағдарламасымен бастады. Ол француз банктері арқылы несие операциялардың кеңеюін қолдады, қоғамдық жұмыстар-

дың жобаларын бекітті. III Наполеон өзінің билік етуінің бірінші жартысында белсенді сыртқы саясатты жүргізді. 1854 жылы Франция Ұлыбританиямен бірге Ресейге қарсы Қырым соғысына қатысты. Бұл науқан 1856 жылы Париж бейбіт келісімімен аяқталды.

Париж Коммунасы. Француз әскерінің француз-пруссия соғысында жеңіліп қалуынан кейін, Парижде толқулар басталды. Император мен оның үкіметі біржолата халық алдындағы беделден айырылды. Революциялық жағдай қалыптасты. 1870 жылы 4 қыркүйекте Заң шығарушы корпустың ғимаратына бір топ азаматтар басып кіреді. Депутаттардың бір бөлігі ратушаға барып, Францияны республика деп жариялады. Заң шығарушы корпус өзін-өзі тарқатып жіберді. Елде Уақытша үкімет ретінде «ұлттық қорғаныс үкіметі» орнады. Оның құрамына монархист Трошю басқарған депутаттар кірді. Нәтижесінде, революция болып, монархия тақтан түсірілді. Бисмарк Ұлттық жиналыс шақырылмайынша, Франциямен бейбітшілік келісімге қол қоюдан бас тартты. Ол 1871 жылы ақпанда шақырылды. Үкімет басына Тьер тағайындалды. Ол бейбіт келісімге қол қойды. Тьер үкіметі Германиямен бейбіт келісім жасап, осы арқылы Парижді қарусыздандыруға жол ашты. Ұлттық жиналыс III Наполеонды тақтан біржолата кетірді.

1871 жылы көтерілістердің жаңа толқыны орын алды. Париждегі билік ұлттық гвардияның орталық комитетінің қолына өтті. Орталық комитет 26 наурызда Париж Коммунасының Кеңесіне жалпы және төтенше сайлаулар өткізді. Оған 85 адам сайланды. Жаңа үкімет Париж Коммунасы деп аталды. Коммуна Версальмен қарулы күрес жағдайында өмір сүрді. Оған басқа елдер, әсіресе Германия көмектесті. Мамырда версальдық әскерлер Парижге басып кірді.

1871 жылдың 8 ақпанында Ұлттық жиналысқа сайлау өтті. Оның жиналысы Бордода ашылып, 17 ақпанда орлеандық Тьер атқарушы биліктің басшысы болып жарияланды. 1871 жылдың 31 тамызында Тьер республиканың президенті болып тағайындалды. Ұлттық жиналыс өзіне Құрылтай мәжілісінің қызмет-

терін иеленді және жаңа конституцияны 1871 жылы дайындап шығармақшы болды. 1873 жылдың 24 мамырында Тьер қызметтен кетті. Республиканың президенті болып маршал П. Мак-Магон сенімді легитимист сайланды. Францияда Үшінші Республика орнады. Заң шығарушы билік парламентке тиесілі болды. Ол депутаттар мен сенат палаталарынан тұрды. Екі палата бірігіп Ұлттық жиналысты құрады. Ол президентті сайлады. Депутаттар палатасы 600 адамды құрады. Оған сайлау әр төрт жыл сайын мажоритарлық-пропорционалдық жүйе бойынша, тең, жалпы және құпия дауыс беру негізінде жүргізілді. Бірақ дауыс беруге әйелдер, әскери қызметшілер, отар халқының, 21 жасқа жетпегендердің және Франция аймағында 6 айдан кем тұрған адамдардың құқығы жоқ болды. Осылайша, 40 млн адамнан 12 млн адам ғана дауыс берді. Сенат (300 адам): жанама және көпсатылылы 9 жылдық сайлау негізінде жинақталды. Оның 1/3 бөлігі әр 3 жыл сайын ауысып тұрды. 75 мүшесі өмір бойына сайланды. Бұл депутаттар палатасына қарсы қалыптасқан консервативтік арасалмақты сақтау болды. 1876 жылғы сайлауда монархисттер жеңілді. 1879 жылы президент лауазымына ұстамды республикашыл Ж. Греви отырды. Депутаттар палатасының төрағасы Гамбет болды, ал үкіметті оңшыл республикашыл Фрейиньи басқарды. Республикашылдар үкіметті Версальдан Парижге көшірді. Марсельеза ұлттық әнұранға айналды. Француз республикасының ұлттық мейрамы ретінде Бастилияны алған күн 14 шілде белгіленді.

1880 жылы Париж коммунасының қатысушыларына рақымшылық жасау туралы, жиын, баспасөз бостандығы туралы және т.б. заңдар қабылданды. 1884 жылы кәсіподақтарды заңдандыру және балалар мен әйелдерді пайдалануға шектеу туралы заң қабылданды. Бірақ біртіндеп жанама салықтар, протекционистік салықтардың көлемі артты. Мектепке шіркеудің ықпал етуіне қарсы және иезуиттік конгрегацияларды тарту үшін күрес жүргізілді. 80 жылдардың басында жаппай міндетті тегін зайырлы білім беруді енгізу бойынша реформалар жүзеге асырылды. 1881 жылғы сайлауда республикандықтар жеңіске жетті. Бірақ олардан радикалдар бөлініп кетті. Ферридің екінші үкіметінің

жылдарында (1883-1885 жж.) өмір бойғы сенаторлар институты қысқартылып, мэрлардың сайланбалығы енгізілді. 1885 жылғы сайлаудың бірінші кезеңінде «консервативтік одақтың» жинаған дауысы басымдыққа ие болды, бірақ радикалдар, яғни республикашылдар жеңіп шықты.

XX ғасырдың басындағы Францияның экономикалық дамуы. Бұл кезеңде елде өнеркәсіптік өндірістің қарқынды өркендеуі байқалды: шойын, болатты қорыту жұмыстары, тас көмірді өндіру, мақтаны пайдалану өсті. Өндірістің ескі салаларының дамуымен қатар электротехникалық және химиялық өнеркәсібі, автокөлік жасау өнеркәсібі кең дамыды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында Франция АҚШ-қа қарағанда шойынды алты есеге кем, ал болатты он есеге кем қорытты. Францияның әлемдік өнеркәсіптік өндірісіндегі әдеттегі үлесі 1913 жылы бар-жоғы 6% құрады, сол кезде Англияның үлесі 14%, Германияның үлесі – 16%, ал АҚШ-тың үлесі – 36% құрады. Францияда, бұрынғыша, ұсақ өнеркәсіп өндірісінің үлесі көп болды; 1906 жылы ұсақ кәсіпорындардың саны 58,1% құрады. Француздық үкімет ескі дәстүрмен капиталды сыртқа шығарғанды жөн көрді. 1914 жылға таман француздық шетелдік күрделі қаржы жұмсалымы 60 млрд франкқа өсті. Оның 50% еуропалық елдердің үлесіне келді; шамамен 12-13 млрд франк Ресейге жіберілді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Францияға қарсы қанша еуропалық мемлекеттер коалициясы құрылды?
2. «Наполеонның 100 күні» деп тарихта қандай оқиғаны атайды?
3. «Үш императордың шайқасы» және «Халықтар шайқасы» деп қандай шайқастарды атайды?
4. «Еуропалық мемлекеттердің концерті» дегенді қалай түсінесіз?
5. Вена конгресінде қандай мәселелер қаралды?
6. Париж Коммунасының рөлін ашып көрсетіңіз.

§13. XVII- XVIII ғасырлардағы Германия

Германия мемлекеттерінің саяси-экономикалық дамуы. XVII ғасырда Германияның дамуына әсер еткен негізгі оқиға Отызжылдық соғыс болды (1618-1648 жылдар). 1648 жылдың 24 қазанында Мюнстер мен Оснабрюк қалаларында жасалған бейбіт келісімдердің нәтижесінде Қасиетті Рим империясы өзінің өмір сүруін жалғастырды. Швейцария мен Нидерланды империядан шығып, егеменді мемлекеттерге айналды. Қасиетті Рим империясы құрамында испандық Нидерланды, Франш-конте, Шлезвигтің солтүстігіндегі даттар, Чехия мен Моравиядағы чехтар, моравтар, Силезияда поляктар мен чехтар, Каринтия мен Крайнада словендердің басым көпшілігі болды.

Отызжылдық соғыс аяқталғаннан кейін конфессионалдық дәуір де аяқталды. Ол германдық князьдарға «неміс еркіндігін» («*teutsche Libertaet*»), аумақтық егемендікті (*Landeshoheit*) және бір-бірімен әрі шетелдік алып мемлекеттермен одақтасу құқығын әкелді. Соғысты аяқтаған Вестфаль бейбіт келісім-шарты Германияның мемлекеттік-саяси бытыраңқылығының тереңдеуіне әкелді.

Қасиетті Рим империясындағы князьдарға егеменділік беру туралы жарлықтардың маңыздылығы зор болды. Олардың арқасында империяға кіретін мемлекеттер халықаралық құқықтың дербес субъектісіне айналды. XVII ғасырдың II жартысында 300-ге жуық княздіктер, 51 империялық қала, 41 мың 475 империялық рыцарлықтар тәуелсіз деп саналды. Бірақ іс жүзінде олардың тек жетекшілері ғана азат болған еді. Олардың өз арасында да бір-бірімен күрестер жалғасып жатты. Империяның аумағында Франция, Англия, Швецияның корольдері өз билігін жүргізді. Бранденбург курфюрсті Пруссияға ие болып, ол империяға кірмеді. Богемия королі Венгрияның да королі еді және ол да империяға кірмеді. Осылайша Қасиетті Рим империясы жекелеген мемлекеттердің қауымдастығын құрады. Оның басшылығында кайзер немесе император болды.

Император оның өмір сүру уақытына дейін Габсбургтер әулетінің (Австрия сарайы) өкілі болды және сәйкесінше Вена-

да орналасты. Курфюрстер коллегиясы (кеңес) Майнц архиепископі басқарған бірінші курияны құрады. Екінші курияға 100 дауысқа ие князьдардың кеңесі кірді. Үшінші курияны – 51 империялық қала өкілдері кірген қалалар кеңесі құрады.

Тарихи жағдайларға байланысты бұл кезеңде герман мемлекеттерінің экономикалық өсуінің бәсеңдеуі байқалды. Озат Батыс Еуропа елдерімен салыстырғанда, жаңа өндірістік қатынастар да баяу дамыды. Оларды территориялық бытыраңқылығы бір шеңберде тарылтты.

Германия шаруашылығын қайта қалпына келтіруде жекелеген аумақтық мемлекеттердің экономикалық саясаты маңызды рөлге ие болды. Бұл саясат меркантилизмде көрініс тапты. Меркантилизм – мемлекеттік экономикалық басқару туралы ілім. XVII-XVIII ғасырлардағы экономикалық саясаттағы меркантилизмнің негізгі қағидасы – белсенді сауда теңгерімі ұлттық байлықты ұлғайтып, мемлекеттік қазынаны толтырады деген пікір болған. Империяның барлық аумағында осындай саясатты жүргізу ішкі кедендік шекаралардың болмауы себебінен мүмкін емес еді. Германияда ол ерекше сипатқа ие болып, камерализм деп аталды. Оған сәйкес неміс князьдары, өз елінің тауарларын басқа елдерге шығаруға бағытталған кәсіптік салаларға қолдау көрсетті. Сондай-ақ камералисттік шараларға дербес мануфактуралардың құрылуы, жеке тауарлардың кіргізілуі және шикізаттың экспортқа шығаруына тыйым салу, белгілі бір өнімге әкелінетін жоғарғы баж салықтарын белгілеу, сапаны бақылау, мәжбүрлеп еңбек еткізуді пайдалану және т.б. жатады.

Германияның кәсіп пен сауда саласы XVII ғасырдың аяғында депрессияны тез жеңді. Оның дамуында маңызды рөлді цехтар ойнады. Мануфактуралардың таралуы цехтық кәсіпке қатты соққы болып тиді. Мемлекеттік саясат дәстүрлі және жаңа кәсіптердің дамуына бағытталды. Олар шексіз билік сарайларының, дворяндар және сыртқы сауданың қажеттіліктерін қанағаттандырды. Едәуір дамыған мемлекеттердің (мысалы, Пруссия, Саксония, Вюртемберг) бірқатар салаларында мануфактураның рөлі артты. Мысалы, XVIII ғасырдың соңғы ширегінде тоқыма және металл

өндеу өнеркәсібінің басты орталығы Берлин қаласы болды. Ол жерде тек тоқыма өнеркәсібінің өзінде 1782 жылы 65 мануфактура жұмыс жасады. 1710 жылы Еуропада бірінші болып, қазіргі кезде дүниежүзіне белгілі Мейсендегі фарфор мануфактурасы құрылды. Дәл сондай сипатта Вена, Хекс, Нимпенберг, Фюрстенберг, Франкенталь, Берлинде ұқсас кәсіпорындар пайда болды. Неміс мемлекеттерінде өнеркәсіп революциясының алғашқы нышандары пайда болды. Капитализмнің даму жағдайында қалыптасып жатқан, әрі билікке тәуелді буржуазияның рөлі өсе бастады. Осы үдерістердің барлығы халық наразылығының басталуына ықпал етті.

Аграрлық құрылыс және шаруалар қозғалысы. Ауылшаруашылығының дамуына ұзақ уақыт соғыс зардаптары ықпалын тигізді. Кейбір жерлер шөл далаға айналды. Ол XVIII ғасырдың басында-ақ өңделмей қала берді. Ұзақ уақыт бойы ауыл шаруашылығы өнімдеріне төмен бағалар сақталып тұрды.

XVI-XVII ғасырларда Германияда аграрлық қатынастардың екі типі қалыптасты. Эльба өзенінен батысына қарай орналасқан аудандарда жериеленуші – дворяндар әдетте өз шаруашылықтарын жүргізбеді. Олар жерді қысқа мерзімге немесе мұрагерлікке жалға беріп, рента мен әр түрлі алымдар есебінен өмір сүрді. Шаруалар жеке басы тұрғысынан еркін болды. XVI ғасырдың аяғынан бастап солтүстік батыста шаруалар алымдары мен төлемдерінің артуына және жалға алушыларды көшіріп жіберуге тыйым салынды. Шаруашылықтың тыныштығы шаруалар міндеткерліктеріне байланысты болды. Олардың басты формасы баж салығы болды. Сонымен қатар, белгілі мөлшердегі астықтан, мал шаруашылығының өнімдерінен, ақша мен дәстүрлі феодалдық алым-салықтар айналымда болды. Отызжылдық соғыстың, империя аумағындағы мұрагерлік үшін соғыстың, салықтардың өсуі және міндеткерліктің ауыртпашылығы шаруа халқының наразылығын тудырды. Нәтижесінде халық көтерілістері көбейді. 1650 жылы Шенбург графтығында шаруалардың толқуы басталды. Олар 30 жыл бойы тоқтаған жоқ. 1699 жылдан бастап 1735 жылға дейін шағын Гогенцоллерн-Гехинген қожалығында, аңшылық құқығына және шаруа міндеткерлігіне қарсы бағытталған қару-

ланған шаруалар толқуы басылмады. 1705-1706 жылдары ауқымды көтеріліс Баварияны қамтыды. Ірі шаруа көтерілістері жоғарғы және төменгі Силезияда белең алды. Шаруалардың қажырлы күресі 1785 жылы да жалғасын тапты. Славяндар мен немістердің бірлескен күресі Габсбургтердің қожалықтарында да орын алды. Кейбір жағдайларда шаруалар қалалық төменгі топтармен бірге көтерілді.

Бранденбург-Пруссия. Вестфаль келісім-шартынан бастап XVIII ғасырдың аяғына дейін Бранденбург-Пруссия мемлекетінің рөлі едәуір артты. «Ұлы курфюрст» Фридрих Вильгельмнің билік ету кезінде ол еуропалық алып мемлекетке айналды. Абсолюттік, шексіз билік тәртібін орнатқан курфюрст сословие мен сословие өкілдік рөлінің құқығын күрт шектеді. Ол басқаруда қатаң орталықтануды орнатып, тұрақты армияны құрды. Фридрих оңтайлы сыртқы саясатты жүргізді. Ең бастысы, 1660 жылы Оливадағы келісім бойынша Польшаның лендік тәуелділігінен Пруссия герцогтығын босатты. Оның басқаруы уақытында каналдар мен жолдар салынды, мануфактуралар құрылды. 1685 жылғы курфюрст қабылдаған Потсдам жарлығының маңызы зор болды. Ол бойынша, 20 мыңнан астам француздық гугенот-протестанттар Бранденбургке, негізінен Берлинге көшірілген. Ол Бранденбург өнеркәсібі және саудасының дамуына айрықша ықпал етті. Бранденбургтың саудасын дамыту мақсатымен Африканың Гвинея жағалауында отары пайда болды. Бранденбург-африкандық сауда компаниясы қалыптасты және сауда флоты салына бастады.

1688 жылы Бранденбург тағына оның ұлы Фридрих отырды. Фридрих орталықтандыру саясатын жалғастырды. Оның билікте болу уақытында орталық қаржы және басқару органына айналған Бас әскери комиссариаты құрылды. Сонымен қатар әкімшілікті басқарған Құпия сарай палатасы қалыптасты (гоф-камера). Сословиелік институттар өз ықпалын жоғалта бастады. Бірақ оның басты жетістігі Пруссияны корольдік дәрежесіне көтеруі болды. Корольдік титулды тек императордың келісімімен ғана алуға болатындығы туралы дәстүрді сақтап, курфюрст өз әрекеттерімен императорлардың тарапынан қолдау тапты.

1701 жылы Фридрих Кёнигсбергде таққа отырды. Ол алғашқы прусс I Фридрих королі (1657-1713) болды. Корольдік титулды алғаннан кейін Фридрих нағыз тәуелсіз еуропалық патшаға айналды. Утрехтегі бейбітшіліктің арқасында оның корольдік титулы халықаралық мойындауға ие болды. Сонымен қатар ол батыстағы қожалықтарын жинақтай алды. Бұл төменгі Рейндегі (Линген және Мерс графтігі) және Швейцариядағы иеліктер (Нейшатель князьдігі мен Фалангин графтігі).

1713 жылы пруссиялық король ретінде I Фридрих Вильгельм (1688-1740 жж.) билікке келді. Ол қатаң саясатты жүргізді, мемлекет шекарасынан ақша аударымдарының көлемін азайту үшін шетелден әкелінетін тауарларды кіргізуге барынша бөгет жасады. 1717 жылы міндетті мектептік білім алу енгізілді. Жаңа магистраттық алқалар корольдік билікке тікелей бағынышты болды. Елдегі басталған милитаризация арнасында министрлер санын қысқарту бойынша шаралар басталды. 1723 жылы I Фридрих Вильгельм жаңа орталық орган Генерал-директорияны құрды. Ол өз қолында елдің барлық экономикалық саясатын шоғырландырды.

1740 жылдан кейін жаңа ерекше департаменттер құрылды, сыртқы істер ведомстволары пайда болды (Кабинет-министериум). Жасырын кеңес, ұлы канцлермен басқарылатын арнайы департаментке өзгертілді. Бұл жоғарғы органдар тек монархқа бағынды, ал олардың басшылары кабинет деп аталатын ерекше өкімет құрды.

Монархты басты алаңдатқан мәселе бұл армия еді. I Фридрих өз армиясын Еуропадағы ең соғысқа қабілеттілердің біріне айналдырып, оның санын 38 мыңнан 84 мыңға дейін ұлғайтты. Армияны әскери киіммен қамтамасыз ету үшін Берлинде әйгілі Лагерхауз құрылды. Ол шұға мануфактурасы, мыңдаған үй тоқымашылары және әскери жетімдер үйін біріктірді. I Фридрих Вильгельм 1740 жылдың 31 мамырында қайтыс болды. Прусстық әскери жүйе маңыздылығын I Фридрих Вильгельм мұрагері, оның ұлы II Фридрих (1740-1786) кезінде де сақтады.

II Фридрих таққа отырғаннан кейін көп ұзамай Силезия үшін Австрияға қарсы соғыс басталды. Үш соғыстың нәтижесінде

Силезияның үлкен бөлігі пруссиялық провинцияға айналды. II Фридрих «ағартушылық абсолютизм» саясатының өкілі болды. Ол құқық пен басқару саласында реформалар жүргізді, меркантилистік саясатын жүзеге асыруын жалғастырды. Оның басқаруы кезінде мануфактуралар құрылды, банктер ашылды, каналдар салынды, Берлин мен Потсдамда үлкен құрылыстар жасалды, білім беру жақсарды, дінге сенушілік кең таралды. II Фридрих 150 мың адамнан тұратын армияға көп көңіл бөлді.

Халықаралық қатынастардағы Германдық мемлекеттер. Неміс мемлекеттерінің сыртқы саясаты бірінші соғыстан кейінгі онжылдықта қатаң бір бағыттылықпен ерекшелене қоймады. Саяси жоспарлар тез өзгеріп тұратын, тұрақсыз одақтар пайда болатын және қайта ыдырайтын. Осы ынтымақтастықтардың арасында тек Рейн одағы ерекше орын алды. Оның құрылуына 1658 жылы III Фердинандтың кіші ұлы I Леопольдтің (1640-1705 жж.) император ретінде сайлануы ықпал етті. 1658 жылдың тамызында Леопольдтің Габсбургтер императоры ретінде сайлануынан кейін, Рейн одағына Майнц, Трир, Кёльн, Пфальц-Нейбургск, Брауншвейг-Люнебургск, Бремен-Верденск герцогтары және ландграф Гессен-Кассельск сияқты курфюрстілер бірікті. Сондай-ақ оған XIV Людовик те қосылды. Франция тарапынан үнемі қорқытулар мен интервенциялар 1668 жылғы одақтың жұмысының тоқтауына әкелді.

XVII-XVIII ғасырлардың тоғысында Еуропаның ең басты саяси мәселелерінің бірі – испан мұрасы болды. Ол испан королі IV Филипптің (1665 ж.) өлімінен кейін басталды және Франциямен қайшылықтарды күшейтті. IV Филипптің мұрагері II Карлдың 1700 жылға дейін билік еткеніне қарамастан, испандық таққа XIV Людовик және I Леопольд өз ұмтылыстарын білдірді. Екеуі де IV Филипптің жиендері болды және екеуі де оның қыздарымен тұрмыс құрған. Француз королі IV Филипптің үлкен әпкесінің ұлы болды және оның үлкен қызы Мария Терезияға үйленген. IV Филипп өлгеннен кейін, «брабанттық құқықты» пайдаланып, XIV Людовик өз жұбайының атынан 1667 жылы испандық Нидерландыға (Фландрия мен Бургундия графтігіне) өз әскерле-

рін кіргізді. «Брабанттық құқық» екінші некеден туылған балалар алдында бірінші некеден туылған балаларға артықшылық құқығын білдірді. Испания да, империя да қарсылық білдірген жоқ. Ал Франция Ахенде (1668 жылы 2 мамырда) жасалған бейбітшілік келісіміне сәйкес, 10 фландрлік қамалдарын, соның ішінде Лилльді де алды. Бірақ Франш-Конте Испанияға қайтарылды. 1678-1679 жылдары Нимвегендік келісімдер топтамалары нәтижесінде, Франция зор шығындарсыз Фландрия мен Рейнде өз позицияларын кеңейтті.

I Леопольдтің айналасында антифранцуздық коалиция қалыптаса бастады. Оның құрамына Саксония, Ганновер, Бавария, сондай-ақ граф Георг Фридрих Вальдек-Айзенбергтің бастама-сымен құрылған Франкон және Шваб империялық округтерінің ассоциациясы кірді. Енді I Леопольд түріктерге де қарсы, Францияға да қарсы соғысқа дайын болды. 1686 жылы Батыс Еуропадағы Францияның аумақтық басып алынуына қарсы тұру мақсатымен Аугсбургте Голландия, I Леопольд, Испания, Швеция, Бавария, Пфальц, Саксония арасында жасалған құпия қорғаныс одағы (Аугсбургтік лигасы) құрылды. Кейіннен Лигаға бранденбургтік курфюрст те қосылды. Оның француз королімен келіспеушіліктері Нанттық жарлықтың жойылуына байланысты пайда болды. Кейіннен Франция III Вильгельм Оранский (1650-1702 жылдары) басқарған қауіпті коалициямен бетпе-бет келді. Ол 1689 жылы ағылшын тағына отырды. 1697 жылы Франция мен Аугсбург лигасы мүшелері арасында келісімдер топтамасы ретінде Рисвикск (Рисвикский) бейбіт келісімі жасалынды. Бұл келісім Францияның алып мемлекеттілігінің құлдырауының бастау белгісі болды.

XVII ғасырдың соңғы онжылдығында испандық тақты иемдену мәселесі шиеленісіп, соғысқа ұласты. Испандық мұра үшін соғыс басталды (1701-1714 жылдары). Қолбасшы Евгений Савойскийдің басшылығымен австриялық әскерлер, Германияның өзінің аумағымен бірге соғыстың бірінші кезеңінде әскери қимылдардың басты театры болған Солтүстік Италияға кірді. 1713 жылы сәуірінде Утрехте испандық мұра үшін соғыс

қатысушылары арасында бейбітшілік келісім жасалынды. Франция императордың одақтастары – Голландия, Англия, Португалия және Пруссиямен келісімге қол жеткізді. Бурбондық Филипп Испанияны және оның отарларын келешекте олардың Франциямен бірігу құқығынсыз алды. Франция Англия тағындағы ганноверлік әулетін мойындады. 1714 жылы I Георг атымен Людвиг Георг Англия королі ретінде жарияланды. Осы кезден бастап Ганноверді ағылшын королі тағайындаған билеуші басқарды. Австриялық Габсбургтер испандық Нидерланды (Бельгия), Милан, Сардиния және Неапольді иеленді. Бірақ Вена сарайы келісімге қол қойған жоқ. Өйткені ол бойынша императордың Бурбондардың пайдасына Испаниядан бас тартуы қарастырылды. Бірақ VI Карлдың жалғыз күрес жүргізуге күші де болмады. Сол кезде, Утрехт бітімі бойынша Страсбург пен Эльзасты сақтап қалған Франция да бейбітшілікті аңсады. Раштаттағы екі қолбасшы Евгений Савойский мен Гектор Вилларом арасындағы үш айға созылған келіссөздердің нәтижесінде VI Карлдың испандық тақтың иегері ретінде V Филипп Анжуйскийді мойындау туралы келісімімен аяқталды. Франция Рейннің оң жағалауындағы басып алынған қалалар мен қамалдардан бас тартты. Рейн бойынша кеме қатынасын жүргізуге еркіндік берілді. VI Карл Сардинияны сақтап қалды және Испандық Нидерланды, Неополитандық корольдік, Таскананың бөлігі, Милан герцогтігін алды. 1714 жылдың 7 қыркүйегінде германдық мемлекеттердің Баден конгресі Раштат бейбітшілік келісім-шарттарын бекітті.

Ресейдің Еуропаның белсенді саясатына ауысуы неміс аумақтық мемлекеттерінің халықаралық жағдайына тікелей ықпалын тигізді. XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап, әсіресе I Петр патшалық ету кезінде Ресей мен бірқатар неміс мемлекеттерінің саяси байланыстары күшейді. Сондай-ақ Утрехт бітімі неміс мемлекеттерінің Солтүстік соғысқа (1700-1721 жж.) Швециямен Ресеймен бірге қатысуына мүмкіндік берді. Еуропаның шығысында жаңа халықаралық тәртіп пен күштердің арақатынасы қалыптасты. 1719 жылы Англия мен Ганновер, Австрия және Саксония, Польшаның арасында Ресей мен Пруссияға қарсы

одақтық келісім жасалынды. Сонымен қатар ол бойынша Пруссия аумақтарының бөлінуі де қарастырылды.

XVIII ғасырда I Петрдің мұрагерлері кезінде орыс дипломатиясы белсенді саясат жүргізді. Олар мұндай белсенділікті Жетіжылдық соғыс (1756-1763 жж.) уақытында байқатты. Соғыстың барысында Ресей Австрия, Саксония, Франция және Швециямен одақтасып, Англия мен Пруссияға қарсы шықты. 1760 жылы орыс-австриялық әскерлер Берлинге кірді. Ал 1758 жылы Ресейдің әскерлері алған Шығыс Пруссия орыс меншігі болып жарияланды, ал оның халқы Елизавета ханшайымға адал қызмет етуге ант берді.

XVIII жүзжылдықтың соңғы онжылдығында Ресей мен Германияның рөлі тұрақты түрде өсе бастады. 1779 жылы Тешен конгресінен кейін (Силезияда) Баварлық мұра үшін соғысты (1778-1779 жж.) аяқтаған Австриямен бір жағынан, Пруссия мен Саксониямен екінші жағынан бейбітшілік жасалды. Ресей империялық конституцияның ресми кепіліне айналды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Отызжылдық соғыстан кейін Қасиетті Рим империясында қандай территориялық өзгерістер болды?
2. Соғыстан кейінгі герман мемлекеттерінің саяси дамуын сипаттаңыз.
3. Неліктен Герман мемлекеттері экономикалық дамуы бойынша Англия сияқты мемлекеттерден кейін қалды?
4. Меркантилизм мен камерализм терминдерінің мағынасы қандай?
5. Герман мемлекеттері мен князьдықтары XVII-XVIII ғасырларда қандай соғыстарға қатысты?
6. I Фридрихтің саяси тұлғасын баяндаңыздар.

XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Германия

Германиядағы революция. 1848-1849 жылдары революциялар Еуропаның көптеген мемлекеттерін қамтыды. 1845-1847 жылдардағы құрғақшылықтан туындаған аграрлық және 1847 жылғы

өнеркәсіптік дағдарыстар оның басталуына ықпал етті. Италия мен Францияда басталған революциялар Германияға әсер етті. Олар ең алдымен, Геккер мен Струве бастаған күшті демократиялық оппозициясы бар толқулар Баденде басталды. Артынша революциялық оқиғалар Гессен-Дармштадт, Вюртемберг, Бавария, Саксония, Пруссияның рейндік провинциясында жалғасын тапты. Революция Австрия мен Пруссия сияқты жетекші мемлекеттерді қамтыды. 3 наурыздағы Кельндегі революциялық қимылдар Рейн провинциясының орталықтарында қолдау тапты. Олар орталық пен солтүстік герман мемлекеттеріне таралды. Наурыздағы революциялық толқулардың соңы Берлинге жетті.

Революцияның бастапқы кезеңіндегі оппозициялық қозғалыстың кең таралған түрі жиналыстар болды. Оның барысында негізгі талаптарды қамтыған петициялар құрастырылып, билікке жіберілді. Бұл талаптар «наурыздық» деген атауға ие болды. Барлығына үлгі болған бірінші петиция Маннгеймде құрастырылды. Ол 4 шарттан тұрды: офицерлерді тағайындау құқығымен халықты қаруландыру, баспасөздің шексіз бостандығы, алқалар кеңесі, жалпыгермандық парламентті шақыру. Сонымен қатар Пруссиядағы оппозицияның негізгі талаптарының бірі – Біріккен ландтагты шақыру еді.

Революцияның ең қайғылы оқиғаларының бірі 1848 жылдың 18-19 наурызында Берлиндегі баррикадалық шайқастар болды. Оның нәтижесінде 400 адамға дейін қайтыс болып, 1 мыңнан астам адам жараланды.

1848 жылы 18 мамырда Майндағы Франкфуртте алғашқы жалпыгермандық парламент Ұлттық жиналыс өз жұмысын бастады. 1849 жылдың 28 мамырында Ұлттық жиналыс Империялық конституцияның мәтінін қабылдады. Рейхстаг екі палатадан тұрды: мемлекеттердің жоғарғы палатасы (Staatenhaus) және халықтардың төменгі палатасы (Volkshaus). Сонымен қатар, неміс тарихында алғашқы рет адам мен азаматтық құқықтары және бостандықтары жарияланды. Барлық сословиелік басымдықтар жойылды, өлім жазасы алып тасталынды. Ұлттық жиналыс Германияның императоры ретінде пруссиялық король Фридрих IV Вильгельмді тағайындады. Ол империялық тәжді тек басқа германдық монархтар келіскенде ғана қабылдай алатынын айтты.

1849 жылдың сәуірінде Германияда империялық конституция үшін қызу науқан басталды. Ұсақ және орта мемлекеттердің 29-ы конституцияны қолдады. Бірақ, ең негізгі жетекші мемлекеттер қарсы шықты. 15 сәуірде империялық конституцияны Австрия, 25 сәуірде – ганноверлік король, 28 сәуірде – саксондық ландтаг қабылдамады. Конституцияны енгізуге Бавария королі де қарсы шықты. Соңында Пруссияның өзінде ландтагтың төменгі палатасы таратылды. 28 сәуірде Фридрих IV Вильгельм өзінің империялық конституцияны қабылдамайтындығы және оған ұсынылған империялық тәжден бас тартатындығы туралы нота жариялады.

1849 жылдың мамыр-маусымында Дрезден, Рейн облысы, Пфальц және Баденде Конституцияны қорғау бойынша халық көтерілістері болды. Олардың барлығын үкімет басып тастады.

1848-1849 жылдары революция жеңіліске ұшырап, неміс халқының алдында тұрған Германияның ұлттық бірігуі бойынша негізгі міндетті шеше алмады. XVIII ғасырдағы Француз революциясына қарағанда, ол аяқталмай қалды. Германияны «төменнен» революциялық жолмен біріктіру жүзеге асты. Бірақ революцияның дамуы демократиялық қозғалыстың күшейгендігін көрсетті. Оның барысында шаруалар мен жұмысшы топтары ерекше белсенділік байқатты. Сонымен қатар, феодализмнің ескі сарқыншақтары жойылды.

Конституциялық шиеленіс және Бисмарк. XIX ғасырдың екінші жартысында Германияның бірігуі мәселесі мемлекетаралық деңгейдегі мәселеге айналды. Әсіресе, 1850 жылдардың соңында жағдай өзгере бастады. Пруссия елді біріктіруде жетекшілікті өз қолына алуға шешім қабылдады. 1858 жылы IV Фридрих Вильгельмнің ауыр психикалық сырқатына байланысты, ландтаг регент ретінде оның бауыры, Вильгельм ханзада бекітілді. Ол бұл күресте әскери күшке сүйенуге ұмтылды. Сондықтан мықты армияны құруға айрықша көңіл бөлді.

1859 жылы Германияда қызу талқылауды туғызған австро-франко-итальяндық соғыс басталды. Өйткені біріншіден, соғысты Герман одағы мүшелерінің бірі жүргізді. Екіншіден, Рейннің сол жағалауына қатысты француздық ұмтылыстар көрініс тапты.

Үшіншіден, соғыс барысында Австрия талқандалды және оның батыс шекараны француздардан қорғай алмайтындығы анық болды. Батыс шекараға кепілдікті тек Пруссия бере алатын еді. Сондықтан Пруссиядағы либералдық қозғалыста ұлттық күрес үшін ұмтылыстар арта түсті. 1859 жылы шілдеде Эйзенах және Ганновердегі либералдардың тобы Герман одағының реформасы туралы ұсынысын білдірді.

Герман жерлерінде ұлттық қозғалыстар да бәсеңдемеді. Әр жерде 1848-1849 жылдардағы революция дәстүрлеріне сүйенген патриоттық бұқаралық ұйымдар пайда болды. 1859 жылдың қарашасында либералдар Ф. Шиллердің 100 жылдығы құрметіне өткізілген мейрам жалпы неміс халқының мәдени манифестациясына айналды.

1860 жылдардың басында Пруссияда конституциялық қақтығыс басталды. Ол император I Вильгельм мен либералдар басымдық құраған ландтаг арасында орын алды.

1860 жылы халықтың бірігуге деген ұмтылысын байқаған I Вильгельм өз дайындығын бастады. Пруссияның елді біріктірудегі негізгі қарсыласы Австрия империясы болды. Пруссия Австрияны Герман одағынан шығарып, осы арқылы мықты неміс мемлекетіне айналғысы келді. Сондықтан 1861 жылы таққа отырған I Вильгельм және оның айналасы соғысқа дайындала бастады. Сондықтан император I Вильгельм мен оның юнкерлік айналасы әскери реформа жобасын әзірленді. I Вильгельм әскер санын 400 мың адамға дейін жеткізгісі келді. Бұл жоспарды жүзеге асыру және әскерді қаруландыру үшін елеулі қаржыландыру қажет еді. Сол себепті I Вильгельм әскери реформаның жобасын ландтагқа ұсынды. Либералдық ландтаг бұл жобадан бас тартты. Бірақ ол 9 млн. талерді төтенше әскери шығындарға ұсынды. Әскери реформа қарастырған бұл қаржы әскердің қайта құруларына жұмсалды.

1861 жылғы ландтагқа өткізілген сайлауда жаңадан құрылған солшыл либералдық прогресшілдер партиясы үлкен жеңіске қол жеткізді. Ландтаг үкіметтің әскери министрлігі ұсынған бюджет жоспарына қарсы шықты. Либералдар басымдық құраған депутаттардың палатасы әскери бюджеттің шығындарын нақты-

лауды талап етті. Бұл әрекетке жауап ретінде король ландтагтың төменгі палатасын таратты. Либералдық министрлер қызметінен босатылды. Бұл Пруссиядағы «жаңа дәуірдің» аяқталғандығын білдірді.

Прусс королінің әрекеттері елдің саяси күштерінің наразылығын тудырды. Репрессиялық шараларға қарамастан, 1862 жылғы көктемдегі сайлауда прогресшілдер жеңіске қол жеткізді. I Вильгельм үкіметке қысым көрсете бастады. Мемлекеттік дағдарыс басталды. Осындай қиын сәтте негізгі құтқарушыға Отто фон Бисмарк айналды. Палатаны тарату немесе тақтан кету таңдауында тұрған король 1862 жылы 24 қыркүйекте Отто фон Бисмаркті бірінші министр (министр-президент) ретінде тағайындады.

Ол тәжірибелі саяси қайраткер болатын. 1851 жылдан бастап Бисмарк Бундестагта Пруссияның мүддесін білдірді. Ол 1859-1862 жылдары алдымен Ресейде, кейін Францияда елші болды.

Бисмарк 1862 жылдың 22 қыркүйегінде іс жүзінде жасырын мемлекеттік өзгеріс жасаудан бастады. Ол пруссиялық корольдің аудиенциясында қажетті болған жағдайда ландтагпен бекітілмеген бюджетсіз үкіметті басқаруға дайын екенін мәлімдеді. Депутаттар алдында сөз сөйлеу кезінде, Бисмарк мемлекеттік бюджетті «конституциямен қарастырылған негіздерсіз» жүргізуге мәжбүр екенін жариялады. «Бюджетсіз» басқару тәртібі 1866 жылға дейін жалғасты. 1866 ж. Австриямен сәтті соғыстан кейін үкімет ландтаг арқылы заңды өткізді. Ол бойынша үкімет 1862-1865 жылдары ландтагтың келісімінсіз 154 млн талерді шығындағаны үшін жауапкершіліктен босатылды.

Билікке келгеннен кейін, Бисмарк ішкі және сыртқы саяси жағдайды дұрыс бағамдай білді. Ол ұлттық мәселені шешуде күш тәсілдерін қолданудың жақтаушысы болды. Бисмарктың ойынша, уақыттың ұлы мәселелері «темір және қанмен» шешілуі қажет еді.

Германияның бірігуі. Бисмарктің басшылығымен Пруссия әскері Еуропадағы алдыңғы қатарлы әскерге айналды. Елді «темір және қанмен» біріктіру жолында жаңа басшы соғыстан бастауды жөн көрді. Ұлы Герман империясын құру бағытында

жасалынған алғашқы қадам – Пруссия мен Австрияның Данияға қарсы соғысы болды.

Даниямен соғыс бұрынғы неміс герцогтары Шлезвиг пен Гольштейн үшін басталды. 1863 жылдың қарашасында Дания Шлезвигті жаулап алды. Бұл неміс мемлекеттеріндегі жаппай наразылықтарды туғызды. Шлезвиг пен Гольштейнде көтерілістер болды. 1863 жылы Шлезвиг-Гольштейндегі тақтағы билікке басқа әулеттің өкілі – Кристиан IX Глюксбургтің келуі Австрия мен Пруссияның Данияға қарсы соғысты бастауына түрткі болды. Дания жеңіліс тапты. 1865 жылғы дипломатиялық келісімдердің нәтижесінде Пруссия Шлезвигті, ал Австрия Гольштейнді басқару билігін иемденді. Кіші Лауэнбург герцогтігі Пруссияға қосылды. Сондай-ақ Пруссия Гольштейн, Килльдің аумағында өз әскери бекіністері мен әскери-теңіз құрылыстарын орнату құқығын алды.

Пруссияның бірігу күресі жолындағы екінші маңызды қарсыласына – Австрия айналды. 1866 жылдың ақпанында Бисмарк король I Вильгельмнің Австриямен соғысқа дайындалуға келісімін алды. Австрияға қарсы соғыста Бисмарк ең алдымен, одақтасты іздеу әрекетінен бастады. Бисмарктың арқасында 1866 жылдың сәуірінде прусс-итальяндық одақтық келісімге қол қойылды. Ол бойынша Австриямен қақтығыс жағдайында Италия әскери көмек беруге дайын болды. Бұл келісім құпия жасалды. Өйткені ол Герман одағы мүшелерінің бірінің өз ішіндегі мемлекетке қарсы шетел мемлекетімен одаққа келмеу туралы конституциясының талаптарына қайшы келді. Бисмарк одақтық келісімнен кейін шабуылға көшті. 1866 жылы ол Герман одағын реформалау және Гольштейннің мәртебесін қайта қарау туралы талапты Одақтың бундестагында ұсынды. Бірақ Австрия бұл талапты қабылдамады. 1866 жылдың маусымының басында пруссиялық әскерлер Гольштейнге кірді. Одан кейін Пруссия бундестақта Герман одағының жаңа конституциясының жобасын ұсынып, батыл қадам жасады. Ол бойынша Австрияны одақтан шығару қарастырылды. Австрияның ұсынысымен бундестаг көпшілік дауыспен Пруссияға қарсы әскерлерді мобилизациялау туралы шешім қабылдады. Пруссия өзінің Одақтан шығатындығы туралы жариялады. Жауап ретінде пруссиялық әскерлер Саксо-

ния, Ганновер және Кургессенге шабуылды бастады. 1866 жылы 16 маусымда Австрия мен Пруссия арасында соғыс басталды. Шешуші шайқас 2 аптадан кейін 1866 жылдың 3 шілдесінде Садва елді мекеніндегі Кенингрец богемалық қорғаны жанында болды. III Наполеонның араласуымен 1866 жылдың шілдесінің аяғында екі мемлекет бітімге келісті. Олар 1866 жылы 23 тамызында Пруссия мен Австрия Венада келісім-шартқа келді. Ол бойынша Герман одағы таратылды. Австрия жаңа мемлекеттік бірлестік Солтүстік германдық одаққа кіру құқығынан айырылды. Австрия Пруссияға Шлезвиг, Гольштейн, Ганновер, Кургессен, Нассау және ерікті қала Майндағы Франкфуртты қосуға, Венецияны Италияға беруге мәжбүр болды. Сондай-ақ ол Пруссияға әскери контрибуция төлеуі қажет еді. Соғыстың зор жеңіспен аяқталуы, Бисмарктың Пруссиядағы конституциялық қақтығысты аяқтауына мүмкіндік берді.

Солтүстік германдық одақты құру және Франциямен соғыс. Австро-пруссиялық соғыстың маңызды нәтижесінің бірі бұл герман мемлекеттерін біріктірген жаңа одақтың пайда болуы еді. Оның нәтижесінде 22 мемлекет кірген Солтүстік германдық одақ құрылды. 1867 жылғы рейхстагтың қабылдаған конституциясына сәйкес, мемлекет басшысы ретінде пруссиялық король және атқарушы билікті президиум жүзеге асыратын болып белгіленді. Одақтық Кеңес (Бундесрат) министрлерден және одақтық мемлекеттердің уәкілдерінен тұрды. Бірақ федерация субъектілерінің теңдігін конституция орнатқан жоқ. Бундесраттағы айтарлықтай дауысты Пруссия (43-тің 17-сі) иемденді, қалған 6 дауыс Солтүстік германдық одақ мүшелерінің арасында бөлінді. Бундесраттың төрағасы болып одақтық канцлер қызметіндегі Бисмарк тағайындалды. Үшінші одақтық орган ретінде – Солтүстік германдық рейхстаг белгіленді. Ол жалпы, тең, тікелей, жасырын дауыс берумен сайланады. Рейхстаг заңнамалық бастамаға және салықтарды бекіту құқығына ие болды. 1867 жылғы конституция Пруссияның үстемдігін нығайтты.

Көптеген тарихшылар 1866 жылғы жағдайларды революция деп бағалады. Ол «жоғарыдан келген революция», Бисмарктың революциясы болды. Германияның бірігуіндегі оның рөлі орасан зор.

Бисмарк Пруссияның толық бірігуін аяқтау үшін Франциямен күресу қажет деп есептеді. Оның үстіне, Франция Австриямен болған соғыстың нәтижелеріне қанағаттанбады. Франция мен Австрияның жақындасу үдерісі басталды. Екі мемлекет те Солтүстік германдық одаққа қарама-қарсы күш ретінде Оңтүстік германдық одақты құруға кірісті. Нәтижесінде 1867-1868 жылдары екі германдық одақты қалпына келтіру мүмкіндігі туды: бірінші жағынан, Пруссия басқарған Солтүстік германдық одақ, екінші жағынан, Австро-Венгрияның сыртқы қорғаны және Францияның қолдауы астында Оңтүстік германдық одақ құрылды. 1870 жылдың мамырында Франция мен Пруссияның арасында дипломатиялық қақтығыс басталды. Испан үкіметі пруссиялық король I Вильгельмнің туысы неміс ханзадасы Леопольд Гогенцоллерн-Зигмариненге испан тағына отыруға ұсыныс жасады. Ол Францияның наразылығын тудырды. Ханзада Леопольд басында келісімін берді, бірақ артынан өзара қақтығысты қаламаған I Вильгельмнің ықпалымен бас тартты.

Жағдайды шиеленістіруге ұмтылған Француз үкіметі Пруссиядан болашаққа деген кепілдікті талап етті. Жағдайды реттеуді ойлаған I Вильгельм Эмседе француздық елшімен келіссөздер жүргізді. Бисмарк соғысты бастауды көздеп, 1870 жылдың 13 шілдесінде Эмсадан жолданған мәтінді бұрмалап, француздық үкіметінің намысына тиетіндей мазмұнында өзгертті. «Эммалық депеша» Францияның 1870 жылдың 19 шілдесінде Пруссияға соғыс жариялануына әкелді.

Француздық үкімет бұл соғыста Оңтүстік Германияның қолдауына сенді. Ол – Рейннің сол жақ жағалауында дербес мемлекет құру, 1866 жылы Пруссияның тақтан айырған германдық князьдарына заңды құқықтарын қайтарып беру, сондай-ақ Австрияны Герман одағына қайтару ниеті туралы жариялады. Бірақ Францияға қарсы соғыс ұлттық сипатқа ие болды. Оған қарсы Оңтүстік Германия мемлекеттері де шықты.

Француздық әскерлер бір жеңілістен кейін екінші жеңіліске ұшырады. 1870 жылдың қарашасында Бисмарк Оңтүстік Германия мемлекеттерін Солтүстік германдық одаққа біріктіру туралы келісімге қол жеткізді. 1871 жылғы Франкфурт бітімімен соғыс аяқталды.

Империяның жариялануы мен 1871 жылғы конституция. 1871 жылдың 18 қаңтарында Версальда салтанатты түрде Герман империясының құрылғандығы туралы жарияланды. Оның айналы залында I Вильгельм Гогенцоллерн Германия императоры болып жарияланды. Алып мемлекеттің бірінші канцлері ретінде Отто фон Бисмарк тағайындалды. Еуропа сахнасында Германия империясы дүниеге келді.

Ғасырлық аумақтық бытыраңқылықты аяқтаған Герман империясының құрылуы неміс халқы тарихының маңызды оқиғасына айналды. 1871 жылы наурызда жаңа империяда сайлау болды. Осы айда императорлық рейхстагтың бірінші сессиясы өтті. 1871 жылы 16 сәуірде рейхстаг конституцияны қабылдады. Конституция 1918 жылғы Қазан революциясына дейінгі өз күшінде болған Герман империясының мемлекеттік құрылымын белгіледі. Герман империясы 22 монархия: 4 корольдік, 6 ұлы герцогтік, 12 герцогтік және 3 ерікті қалалардан тұрды (Гамбург, Бремен, Любек). Оның негізіне Солтүстік германдық одақтың конституциясы алынды. Конституция соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешті, халықаралық істерде Германияның мүддесін қорғады. Жоғарғы өкілдік органдар – Одақтық кеңес (бундесрат) және рейхстаг. Рейхстаг «жаппай» дауыс беру негізінде (25 жас-тан жоғары ерлер, әскери қызметкерлерден басқа) 3 жылға сайланды (1888 жылдан бастап 5 жылға). Рейхстагтың шешімдері Кеңес пен императордың бекітуімен ғана жүзеге асты. Бундесрат (төраға-императорлық канцлер) барлық неміс монархиялары мен еркін қалалардың үкіметінің өкілдерінен тұрды (58 орыннан 17 орын Пруссияға тиесілі). Император рейхстагтың және бундесраттың тұтас шешіміне вето қоя алмады. Сот жұмысының ортақ жүйесі орнатылды. Жоғарғы сот орталығы ретінде империялық сот белгіленді (Лейпциг қ.).

Культуркампф. XIX ғасырдың бірінші жартысында Бисмарктің католиктік шіркеу және орталықпен арасындағы қарым-қатынастары шиеленісті. Тарихта «культуркампф» (мәдениет үшін күрес) деп аталынған күрес басталды.

Ватикан осы уақытқа дейін екі алып католиктік мемлекет – Австрия мен Франциядағы жағдайды ерекше қызығушылықпен

бақылап отырды. Ол Бисмарктің 1870 жылы 20 қыркүйекте италяндық әскерлердің Римге кіруі уақытында Папаны қолдап, қорғамағанын ауыр қабылдады. Сонымен қатар, Пруссияның Ватиканмен қарым-қатынастарының нашарлауына ішкі діни сипаттағы қайшылықтар да әсер етті. Бисмарктің католиктік шіркеуге қарсы шабуылды бастауына 1870 жылғы Ватикан шіркеуімен қабылданған Папаның қателеспейтіндігі туралы догмат негіз болды.

Культуркампф 1872-1875 жылдары бірқатар католиктерге қарсы заңдардың қабылдануында көрініс тапты. Олардың кейбірі империяның барлық аймағында, ал басқалары Пруссияда жүзеге асты. Акциялардың ұйымдастырушысы зиялы мемлекет идеясын қатты ұстанған пруссиялық дін (культ) министрі Фальк болды. Оның іс-әрекетіне Бисмарк басшылық етті.

1873 жылы ландтаг «мамыр заңдарын» қабылдады. Олар бойынша мемлекет барлық шіркеу лауазымдарын өз бақылауында ұстап отырды. Католиктік діни басшылар мектептерді қадағалаудан босатылды, діни қызметшілер саяси насихаттау жұмыстарына қатыса алмады, иезуиттердің ордендеріне тыйым салынды. 1874 жылы міндетті азаматтық неке енгізілді. Католиктік дінбасылар бұл заңға қарсы шықты. Оларды Германияның бір топ католиктері қолдады. 1880-1887 жж. осы заңдардың көбі жойылды. Тек неке туралы және үкіметтің мектептерді қадағалау заңы қалды. IX Папа Пий неміс католиктерін қарсылық көрсетуге шақырды. Ол шіркеуге қарсы қолданылған заңдардың барлығының күші жоқ деп жариялады. Бас имейтін католиктік дін қызметкерлерінің іс-әрекетіне үкімет қуғын-сүргінмен жауап берді. Барлық епископтық кафедралар бос қалды. Ол жерде қызмет істейтіндердің барлығы лауазымдарынан алынды, түрмеде отырды немесе елден қашты. Мыңнан аса шіркеулер басшыларсыз қалды. Бисмарктің атына көп сөгіс айтылды. Тіпті оған қастандық жасалып, оның нәтижесінде Бисмарк жараланды. Істің нәтижесі католиктердің пайдасына шешілді. 1871 жылы рейхстагқа сайлауда, олар 742 дауыс жинады. Ал келесі сайлауларда одан екі есе көп дауыс жинады. Осыншама күшті қарсылыққа тап болған Бисмарк Ватиканмен келісімге барды: Фальк отставкаға кетті.

1880-1887 жж. аралығында антикатоликтік заңдардың көбі жойылды. Культуркампф Бисмарктік жеңілісімен аяқталды.

Социалистерге қарсы айрықша заң. ХІХ ғасырдың 70 ж. Герман империясындағы социал-демократияның ықпалының кеңеюі Бисмаркті алаңдатты. Социал-демократиялық жұмысшылар партиясы (СДЖП – эйзенахтар, Либнехт пен Бабель) және Жалпы германиялық жұмысшылар одағы (ЖГЖО – лассальяндықтар) саяси сахнада белсенділігін байқатты. 1875 жылы олар Германияның Социалистік жұмысшылар партиясына бірікті. Ол 1890 жылдан бастап Германияның Социал-демократиялық партиясы (ГСДП) деп аталды.

1878 жылы 21 қазанында рейхстаг Бисмарктың ұсынысы бойынша «социал-демократтардың қоғамға қауіп тудыратын талпыныстарына қарсы заңды» қабылдады. Ол «айрықша» деген атауға ие болды. Оны 2,5 жылға ғана бекіткен болатын. Бірақ ол төрт рет ұзартылды. Заң бойынша социал-демократиялық, социалистік немесе коммунистік мақсаттарды көздейтін одақтарға тыйым салынды. Сондай-ақ, «өмір сүріп жатқан мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті құлатуға» бағытталған мақсаттарды көздейтін одақтарға рұқсат берілмеді. Оларға шेरуге шығуға, жиналыс өткізу, баспасөздік тауарларын шығаруға жол берілмеді. Заңның 12 жылдық әрекет етуі уақытында 4 мыңға жуық социал-демократиялық партиялық және кәсіподақтық баспалар жабылды. 900 социал-демократ жер аударылып, олардың 1500-і түрмеге қамалды. Заң бірнеше рет 1890 жылға дейін ұзартылды.

ІІІ Фридрих және ІІ Вильгельм. 1888 жылдың наурызында 90 жасар І Вильгельм дүниеден өтті. Оның мұрагері ретінде үлкен ұлы ІІІ Фридрих билікке келді. Ол білімді, ірі әскери қолбасшы болды. ІІІ Фридрих Австрия мен Францияға қарсы соғыстардағы бірнеше шайқаста, соның ішінде Седан маңындағы шайқаста да жеңіске жеткен. Бірақ Фридрих басқаруы ауруына байланысты 99 күнге ғана созылды. ІІІ Фридрихтың өлімінен кейін 1888 жылы 15 маусымда билік соңғы герман императоры ұлы ІІ Вильгельмге өтті. Ол мемлекет басшысының лайықты қасиеттеріне ие болмады.

1889-1890 жылдары канцлердің ішкі және сыртқы саясатында бірқатар сәтсіздіктер болды. Патша III Фридрихтің соңғы билеу жылы жұмысшылардың ереуілдерінің күшеюімен сипатталды. 1889 жыл мен 1890 жылдың басында 1,2 мыңнан астам ереуіл болды. Пруссияның ішкі істер министрі Р. Фон Путткамердің бұйрығымен үкіметтің әскери күшті пайдаланғандықтан көптеген аумақтарда қантөгіс орын алды.

Қабылдаулардың бірінде II Вильгельм: «Мемлекетте бір ғана қожайын бар, ол – мен және басқасына мен төзе алмаймын», – деді.

1890 жылы ақпандағы рейхстагта «картельді партиялар» басым көпшілігін жоғалтты. Социал-демократтар және еркін ойлаушылардың партиясына берілген дауыстардың саны көбейді (19,7%). Мұндай құраммен Бисмарк жұмыс істегісі келмеді. Ол мемлекеттік төңкеріс жасауға шешім қабылдады. 1890 жылы 2 наурызда Бисмарк төңкеріс туралы Пруссия үкіметінің мәжілісінде жариялайды. Бисмарктың сценарийі бойынша, Пруссия королі II Вильгельм өз өкілеттігінен бас тартып, 1871 жылы герман мемлекеттерімен жасалынған одақты үзуі керек болды. Бірақ II Вильгельм бұл жоспарды қабылдамады. 1890 жылы наурызда Бисмарк отставкаге кетуге мәжбүр болды.

Капривидің «Жаңа бағыты» және Гогенлоэ канцлерлігі. Империяның 1890-92 жж. канцлері және Пруссияның министр-президенті генерал Лео фон Каприви болды.

Каприви үкіметі ішкі саясатында жұмысшыларға берген уәдесінің жартысын ғана орындады. 11 сағаттық жұмыс күні және бала еңбегіне тыйым салынды. Каприви Бисмарктың протекционисттік салықтарын 12 жылдық келісім жүйесімен алмастырды. Ол Италия, Австро-Венгрия, Бельгия, Швейцария, Испания, Сербия, Румыния және Ресеймен жасалды. Келісімге сәйкес экспорттың мүддесіне сай келетін белгіленген салықтар орнатылды. Бірақ Капривидің «жаңа бағытына» риза болмаған Ауылшаруашылығының Одағы пайда болды. Аграршылар Капривидің орнынан кетуіне қол жеткізді.

Келесі канцлер императордың туыс ағасы князь Хлодвиг цу Гогенлоэ Шиллингфюрст болды. Ол толығымен императорға қаржылай тәуелді еді. Гогенлоэнің канцлерлігі қуғын-сүргін

заңнамасын күшейтумен сипатталды. Шын мәнісінде ол «социал-демократтарға қарсы айрықша заң» болды. Гогенлоэнің кезінде 1896 жылы жалпы германдық азаматтық кодекс бекітілді. Бірақ бұл кодекске Гогенлоэнің еш қатысы болмады: кодексті 20 жылдай империяның ең мықты заңгерлері дайындады. 1898 жылдың наурызы және 1900 жылдың маусымында Германияның әлемдік саясаттағы белсендігіне байланысты әскери-теңіз құрылысының бағдарламасы қабылданады. Бұл жерде тағы да Гогенлоэнің бастамасы байқалмайды. 1900 жылы қазанда император оны қызметінен босатты.

«Бейбіт саясатқа» көшу. 1900 жылы Герман империясында Бернхард фон Бюлов канцлер болып тағайындалады. Ол «бейбіт саясат» бағытын жариялады. Монополиялардың өсуімен қатар, оңтүстік шығыс Еуропа, Таяу Шығыс және оңтүстік Америка елдеріне капиталдың экспортының маңызы зор болды. Ол көбінесе әскери экспансиямен сәйкес келді. 1897 жылы екі неміс миссионерлерін өлтіргеннен кейін, Германия қытайлық Цзяу-Чжоу айлағында әскерлерін орналастырды. Ол жерде қытайлық айлақтың 99 жылға жалға берілуі туралы Қытаймен келісімге қол қойылды. Германияға айлақта темір жол салу құқығы және табиғи ресурстарын пайдалану құқығы берілді. Сонымен қатар АҚШ пен Испанияның арасындағы соғыс аяқталғаннан кейін, Германиямен Тынық мұхитындағы бірнеше аралдар сатып алынды. Түркиямен стратегиялық маңызы зор Бағдат темір жолын салу және Түркияға қару-жарақ жеткізу туралы келісімге қол қойылды.

Саяси өмірде әскердің маңызы зор болды. Ол бюджетті қоспағанда Кайзермен бақыланды. 90 жылдары Германияның мүдделері Еуропадан тыс басқа аймақтарға тарала бастады. 1896 жылы 18 қаңтарда II Вильгельм алғашқы рет Германия өзін «әлем державасы» ретінде қарастырады деп мәлімдеді. Империяның сыртқы саясатындағы міндеттерге қатысты жаңа тәсіл юнкерлік-буржуазиялық топтар тарапынан түсіністік және қолдау табады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Солтүстік герман одағына қанша мемлекет кірді?
2. Отто фон Бисмарктің Герман империясын біріктірудегі тарихи рөлін ашып көрсетіңіз.
3. Kulturkampf дегеніміз не?
4. Капривидің саясатының «жаңа бағыт» деп аталынуының себебі қандай?

§14. XVII-XVIII ғасырлардағы Австрия

Вестфальдық келісімнен кейінгі Австрия. XVII-XVIII ғасырларда Габсбургтер монархиясы еуропалық державалардың ең алып мемлекеттерінің бірі болды. Отыз жылдық соғыс және оны аяқтаған Вестфаль келісімі Габсбургтер әулеті мен Австрияның жетекші мемлекетке айналуына ықпал етті. Оның негізгі орталығын Габсбургтердің мұралық жерлері: Төменгі және Жоғарғы Австрия, Тироль, Штирия, Каринтия мен Крайна, сонымен қатар Истрия мен Триест жерлері құрады. Одан басқа, Габсбургтерге чехтік тәждің жерлері – Чехия, Моравия мен Силезия, Венгрия тәжіндегі – Венгрия (Словакия мен Закарпатьені қосқанда), Хорватия (XVII ғасырдың аяғына дейін Габсбургтердің билігінде австриялық жерлермен жалғасып жатқан венгерлік жерлердің бөлігі ғана болды) кірді. Германияда Габсбургтер Пассау, Фрейбург, Констанц және Рейн, Неккар және Эльзас өзендеріндегі басқа аймақтарды иеленді. Император I Леопольд (1658-1705 жылдары) Австрияның айналасында «мұралық иеліктердің» негізінде өзінің жеке империясын құра бастады, оны ұлы еуропалық алып мемлекетке айналдыруға талпынды. Осы мақсатта I Леопольд өз иеліктеріне бірыңғай салық енгізіп, оларды басқару үшін орталық ведомство құрды. XVII ғасырдың екінші жартысында Түрік сұлтанының Венеция, Польша және Ресейге әскери жорықтары басталды. Бірінші австро-түрік соғысы 1660 жылы басталды. Сұлтанның әскері Трансильвания князінің әскерін талқандап, Австрияның шекарасына жақындады. Австриялықтар венгерлік феодалдардың әскери қолдауы арқасында осы соғысты да, Сен-Готардтың маңындағы шешуші шайқасты да жеңді. Алайда фельдмаршал Монтекуколи талқандалған және тәртіпсіз артқа шегінген қарсыласының артынан бармады. Леопольд 1664 жылғы Вашвар келісіміне қол қоюға асықты. Ол бойынша османдардың жаулап алған барлық жерлері өздеріне қалдырылды.

Габсбургтер империясының құрамындағы Венгрия. Габсбургтік бағытты ұстанған католиктік ақсүйектердің өзі асығыс

жасалынған Вашвар келісімін өкінішпен қабылдады. Олардың көбісі Габсбургтер империясын Венгрияны түріктердің шабуылдарынан құтқару бойынша салтанатты міндеттемелерін бұзғаны үшін кінәлады.

1670 жылы ірі венгриялық және хорватиялық феодалдардың қауіпті астыртын жоспарлары ойластырылды. Олар империяның қас жауы француздық сараймен құпия одаққа келісті. Келесі жылы бұл қастандық әрекеттер ашылып, үш өкілі өлім жазасына кесілді. І Леопольд елге жалдамалы әскер кіргізіп, неміс рыцарлық орденінің гроссмейстері Г. Ампрингеннің басшылығымен губернаторлықты құрды. Қастандыққа қатысқаны үшін мыңдаған ақсүйектер әскери трибуналдың сотында қаралды. Олардың поместьелері қазына пайдасына тәркіленді. Жоғарғы клир сарбаздарды пайдалана отырып, аяусыз контрреформация жүргізді: әскерлер протестанттық шіркеулер мен мектептерге кірді, соттың шешімдері бойынша діни уағыздаушылар мен мұғалімдер қарапайым қылмыскерлер ретінде галераларға құлдыққа жіберілді. Мыңдаған ақсүйектер, қалалықтар, басыбайлы шаруалар мемлекеттің Трансильваниямен шекаралас солтүстік шығыс аудандарында жасырынды. Осы жерде 1670 жылы басыбайлылар және жай әскер қатарында шені төмендетілген сарбаздар көтерілісі басталды. Көтеріліс 1678 жылдан бастап ұйымдасқан сипатқа ие болды. Оны ірі помещик Имре Текели басқарды. Екі жылдың ішінде Текелидің басшылығымен көтерілісшілер австриялықтардың ықпалынан корольдіктің солтүстік бөлігін босатты. Вена сарайы бүкіл Венецияға абсолюттік орталықтандыруды тарату туралы ойынан бас тартуға мәжбүр болды. Леопольд губернаторлықты таратып, 1681 жылы жиырма жыл бойы жиналмаған Мемлекеттік жиналысты шақырды. Ондағы биліктің өкілі ретінде князь П. Эстерхази сайланды. Жиналыс дворяндардың артықшылықтарын растап, кейбір комитаттарда протестанттық діннің бостандығына рұқсат берді. Дворяндардың басым бөлігі көтеріліске қатысуын тоқтатты. Оны шаруалар мен Текели әскері жалғастырды. Бірақ ол кейіннен сұлтанның қамқорлығын іздеуге мәжбүр болды. Текелидің мұндай кейінге шегіну әрекеті оның игі іс үшін

күресінің мәнсіздігін көрсетті. Тіпті оның ең адал серіктестерінің көз алдында абыройын төкті.

Түркиямен соғыс. Габсбургтер империясы үшін зор қауіп тудырған мемлекеттің бірі Осман империясы еді. Түрік-османдарының Орталық Еуропаны тәуелді ету қаупі төніп тұрды. Сондықтан осы жағдайда Австрия әулеттік биліктің орталығына славяндар мен венгрлерді біріктірді. Османдарды тоқтату үшін үш монархтың арасында бөлінген Орталық Еуропаның геосаяси кеңістігін қайта құру қажет болды. Вена сарайының венгр дворяндарына жеңілдіктері уақытында жасалынды: Портамен соғыс жақындап қалды. Орталық Еуропаның тағдыры үшін шешуші болған шайқас Вена қамалының түбінде 1683 жылдың жаз мезгілінде болды. Ол жерде османдарға шешуші тойтарыс берілді. Текелідің көтерілісшіл әскерінің сәттіліктерімен рухы көтерілген және француз сарайы айдап салған османдар 1683 жылы әскери қимылын қайта қалпына келтірді. 10 маусымда ұлы уәзір Кара Мустафаның 200 мыңдық әскері империялық астана Венаны қоршауға кірісті. Венгрліктер батылдықпен шайқасты, бірақ олардың күші османдармен тең емес еді. Австро-Венгрияның түріктерге қарсы негізгі күш бола алатынын түсінген еуропалық монархтар көмек қолын созды. Папа XI Иннокентийдің араласуымен Польша королі Ян Собейский мен императордың арасында одақ құрылады. Кейіннен оған Венеция, Генуя, Тоскана, Португалия, Испания, ал бірнеше жылдан кейін Ресейдің өзі қосылды. Бұл одақтан Франция шет қалды. Осылайша Осман империясына қарсы христиандық Еуропаның «Қасиетті Лигасы» құрылды. Қара Мустафаның Венаға шешуші шайқасты жасамақ болған сәтінде австриялықтарға герцог Карл Лотарингский басшылық еткен біріккен одақтастардың әскері және Ян Собейскийдің поляк армиясы көмекке келді. Олар 12 қыркүйекте османдарға шешуші соққы берді.

1684 жылы I Леопольд венгрлік Мемлекеттік жиналысты шақырып, әулет үшін ерекше маңызды жеңілдіктерге қол жеткізді. Сословиелер корольді таңдау құқығынан бас тартып, Габсбургтердің Қасиетті Иштван тәжіне ер азаматтық линия бо-

йынша мұрагерлік құқығын мойындады. 1222 жылғы корольдің Конституцияның шарттарын бұзуы жағдайында оған қарсы дворяндардың қарулы қарсылық көрсетуі туралы «Алтын булла» ережесі жойылды. Император-король Венгрияға Трансильванияны қайтарудан бас тартты. Ол алдымен вассалдық княздік, кейіннен мұрагерлік иелік ретінде жарияланды.

Түркиямен соғыс жалғасып жатты. 1688 жылы императорлық армиялар Белградқа кірді. Франция королі XIV Людовик австриялық жеңістерге қауіптеніп, император Леопольдпен жасалынған келісімді бұзды. Ол Пфальцке кіріп келді. Бұл жағдайда австриялықтар өз әскери күштерінің бөлігін Германияға орналастыруға мәжбүр болды. Соғыс ұзаққа созылып кетті. Австриялық әскердің басшылығына ханзада Евгений Савойский келгенде ғана Австрия үлкен жеңістерге қол жеткізе бастады.

Ол ерекше қолбасшы әрі дипломат ретінде Вена мен Буда үшін шайқастарда ерлігін байқатты. 1697 жылы ханзада Зента түбінде тарихи жеңіске қол жеткізді. Соғыстың нәтижесі ретінде 1699 жылы Карловиц келісіміне қол қойылды. Ол Венгрияның біршама бөлігіндегі біржарым жыл бойы үстемдік құрған Осман империясының билігін жойды. Венгрия корольдігінің барлық аумағы, соның ішінде Трансильвания және Хорватия-Словения да түріктерден босатылды. Вена маңындағы жеңіс және одан кейінгі Османдардың Венгриядан қуғындалуынан кейін империяның қалыптасуының келесі бір әскери-саяси кезеңі аяқталды.

1701 жылы Габсбургтер монархиясы «испан мұрасы» үшін жаңа еуропалық соғысқа дайындалды. 1711 жылы Венгриямен Сатмарлық келісім және 1713 жылы Франциямен Утрехттік келісімдер бойынша Австрия біршама кеңейді. Венгрия Корольдігі Габсбургтердің иелігіне біржолата өтті. 1713-1714 жылдардағы Утрехт пен Раштатт келісімдері нәтижесінде Габсбургтер империясы Италиядағы Сардиния, Милан, Мантуя, Мирандола, испандық Нидерланды (қазіргі Бельгия), Рейннің бірқатар аумақтары есебінен кеңейді. Олар екі жылдан кейін Венециямен одақтасып, Осман империясына қарсы соғысқа шықты. Бұл біріккен одақ 1718 жылы Венецияны Пожаревац

келісіміне қол қоюға мәжбүрледі. Ол бойынша Банат, Солтүстік Сербия мен Белград, Босния мен Валахияның бөлігін, Срем мен Олтенияны иемденді. Осылайша, екі ғасыр бойы, шамамен 1526-1720 жылдары өз қоластына Венгрия, Чехия және австриялық жерлерді біріктірген Габсбургтер әулеті жаңа империяның негізгі ұйытқысына айналды. Оған XVIII ғасырдың соңғы жылдарында Буковина, Галиция және Лодомерия Корольдігі аталынған Польшаның бір бөлігі, ал XVIII ғасырдың аяғында XIX ғасырдың басында Далмация кірді.

Австриялық мұрагерлік үшін соғыс. XVIII ғасырдың басында Габсбургтер империясы кең аумақты алып жатты. Австрия, Венгрияда феодалдық қатынастар үстемдік құрды. Қалаларда цехтер, ауылдарда басыбайлылық құқығы таралды. Сауда мен мануфактура да дами бастады. Ел басшылығы меркантилизмге сүйене отырып, шұға, фарфор, шыны және тағы басқа да тауарлардың сыртқа шығарылуын қолдады. XVIII ғасырдың басында Мемлекеттік банк құрылды. Саудаға қажетті порттық құрылыстар мен жолдар салынды. Әсіресе, мұндай белсенді қызмет VI Карл тұсында дамыды. Бірақ бұл уақытта Габсбургтерді басқа да маңызды мәселелер алаңдатты.

XVIII ғасырдың басында Австрия аумағының өзі мұрагерлік үшін жаңа соғыстардың алаңына айналды. Габсбургтерді императордың ұлдарының, сонымен қатар ер жынысты тікелей туыстарының болмауы қатты мазалады. 1713 жылы король VI Карл Прагматикалық санкцияны жариялады. Ол әйелдер жағынан да мұрагерлікті енгізді, әулеттің иеліктерін мұралық және бөлінбейтін болып жариялады. Карл осы санкцияны өзінің қызы Мария Терезияны билікке келтіру үшін ұсынды. 1723 жылы Венгрияның Мемлекеттік жиналысы санкцияны мойындады. Ресми Вена Прагматикалық санкцияның еуропалық жетекші мемлекеттермен мойындалуына қол жеткізу үшін біршама іс-шаралар атқарды. Олардың соңғысы Версаль болды. Бірақ 1740 жылы император өлгеннен кейін таққа 23 жасар Мария Терезияның келуінен кейін жағдай өзгерді. Өздерінің берген міндеттемелеріне қарамастан Франция мен Пруссия ғана емес, сонымен қатар Бавария, Испания, Савойя да тақ мұрагерлігі құқығына ұмтылыстарын білдірді.

Бавария курфюрсті де австриялық таққа үміттенді. «Австриялық мұра үшін соғысты» (1740-1748 жылдар) бірінші болып Пруссия бастады. Ол мұралық жерлердің ең дамыған бөлігі және бай жері Силезияны алды. Батыстан елдің аумағына Карл Альберт Баварский өз әскерімен кірді. Габсбургтердің қарсыластары VII Карлды Чехияның королі және Рим императоры ретінде жариялады. Осындай қиын-қыстау кезінде Австрияны Венгрия құтқарды. Патшайымның өтінішіне құлақ салып, өз реніштерін ұмытқан венгрлер, оған он мыңдаған таңдаулы әскерін және қажетті қаражатты берді.

Мария Терезия баварлықтарды тез арада талқандап, Чехияда өз билігін қалпына келтірді. Сондай-ақ, өзінің жары Франц Лотарингскийге Рим императоры дәрежесін қайтарып берді. Бірақ Силезия II Фридрихтың ықпалында қалды. 1748 жылғы Ахен келісім бойынша Мария Терезия Парма мен Пиацинцаны да беріп, Еуропаның Прагматикалық санкцияны мойындауына қол жеткізді. Бірақ соғыстың нәтижелері Мария Терезияны қанағаттандырмады. Ол Силезиядан айырылып қалғанына көңісі келмеді. Қиын кезде ол Англияның әрекетсіздік танытқанына да көңілі толмады. Сондықтан Мария Терезия жаңа канцлер граф Антон Венцел Кауницпен жаңа антипруссиялық коалицияны құруға кірісті.

Жетіжылдық соғыс (1756-1763 жылдар) Силезия үшін болған соғыс сияқты басталды. Ұлы Фридрих қарсыластарының алдын алмақшы болып, Австрияға шабуыл жасады. Пруссияның аумағы соғыстың негізгі алаңына айналды. Оның астанасы екі рет алынды: бірінші орыстар мен австриялықтармен, одан кейін венгерлік гусарлармен. Фридрихтің толық талқандалуынан Ресейдің соғыстан шығып кетуі құтқарып қалды. 1763 жылы Хубертсбург келісімі бойынша Силезия Пруссияға бекітілді. Австрия тағы екі соғыс жүргізді: 1733-1735 жылдардағы Польша мұрасы үшін және 1778-1779 жылдардағы баварлық мұра үшін. Бұл соғыстар ең алдымен тақты иемдену мақсатында болды. Өйткені ол саяси бақылау үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашты.

«Ағартушылық абсолютизм» саясаты. Мария Терезия мен оның ұлы II Иосиф елде көптеген реформаларды жүзеге асырды.

Олар «ағартушылық абсолютизмге» негізделген мемлекетті құруды мақсат етіп қойды. XVIII ғасырдың екінші жартысында «ағартушылық абсолютизмнің» әкімшілік-ресми реформаларының арқасында әулеттік империяны біріктіру ісі едәуір алғажылжыды. Реформалардың ауқымына австро-чехиялық жерлер қамтылды. Әскери салада сарбаздарды орталықтандырылған өмірлік әскери қызметке тарту жұмыстары жүргізілді. Вена әскери академиясы құрылды. Сословиелік мекемелер үкіметтің атқарушы органдарымен алмастырылды, салық ісі де мемлекеттің қолына өтті. VI Карлдың қызы Мария Терезия есеп пен бақылаудың орталықтандырылған жүйесін енгізді. Мемлекет тарихында алғашқы рет халық санағы жүргізіліп, дворяндар мен дінбасылардың салық жинау артықшылығы жойылды. 1776 жылы патшайым ортағасырлық азаптаушылық сипаттағы дене жазасына тыйым салып, өлім жазасының пайдалануына шектеу қойды.

Мектеп реформасы прогрессивті мазмұнда болды. Ол халық білімінің әр түрлі кезеңдегі мектеп жүйесін енгізді. Мектептерде балаларды оқытуға, жазуға және санауға үйрететін ауылдық «тривиалды» мектептер, ауылдық ұстаздарды дайындайтын қалалық және «нормалық» мектептер мен университеттер болды. II Иосиф (1780-1790 жылдары) кезіндегі реформалар одан бетер радикалдық сипатта болды. Бірақ көбінесе соңына дейін ойластырылмаған және асығыс жасалынған еді.

Австро-чехиялық шет аумақтардың және Галицияның шаруалары босатылды. II Иосиф басыбайлылық құқығын жойды. Осы арқылы ол шаруаларды жеке тәуелділіктен босатты. Дінге еріктіліктің демократиялық принципін жариялаудың маңызы зор болды. «Толеранттық туралы патент» (дінге еріктілік) гректік-шығыс (православиелік) және протестанттық шіркеулердің арасындағы кемсітушілікті жойды. Ол протестанттарға өз дінін еркін насихаттауға, қоғамдық және мемлекеттік қызметке келуіне, мектептер мен шіркеулерді салуға мүмкіндік берді. Римдік-католиктік шіркеу көптеген өз құқықтары мен басымдықтарынан айырылды. Иосиф неміс тілін жалғыз ресми тіл (іс жүргізу тілі)

дәрежесіне көтеріп, қалған тілдерді екінші тілдер қатарына жатқызды. Сырқаттарды емдеу, балаларды оқыту сияқты «пайдалы қызметпен» айналыспайтын діни ордендер және монастырьларды таратты. Бірақ Иосиф Габсбургтің жүргізген «ағартушылық абсолютизм» саясаты басты міндет ретінде феодализмді жоя алмады. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан сословиелік-феодалдық экономикалық, әлеуметтік пен саяси құрылымдарды жаңа буржуазиялық кезеңнің қажеттіліктеріне бейімдеді. Сондықтан кейінгі жылдары «ағартушылық абсолютизм» саясатымен қанағаттанбаған шаруа наразылығы күшейді.

II Иосифтің «ағартушылық абсолютизмінің» аяқталуы. XVIII ғасырдың 80 жылдарының аяғында Австрия империясындағы ішкі қақтығыстар II Иосифтің сәтсіз сыртқы саясаты және оның апаттық салдарымен шиеленісті. 1788 жылы император II Екатеринамен одақтасып, Осман империясына соғыс жариялайды. Ол Балқан иеліктеріне қызыққан болатын. Бірақ түріктер қарсыластарына мықты және тиімді тойтарыс берді. Австриялық армия сәтсіздікке ұшыраған кезде, орыстар қатарынан жеңістерге қол жеткізді.

Әскери қимылдың алаңына айналған Венгрияның оңтүстік облыстарының халқы, азық-түлік пен жылқыларды ревизиялаудан, сарбаздарды тұрғыздан және ұрлықтан әбден зардап шекті. Комитаттар бірінің артынан бірі қазынаға салық төлеуден, әскерді азық-түлікпен, жем-шөппен қамтудан, оны жаңа сарбаздармен толтырудан бас тартты. Габсбургтермен бұзылған ескі конституцияны қалпына келтіру үшін, Мемлекеттік және комитаттық жиындарды шақыру қозғалысы басталды.

Оппозициялық қозғалыстың көшбасшылары, венгрлік такқа веймарлық герцогты немесе пруссиялық кронпринцті отырғызу мақсатында пруссиялық және веймарлық сарайлармен байланыс орнатты. Иосифтің шалғайда жатқан Бельгияны көршілес Баварияға айырбастау талпыныстарына наразы болған Пруссия королі Ұлы Фридрих өзінің әскерін Австрия шекараларына жақындатып, оларға соғыспен қоқан-лоққы көрсетті. Бельгиядағы Австрияға қарсы қозғалыс 1787 жылы басталған болатын.

1789 жылдың аяғында бельгиялықтар, жаппай қарулы көтерілісті бастап, империялық әскердің елден кетуіне мәжбүрледі.

Хал үстінде жатқан Иосиф өзінің көптеген радикалдық реформаларынан бас тартты. Венгрияда комитаттық жүйе қалпына келтірілді. Көпжылдық үзілістен кейін Мемлекеттік жиналыс шақырылды. Әулие Иштванның Венаға алып кеткен тәжі өз Отанына қайта оралды. Жиналыс конституцияның жобаларын талқылауға кірісті. Онда Француз революциясымен әсер еткен жаңа идеялар көрініс тапты. Бүкіл мемлекет Париждегі оқиғаларды бақылап отырды. Ұлттық киім, венгерлік өлеңдер, венгер тілі танымалдыққа ие болды. Алғашқы рет 1791 жылы тарихта Трансильвания валахтары өз ұлттық талаптарын ұсынды.

Феодалдық-абсолюттік реакцияның кезеңі. II Иосиф кіші бауыры II Ле опольд (1790-1792 жылдары) кезінде «ағартушылық абсолютизмнен» феодалдық-абсолюттік реакцияға өту кезеңі басталды. Алғашқы орынға революциялық Франциямен күрес, тақ пен монархияны құлдыраудан және ыдыраудан құтқару міндеттері шықты. Жаңа монарх сыртқы саясатта икемді және ішкі саяси істерде келісімге келе алатын адам болып шықты. Ол ақсүйектердің сеніміне қайта ие бола алды.

II Леопольд Венгрияның бұрынғы конституциясын және аймақтық тұтастығын мойындап, оның қолдауына ие болды. Ол Түркиямен соғысты аяқтап, Пруссиямен одақтасты. Бұл Венгрия мен Бельгиядағы пруссиялық шиеленістердің тоқтауына әкелді. 1791 жылдың аяғында Францияға қарсы жасалынған Берлинмен одақ императордың Бельгиядағы билігін қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, оның габсбургтік иеліктерінің құрамындағы ерекше мәртебесі мойындалды. II Леопольдтің сыртқы саясаты да байыпты әрі сақ болды. Австрия Лондон мен Петербургтің қысымына және II Леопольдтің қарындасы, Францияның патшайымы Мария Антуанеттаның көмекке шақырған өтінішіне қарамастан, бірінші коалициядан шетте қалды.

Австриядағы қалыптасқан жағдай тақтағы II Леопольдті Франц (1792-1835 жылдары) ауыстырғаннан кейін күрт өзгерді. Оның Француз революциясы туралы, тіпті баспасөзде бірде-бір

сөз айтылмау керек деген бірінші жарлығынан-ақ, оған қатысты көзқарасы мен саясатын байқауға болады. Империя Еуропадағы феодалдық-монархиялық тәртіпті қайта қалпына келтіріп, оны нығайту үшін Франциямен ұзаққа созылған соғыстар жолына түсті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Вестфаль келісімінің Габсбургтер әулеті мен Австрия үшін қандай маңыздылығы болды?
2. Венгрияның Габсбургтер империясы құрамына қосылуы қалай жүзеге асты?
3. Евгений Савойскийдің әскери қолбасшы ретіндегі жетістіктері туралы баяндаңыз.
4. Австрия мұрагерлігі үшін соғыстың басталуы себептерін ашып көрсетіңіз.
5. Австриядағы «ағартушылық абсолютизм» бойынша кесте жасап, оның жетістіктері мен әлсіз тұстарын бөліп көрсетіңіз.
6. Австриядағы феодалдық-абсолюттік реакция кезеңі қандай оқиғалармен сипатталды?

Австро-Венгрия империясы

Наполеондық соғыстар кезіндегі Австрия империясы. II Францтың тұсындағы Австрияның сыртқы саясаты реакциялық сипатта болды. Габсбургтер монархиясы антифранцуздық коалицияны құруды ұсынған бастамашылардың біріне айналады. Сонымен қатар соғыстар, әсіресе құрлықтағы блокада ірі жер иелерінің баюы үшін зор мүмкіндіктерді ашты. Дворяндар Вена сарайымен белсенді ынтымақтастықты орнатты. 1805 және 1809 жылдары екі рет Бонапарттың әскері Венгрияға жақындаған кезде, француздардың императоры дворяндарға өз елінің тәуелсіздігін қалпына келтіруді ұсынды. Габсбургтердің Францияға қарсы жүргізген соғыстары әдетте жеңіліспен аяқталатын. Австриялық аймақ бірнеше рет соғыс алаңына айналды. 1806 жылы Наполеонның қысымымен Габсбургтер Қасиетті Рим империя-

сының императорлары лауазымынан біржолата бас тартуларына мәжбүр болды. Монархия Австрия империясы деп аталды, ал II Франц император I Францке айналды.

1809 жылы Австрияның сыртқы істер министрі және іс жүзіндегі үкімет басшысы ретінде Клеменс Меттерних келді. Ол австриялық және еуропалық саясатқа үлкен ықпалын тигізген көрнекті дипломат болып табылады. Меттернихтың шебер дипломатиясының арқасында Австрия барлық әскери шайқастарда жеңіліп қалғанына қарамастан, жеңгендердің қатарында болды. Сонымен қатар, Австрия бейбітшілік конференциясын ұйымдастыру құрметіне ие болды. Көптеген онжылдық мерзімге еуропалық елдердің тағдырын шешкен Вена конгрессінде де император I Францтің министрі Меттерних шешім қабылдауда жетекшілігін байқатты. Ол әйгілі Қасиетті одақты құрушылардың бірі болды. Вена конгресі Австрияға Бельгиядан басқа барлық жоғалтқан иеліктерін қайтарып берді. Австрия Франкфурттағы одақтық жиналыста төрағалық ету құқығын алып, қайта құрылған Герман одағына қосылды. Өзінің Германия мен Италиядағы ықпалын қайта қалпына келтірген Австрия Еуропаның екі ұлы ұлтының бірігуіне кедергі жасайтын мықты факторға айналды.

Империяның әлеуметтік-экономикалық дамуы. XIX ғасырда Австрия империясының еуропалық істердегі рөлінің артуы оның экономикалық даму деңгейіне сәйкес келмеді. Австрияның құрлықтың алдыңғы қатарлы елдерінен артта қалуы байқалды. XIX ғасырдың бірінші жартысында империя аграрлық ел болып қала берді. Халықтың үштен екі бөлігі ауыл және орман шаруашылығында болды. Бұл шаруашылықтардың дамуы феодалдық қарым-қатынастардың сақталуы және шаруалардың тәуелділігі себепті баяу жүрді. Мануфактуралар мен сауданың өсуіне цехтар және көптеген ішкі салықтар кедергі болды. I Франц бүлікшілікке бейім жұмысшылардың шоғырлануынан қорқып, астанада жаңа мануфактуралар мен фабрикалық кәсіпорындарды салуға тыйым салды. Ұлттың рухани ілгерілеуіне қатаң цензуралық заңдар кедергі жасады. Лессинг, Шиллер, Гете сияқты әлемдік классиканың шығармаларына тыйым салынды. Мектеп

толығымен дінбасылардың қолына өтті. Ауқымды империяның халқына саяси және рухани тұрғыдан қысым көрсету көбінесе Меттернихтің ұмтылыстарымен жүзеге асырылды. Ол император I Фердинанд (1835-1848 жылдар) кезінде үлкен билікке және ықпалға ие болды.

XIX ғасырдың 30-40 жылдары өнеркәсіптік революция едәуір дамыған шет аумақтарда – төменгі Австрия мен Чехияда етек жайды. 1816 жылғы Брнодағы орамал фабрикасында Англияда ойлап табылған алғашқы бу машинасы орнатылды. 20 жылдардың аяғында елде бар-жоғы 11 машина болды. 40 жылдары олардың саны 30-ға, ал XIX ғасырдың ортасында 900-ге жетті. 1830-40 жылдары көмір өндіру 4 есеге, шойын өндіру – 2 есеге өсті (20 жылдармен салыстырғанда). Австрияда Англиямен қатар 1828 жылы темір жол құрылысы басталды (3 жылға кешікті), бірақ 1846 жылға таман олардың ұзындығы бар-жоғы 148 км болды. 1830 жылы империядағы тұрақты кеме жолы салынды, ол Венаны Венгриядағы Пештпен байланыстырды.

Экономикалық өсу венгрлік тақтың иелігі елдерінде де, әсіресе Пешт-Будада, Трансильвания мен Словакияның кейбір аудандарында байқалды. Венгрияның өнеркәсіптік өндірісінде, Хорватия мен Словакияны қосқанда халықтың 5% (14,5 млн) жұмыс істеді. Ауылшаруашылығында картоп, темекі, күріш, индиго және басқа да дақылдардың өнімділігі артты. Агротехника жақсарып, еңбек құралдарының жетілдірілуі, егістіктердің кеңеюі, құрғақ жерлерді суландыру, батпақ жерлерді құрғату байқалды. XIX ғасырдың 40 жылдары пайда болған алғашқы банктер мен ақша жинайтын кассалар, ауылшаруашылығының несие мұқтаждығын қамтамасыз ете алмады. Помещик-дворяндар жерге феодалдық меншіктің сақталуынан жылжымайтын мүлікке несие ала алған жоқ. Нәтижесінде шаруаларды феодалдық-басыбайлылық қанау күшейді.

«Ұлттық жандану» дәуірі. Феодалдық қысымға тап болған империя халқы буржуазиялық бостандық пен ұлттық теңдікке қол жеткізуге тырысты. XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың бірінші жартысында әсіресе 30-40 жылдары капиталистік қарым-

қатынастарға өту жекелеген ұлттардың қазіргі ұлттар деңгейінде топтасуына ықпал етті. Әсіресе, ұлттардың бас қосуында халықтардың білімділігі деңгейінің артуы ерекше әсер етті. Австрия мен Венгриядағы оңтүстік славяндықтар, чехтар, румындықтар, словактардың тарихында «Ұлттық жандану» деп аталатын жаңа дәуір басталды. Шын мәнісінде антифеодалдық сипаттағы ұлттық қозғалыстардың көтерілуі орын алды. Ұлттық негізде өскен Қайта жандану еуропалық ағарту қозғалысы, «ағарту абсолютизмінің» және оның австриялық түрі – йозефинизмнің ықпалын сезді.

Ұлттық жанданудың бірінші кезеңінде (XVIII ғасырдың соңғы онжылдығы – XIX ғасырдың 20 жылдары) чехтар да, словактар да ұлттық өмірге ұмтылды. Ұлттық әдеби көркем тіл дамыды, ұлттық әдебиет, театр және басқа да ұлттық мәдениет түрінің өркендеуі басталды. Осыған ерен еңбегі сіңген ағартушылар қатарында бірқатар білімді адамдар болды. Олар: чехтар мен басқа славяндардың тіл және мәдениет тарихы тақырыбында жазылған еңбектердің авторы Йозеф Добровский (1753-1829 жж.), ғалым-философ, чех-неміс сөздігінің, чех мәдениеті туралы оқулықтың авторы Йозеф Юнгман (1773-1847 жж.). Бұл өкілдерді «оятушылар» деп атады.

«Оятушылардың» қызметінде жалпыславяндық ынтымақтастық идеясын насихаттау маңызды орын алды. Олар славяндықтың күш-қуатына шын көңілімен сенді. Өздерін қанаушыларға қарсы күресте Ресейдің көмегіне үміт артты. Словак мәдениетінің ірі қайраткері Ян Коллар (1793-1852 жж.) чех тілінде шығармаларын жазды. Ол өзінің атақты «Абырой қызы» (1824 жылы) поэмасында славяндардың өткен күндерін және олардың батырлары – Гус, Жижка, Костюшко, Минин мен Пожарскийді жырлады. Ол біртұтас «славян халқы» идеясын жақтады. Сонымен қатар, Коллар словактарды «чехословактық тайпаның» бөлігі ретінде қарастырды. Ол словактардың жеке дара ұлттық-мәдени дамуына құқығы жоқ деп есептеді.

Людовит Штур (1815-1856 жж.) қабілетті ұлттық көшбасшы ретінде көріне білді. Өзінің серіктестерімен қоса ол словак көр-

кем әдеби тілін қалыптастыру қозғалысын бастады. Ұлттық, орта словак тілінде Штур мен оның серіктестері кітап басып шығара бастады. 1845 жылдан олар «Словак ұлттық газетін» шығарды. Оның мазмұнында алғашқы рет қалыптасушы словак буржуазиясының ұлттық бағдарламасы көрініс тапты. Словактардың ұлттық қозғалысына, мадьярлардың күресінің жетістіктері үлкен ықпал етті. Мадьярлар неміс тілін білуге мәжбүрлеу, әсіресе корольдіктің ресми тілі ретінде ортағасырлық латынды венгер тілімен алмастыруға қарсы күреске шыққан болатын. Мадьярлардың кең таралуына қауіптенген славян халықтары біріге бастады. Славяндар мен влахтардың ұлттық қозғалысының ауқымы кеңейді. Бірақ, екінші жағынан, осы қозғалыстардың мадьярлық қозғалысқа қарсы шығуына әкелді. Соңында, бұл жағдай Австрия империясы халқының негізгі жауы – габсбургтік феодалдық абсолютизмге қарсы біртұтас майданның құрылуына кедергі жасады.

1848-1849 жылдарындағы революцияның қарсаңында осыған ұқсас жағдай чех жерлерінде де болды. Чехтар ұлттық мәдениетін дамытуда, ұлттық сана сезімді тереңдетіп, нығайтуда, ұлттық сауда-өнеркәсіптік буржуазияның шоғырлануында үлкен табыстарға жетті. Бірақ Чехия мен Моравияда тұратын неміс халқы көп болғандықтан, олардың ұлттық мүдделері экономика, тіл және мәдениет саласында чехтық ұлттық мүддемен қақтығысқа келді. Ол екі халықтың феодалдық-абсолюттік тәртіпке қарсы күресінде либералдық-демократиялық күштердің бірігуіне кедергі болды.

1848-1849 жылдардағы Австрия империясындағы буржуазиялық революция. XIX ғасырда Австриялық империяның еуропалық мәселелердегі саяси ықпалы, оның экономикалық мүмкіндігінің өсуіне кедергі болмады. 1845-1847 жылдардағы экономикалық дағдарыс, инфляция, бағалардың қымбаттауы, нан мен картоптың бағасының өсуі, жұмыссыздық жағдайы империяда қауіпті жағдай туғызды. Оның басталуына 1848 жылы ақпанда Парижде болған оқиғалар түрткі болды. 1848 жылы 13 наурызда Австрияда революция басталды. Реакциялық тәр-

тіп бір күнде құлады. Қайта құрылған үкіметтің құрамына либералдық буржуазияның өкілдері кірді. Конституцияның дайындалған жобасында баспасөз, жиналыс, сөз бостандығы жарияланды. Екі палаталық парламент және оның алдында жауапты үкіметті құру қарастырылды. Императордың елеулі құқықтары мен басымдықтары сақталды. Олардың ішінде қарулы күштердің жоғарғы басқаруы, рейхстагтың барлық шешіміне вето қою құқығы болды. Дауыс беру құқығы жоғарғы мүліктік цензбен анықталды. Венадағы билік Қоғамдық қауіпсіздік комитетіне өтті. Шілде айында австриялық рейхстаг мәжілісі құрылды. Рейхстаг феодалдық-басыбайлылық қарым-қатынастарды қысқарту туралы заң қабылдады. Бағынушылықтың аз ғана түрі жойылды. Революция ұлттық мәселелердің қиын тәртібін анықтады. Оның қатарында Германияны біріктірудің екі жолы – ұлыгермандық және кішігермандық бағыты болды. Австриялық буржуазия, Габсбургтардың әулеті сияқты жаңа біріккен Германияда жетекшілік рөлге ұмтылды. Ол бұл Германияның құрамына талаптары және еркімен санаспай, барлық неміс халықтарын қосуға дайын болды. 1848 жылдың маусымында Прага қаласында империяның славян халықтары өкілдерінің съезі өтті. Онда Австрия империясының сақталып, оның Германияға кіруіне қарсы пікірлер айтылды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Австрия. 1848-1918 жылдардың аралығы бұрынғы Габсбург империясының аумақтарында өзін-өзі басқару мен теңдікті алу мақсатына талпынуымен сипатталды. 1848 жылы 17 маусымда австриялық әскерлер Прагалық көтерілісті басып тастады. Италияның солтүстігіндегі революцияны басу және Сардинияға қарсы соғыстағы сәттіліктер үкіметтің қайраттылығын күшейткендей болды. 1848 жылы 23 тамызда Ұлттық гвардияның буржуазиялық бөлігі жұмысшылардың шеруіне оқ жаудырды. Олар қоғамдық жұмыстарда қызмет ететін кедейлердің жалақысының азаюына қарсы шыққан еді. Қазан айында Венаның жұмысшылары, қолөнершілер және студенттер Венгриядағы көтерілісшілерге қолдау көрсетіп, австриялық әскерлерге қарсы шықты. 1848 жылдың 1 қарашасында Вена қатал

шабуылдан кейін құлады. Революциялық Венгрияның әскері талқандалды. 1848 жылы 2 желтоқсанда сарай төңкерісі болды. Таққа Франц Иосиф (1848-1916 жж.) отырғызылды.

Австриялық империялық федерализмнің «шарықтау мен құлдырау» кезеңі 1830–1916 жж. өмір сүрген және 1848-1916 жж. аралығында билікте болған соңғы австриялық кайзер Франц Иосифтің көп жылдық патшалық етуі кезеңіне сәйкес келді. 1918 жылы Габсбургтардың монархиясының құлдырауына байланысты австриялық монархиялық федерализм де сәтсіздікке ұшырады.

Франц Иосифтің дәуірі анық сипатталған кезеңдерден тұрады: 1848-1860 жылдар – неоабсолютизм шеңберіндегі реформалар; 1860-1867 жылдар – өтпелі кезең; 1867-1879 жылдар – либералдық кезең; 1879-1893 жылдар – үкіметтің кіші көлемдегі жеңілдіктерге келу және халықтың саяси көтерілу кезеңі; 1893-1914 жылдар – демократияландыру үшін халықтың қатыгез күресі; 1914-1918 жылдар – бірінші дүниежүзілік соғыс және монархияның аяқталуы.

1860 жылдың қазанында «Қазан дипломы» деп аталған конституциялық қағидалардың қабылдануына сәйкес, австриялық қоғамда федерализм маңызды конституциялық қағида ретінде негізге алынды. «Қазандық диплом» бойынша ландтагтар пен олардың депутаттары мемлекеттік басқармаға кіруге жартылай рұқсат алды. Австрияда парламенттік демократия бекітіле бастады. 1867 жылдың 21 желтоқсанындағы Конституция Австрия империясына кіретін жерлердің өкілеттігінің шеңберін кеңейтті. Осылайша, 1867 жылы Еуропада конфедерациялық сипаты бар жаңа федеративтік бірлестік – Австро-Венгрия монархиясы құрылды.

Австро-Венгрияның ортақ құзыреттілігіне мемлекеттік қызметтің маңызды салалары жатқызылды: сыртқы істер, қорғаныс және қаржы. Бұл мәселелермен біріккен австро-венгриялық министрліктер – сыртқы істер, әскери және қаржы министрліктері айналысты. Ортақ империялық істерді атқару үшін, Вена және Будапешттегі екі парламенттің әрбіреуінен 60 өкілден делегация-

лар сайланды. Соған қарамастан, Австрия мен Венгрия өз конституцияларын, екіпалаталық парламенті, үкіметі және дербес басқару құрылымын сақтады. 1878 жылы Австро-Венгрия Босния және Герцеговинаны басып алып, 1879 жылы Герман империясымен одақтасты.

Кейінгі кезең Австро-Венгриядағы ұлттық ағымдардың белсенділігімен сипатталды. 1879-1893 жылдары қоғамның саяси мазмұны кеңейді. Жұмысшылар, шаруалар, басқа да әлеуметтік топтардың саяси ұйымдары пайда болды.

1893 жылы басталған империя халықтарының көтерілістері ұлттық және әлеуметтік қарама-қайшылықтардың одан әрі шиеленіскендігін көрсетті. 1897 және 1907 жылдары Австрияда сайлау реформалары өткізілді. Олар социал-демократтардың талпыныстары арқасында маңызды саяси факторға айналды.

1907 жылы жалпы сайлау құқығы енгізілді. Реформаның ең басты мақсаттарының бірі Австро-Венгрияны федерацияға айналдыру еді. Бірақ алға қойылған тапсырма орындалмады.

1914 жылы 28 маусымда Сараевода серб ұлтшылдарымен тақ мұрагері эрцгерцог Франц Фердинанд өлтірілді. Бұл жағдай Австро-Венгрияның құлдырауына әкеліп, Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себеп болды.

1917 жылы 16 қазанда соңғы император I Карл қол қойған манифест бойынша Австрия федеративтік мемлекет болып жарияланды. Бірақ бұл манифест Габсбургтер тағының құлдырауын тоқтата алмады. Габсбургтердің екі негізгі тірегі – бюрократия мен әскер толығымен сенімнен айырылып, ыдырау кезеңін бастан өткізді. Габсбургтер монархиясы 1918 жылы бірінші дүниежүзілік соғыстағы жеңілісі және еуропалық құрлықтың көптеген елдерін жаулап алған революциялық оқиғалардың нәтижесінде құлады. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропаның саяси картасы айтарлықтай өзгерді.

1867 жылғы келісім мен дуалистік монархияның орнауы. 1867 жылы Габсбургтер империясын Австро-Венгрия монархиясына айналдырған австро-венгерлік келісім қабылданды. Ол бойынша ішкі істерде бір-біріне тәуелсіз болған екі мемлекет

Австрия және Венгриядан тұрды. Бұл шешімді император аяқ астынан қабылдады. Келісімнің қабылдануы нәтижесінде империя конституциялық монархияға айналды. Бірақ императордың көптеген құқықтары сақталып қалды. Ол заңдарды бекітті, австриялық және венгерлік парламентті шақырып, таратты. Сонымен қатар, император үкіметтің кеңестерінде төрағалық рөлін атқарды. Ол үкімет басшылары және жалпы австро-венгерлік министрлерді тағайындап, қызметінен босатты. Империяда үш жалпы министрлік болды: әскери, қаржы және сыртқы істер. Австрия мен Венгрия арасында кедендік шекара болмады.

Дауыс беру құқығына тек меншік иелері ие болды. Дауыс беру ашық түрде жүргізілді. Осы жерден парламенттің құрамы айқындалды. Жоғарғы палатаға аксүйектік дворяндық фамилиялар кірді. Төменгі палата жоғарғы мүліктік ценздің болуы себебінен дауыс беру құқығына халықтың тек 6-7% ие болды. Осылайша, Австро-Венгрия федерацияға айналды. Бірақ олардың шекаралары ұлттық шекаралармен сәйкес келмеді.

Австрия конституциясында атақты 19-бап болды. Ол әрбір этникалық топтың өз тілін сақтап қалу құқығына кепілдік берді. Іс жүзінде бұл құқық жүзеге аспады. 1897 жылы Австрия үкіметі атақты «тіл туралы қаулыларды» шығарды. Бұл қаулыда чех және неміс тілдерінің Чехия мен Моравияда тең құқықтығы туралы айтылды. Чех пен неміс халықтарының арасында нағыз соғыс басталды. Ол австриялық парламентке де өтіп кетті. Сондықтан император осы қаулыларды жоюға мәжбүр болды. 1905 жылы Моравия, Чехия және Силезиядағы немістер мен чехтардың арасындағы тіл мәселесінде келісімге қол жеткізілді. Шарттарды орындау үшін әр тұлғаның ұлты туралы нақты анықтама қажет болды. Империялық үкімет ұлтқа қатыстылықты өзі анықтады. Империядағы дағдарыс күшейе түсті. Ұлттық қозғалыс империяның венгерлік бөлігі – ресми түрде автономия болған Хорватияда да өршіді. Осы жерде венгерлік үкімет венгер тілін мемлекеттік тілге айналдырғысы келді. Бірақ ол сәтсіздікке ұшырады. Венгрияда халықты «мадьярлау» саясаты жүргізілді. Осы елде тұратындардың барлығы венгр тілін және мәдениетін қабылдауға

міндетті болды. Қысқаша айтқанда венгрге айналу қажет болды. 1897-1914 жж. аралығында Австрияда 15 рет үкімет ауыстырылды, министрлердің жаңа кабинеттері құрылды. Бұрынғыдай барлық үкіметтерді Франц Иосиф тағайындады. Оларға тек саяси партиялардың өкілдері емес, аристократтар мен шенеуніктер кірді. Барлық австриялық үкіметтер кейбір жеңілдіктерге бару саясатын жүргізді. Себебі, олар империяның халқының қауіпті деңгейдегі наразылыққа жеткізбеуге тырысты.

Экономикалық дамудың ерекшеліктері. Австро-Венгрияны құру туралы келісімнен кейін империяда өнеркәсіптік дамудың қарқыны ұлғая түсті. Оған, тағы бір себеп, үкімет капиталистік шаруашылықтың дамуына дем беретін бірқатар прогрессивті заң шығарды. Олар бойынша жерді еркін сатуға рұқсат берілді. Ал темір жол салумен айналысатын бірлестіктер салық төлеуден босатылды. Жаңа банктер, өнеркәсіптік бірлестіктер тез өсті. Бірақ өнеркәсіптік өркендеу аяқ асты басталғанындай, дәл солай аяқталды. 1873 жылы әлемдік экономикалық дағдарыс күшейді. Бір күннің ішінде көптеген банктер мен өнеркәсіптік бірлестіктер құлады. Жаңа өнеркәсіптік өркендеу тек 80 жылдардың аяғында болды. Осы жылдары заманауи локомотивтерді, автокөліктерді («Шкода»), велосипедтерді жасайтын ірі көлік машина жасау орталықтары көбейді. Империяның индустриалдық даму орталығына чех жерлері айналды. Олар 60%-ға дейін өнеркәсіптік өнімділігін құрады. Өнеркәсіптік революция Венгрияда да басталды. Бұл жерде өндірістің жетекші саласына ауылшаруашылығы өнімдерін, әсіресе бидайды өңдеу айналды. Венгерлік ұн тартатын өнеркәсіптер технологиясының деңгейі бойынша Еуропада бірінші орынға, әлемде екінші орынға шықты.

Қарқынды темір жол құрылысына байланысты металл өңдеу және машина құрылысы белсенді дами бастады. XX ғасырдың басына таман өнеркәсіптің дамуы жылдамдады. Ағылшындық және француздық капиталдар Австриялық империяға XIX ғасырдың ортасында-ақ шығарылған. XX ғасырдың бірінші онжылдығы германдық капиталдың белсенділігімен сипатталды. Өнеркәсіптің басты салалары – машина жасау, электрлік,

химиялық, барлығы Крупн, Сименс және басқа да неміс фирмаларына жатты. Басқа өнеркәсіп салаларында да жағдай осындай болды. Баяу болса да, ауылшаруашылығында да өзгерістер болып жатты. Латифундия сақталып қалды, көптеген помещиктер шаруаны жаңадан жүргізді. Олар ауылшаруашылығының техникасы, тыңайтқыштарды қолданды, жұмыс күшін жалдады. Ауылдарда шаруалардың арасында жіктелу үдерісі жүрді. Жерлері болмаған шаруалар өздерін асырау үшін қалаларға кетуіне тура келді. Мемлекет ауылшаруашылығына алдыңғы қатарлы технологияларды енгізу үшін қажетті шараларды қабылдады. Мамандандырылған агрономдар, мал мамандары, топырақ зерттейтін мамандарды дайындайтын жоғарғы оқу орындары ашылды. Кейбір провинцияларда, заманауи шарап ісі мен бағбаншылыққа оқытатын мектептер ашылды. Жалпы, Ұлы онжылдық соғысы қарсаңында (1870-1914 жж.) Австро-Венгрия өзінің экономикалық жағынан артта қалуын жеңіп шығуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді.

Күйреудің қарсаңында. Қосбірлікті монархияны құру ескі карама-қайшылықтарды жоймады. Қайта ол жаңа қақтығыстарды қосты. Франц Иосифтің орталықтан тәуелсіздікті көп берген саясаты, Австро-Венгрияның құрамынан шығу талпынысы күшейді. «Вассалдардың» ұлттық сана-сезімі көтерілді. Франц Фердинанд тақ мұрагеріне айналды. Ол Франц Иосифтің кіші бауырының ұлы. Франц Фердинанд ұлттық мәселелерді шешуге көп көңіл бөлді. Оның ойынша, монархияны сақтап қалу үшін австро-неміс, венгерлік және славяндық жерлердің федерациясын құру қажет болды. Сонымен қатар, барлық ұлттарға теңдік берілу керек. Олардың ұлттық мәдениетінің еркін дамуына кепілдік берілуі қажет. Ол қосбірлікті монархияға, Венгрияда тұратын халықтардың «мадьярлануына» қарсы шықты.

XX ғасырдың басында Австро-Венгрияның империялық мүдделері оның Балқанға енуіне итермеледі. Оның Балқанға кіруі Сербиямен қақтығысқа алып келді. 1878 жылы Австро-Венгрия ресми түрде Осман империясының құрамында қалған, Босния мен Герцеговинаны басқару құқығын алды. 1908 жылы Түркияда революция болды. Франц Иосиф осы шет аумақтарға әскер

кіргізу үшін қолайлы сәт туды деп тапты. Босния мен Герцеговина Австро-Венгрияның бір бөлігі деп жарияланды. Балқандағы шиеленіс күшейді. Ол жерде жетекші еуропалық державалардың мүдделері қақтығысты. 1914 жылы 28 шілдеде «Млада Босна» ұлттық құпия ұйымының мүшесі Гаврила Принцип, Сараевода әскери маневрларда болған Франц Фердинанд пен оның әйелін өлтіреді. Сараевода атылған оқ дауысы Бірінші дүниежүзілік соғыстың бастамасына себеп болады. Габсбургтер империясы өзінің өмір сүруінің соңына келді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қай жылы Австрия империясы пайда болды?
2. Австриядағы ХІХ ғасырдың 30-40 жылдарындағы өнеркәсіптік революцияның таралуын сипаттаңыз.
3. «Ұлттық жандану» дәуірі деп қандай оқиғаларды сипаттайды?
4. 1867 жылғы келісім бойынша Габсбургтер империясының тағдыры қалай шешілді?
5. Австро-Венгрияның экономикалық дамуының ерекшеліктерін сипаттаңыз.

§ 15. XVII-XVIII ғасырлардағы Солтүстік Америка

Солтүстік Америкадағы британдық отарлар және олардың әлеуметтік-экономикалық дамуы. Географиялық ашылулар Еуропаның жетекші мемлекеттерінің басқа аймақтарды игеруіне әкелді. Оның нәтижесінде еуропалықтарға Америка құрлығы ашылды. Әсіресе, Англияның отарлау саясаты Солтүстік Америка құрлығында айқын көрініс тапты. Протестанттармен негізі қаланған ағылшын отарлары Жаңа Англия деп аталған аймақта тарады. «Массачусетс кеме компаниясына» біріккен пилигримдер тобы мұхиттың арғы жағында сәтті экспедиция жасады. Олардың атынан басқалары да осы аймаққа келді. 1630-1643 жылдар аралығында компанияның Массачусетске жіберген адамдарының саны 20 мыңнан кем болған жоқ. Жаңа Плимут ағылшын пуритандарымен құрылды. Олар бұған дейін Голландияда діни қорғаныс іздеген болатын.

Америкадағы отарлар үш топқа бөлінді: корольдік, жеке меншік және қауымдық. 1607 жылдың мамырында ең алғашқы ағылшын отары Джеймстаун Виргиния жерінде пайда болды. I Карл Виргинияны корольдік отар ретінде жариялады. Сол жерге өзінің губернаторын (фримендер) тағайындады. Солтүстік Америкада корольдік жермен қатар, Англияның ірі феодалдарына берілген жеке меншіктік жерлер болды. Олардың ішінде Мэриленд (1632 жылы), Нью-Джерси (1664 жылы), Солтүстік және Оңтүстік Каролина (1670 жылы), Пенсильвания (1681 жылы), Дэлавер (1702 жылы), Джорджия (1723 жылы) болды. Ақсүйектік Уильям Пенннің отбасы Пенсильваниядан кейін, 1682 жылы Филадельфияны құрды. Нью-Йорк провинциясы бастапқыда Нидерландыға тиесілі болды. Ол 1664 жылы ағылшындармен жау-лап алынды. Жаңа Амстердам Нью-Йорк деп аталды. Француз иеліктеріне жақын болған солтүстік шығыс жерлерде (Канада) отарлаудың үшінші түрі – қауымдық (корпоративтік) жүйе қалыптасты. Олардың бастауында Америкаға эмиграцияланған діни қауымдардың мүшелері тұрды. Олар лордтарға берілмеген Жаңа Англиядағы жерлерге қоныстанды. 1620 жылы пуритан-

дардың тобы Америкаға «Мэйфлауэр» кемесімен келіп, қазіргі Массачусетс штатына орнықты. Олар бұл жерде Жаңа Плимут қонысын құрды.

Революцияға дейінгі кезеңде отарлардың негізгі кәсібі ауылшаруашылығы болды. Отарлардағы аграрлық қарым-қатынастар күрделі әрі «түйінді жіп» сияқты болды. Англияның өзі капитализмнің даму жолына нық қадам басты. Америкадағы метрополия ескі тәртіп – феодализмді орнатуға және нығайтуға ұмтылды. Лендлордтардың мақсаты отаршылардан квивиттерді немесе жалға берудің төлемін алу болды. Бұл шараларды олар феодалдық құқық бойынша жүзеге асырды. Шығысеуропалық сипаттағы барщиналық шаруашылық та осы құқыққа негізделді. Плантатордың мақсаты – егілген өнімнің сатылымынан табыс табу болды. Оның өнімділігі үшін, яғни жер мен құлдарды сатып алу мақсатында арнайы қаржыны салды. Лендлордтар ондай капиталист болған жоқ, өйткені жерді де, жұмысшыларды да корольден алды. Бірақ лендлордтармен қатар Жаңа Әлемнің жағалауында аз ғана немесе орташа жағдайдағы ерікті фермерлер және қолөнершілер тұрақтанды. Олардың жағдайы «алдын-ала келісім жасалғандардан» бөлек болды. Бірақ егер де еріктілер меншік иеленушілердің отарларына көшіп барса, онда олар да феодалдық квивитента төлеуге міндетті болды. Ауыл халқының басым көпшілігі фермерлерден (80% дейін) тұрды. «Шалғай аймақтарда» тұратындар өздерін тамақтандыру үшін, патриархалдық шаруашылық жүргізді. XVII ғасырда-ақ Массачусетстің жер иеленушілері жеке меншік иелеріне айнала алды. Өйткені олар квивитента төлемеді. Жаңа Англиядан оңтүстікке қарай орналасқан жеке меншік отарлардағы фермерлердің жағдайы қиындау болды. Ал лендлордтардың жерлеріндегі ұсақ жалға берушілер олардың жеке бағыныштылығында болды. Сонымен қатар, Америкада скваттерлік дамыды, яғни отаршылар жыртылмаған жерді өз бетімен пайдаланды. Ол батыс жерлерге қоныстануға түрткі болған, жердің монополиялық құқығын бұзды.

XVII-XVIII ғасырларда Солтүстік Американың Атлант жағалауында 13 ағылшын отарлары пайда болды. Феодалдардың

жерге қатысты монополиялық құқығының болмауынан феодалдық құрылыс өзін-өзі құрта бастады. Плантациялық шаруашылықтың дамуы сервенттер мен қара құлдардың шеттен әкелуіне ықпал етті. Ауыл халқының 80% фермерлерден тұрды. Сонымен қатар Америкада скваттерлік дами бастады. Олигархтық басқару түрі орнықты. Отаршылар салық төлеуден босатылды. Дегенмен, Американың отарлануы құл саудасы, үндістердің қарақшылықтарымен қатар жүрді. Американдықтардың басым көпшілігі жеке меншікке қажырлы еңбекпен қол жеткізді. Олардан әлеуметтік орта топ құрыла бастады. Плантациялық шаруашылықтың дамуының болашағы зор болды. Ол сервенттер мен қара құлдарды күштеп кіргізуге негізделді. Құл саудасының өзі өте табысты жұмыс болды. Сонымен қатар, отарларда контрабанда, үндістерден ең төменгі бағамен сатып алынып немесе спиртке және қаруға, бағалы жүнге айырбасталынатын эквивалентсіз сауда көркейе түсті. Жердің алыпсатарлығы дамыды. Отарлық іскерлер тапқырлығымен британдықтар мен голландықтарға дес бермеді.

Америкада олигархтық басқару түрі орнады. Заңдық күші бар хартиялардың негізінде, оны ұрпақтан-ұрпаққа ең ауқатты және беделді отбасылық әулеттер басқарды. Бірақ отарлардағы билік жұмсақтығымен ерекшеленді. Олардың тұрмыс-жағдайы шектелмеген болды. Жетілдірілмеген түрде биліктің бөлінісі көрініс тапты. Ассамблея немесе фримендердің жиналысы заң шығарушы билікті, губернатор атқарушы билікті жүзеге асыратын болды. Оған сот билігі де байланысты болды. Көптеген губернаторлар ассамблеяның шешімдеріне вето қою құқығына ие болды. Бірақ отарлардың бюджетін, соның ішінде губернаторлық жалақыны бекітетін ерекше құқығы бар ассамблея әкімшіліктің өктемдігін ұстап тұра алды.

Отарлар бірнеше рет губернаторлық өктемдікке қарсы шықты. Олардың құрамына оппозициялық жоғарғы топ та, «төменгі» топ та кірді. Отарлардағы ең ірі қарулы көтерілістер Виргиниядағы плантатор Натаниэл Бэконның (1676 жылы) және Нью-Йорктегі көпес Джейкоб Лейслердің (1689-1691 жылдары) жетекшілігімен

жүргізілді. Олар қатаң түрде басылып тасталды. Көтерілістердің қатысушылары демократиялық талаптарды, әсіресе дауыс беру құқығын кеңейту туралы талаптар қойды.

Жаңа Англияда шіркеу қауымдастықтары мүшелерінің жалпы жиналысының дәстүрін жалғастырған қалалық митингілер үлкен рөл атқарды. Онда дауыс беру құқығы бар мүлікшілер ғана емес, сонымен қатар құқығы болмаған еркін отаршылар да қатысты. Оларға «тікелей» демократияны жүзеге асыруда ғана емес, сонымен қатар қоғамның әр түрлі топтарының арасындағы саяси тепе-теңдікті ұстап тұру міндеті жүктелді.

Тәуелсіздік үшін соғыс және Америка Құрама Штаттарының құрылуы. Солтүстік америкалық отарлардың тәуелсіздік үшін жүргізген соғысы 1775-1783 жылдар аралығын қамтыды. Ол Америкада да, Англияда да жүріп жатқан күрделі үдерістердің заңды нәтижесі болды.

XVII ғасырдың екінші жартысында және XVIII ғасырдың бірінші онжылдығында, отарлардың сыртқы саудасын реттейтін парламенттік актілердің тобы жарияланды. Басқа теңіз державаларымен еркін сауда жасауға, сондай-ақ, отарларда өңделетін өнеркәсіпті дамытуға тыйым салынды. 1763 жылы батысқа еркін көшуге тыйым салатын заң шығады. 1764 жылы бірқатар тауарларға жаңа кедендік салықтар енгізілді. 1765 жылы гербтік салық туралы акт қабылданды. Ол Америкадағы 10 мыңдық тұрақты армияны қамтамасыз ету шығындарының орнын толтыру үшін ұсынылды. Гербтік салық туралы актінің қабылдануы отарлардағы кең ауқымды наразылықтарды тудырды. Феодалдық міндеткерлікке қарсы аграрлық қозғалыс күшейді. Радикалдық қарсылық көрсеткен отаршылдар ағылшындарға қарсы насихаттық жұмыс жүргізе бастады. Олар «Бостандық ұлдары» деген атпен саяси ұйымдарды құрды.

1770 жылдың 5 наурызында қалалықтар мен британдық сарбаздардың арасында қақтығыс пайда болды. Алып келінетін ағылшын тауарларына қатысты ұжымдық бойкотты жариялау тактикасы қолданыла бастады. 1773 жылы бір топ отаршылдар, үндістер киіміне киініп алып, ағылшын шәйінің жүгін Бостон

айлағының түбіне лақтырды. Бұл оқиға тарихта «Бостондағы шәй ішу қозғалысы» деп аталды. Ол қозғалыста Сэмюэл Адамс белсенділік байқатты. Англия бостондық портты жауып тастады. Ол Массачусетске қарсы қатаң әкімшілік шараларға көшу арқылы қысымын күшейтті.

1774 жылы Филадельфияда бірінші Құрлықтық конгресс – отарлар өкілдерінің кеңесі шақырылды. Қабылданған «Құқықтар декларациясында» отаршылдардың өзін-өзі басқару, «өмір сүру, бостандық және меншікті иелену» құқығы туралы айтылды. Тәуелсіздік үшін соғыс 1775 жылдың 19 сәуірінде басталды. Ол уақытта Америкадағы ағылшын бас қолбасшысы генерал Гейдж Бостонға жақын жерде орналасқан отаршылдардың қару-жарак қоймасын тартып алу туралы бұйрық берген еді. Американдық үкіметпен жіберілген полктың Лексингтон мен Конкорд аудандарында қаруланған фермерлермен шайқасы басталды. Тәуелсіздік үшін болған соғыстың алғашқы шайқасы патриоттық күштер үшін сәтті аяқталды.

1775 жылдың мамырында жиналған екінші Құрлықтық конгресс енді отарлық емес, америкалық үкіметке айналды. Болашақ америкалық күштердің басына ірі виргиндік плантатор және тәжірибелі сарбаз – полковник Джордж Вашингтон келді.

Томас Пейннің 1776 жылы «Тың ой» памфлеті басып шығарылғаннан кейін, американдықтардың ой-санасында өзгеріс пайда болды. Бұл құжат тәуелсіздік үшін патриоттық күштерді жинақтау мен насихаттауда маңызды рөл атқарды. Пейннің памфлеті халықты үндеуге шақырудың жарқын үлгісі болды. Ол барлық адамдардың теңдігін және олардың жаратылыстан табиғи құқықтарына айрықша көңіл бөлді. Пейн отаршылдарды метрополияға қарсы шығуға шақырды.

1776 жылы 4 шілдеде конгресс Т. Джефферсон құрастырған Тәуелсіздік Декларациясын қабылдады. Бірақ Джефферсон өзінің ұсынған жобасында құлдық пен құл сатушылыққа тыйым салуды ұсынды. Бірақ, бұл шартқа Оңтүстік және көбінесе Оңтүстік Каролина мен Джорджияның өкілдері өз қарсылығын білдірді. Олар егер де құлдыққа тыйым салу туралы шарт қала-

тын болса, онда конгрестің мәжілісінен кетіп қалатындығын және Англияға қарсы соғыстан шығатынын айтып қорқытты. Солтүстік отарлардың өкілдері ұсынылған талапқа көнді. Бұл әрекетті олар бірлікті сақтау мақсатында ғана жүзеге асырмады. Сонымен қатар, Солтүстіктің буржуазиясы, көпестері және кеме ұстаушылардың өзі де құл саудасынан зор көлемді табыс табатын. Конгресте қол жеткізілген келісім буржуазия мен құл иеленуші плантаторлардың арасындағы одақты ұзақ мерзімге бекітті. Бірақ АҚШ-тың кейінгі тарихында байқалғандай, бұл одақтың салдары ауыр болды.

Тарихта алғашқы рет «Тәуелсіздік декларациясы» халық егемендігі қағидасын мемлекеттік құрылымның негізі ретінде жариялады. Декларация ағылшын королі мен парламентін зорлық-зомбылық үшін, адамның қарапайым құқықтарын бұзғаны үшін айыптады. Енді бұл отарлар «ерікті және тәуелсіз штаттар» болып есептеледі деп мәлімдеді. Олар «соғыс жариялау, бейбітшілік келісін жасау, одақтасу, сауда жүргізу және кез-келген іс-әрекеттерді жасауға толық құқылы». Әскери іс-әрекеттердің нәтижелері әр түрлі болды. 1775 жылғы алғашқы сәттіліктерден кейін бірқатар жеңілістер орын алды. Британдық әскерлер американдықтардан ұрыс дағдарысы мен саны бойынша асып түсті. 1777 жылдың 17 қазанында Саратога маңында ағылшын әскерлері тізе бүкті. 1778 жылы америкалық дипломат Бенжамин Франклин Франциямен одақтастық келісімге қол жеткізді. 1779 жылы Англияға қарсы соғысқа Испания қосылды. Ал келесі жылы Голландия қосылды. Ресей мен Австрия бейбітшілік делдалдық ұсынысын жасады. 1780 жылы Ресей қарулы теңіз бейтараптылығы жүйесін құрды. Ол Англияның теңіздердегі өктемдігіне қарсы бағытталды.

1780 жылы Англия АҚШ-тың оңтүстігінде ірі жетістіктерге қол жеткізді. Оның әскерлері Чарльстонды басып алды. Ал американдық күштер Оңтүстік Каролинада талқандалды. Ағылшындар Виргинияға қарай қозғалды. Бірақ олар милиция мен партизандардың қарсылығына тап болды. Американың жағалауына десанттық бөлімдері бар француздық флот келгенде,

американдықтар мен француздар 8 мыңдық корпусы жаулап алды. Ол 1781 жылы 19 қазанда жау қолына берілді.

1783 жылдың 3 қыркүйегінде Версаль бейбіт келісіміне қол қойылды. Оның басты нәтижесі – Англияның Америка Құрама Штаттарын Миссисипи өзенінің бойымен батыс шекарасы бар дербес, тәуелсіз мемлекет ретінде ресми мойындауы болды. Флорида Испанияға өтті, ал Канада Англияда қала берді.

Жас республиканың басшылары үлкен ішкі өзгерістерді жүзеге асырды. Бұрынғы отарлар республикалық басқару формасы бар және биліктің бөлінуі көрініс тапқан штаттарға айналды. 1776-1780 жылдары бұл штаттарда конституциялар қабылданды. Бірқатар штаттарда дауыс беру құқығы бойынша мүлік цензі болмады. Губернаторлар сайлау арқылы таңдалды. 13 штаттың онында заң шығарушы органдардың (легислатуралар) отаршылдық ассамблеядағы сияқты екі палатасы болды. Оның төменгілері құрамы бойынша демократиялық сипатта еді. Оларды жоғарғы палаталар «теңестіріп» отырды. Өйткені конституцияны құрушылардың басты мақсаты, билікті өзін-өзі шектей алатындай және қанаушыға айналмайтындай етіп құру еді.

Жеті штаттың конституциясы азамат құқықтары туралы билльдермен, көбінесе, жеке тұлғаға және тұрғын үйге қолсұқпаушылық, сөз және жиналыстар бостандығы, «хабеас корпус» құқығымен толықтырылды. «Хабеас корпус» құқығы тұтқындаудың заңдылығын сотпен анықтайтын маңызды ағылшын заңы еді. Ол 1679 жылы II Карл Стюарттың бұйрығы бойынша енгізілді. Аграрлық мәселенің шешімі аса маңызды болды. Жаңа билік феодалдық ұстанымдар мен міндеттемелерді, алғашқы туыстық қатынастар құқығын жойды. Ол жерге қатысты шексіз жеке меншікті де енгізді. Белсенді лоялисттердің жері тәркіленді, ал бос жатқан жерлер мемлекет құзырына көшті. 1787 жылғы ордонанспен (заң) конгресс, жеке тұлғаларға жаппай сатылымға жататын, солтүстік батыста қоғамдық жерлердің қорын құрды.

Солтүстік штаттарда және бос жатқан жерлерде құлдық жойылды, соның ішінде сервенттер де болды. Бұл жағдай жал-

дамалы еңбектің дамуына ықпал етті. Оңтүстікте құлдық плантаторлардың қолдауы бойынша сақталып қалды. Олар сервенттерді негрлермен алмастырды.

АҚШ-тың бастапқы мемлекеттік құрылымы егемен штаттардың келісіміне негізделген конфедерация болды. Олар 1781 жылы «Конфедерация мен мәңгілік одақтың баптарын» бекітті. Орталық билікті, халықпен емес, легислатуралармен тағайындалатын, штаттардың өкілдерінен тұратын Құрлықтық конгресс жүзеге асырады.

1787 жылдың мамырынан қыркүйекке дейін Филадельфияда жалпыамерикандық конвенттің мәжілісі болды. Онда федералисттер АҚШ Конституциясының жобасын ұсынды.

1787 жылғы АҚШ Конституциясы. Конституция жобасын дайындауға Дж. Вашингтон, Б. Франклин, А. Гамильтон және Дж. Мэдисон қатысты.

АҚШ Конституциясында биліктердің бөліну қағидасы жарияланды. Бірақ штаттардың конституциясына қарағанда оның мазмұнында заң шығарушы органның маңыздылығы төмендетіліп, атқарушы биліктің рөлі өсірілді. Заң шығарушы орган ретінде Конгресс Сенат және өкілдер палатасынан тұрды. Осы арқылы екіпалаталық парламенттік жүйе енгізілді. Өкілдер палатасының мүшелері, халқының саны шамамен тең штаттардан 2 жыл мерзімге, ал сенаторлар әр штаттан 6 жыл мерзімге сайланатын 2 мүшеден тұратын болды. Заңның қабылдануы екі палатаның мақұлдануына байланысты болды.

Атқарушы билікті әр төрт жыл сайын сайланып отыратын АҚШ президенті жүзеге асырады. Сонымен қатар, президент заң шығарушы өкілеттіліктерге ие болды. 1789 жылы Конгресс сайлауы болып, Джордж Вашингтон (1789-1797 жылдар) АҚШ-тың бірінші президенті болып жарияланды.

АҚШ Конституциясы сот билігі ретінде Жоғарғы сот пен оның өмір бойы ауыстырылмайтын судьяларын бекітті. Бірақ АҚШ Конституциясы Декларация сияқты құлдардың құқықтары мәселесін шешпеді. Оның ережелері Американың байырғы тұрғындары, құқықсыз жағдайда қалған үндістерге де тарама-

ды. Сонымен қатар, конституцияда сайлау құқығы өз шешімін таппады. Еңбекшілер мен әйелдердің құқықтары ескерілмеді. АҚШ-тың 3 млн-ға жуық халқының тек 120 мың адамы ғана сайлау құқығына ие болды. Бұл өз кезегінде тәуелсіз АҚШ-та жаңа қарсылықтардың пайда болуына әкелді.

1789 жылы Конгресске 1787 жылғы Конституциясына алғашқы он түзету ұсынылып, 1791 жылы штаттармен бекітіледі.

Бірінші түзету АҚШ конгрессіне сөз, баспасөз, жиналыс, петиция, дін бостандықтарының шектелуіне бағытталған заңдарды шығаруға тыйым салды.

Екінші түзету барлық азаматтарға қару ұстауға рұқсат етті.

Үшінші, төртінші және бесінші түзетулерде тұрғын үйге қол сұқпаушылық, жөн-жосықсыз тінтулерге тыйым салу, құпия хат алмасуды мойындау, азаматтарға зиянын тигізуі мүмкін болатын жағдайларда олардың жауап беруіне рұқсат ету қамтылды. Түзетулер «Адам құқықтары туралы Билль» деген атпен өзгерді. Олар АҚШ-тағы прогрессивті өзгерістерге негіз болды.

Екіпартиялық жүйенің қалыптасуы. Азаматтық соғыстың маңыздылығы мен Оңтүстікті қайта құру. Тәуелсіздікті алғаннан кейін АҚШ Конституцияның қабылдануына еш кедергі болған жоқ. АҚШ-тың алғашқы президенті Джордж Вашингтон (1789-1797 жылдары) кезінде елдің қаржылық жағдайы нығайды, ұлттық банк құрылды, бірыңғай ақша жүйесі енгізілді және мемлекет қарызды өтей бастады.

1789 жылдың 30 сәуірінде салтанатты түрде Дж. Вашингтонның президент лауазымына тағайындалу рәсімі өтті. Дж. Адамс вице-президент болыптағайындалды. Г. Нокс әскери департаментті басқарды. Виргиндік губернатор Э. Рэндолф бас прокурорлыққа тағайындалды. Ал Құрлықтық конгресстің сыртқы істері бойынша бұрынғы хатшысы Дж. Джей жоғарғы сот лауазымына ие болды. Мемлекеттік экономиканың басшылығына қаржы министрі Александр Гамильтон келді. Конституциялық конвентте Нью-Йорктан келген 32-жасар заңгер федералдық үкіметтің билігін

күшейтуді талап еткен ең қызу қанды жақтаушылардың бірі болды. XVIII ғасырдың 90 жылдары Гамильтон қалыптасып келе жатқан федералистер партиясын басқарды. Үкіметтегі басшылық лауазымға үміттенген Гамильтон саяси орталықтандыруды экономикалық тәртіптерді өзгертумен қатар жүзеге асыруға ұмтылды. 1790 жылдың қаңтарында ол конгресс өкілдерінің палатасында мемлекеттік кредит туралы баяндама жасады. Әскери қарыздары бар тұлғалардың мүддесін көздей отырып, Гамильтон мемлекеттік қарызды федеральдық үкіметтің есебінен төлеуге ұсыныс жасады. Қарызды өтеудің қайнар көзі ретінде, қоғамдық жерлердің сатылымынан түсетін қаражаттар және халықтан жиналған салықтар қызмет етті. 1791 жылы Гамильтонның бастамасы бойынша Ұлттық банк құрылды. Гамильтонның жүргізген реформаларының жақтастары мен қарсыластарының межелеп бөлінуі алғашқы американдық саяси партиялардың құрылуына түрткі болды. Олардың атауы партияның көшбасшыларының есімдерімен аталды. Федералистер партиясы «гамильтондық», ал демократиялық-республикалық партия «джефферсондық» болып жарияланды.

1796 жылы Джордж Вашингтонның Америка Құрама Штаттарының президенті лауазымындағы екінші билік ету мерзімі аяқталып қалды. Сол жылдың қыркүйегінде ол үкіметке және халыққа, тарихта «Қоштасу үндеуі» деп аталынған жолдауымен сөз сөйледі. Оның мазмұнында барынша Одақты нығайту қажеттілігі туралы, жемқорлық пен ішкі қақтығыстарды жою туралы, мемлекеттік құралдарды үнемдеп жұмсау және тұрақты үлкен әскерді ұстаудың қажетсіз екендігі туралы айтылды. Гамильтон болашақ американдық ұрпағына басқа елдермен тек сауда байланысын дамыту керектігі туралы өсиет айтты. Жаңа президентті сайлау жұмыстарына дайындық қызу саяси кампанияға айналды. Джефферсондықтар президент үміткерлігіне өз көшбасшысын ұсынды, ал федералистер – вице-президент Дж. Адамсты ұсынды. Екі партия да баспасөз құралдарын, астыртын қысым көрсету құралдарын кең пайдаланды. Алдын ала сайлаушылардың үміткерлерінің тізімі дайындалып,

кейіннен олар дауыс берушілерге ұсынылды. Джефферсон Оңтүстік Каролинадан басқа Оңтүстіктің барлық штаттарында 68 дауыспен жеңіске жетті. Ал Адамс үш дауысты артық иеленді. Ол Құрама Штаттардың екінші президенті ретінде тағайындалды. Ал Джефферсон конституцияға сәйкес вице-президент лауазымын иемденді.

Тәуелсіздік үшін болған соғыстың маңызы. Солтүстік Америка құрлығындағы Англияның отарларында орын алған тәуелсіздік үшін соғыстың нәтижесінде Америка Құрама Штаттары аталған мемлекет пайда болды. Соғыс американдық халқының егемендігіне қол жеткізуіне ғана ықпал етпеді. АҚШ-тың құрылу үдерісі революциялық сипатта болды. Сыртқы жау – метрополииямен күрес, ішкі түбегейлі өзгерістермен қатар жүрді. Американдық революция XVIII ғасырдың аяғындағы Еуропа құрлығында болып жатқан өзгерістерден ажыратылып қарастырыла алмады. Уақыты бойынша ол Француздық революциямен қатар келді. XVIII ғасырдағы Америка революциясының ең басты ерекшелігі – оның барысында террордың болмауы. Бірде-бір корольдік губернатор жазаланбады, ал лоялистерге АҚШ-тан кетуге мүмкіндік берілді.

Революция нәтижесінде АҚШ-та капиталистік қарым-қатынастарға жол ашылды. Англияның отаршылдық саясаты барысындағы феодалдық биліктің ықпалы әлсіреді. Өнеркәсіптің және сауданың дамуындағы кедергілер жойылды. Дамып келе жатқан өнеркәсіп үшін ішкі нарық қалыптасты. Сонымен қатар, тәуелсіздік үшін соғыс барысында «Тәуелсіздік декларациясы», 1787 жылғы АҚШ Конституциясы сияқты маңызды заңды құжаттар дүниеге келді. Бұл құжаттардың негізінде АҚШ демократиялық республика ретінде даму бағытын таңдады. Бірақ тәуелсіздік үшін соғыс барлық мәселелерді толығымен шешпеді. Құлдық біржолата жойылмады. Оңтүстік штаттарда плантациялық құлдық сақталып қала берді. Бұл жағдай ішкі нарықтың ауқымын тарылтып, кейінгі жылдардағы азаматтық соғыстың басталуына түрткі болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Америкадағы отарлардың қандай түрлері болды?
2. Фримендер мен сервенттер деген кімдер?
3. «Бостондағы шәй ішу» қозғалысының маңызы қандай?
4. «Тәуелсіздік декларациясы» қашан қабылданды?
5. «Құқықтар туралы билль» деген қандай құжат?
6. Америкадағы революцияның маңыздылығы қандай?

XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы АҚШ

АҚШ аумағының кеңеюі. XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың бірінші жартысы АҚШ-тың қарқынды аймақтық экспансия кезеңі болды. АҚШ-тың сыртқы саясаты XIX ғасырдың басында белсенділігімен сипатталды. Ол Солтүстіктің сауда буржуазиясы және Оңтүстік плантаторлардың мүддесіне сәйкес жүзеге асырылды. 1803 жылы АҚШ үкіметі шебер дипломатиялық айласының арқасында өз аймағының екі есе кеңеюіне қол жеткізді. Франция Құрама Штаттарға Солтүстік Америкадағы иеліктерін, Луизиананы 15 млн долларға берді. Америкадағы өз отарларын қорғауға мүмкіндігі болмаған Наполеон оны Құрама Штаттарға сатты. Американдық үкімет келіспеген жағдайда Англияның көмегімен Жаңа Орлеанды қайтарып аламыз деп қорқытты. 1810-1818 жылдар аралығында АҚШ Флорида түбегін бөліктерімен басып алды. 1819 жылы Испания Флориданы Құрама Штаттарына еш төлемсіз бере салды. Одан басқа, 42 параллельден жоғарғы құрлықтық бүкіл батыс бөлігін де берді.

АҚШ-тың шабуылдық жоспарында Канада да бар еді. 1812 жылы АҚШ Англияға соғыс жариялады. Құрама Штаттардың өзінде де жауынгерлік көңіл-күй күшейе түсті. Генри Клей өкілдер палатасының төрағасы етіп сайланды. П. Б. Портер, Дж. Кэлхун, Дж. А. Харпер, Ф. Грунди сыртқы істер бойынша палата комиссиясында жетекші лауазымдарға ие болды. Мемлекеттік хатшы Дж. Монро және президент Мэдисонның өзі әскери шараларға қолдау көрсетті. Құрама Штаттардың

билеуші топтары аз ғана күшпен қорғалатын Канаданы күшпен алу жоспарын ойластырды. Бірақ Монреальды алу талпынысы сәтсіз аяқталды, ал әскери әрекеттер американдық аумаққа көшті. Күрделі және ұзаққа созылған келіссөздерден кейін, 1814 жылдың 24 желтоқсанында Гент бейбіт келісіміне қол қойылды. Онда, жаулап алынған аймақтан екіжақты бас тарту (1 бап), тұтқындалғандардың қайтарылуы (3 бап), үндістерге қарсы әскери әрекеттердің тоқтатылуы (9 бап), құл сатушылықты тоқтату үшін шешімді шаралар қабылдау туралы (10 бап) және т.б. айтылды. Шекараны белгілеу мақсатында аралас комиссиялар құрылды. АҚШ-тың Солтүстік Америкадағы аумақтарды жаулап алу жоспарында Жаңа Испанияның солтүстік шығыс аймағы ерекше орын алды. Ең алдымен, Техас маңызды рөл атқарды. 1812 жылы тамызда Луизиана үкіметінің рұқсатымен АҚШ әскерінің бұрынғы офицері Огастес Мэйдждің және мексикандық Гутьерресо де Лараның құрған жасағы Сабин өзенінен өтті. Олар көп ұзамай испандық бекіністің орталығы Накогдочесті басып алды. Бірнеше айдың ішінде ол бүкіл Техастың аумағынан өтті. 1813 жылы наурызда оның астанасы Сан-Антонио-де-Бехар басып алынды. 1819 жылғы испан-американдық Транскұрлықтық бейбіт келісім бойынша Испания иеліктері мен Құрама Штаттардың арасындағы шекара Сабин, Ред-Ривер, Арканзас өзендері бойымен ары қарай Жартасты таулардан батысқа қарай – 42 параллель бойымен белгіленді. Осылайша, АҚШ Флориданы басып алуын заңды түрде рәсімдеп, Техасты ресми түрде Жаңа Испанияның құрамдас бөлігі ретінде мойындауына тура келді. Шын мәнісінде, испан-американ келісімін жасау және бекіту АҚШ-тың Техастан біржолата бас тартуын білдірмеді. Керісінше, нақты 1820 жылдары американдық құл сатушылар Техасқа кіре бастады. Олар өзімен бірге негр-құлдарды алып келіп, сол жерге плантацияларын құрды.

1823 жылы АҚШ-тың жаңа сыртқы саясатында Монро доктринасын жариялауы маңызды рөл атқарды. Бұл доктрина бойынша АҚШ еуропалық алып мемлекеттердің Латын Америкасындағы оқиғалары мен жалпы Америкалық құрлықтың істеріне араласу мүмкіндігіне қарсы шықты. «Аме-

рика американдықтар үшін» деген ұрандар басшылыққа алынды. АҚШ үкіметі Еуропа елдерінің Америка құрлығын отарлау талпыныстарынан бас тартуына шақырды. Американдық кәсіпкерлердің қысымымен, I Агустин үкіметі 1823 жылы 4 қаңтарда отарлау туралы заңды шығарды. Ол бойынша жерді мексикандық азаматтармен қатар, шетелдік-католиктерге бөліп беру туралы жазылды. Олардың құқықтарының қорғалатынына кепілдік беріліп, маңызды жеңілдіктер мен артықшылықтар ұсынылды. Американдықтардың ықпалымен, Мексиканың Құрылтай мәжілісі 1824 жылдың 18 тамызында шетелдік отарлардың мүлкіне қол сұқпаушылыққа кепілдік беретін қаулыны қабылдады. 1835 жылға дейін американдық бірлестіктер және жеке тұлғалармен барлығы 41 келісім-шарт жасалды. Ресми мәліметтер бойынша, 1824 жылдан 1835 жылға дейін 5 мыңға жуық шетелдіктер Техаста 26 мың 280 акр жер алды. Мексикандық үкіметтің рұқсатымен Техастың шет аймағынан ең төменгі бағамен жер сатып алған оңтүстік штаттардан келген адамдар іс жүзінде оларды басып алды. 1836 жылы бұл аймақта тәуелсіз республика жарияланды. Осы жағдай 1846-1848 жылдардағы соғысқа алып келді. Ол АҚШ әскерінің толық жеңісімен аяқталды. Мексика тек Техастан ғана емес, сонымен қатар Калифорния, Аризона және Жаңа Мексикадан, яғни өз аймағының жартысынан айырылды. Ол үшін 15 млн доллар көлемінде өтемақы алды. Еуропалық державалар, әсіресе Англия Құрама Штаттардың іс-әрекетіне наразылық білдірді. Бірақ Шығыстағы отаршылдық саясаттан қолы босамағандықтан, олар Америкаға аз көңіл бөлді. АҚШ-тың соңғы ірі табысы, 1867 жылы бар жоғы 7,2 млн долларға сатып алынған Орыс Америкасы (Алеут аралы және Аляска) болды.

Англияға қарсы соғыстан кейінгі АҚШ-тың экономикасы. Монроның президенттігі «игі келісімнің дәуірі» деп аталды. Бірақ елдегі жағдай сырт көзге қарағанда тыныш болып көрінді. Жер және мақта «өсуінің» тұрақсыз тірегіне негізделген соғыстан кейінгі «өркендеу» аз ғана уақытқа созылды. Еуропадағы бейбітшілік өмірінің қалпына келуі және ағылшын тауарларының американдық нарықтағы бақталастығының өсуі жағдайды шиеліністірді. 1815-1819 жылдары АҚШ-тың сауда теңгерімі

қолайсыз болып қалыптасты. Импорт экспорттан әлдеқайда көп болды. Осындай жағдайда, ұлттық банк ақша айналымының қалыптылығын қамтамасыз ете алмады. Қайта ол экономикалық қиындықтарды тереңдеткендей болды. 1819 жылғы экономикалық дағдарыс белгілі дәрежеде халықтың әр түрлі топтарына да әсерін тигізді. Өнеркәсіптік өндіріс күрт төмендеп кетті. 1815 жылы Питтсбург және оның аудандарында 1960 жұмысшы еңбек етті, ал 1819 жылы бар-жоғы 672 адам ғана қызмет етті. Осы жылдары мемлекеттік жерлерді бөлу ісі шиеленісіп кетті. 1819 жылдың 30 қыркүйегіне таман 20 млн акрдан астам жер сатылды. 1819 жылғы дағдарыстың алдында алыпсатарлық күшейді. Ол әсіресе Алабама және Миссисипи сияқты штаттарда қатты байқалды. Алабамада жер ең төменгі бағадан (1 акры-2 доллар) 3 есе, тіпті кей кездері 10-15 есе жоғары сатылды. Жер қарызы да күрт өсіп кетті. Оның жалпы құны 22 млн доллар болды. Осындай жағдайда, 1820 жылы 1 акр үшін ең төменгі бағаны 1,25 долларға төмендеткен аграрлық заң қабылданды. Сонымен қатар несие жойылды және 80 акр учаске (бұрынғы 160 акрдың орнына) сатып алу құқығы берілді.

«Игі келісімнің дәуірінің» дамуы барысында Құрама Штаттарда еңбекші халықтың наразылығы анық байқала бастады. Сонымен қатар XIX ғасырдың бірінші жартысында батыс жерлерге бағытталған қозғалыс жаппай сипатқа ие болды. Отаршылдықтың екі ағымы қалыптасты – солтүстік және оңтүстік, еркін және құлиеленушілік штаттар. Құлдық және еркін капитализм жүйелерінің бір мемлекетте қатар өмір сүруіне қарамастан, солтүстік штаттардың конституциясы құлдыққа тыйым салды. Олардың мүдделері конгресте де шектелді. Әрбір тарап, одаққа екі жақтың штаттарынан тең қабылдануын қадағалап отырды. 1820 жылы Миссуриялық компромисс қабылданды. Ол жаңа жерлердегі құлдық мәселесінің жалпыұлттық мәселеге айналғанын көрсетті. Миссисипи өзенінен батысқа қарай жатқан аумақ с.е. 36°30' параллелімен екі бөлікке бөлінді. Оңтүстікке қарай құлиеленушілік және солтүстікке қарай ерікті (тәуелсіз) болды. Шын мәнісінде, бұл оңтүстіктің жеңісі еді. Өйткені олар

құлдықтың шекарасын кеңейтіп алған болатын, ал Солтүстік оларға келісiмiн бердi.

XVIII аяғы XIX ғасырдың алғашқы онжылдығында АҚШ экономикалық дамуы жағынан әлі де Батыс Еуропадан, әсіресе Англиядан артта қалды. Оның өнеркәсібі енді ғана аяққа тұра бастады. Бірақ капиталдың жинақталуы, ішкі нарықтың қалыптасуы және ағылшын техникалық жетістіктерін пайдалану индустриялық революцияға түрткі болды. Фабрикалық түрдегі бөлек кәсіпорындар АҚШ-та XVIII ғасырдың 90 жылдары пайда болды. Ал XIX ғасырдың екінші онжылдығында фабрикалық жүйе енгізіле бастады – алғашында тоқыма фабрикасы, одан кейін басқа да салалар пайда болды. Американдық экономиканың алға жылжуына оның басқа аумақтарды жаулап алу саясаты маңызды рөл атқарды.

«Джексондық демократия» және екіпартиялық жүйе. Республикалық партияның құрылуы. Тәуелсіз американдық республикадағы саяси өмірі екіпартиялық жүйенің қалыптасуымен сипатталды. Ол жүйе белгілі саяси топтардан бастап платформалар бойынша, үкіметтің сайлау органдарына үміткерлерді шығарып салуға рұқсат береді. Оппозициялық күшке айналған антифедералисттер 90 жылдары «джефферсондық республикандықтар» деген атпен белгілі болды. Олардың көшбасшысы Томас Джефферсон билік басына 1801 жылы келді. 1828 жылға дейін АҚШ-тың саяси өмірінде толығымен бір партия – ұлттық республикандықтар билік етті. Олар Солтүстік буржуазиясының бөлігі мен Оңтүстік плантаторлардың одағынан тұратын. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық әртектілігінің күшеюі, штаттардағы сайлау құқықтарының кеңеюі, Батысты ары қарай игеру жұмыстары, үкімет бағытын мықты қолдаумен қамтамасыз ететін жаңа саяси әдістерді талап етті. АҚШ президенті Эндрю Джексон (1829-1837 жылдары) дауыс берушілердің басым көпшілігінің дауысын жинады. Джексон жаңа Демократиялық партияны басқарды. Онда айрықша рөлді Оңтүстіктің және қарқынды өсіп келе жатқан Батыстың жер иеленушілері, солтүстік шығыс штаттардың кәсіпкерлері, орта топтар, тіпті төменгі топтар да атқарды. Ұлттық

республикандықтардың ықпалы күрт қысқарды. Ал, олардың қатарында Томас Джефферсон сияқты көрнекті тұлғалар болмады. Оның барысында қабылдаған бірқатар шаралардың ішінде кейбір тарифтік төлемдерді төмендету және АҚШ орталық банкі (1836 ж.) қысқарту жұмыстары бар. Қаржылық жүйенің орталықсыздануы, жеке меншік банктер үшін, несиені қажет ететін орта және кіші кәсіпкерлер мен фермерлер үшін қолайлы болды.

АҚШ-тағы демократтардың шексіз билігі 1841 жылға дейін созылды. Бірақ осы уақытқа дейін елде республикалық бағыттағы жаңа саяси күштер де қалыптасып үлгерді. 1841 жылы билік басына, ұлттық республикандықтардың жолын қуушы болған, вигтердің жаңа партиясынан шыққан президент Уильям Гаррисон келді. Екінші екіпартиялық жүйе деп аталған кезең басталды. Екі партияның президенттері кезекпен 1860 жылға дейін алмастырып отырды. АҚШ-тың барлық негізгі аудандарында жақтастары болған Демократиялық партияда құл иеленушілік Оңтүстіктің ықпалы ұлғая бастады.

Билікке республикандықтардың келуі және азаматтық соғыс. Оңтүстікке табанды қарсы тұрған жаңа саяси күш Республикалық партия болды. Ол 1854 жылы Чикаго қаласында құрылды. Партияның көшбасшысы Авраам Линкольн болды. Оның мақсаты негр-құлдарды босату және аграрлық мәселені түбегейлі шешу арқылы американдық демократияның негізін кеңейту еді. Республикалық партия Оңтүстіктің саясатына қарсы наразылық білдірушілердің барлығын біріктірді. Өйткені ол жер туралы мәселені фермерлердің көпшілігінің пайдасына түбегейлі шешуге кедергі жасады. Осы уақытта Азаматтық соғыс басталды. Азаматтық соғыстың «бас дайындығы» Канзастағы қақтығыс және Виргиниядағы Джон Браунның атакты «рейді» болды. Ол құлдықты қатты жек көретін еді. Браун құлдыққа қарсы Канзаста соғысты. Ал Виргинияда барлық құлдарды көтеріліске шақыруды ойластырды. Осы мақсатта ол аз ғана еріктілерді (22 адам) жинап алып, 1859 жылдың қазанында, 100 мың қару-жарақ сақталған әскери арсеналды басып алды. Бірақ бұл бастама мезгілінен ер-

теректеу болғандықтан, оны ешкім қолдамады. «Бүлікті» басуда полковник Роберт Ли басшылық жасады. Кейіннен ол оңтүстік штаттардағы әскердің бас қолбасшысы болды.

1860 жылы президенттік сайлауда Республикалық партиядан шыққан үміткер жеңіске жетті. Оған қарсылық ретінде Оңтүстік Каролинаның губернаторы У. Гистаның бастамасы бойынша, оңтүстік штаттардың үкіметі 1860 жылдың қазанында-ақ, республикандықтар жеңіске жетсе, одақтан шығу туралы келіскен болатын. 20 желтоқсанда Оңтүстік Каролина Америка Құрама Штаттарының құрамынан бірінші болып шықты. Кейіннен Миссисипи, Флорида, Алабама, Джорджия, Луизиана және Техас үлгі алды. 1861 жылы 4 ақпанда олар жаңа мемлекет-Конфедерацияны құрды. Оның президенті ретінде бай плантатор және бұрынғы қорғаныс министрі Дэвис Джефферсон тағайындалды. Кейіннен Конфедерацияға Виргиния, Теннесси, Арканзас және Солтүстік Каролина қосылды.

Қызықты мәлімет. Кавалериялық Эскадрон үш ай бұрын құрылды. Ол Джорджия Штаттарының одағынан бөлінген күні, еріктілердің шақыртуы бойынша басталды. Жаңа әскери құрылым әлі ешқандай атауға ие болмады, бірақ ұсыныстардың жоқтығынан емес. Дәл осындай даулар түрі мен формасы бойынша бірыңғай әскери киім мәселесіне қатысты да туындады. Аптасына екі рет Эскадрон Джонсборода жиналды – әскери құрылымның дайындығынан өту және соғыстың ертеректеу басталуын сұрап құдайда сұрады.

Митчел М. Унесенные ветром. Том I. – М.: Художественная литература, 1984. – С. 35

Президент Линкольн конфедераттарды бейбітшілікке шақырып, Одақтың құрамына қайтып келуді ұсынды. Бірақ бүлікшілер бөлінуді қалады. 1861 жылы сәуірде конфедеративтік штаттардың жасақтары бірнеше бекіністер мен арсеналдарды басып алды. Осылайша азаматтық соғыс басталды. 13 сәуірде оңтүстіктегілер әскери қимылдарын бастады. Олар Чарлстон айлағындағы Самтер федеральды бекінісіне (Оңтүстік Каролина) оқ жаудырды. Оның аз сандық гарнизоны шегініп, Америка туын түсірді. Осылайша,

төрт жылдық Азаматтық соғыс басталды. Ол Құрама Штаттардың аймағында жүргізілген ең қан төгісті және талқандаушы соғыс болды.

1862 жылы 20 мамырдан қабылданған гомстедттар туралы заң мен 22 қыркүйекте қабылданған құлдарды босату туралы актінің маңызы зор еді. Бірінші заң бойынша, Құрама Штаттарға қарсы бүлікке қатыспаған және 10 доллар баж салығын төлеген кез келген азамат гомстед – бос жатқан жерлерден фермаға арналған 160 акр жер учаскесін алуға құқылы болды. Учаскеде бес жыл тұрып, оны өндеп және құрылысты салғаннан кейін ол жер ақысыз жеке меншікке өтетін болған. 1860 жылы Республикалық партия уәдееткен аграрлық мәселенің түбегейлі шешімі осы болды. Екінші заң құлдарды 1863 жылдың 1 қаңтарынан бастап ерікті деп жария етті. 1863 жылдың көктемінде, Ли басқарған оңтүстіктегілер Чанселорвилл түбінде виргиндік учаскедегі федералдық әскерге қатты соққы берді. Бұл бүлікшілердің соңғы жеңісі болды. 9 сәуірде Лидің 28 мыңдық әскері тізе бүкті. Оңтүстіктің басқа генералдардың да әскерлері қаруларын тастады, жалпы 175 мың адам болды. Осылайша, екі жақтан да 600 мыңнан көп адамның өмірін алып кеткен азаматтық соғыс аяқталды. Сонымен қатар соғыстың барысында Авраам Линкольн да дүниеден өтті. 1865 жылы 14 сәуірде театрға барған Линкольн, өзінің отырған жеріне баса-көктеп кірген Бус деген актер, жанкешті кісі өлтірушінің қолынан қаза тапты.

Елдегі құлдық Конституцияның 13-түзетуі түрінде біржолата жойылды. Оны сенат сәуірде, ал штаттар 1865 жылдың желтоқсанында бекітті. Бірақ Оңтүстіктің кейінгі тұрмыс-тіршілігі мәселесі туралы нақты мәселелер шешілмей қалды. Оңтүстікте жаңа азаматтық соғыстың алауы тұтанды. Бұл жолы ол плантаторлар мен азат етілген құлдардың арасында болды. Олар юниондық лиганың негізінде әрекет ете отырып, ескі тәртіптерге ұйымдастырылған қарсылық көрсете бастады. Жер үшін және азаматтық құқық үшін күресті өрістетті. Сайлауда жеңіске жеткен республикандықтар конгрессте 2/3 бөлігінің дауысын жинап, қайта құру жұмыстарына кірісті. 1867 жылы Оңтүстікте

әскери жағдай енгізілді және штаттардың бұрынғы конституциясы жойылды. 14-түзетудің негізінде қара нәсілділердің құқықтары бекітілді. Дегенмен, Оңтүстікті әскери округтерге бөлу 14-түзетуді басқа штаттардың бекіткеніне дейінгі уақытша шара ретінде қабылданды. 1868 жылдың шілдесіне таман осы төтенше шаралардың арқасында Оңтүстіктің штаттары оны бекітіп, Азаматтық соғыстың жаулап алған жерлері құтқарылды.

Өнеркәсіптің өркендеуі және әлеуметтік-экономикалық даму. XIX ғасырдың соңғы жылдарында Америка Құрама Штаттары әлемде экономикалық дамуы бойынша бірінші орынға шықты.

1870-1900 жж. аралығында өңделген жерлердің көлемі екі есеге артты. Осы кезде ауылшаруашылығымен айналысатын еңбекшілердің саны 6,2 млн-нан 10,4 млн-ға дейін өсті. Өнеркәсіптің жаңа салалары – тамақ, мұнай өңдеуші, болат құюшы, химиялық, электротехникалық және машина жасау өнеркәсіптері АҚШ-тың ұзақ уақытқа индустриалдық құдіреттілігінің негізін қалады. Дәл осы салаларда кәсіпорындардың жаңа түрі үлкен бизнес немесе ірі корпорациялар пайда болды. XIX ғасырдың соңғы жылдарында үлкен бизнестің пайда болуы экономика, қоғамдық өмір және кәсіпорындарды ұйымдастыруда ірі құрылымдық өзгерістерге алып келді. Қалалардың қарқынды өсуі, көлік және байланыс құралдарының дамуымен қатар, үлкен корпорациялар, АҚШ-тағы индустриалдық қоғамның қалыптасуының белгілері болып табылады. Азаматтық соғыстан кейінгі өндірістің қарқынды өсуі картельдердің пайда болуына әкелді. 1882 жылы компанияларды біріктірудің орталықтандырылған ерекше түрі – трест немесе сенімді тұлғалар арқылы басқару түрі пайда болды. Бірінші трестке басшылығында «Стандард ойл» тұрған, мұнай ажырататын компаниялар (картельдер) тобының жетекшілігі кірді.

Дж. Д. Рокфеллер және оның серіктестері ұйымдастырған Огайо штатының мұнай ажырататын бірлестіктерінің одағы XIX ғасырдың соңғы жылдарында 90% астам керосиннің жеткізілімін бақылап отырды.

Теңіз қуатының дамуы. XIX ғасырдың екінші жартысында америкалық үкімет экономиканы дамытумен қатар, теңіз қуатына

да көп көңіл бөлді. 80 жылдарға дейін Құрама Штаттар азаматтық соғысынан қалған ескі кемелерді пайдаланып, жаңа әскери кемелер салған жоқ. Алайда аймақтық экспансия күшті әскери-теңіз флотын талап етті. 1883 жылы Конгресс үш жеңіл крейсер мен шабарман кеме салу туралы заң қабылдады. 1885-1889 жж. аралығында америкалық сызықтық кемелер: броненостық «Мэн», «Техас» және броненостық крейсер «Нью-Йорк» салынады. 1903 жылы флоттың өсуін талап ететін, АҚШ Теңіз лигасы пайда болады. Шетелдерге әскери дайындығын көрсету мақсатында 16 ірі кемеден құралған эскадраның жер шарын айналатын экспедициясы ұйымдастырылды. Ол 14 айға – 1907 жылдың 16 желтоқсанынан 1909 жылдың 22 ақпанына дейін созылды.

Бірінші дүниежүзілік соғысқа кіру қарсаңында АҚШ-тың әскери-теңіз флоты 106 көмекші және 197 әскери кемеден тұрды. Оның ішінде 1906 жылдан кейін салынған сверхдредноуттар да болды. 1913-1917 жылдар аралығында АҚШ-тың флотты дамытуға жұмсаған шығыны 145 млн долларды құрады.

Испан-американдық соғыс. Ресейден Алясканы алғаннан кейін, Америка Гавай аралына көз салды. Гавайды қосып алу уақыты 1898 жылы испан-американдық соғыспен сәйкес келді. Соғыстың бастауына Гавана рейдінде тұрған америкалық броненосецтің аяқ астынан жарылып кетуі себеп болды. Кеме экипажбен қоса суға кетті. Жергілікті үкіметтің диверсиясы деп санаған АҚШ Испанияға ультиматум қойды. 1898 жылы Испания оған соғыс жариялады. Соғыс бар-жоғы тоғыз айға созылды. Манила айлағындағы Филиппинде АҚШ-тың тынықмұхиттық эскадрасы, бір де бір адамын жарақаттамай, испан флотының негізгі күшін жойды.

Куба және Филиппин аралдарында АҚШ әскері көтерілісшілермен бірге шабуылын күшейтті. Ал Куба жағалауындағы аз ғана флот тез талқандалып тасталды.

1898 жылдың аяғында Испания сұраған бейбітшілік келісімнің талаптары бойынша, Құрама Штаттар аралда тәуелсіз республика жарияланғанша, уақытша Кубаны басып алды. Контрибуция ретінде АҚШ, американдық аймаққа айналған, Пуэрто-Рико

және Гуам аралдарын алды. Ал Филиппинді иемденгені үшін Испанияға 20 млн доллар төледі.

1902 жылы АҚШ-тың әскерлері Кубадан шығарылды. Ол жерде экономика және саясат жағынан АҚШ-қа бағынышты болған республика жарияланды.

1916 жылы Құрама Штаттар Филиппинге автономия және жергілікті парламентке сайлау жүргізу құқығын берді. Ал толық тәуелсіздігін бұл ел екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана алды.

«Долларлық дипломатия». Долларлық дипломатия дегеніміз американдық үкіметтің басқа елдердегі экономикалық, саяси және стратегиялық ұстанымдарын нығайту үшін қолданылатын сыртқы саяси әдісі. Оны АҚШ, испан-американдық соғыстан кейін бірден пайдалана бастады. Долларлық дипломатия саясатын зор ынтамен жүргізген Т. Рузвельт болды. Ол АҚШ-тың қаржылық, дипломатиялық және әскери басқыншылыққа сүйену құқығын ашық жариялады. Испан-американдық соғыстан кейін, ол «үлкен шоқпар» саясатымен қатар қолданды. Осы саясаттың нәтижесінде, АҚШ-тың экономикалық тәуелділігіне Доминикан республикасы, Гондурас, Никарагуа тап болды. Мексикада АҚШ инвестициялары миллиард доллардан көп болды. 1911 жылдың аяғында Мексикадағы АҚШ-тың капитал салымдары 1,5 млрд долларға бағаланды. Американдық монополисттерге осы елдің шахтасының 78%, металлургия кәсіпорындарының 72%, мұнай шығару бойынша кәсіпорындардың 58% және каучук алу кәсіпорындарының 68% тиесілі болды. АҚШ Мексиканың ішкі шаруаларына бірнеше рет араласты. Қанаушылық сипаттағы қарыздар Гватемалаға, Коста-Рикаға, Никарагуаға берілді. Біртіндеп АҚШ экономикалық, дипломатиялық және әскери қысымды қолдану арқылы Орталық Америка елдерін өзінің жартылай отар елдеріне, аграрлық-шикізаттық бөліктеріне айналдыра бастады. Құрама Штаттар Боливияның қалайы, Чили мен Перудің сым өнеркәсібін, Аргентина мен Парагваяның ет консервті өнеркәсіптерін бақылауда ұстап отырды. Американдық бірлестіктер осы ауданда табысты жеміс-жидек саудасын монополияландырды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. АҚШ-тың Монро доктринасының мәнісі қандай?
2. XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың бірінші жартысында АҚШ-тың кеңеюін сипаттаңыз?
3. А. Линкольннің тарихи рөлін ашып көрсетіңіз.
4. АҚШ-тағы азаматтық соғыс қашан болды?
5. Америкадағы индустриалдық қоғамның қалыптасуын баяндаңыз.
6. «Долларлық дипломатия» дегеніміздің мәнісі қандай?

§16. XVII-XVIII ғасырлардағы Ресей

Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуы. XVII ғасырдан Ресей экономикалық салада алғашқы дамуын бастады. Нарықтың сұранысына қажетті тауарлар шығарыла бастады. Қалалық қолөнеркәсіп ұсақ өнеркәсіпке айналды. Халықтың еңбегіне қажетті тауарлар шығаратын мануфактуралар пайда болды. Ең бірінші мануфактуралар кара металлургия саласында қалыптасты. Бұл өзгерістер ауыл шаруашылығын да қамтыды. Дәнді дақылдар тауарға айналды. Кейбір помещиктер ауылшаруашылығы тауарларын сатумен айналысты.

XVII ғасырда Ресейде сауда-өнеркәсіптік орталықтарға айналған қалалар да дамыды. Олардың ішінде Псков, Ярославль, Новгород, Казань сияқты қалалардың орны зор болды.

XVIII ғасырда Ресейде сословиелік құрылыстың нығаюы және рәсімделуімен қатар, экономикалық-әлеуметтік дамуда терең өзгерістер болды. Олардың негізінде XVII ғасырда басталған феодализмнің тарауы мен капиталистік генезистің қарым-қатынастарының қалыптасу үдерістері көрініс тапты. Әсіресе, I Петрдің (1672-1725 жылдары) билеуі тұсында Ресейде бұл әлеуметтік-экономикалық жетістіктер жоғарғы деңгейге жетті.

I Петрдің реформалары. Ресей империясы I Петрдің басқару тұсында өзгерістерге бет бұрды. I Петр кезінде Ресейде біржолата абсолютизм орнады. Оның император болып жариялануы патшаның билігінің нығаюын білдірді. Ол самодержавиялық және шексіз монарх болды. Петрдің басқару уақытында елдің саяси-экономикалық пен мәдени дамуын анықтаған көптеген маңызды реформалар қабылданды.

Біріншіден, экономикалық саладағы реформалар маңызды рөл атқарды. I Петрдің экономикалық саладағы реформалары ауылшаруашылығы, ұсақ және ірі өнеркәсіп, қолөнер, сауда мен қаржы саясаты саласын қамтыды. Солардың ішінде негізгі жасалынған іс-шаралар:

- 1721 жылғы жарлық бойынша шаруаларға егін ору кезінде орақтың орнына шалғы, ал оны жинағанда тырманы пайдалануға рұқсат берілді.

- Ормандарды мемлекеттік қорғауға бірінші рет ұмтылыстар жасалынды.

Елдің экономикалық саясатында меркантилизм басшылыққа алынды. Яғни, ішкі сауда мен өнеркәсіптің дамуына қолдау көрсетілді:

- өнеркәсіптің дамуына ерекше көңіл бөлінді. XVIII ғасырдың бірінші жартысында шамамен 200 мануфактура құрылды. Metallургияға ерекше көңіл бөлінді. 1711 жылы мануфактуралары қарамағында қолөнер мектептері құрылды. Ал 1722 жылғы жарлықтармен қалаларда цехтық құрылым енгізілді.
- кейбір тауар түрлерінің монополиялық сатылымынан да пайда түсті (арақ, тұз және т.б.), жанама салықтар енгізілді (моншалық, жылқы малына қатысты, сақал үшін және т.б.). 1724 жылға таман жанама салықтардың саны 40 түрге дейін жетті.
- 1704 жылы ақша реформасы жүргізілді, ол бойынша негізгі ақша бірлігі копейка (тиын) болды. Ұсақталмайтын рубль жойылды.

І Петр монеталық реформаны да жүргізді. Ол бойынша алтын, күміс және бақыр тиындарды шеку (чеканка) қарастырылды. Монеталық жүйенің негізінде ондық қағидасы жүргізілді: рубль, гривень, тиын.

- алым-салық реформасы бойынша үй салығы жан басына төлейтін салыққа алмастырылды. Мемлекет, жеке дара салық төлеушілерді анықтау үшін, салықтың жаңа қағидаты – жан басына төлейтін салықты енгізді. Енді салық сарайдан емес, ревизиялық жан басынан (кезкелген жастағы ер адам) жиналды.
- паспорттық жүйе енгізілді. Өзінің тұратын орнынан 30 шақырымға табыс үшін кеткен әрбір шаруа оның қайтып келуі уақыты көрсетілген паспортты алуы керек.

Екіншіден, мемлекеттік басқару саласында реформалар жүзеге асырылды. Ол бойынша:

- 1721 жылдан І Петр император болып жарияланды. 1704 жылы жеке патша канцеляриясы қызметін атқарған Кабинет құрылды.

- Ресейде патриарх қызметі таратылды, шіркеуді бақылау обер-прокурорға жүктелді.
- Жергілікті басқару жүйесі қайта құрылды. 1708 жылы ел губернаторлар басқарған Мәскеу, Петербург, Киев, Архангельск, Смоленск, Казань, Азов және Сібір сияқты сегіз губернияға бөлінді. Губерниялардың аймақтары үлкен болғандықтан, оларды 50 провинцияға бөлді. Өз кезегінде провинциялар уездерге бөлінді. Бұл шаралар Ресейде абсолюттік мемлекеттің негізгі белгісі – басқарудың бірыңғай әкімшілік-бюрократиялық жүйесінің құрылғандығын көрсетті.
- 1711 жылы Боярлық думаның орнына Сенат құрылды. Ол 1719 жылы жоғарғы мемлекеттік органға айналды. Сенаттың құрамына I Петрге жақын тоғыз ірі шенеунік кірді. Ол жаңа заңдарды дайындады, елдің қаржы жүйесі және әкімшіліктің қызметін бақылады. 1722 жылдан Сенаттың жұмысын генерал-прокурор басқаратын болды.
- 1718-1721 жылдары мемлекеттік басқару реформасы күрделі приказдық басқару жүйесін де қамтыды. Олар коллегиялармен алмастырылды және саны 11-ге жетті.
- 1721 жылы I Петр Рухани регламентті бекітті. Ол бойынша шіркеудің автономиясы жойылып, оны толық мемлекетке бағындырды. Рухани коллегияның немесе Синодтың құрылуы шіркеудің мемлекетке толығымен бағынғандығын көрсетті.

Үшіншіден, I Петрдің басқару тұсында елдің әлемдік сахнадағы беделінің көтерілуінде әскери реформалары маңызды рөл атқарды.

I Петрдің реформалары әскер мен флотты да қамтыды. Әскери реформа нәтижесінде маңызды жасалынған жаңашылдықтар:

- I Петр жас азаматтардың (15 жастан 20 жас аралығында) жыл сайынғы әскерге алу тәртібін енгізді және сарбаздарды оқып-үйретуге бұйрық берді. 1705 жылдан бастап елде рекруттық міндеттілік енгізілді. Сарбазды өмірлік қызметке алу нормасы қойылды – 20 шаруа ауласынан бір рекрут деп қабылданды. Осылайша, армия бірыңғай

жинақтаудың жүйесі, бірдей қару-жарағы және киім-кешегі бар әскери негізде құрылды.

- Жаңа әскери жүйе Батыс еуропалық үлгі негізінде қалыптасты. Бригадалар мен дивизиялар тұрақты құрамда болмады. Соғыс уақытында дивизиялар армияны құрады. Артиллерия нақты ұйымдасқан құрылымы бар жеке дара әскердің түріне айналды. Жаяу, атты әскер мен кавалерияның құрамында басты және жоғары бірлік – полк болды. Инженерлік әскерлер құрылды. Армия мен флоттың қарулы күштерін басқару үшін приказдардың орнына Әскери коллегия және Теңіз коллегиялары құрылды.
- I Петрдің бастамасымен Ресей тарихында бірінші рет жаңа әскери жарғылар енгізілді. 1715 жылы қабылданған «Әскери артикул» әскери-қылмыстық процесс пен қылмыстық жазалаудың жүйесін белгіледі.
- I Петр әскери дайындыққа да айрықша көңіл бөлді. Армия мен флотта оқытудың бірыңғай жүйесі енгізілді. Офицерлік училищелер құрылды. Офицерлік кадрларды дайындау үшін 1687 жылы Преображенск және Семенов полктері, сонымен қатар қайта ашылған арнайы мектептер мен Теңіз академиясы қызмет етті.
- I Петрдің тұсында орыс әскерімен қатар, флоты да Еуропадағы ең мықты күшке айналды. Әсіресе, ол Балтық флотына ерекше көңіл бөлді. Әскерге артиллериялық қарулар әкелінді, көптеген кемелер жасалды. 1704 жылы суға орыстың бірінші фрегаты (жеңіл желкенді кеме) түсірілді. 1725 жылға таман Балтық флотында 30 шептік кемелер, 16 фрегат және басқа да 400 кемеңің түрі болды.
- I Петрдің барлық реформаторлық қызметінің маңызды қорытындысымен заңды түрде бекітілуі «дәрежелер туралы Табельде» (1722 ж.) көрініс тапты. Ол Ресей қоғамындағы сословиелік мәселелерге мән берді. Мемлекеттік қызметтің тәртібі туралы заң ретінде қарастырылды. Бұл заңның қабылдануы осыған дейінгі патриархтық басқару дәстүрімен байланыстың үзілуін сипаттады. «Дәрежелер туралы Табель» әскери және азаматтық қызметтегі шен

дәрежесінің тәртібін жеке қабілеті мен қызметі үшін белгіледі. Табельдің қабылдануы дворяндарды біріктірді. Оның құрамы халықтың әр түрлі топтарынан шыққан патшаға адал тұлғалардың есебінен кеңейді.

Төртіншіден, І Петрдің білім беру мен мәдениет саласындағы реформалары маңызды болды. 1700-1721 жылдары аралығында І Петрдің бастамасымен білім саласына ерекше мән берілді. Мемлекеттің негізгі саясаты қоғамды ағартуға, білім жүйесін қайта ұйымдастыруға бағытталды.

- Ресейде көптеген азаматтық және әскери мектептер, ЖОО ашылды. Бірінші 1701 жылы ашылған Математика ғылымдарының мектебі, Навигациялық және Артиллериялық ғылымдардың мектебі ашылды. Сонымен қатар, Инженерлік мектеп (1712 жылы), Медициналық училище (1707 жылы), тау, гарнизондық, діни мектептер; барлық қызметкерлердің балаларын тегін оқытатын мектептер пайда болды. Оқытудың үдерісін жеңілдету үшін мектептерде күрделі шіркеулік-славяндық шрифт қазіргі оңай түріне алмастырылды.
- І Петр Ресейдегі ғылым саласының дамуына да лайықты үлесін қосты. 1719 жылы Петербургте бірінші орыс тарихи-жаратылыстану мұражайы – Кунсткамера ашылды. 1725 жылы Петербургте Ғылым Академиясы құрылды. Оның қарамағында бірінші ресейлік университет және алғашқы гимназия ашылды. Ресейдегі тарих, география мен табиғи байлықтарды зерттеу бойынша үлкен жұмыстар атқарыла бастады.
- І Петрдің тұсында кітап шығару ісі қарқынды дамыды. Ол жаңа әліппені енгізді. І Петр сауат ашуды жеңілдетіп, кітап басуға себепші болды. 1703 жылы «Арифметика» оқулығы басып шығарылды. Алғашқы орыс газеті «Ведомости» басып шығарылатын болды. 1703 жылы орыс тілінде арабша сандары бар алғашқы кітап басып шығарылды. Мәскеу мен Петербургте бірнеше баспаханалар жұмыс істеді. Кітаптардың көптеп шығарылуы оның саудасын да дамытты. 1714 жылы Мемлекеттік кітапхана құрылды.

Ол бүгінгі таңдағы Ресей Ғылым академиясының негізін қалады.

- Патша I Петр архитектураға да көп көңіл бөлді. Ол Петербургтің тас құрылысының жоспарын жасады. I Петр шетел суретшілерін шақырды. Сонымен қатар, дарынды жас суретшілерді шетелге оқуға жіберіп тұрды. Ол Эрмитаждың бастамасын салып кетті.

Солтүстік соғыс. XVI-XVII ғасырларда Ресей Балтық жағалауын иеленгісі келді. Орыс елінің басты қарсыласы Швеция болды. Оның аймағына Лифляндия, Финляндия және Эстляндия кірді. Сонымен қатар бұрынғы орыс иеліктері – Ижор жерлері мен Карелия да құрамында болды. 1699 жылы I Петр соғысқа дайындалып, Дания, Саксония және Польшамен одақ құрды. Ал 1700 жылы Түркиямен бітім жасасты және Швецияға соғыс жариялады. 1700 жылы Солтүстік соғыс басталды, ол 1721 жылға дейін созылды. I Петр 35 мыңдық әскерді шведтік қамау – Нарваға қарай жылжытты, бірақ қамауды алу ұзаққа созылып кетті. Шведтік әскерді король XII Карл (1697-1718 жылдары) басқарды. Ол жас әрі шебер қолбасшы еді. 1700 жылы қазанда Нарва маңында орыс әскері жеңілді. XII Карл Ресейді жеңдім деп, ары қарай Польшаға, Ресейдің одақтасы, саксондық курфюрст және 1697 жылы билікке келген Польшаның королі III Августты (1670-1733 жылдары) талқандауға кетеді. Бірақ I Петр жеңіліске бой ұсынбай әскерді қайта құруға кіріседі. 1702 жылы әскери бастама I Петрдің қолына көшеді. 1703 жылдың көктеміне қарай орыс әскері Нева өзенінің барлық бассейнін босатып, Балтық теңізінің жағасына шығады. Осы кезде шведтер Варшава және Краковты басып алды. 1704 жылы Польшаның сеймі II Августты құлатып, король ретінде I Станислав Лещинскийді (1677-1766 жылдары) тағайындайды. 1704-1706 жылдары шведтер саксондық, польшалық және орыс әскерлерін талқандайды. 1706 жылы олар Альтранштад келісімі бойынша Польшаны соғыстан шығуға мәжбүрлейді. Ресей Швециямен бетпе-бет келіп, бұл жағдайда одақтастарды іздеу бос әурешілікке айналды. Шведтер Ижор жерлерін тартып алмақшы болады, бірақ сәтсіздікке ұшырайды. XII Карлдың негізгі күштері

Украинада шоғырланады. 1709 жылы сәуірде шведтер Полтаваны қоршап алады. 27 маусымда (8 шілдеде) Полтава шайқасы болды.

Солтүстік соғыс нәтижесінде швед әскері жеңіліс тапты. Олар XII Карлдың қалған әскерінің бөлігімен Түркияға қашады. Соғыста өзгерістер пайда болады. Солтүстік одақ жанартылды, оған енді Пруссия қосылды. 1710 жылдың 31 наурызында Ресей мен Швеция Гаагада Германияның шведтік иеліктерінде әскери қимылдарды жүргізбеу міндеттемесіне қол қояды. Бұл әрекетті Англия мен Голландия қолдады.

1710 жылы орыс әскерлері Лифляндия, Эстония, Выборг, Кексгольм және Вильманстрандты басып алды. Осы арқылы Фин шығанағына жол ашылды. 1712-1714 жылдары Ресейдің одақтастары оның қолдауымен еуропалық соғыс қимылдары алаңында бірқатар жеңіске жетті. 1713-1714 жылдары Ресей Финляндия аймағының бір бөлігін жаулап алды. 1714 жылы 27 шілдеде (7 тамызда) Гангут мүйісінің маңында орыс галералық флоты шведтік флотты талқандайды. Құрлықта орыс әскері Лулеоға жетті. 1718 жылы Норвегияда XII Карл қаза тапты. 1719 жылы Ресей әскери соғыс қимылын, адам және қаржы ресурстары әлсіреген Швеция аймағына алып келеді. 1720 жылы қаңтарда Швеция Англиямен одақ құрып, Пруссиямен, ал маусымда Даниямен бейбітшілікке келеді. 1720 жылы мамырда Балтық теңізіне ағылшын эскадрасы шығады. Бірақ оның Ревельге шабуыл жасау талпыныстары нәтижесіз қалады. 1720 жылы Гренгам аралының маңында орыс флоты жеңіске жетті. 30 тамызда (10 қыркүйекте) Ништадт қаласында Швециямен бейбітшілік келісіміне қол қойылады. Ресей әскери жеңістің нәтижесінде Балтық теңізіне шыға алатын болды. Осы арқылы ол өзінің сыртқы саясатындағы маңызды мақсаттардың бірін шешті. 1721 жылы 11 қазанда Сенат және Қасиетті Синод I Петрге «Бүкілресейлік император Отанының Әкесі» және «Ұлы» атақтарын береді, ал Ресей империяға айналады.

Ресейдегі сарай төңкерістері. 1725 жылы I Петрдің дүниеден өтуінен кейін 1762 жылға дейін, яғни II Екатеринаның билікке келген кезіне дейін уақыт аралығы тарихнамада «са-

рай төңкерістерінің дәуірі» деп аталды. Себебі осы уақытта 37 жылдың ішінде елде 6 император ауысты: I Екатерина (1725-1727 жылдар), II Петр (1727-1730 жылдар), Анна Иоановна (1730-1740 жылдар), VI Иван (1740-1747 жылдар), Елизавета Петровна (1741-1761 жылдар), III Петр (1761-1762 жылдар).

Патшалардың ауысуы сарай зиялыларының арасындағы қатаң күреспен жүзеге асырылды. Сарай төңкерісінің басталуына сылтау болған жағдай – 1722 жылғы Тақ мұрагерлігі туралы Жарғы. Ол бойынша тақтың мұрагерін анықтау «елді басқаратын патшаның» қарауына берілді. Бірақ Петр өзінің мұрагерін қалдырмады. 1725-1727 жылдары I Екатерина таққа отырды. Екатеринаның билікке келу уақытында оның ежелгі текті ақсүйектер – Голицындар және Долгорукийлердің қарсылығымен күресуге тура келді. Ақсүйектер топтарының арасындағы өзіндік ымыраның нәтижесінде 1720 жылы Жоғарғы Құпия Кеңес құрылды. Сенат пен алқа осы органның бақылауында тұрды. Екатеринаның дүниеден өтуінен кейін орыс тағына II Петр келеді. Ол Петр өлім жазасына кескен ханзада Алексейдің ұлы еді. «Ежелгі» ақсүйектер күресте жеңіске жетті және «жаңа» ақсүйектердің басшысы Александр Данилович Меншиков жер аударылды. Князьдар – Голицындар және Долгорукийлер өз жағдайларын нығайтқысы келгендіктен, Петр князьдің қызы Долгорукаяға үйлендіргісі келді. Бірақ II Петр аңшылықта жүргенде суық тигізіп алып, ауырып өлді. Қайтадан Жоғарғы Құпия Кеңес Ресей тағына отыратын мұрагерді тандап, мәжіліс ашады. I Петр ағасының қызы курляндиялық герцогиня Аннаны таққа отырғызуды шешті. Елшілікпен бірге Аннаға «Кондициялар» жіберілді. Олар арқылы «жоғарғылар» өз пайдасы үшін императордың шексіз билігін шектегісі келді. Бірақ олай болмай шықты. Мәскеуде сол кезде Петрдің үйлену тойы-на шақырылған шет аймақтық ақсүйектердің көбі жиналған болатын. Ф. Прокопович, В.Татищев сияқты өздерінің идеологиясымен шабыттанған дворяндар жоғарғылардың «пиғылдарына» қарсы шықты. Анна Иоановна Мәскеуге жақындап қалған уақытында қалыптасқан жағдайды түсінді. Ол Мәскеуге келгеннен кейін «Кондицияларды» жыртып таста-

ды. Тарихта «бирондық» деп аталынған оқиға басталды. Сарайды шетелдіктер басқара бастады. Бірінші орын ресми түрде патшайымның обер-камергері болған Биропқа жатты. Сыртқы саясаттың барысына неміс Остерманның ықпалы зор еді, ал орыс әскерінің басында Миних тұрды. Сарайда паракорлық және қазынаны тонаушылық көркейді. Анна Иоановнаның сарайының өзі де шексіз салтанатқа толы болды. Сарайды күтуге сол уақыт үшін үлкен көлемдегі қаржы – 3 млн алтын рубль жұмсалды. 1725 жылы Ғылым академиясы және Адмиралдық академияға 47 мың рубль, ал індеттермен күресу үшін бар-жоғы 16 мың рубль жұмсалды. Ақсүйектерді өз жағына қарату үшін үкімет бірқатар сарай маңы сипатындағы шараларды жүзеге асырды. Жеке дара мұрагерлік туралы жарлық жойылды. 1731 жылдың 29 шілдесінде кадеттік корпусты құру туралы жарлық шықты. Жарлық бойынша «бекзат» дворяндарға ауыр әскери қызметке бармай-ақ, бірден офицерге айналуға үлкен мүмкіндік туды. 1736 жылы князь Д.М. Голицын барлық жеке мүлкінің тәркіленуімен қоса, Шлис-сельбургке қамалды. 1739 жылы Новгородта бірден төрт Долго-рукийлер жазаланды. 1740 жылы Артемий Волинский мен оның серіктестері жазаланды. 1740 жылы қазанда Анна қайтыс болды. Орыс тағында, патшайымның немере жиені Анна Леопольдовна Мекленбургская мен герцог Брауншвейгскийдің некесінен туылған омыраудағы бала қалды. «Брауншвейгский тегінің» ар жағында мықты регент Бирон тұрды. Бірақ Бирон бар-жоғы 22 күн ғана басқарды. Оны барлық сарай төңкерісін жасаған Миних құлатты. Түнде оның адъютанты Биронды тұтқындап, Петропавлық қамалға жіберді. Бірақ Миних та билікті ұстай алмады. Оны Остерман отставкаға жіберді. Бір жылдай билік Остерманның қолында болды. Ал ресми түрде Анна Леопольдовна билік етті. Осы кезде жаңа төңкеріс пісіп тұрды. Оны І Петрдің қызы Елизавета басқарды. Бұл төңкерістің бірқатар ерекшеліктері болды. Оны дайындауға гвардияның ең төменгі топтары қатысты. Елизавета төңкерісінің тағы да бір ерекшелігі – оны дайындауға француздық және шведтік елшілердің де белсенді қатысуы.

1741 жылы қарашада төңкеріс болды. Елизавета гренадерлер ротасының, Преображенск полкінің қолдауымен сарайға келді. «Брауншвейг отбасы» тұтқындалып, жер аударылды. 1761 жылы Елизавета ісін III Петр жалғастырды. Ол қысқа уақытта елді басқарды. Оның билеу уақытында 192 жарлық шығарылды. Ресей өзіне қажетсіз Даниямен соғысқа дайындалды. Оның қысқа билігі тұрақсыз болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. XVII ғасырда Ресейдің басқа еуропалық мемлекеттерден артта қалуының себебі қандай?
2. I Петрдің реформалары қандай салаларды қамтыды?
3. I Петрдің әскери реформаларының ел үшін қандай маңыздылығы болды?
4. I Петрдің білім мен мәдениет саласындағы реформалары нәтижесінде қандай өзгерістер орын алды?
5. Солтүстік соғыстың Ресей үшін маңыздылығын анықтаңыз.
6. Ресейдегі «сарай төңкерістері» қай патшалардың тұсында орын алды?

XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Ресей

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі ерекшелігі феодалдық-басыбайлылық жүйенің ыдырауы болып табылады. Ол XVIII ғасырдың екінші жартысында басталды.

XIX ғасырда Ресей әлі де аграрлық мемлекет болып қала берді. Оның халқының 9/10 бөлігі ауылшаруашылығымен айналысты.

Өнеркәсіптік төңкерістің ерекшеліктері.

XIX ғасырдың 30-40 жылдары Ресейде өнеркәсіптік төңкеріс басталып, XIX ғасырдың 70-80 жылдарында аяқталды. Орыс өндірісінің өркендеуінде өнеркәсіптік төңкерістің басталуы елеулі өзгерістер енгізді. Техникалық тұрғыдан алғанда ол мануфактурадан бу қозғалтқыштармен қамтылған фабрикаға өтуде байқалды.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы өндірістік даму ұсақ өнеркәсіптің кең таралуымен ерекшеленеді. Басыбайлылық еңбекті пайдалану экономикалық дамуға кедергі болды. Дегенмен, өндіріс саласында біртіндеп жалдамалы еңбекті пайдалану өсе бастады.

XIX ғасырдың 50-60 жылдарында фабрикалар жалпы ірі өнеркәсіптердің 18%-ын құраған, ол жерлерде барлық жұмысшылардың 45%-ы жұмыс істеген (300 мыңдай адам).

Ресейде көлік саласында прогрессивті маңызды өзгерістер өрбіді. XIX ғасырдың бірінші жартысында елде темір жолдар пайда болды: Царскосельск (1837), Варшавско-Веналық (1839-1848), Петербург-Мәскеулік (1843-1851). XVIII-XIX ғасырларда каналдар жүйесі салынды, Еділ Балтық алабымен (Марииндік және Тихвиндік жүйе), Днепр өзені Огинский, Березинский, Днепро-ско-Бугский каналдары арқылы батыс өзендерімен байланыстырылды. Бумен жүретін кемелердің сандары да айтарлықтай өсті. Бірінші бумен жүретін кеме 1815 жылы Нева өзенінде сынақтан өтті. Ал 1860 жылы Ресейдің өзен, көл және теңіздерінде 300-ден астам кемелер жүзіп жүрді. 1837 жылы Петербургпен Царское селоны жалғастыратын бірінші темір жол салынды. 1851 жылы Петербург – Мәскеу темір жолы іске қосылды. Сыртқы саудада негізгі серіктес Англия болып қалды; сауданың 9/10-ы Еуропа мемлекеттері үлесінде болды. Шығыс мемлекеттерінің ішінде елдің тұрақты серіктесі Қытай мемлекеті еді. Бірақ сауда айналымы аз мөлшерде болды, негізінен «шекаралық аймақтық» сауда дамыды.

XIX ғасырдың 60-70 жылдары Ресейде қоғамның өміріне әсер еткен түбегейлі қайта құру жылдары болды. Олардың арасында әсіресе 1861 жылғы реформалар ерекше орынға ие еді. Шаруалар реформасы бойынша көптеген маңызды іс-шаралар жүзеге асырылды. Солардың ішінде шаруалар жеке бас бостандығы және белгіленген жер теліміне ие болды. Шаруа жердің бағасының жалпы соммасының төрттен бір бөлігін помещикке төлеуге міндетті болды. Қалған соманы помещик мемлекеттен алды, ал шаруалар оны 49 жыл ішінде төлеуі керек еді. Жер

телімдерінің көлемінің мөлшері әр түрлі факторларына байланысты белгіленді. Шаруалар мен помещиктердің қарым-қатынастары «Жарғылық грамоталармен» реттелді. Онда жер телімдерінің көлемі белгіленді. Шаруалар кәсіпкерлікпен айналысу, кез келген заңдық қарым қатынастарға қатысуға, басқа сословиеге өту құқықтары болды.

Халықшылдық. 60-70 жылдары орыс революциялық-демократиялық қозғалысының басты бағыты халықшылдық болды. Халықшылдардың көзқарастары шаруалардың мүдделерін қорғады. Халықшылдар шаруаларды болашақ революциялық төңкерісті жүзеге асырудағы негізгі күш ретінде қарастырды. «Бүлікшілдік» (анархистік) бағытты М.А. Бакунин басқарды. М. Бакуниннің көзқарастары француз социалисі П.-Ж.Прудонның радикалдық бағытта өзгерген анархиялық идеяларын сипаттады. М. Бакунин, «тарихи қажетті жауыздық» ретінде мемлекеттік басқарудың қайсы түрі болса да жойылу керек деді. Оның ойынша, билікті құлатуда негізгі рөлді халық бұқарасы атқарады.

Халықшылдықтың («насихатшылдық») басқа теориялық бағыттарын П.Л. Лавров басқарды. П.Л. Лавровтың Бакуниннен айырмашылығы ол орыс халқын қозғалысқа дайын деп санамады. Оның ойынша, жүйелі насихат, халықтың өз ортасынан шыққан жетекшілерді тәрбиелеу ғана революциялық қозғалысқа қажетті шарттарды қамтамасыз етеді.

70 жылдардағы революциялық қозғалыстың тағы бір бағыты П.Н.Ткачев басқарған халықтық-бланкистердің қызметі болды. Ткачев халық әлеуметтік революциялық идеяларды өмірге әкеле алмайды деп есептеді.

1874 жылдың көктемінде Ресейдің 40 губерниясын қамтыған «халыққа бару» (хождение в народ) атты революцияшыл жастардың жалпы қозғалысы болды. Бұл қозғалыс ұйымдаспаған сипатта еді.

1874 жылдың жазында үкімет «халыққа бару» мүшелерінің жаппай тұтқындауын жүргізді. Мыңға жуық адам тұтқындалды. Революцияның сәттілігі 1876 жылы құрылған жаңа «Жер және

ерік» құпия қоғамының жұмысымен байланысты болды. Ол 70 жылдардағы халықшылдардың жетекші ұйымына айналды. «Жер және ерік» мүшелері Орталық Ресей, Украина, Белоруссия, Польша, Закавказье және Поволжьеде қызмет ететін революциялық үйірмелерді біріктіру мәселесін қолға алды. Олар жақсы ұйымдасқан Петербург орталығын (О.В. Аптекман, Д.А. Лизогуб, А.Д. Михайлов, В.А. Осинский, Г.В. Плеханов ж.б.), құрып, өз айналасына әр түрлі бағыттағы бірнеше топтарды шоғырландырды.

1881 жылдың 1 наурызында II Александрдің өлтірілуінен кейін халықтық ұйымдар іс жүзінде талқандалды.

Марксизм. Социал-демократиялық қозғалыстың қалыптасуында 1883 жылы Г.В. Плехановтың Женевада құрған бірінші марксистік ұйымы «Еңбекті азат ету» тобы маңызды рөл атқарды. Топ К. Маркс және Ф. Энгельстің еңбектерін аудару және таратумен айналысты. Бұл жылдары Г.В. Плеханов «Социализм және саяси күрес», «Біздің келіспеушіліктер», «Тарихқа қатысты монистік көзқарасты дамыту мәселесі» атты теориялық еңбектерін жазды. Бұл еңбектерінде ол халықшылдардың теориясының дәрменсіздігін көрсетті.

Ол Ресейдің капиталистік даму жолына түскендігін дәлелдеді. Сондықтан маңызды революциялық күш ретінде жұмысшы тобын атап өтті.

Г.В. Плехановтың еңбектеріндегі маңызды ойларының тұжырымы – ол болашақтағы революция социалистік емес, буржуазиялық-демократиялық сипатта болатындығы.

Халықшылдық идеологиясымен күресте «Еңбекті азат ету» тобы Ресейде ақырындап өз жақтастарын жеңіп алды, елдегі социал-демократиялық қозғалыстың дамуына ықпал етті. Плехановтың ықпалымен Ресейде алғашқы маркстік үйірмелер пайда болды. Олардың қатарында Петербург университетінің студенті болгар Димитр Благовтың «Орыс социал-демократиялық партиясы», 1885-1886 жылдары Петербургте П.В. Точисский құрған «Санкт-петербург шеберлерінің серіктестігі», М.И. Брусневтің тобы болды.

Ресейдегі марксизмнің көшбасшылары В.И. Ульянов-Ленин, Ю.О. Мартов, А.А. Богданов болды. Петербургтан басқа марксистік үйірмелер Мәскеу, Киев, Одесса, Вильн және т.б қалаларда да болды. Қазан қаласындағы 1888-1889 жылдары Н.Е.Федосеев басқарған үйірмемен В.И. Ленин байланыста болды. Марксистік топтардың бірігуінде саяси партияның рөлі артты. 1898 жылы Минскідегі заңсыз съезде Ресей социал-демократиялық партиясы құрылды.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басы Ресей экономикасындағы елеулі сандық және сапалық өзгерістер кезеңі болды. Отандық өндіріс қарқынды түрде дамыды. Экономиканың жылдам өсуіне индустриализациялау ықпал етті. Бұл экономикалық даму Ресей империясының 1892-1903 жылдардағы қаржы министрінің басшысы болған, соңғы он жылдығындағы мемлекеттік қайраткер С.Ю. Виттенің (1849-1915 жылдары) атымен байланысты болды.

С.Ю. Виттенің «жүйесі» шеңберіндегі жүзеге асырылған ең маңызды шарасы 1897 жылы алтын ақша айналымын іске қосуы болып табылады. Рубльдің алтындық құрамы $1/3$ төмендеді. Несиелік рубль $66 \frac{2}{3}$ тиын алтынмен теңестірілді. Мемлекеттік банк алтынмен қамтамасыз етілмеген сомасы 300 млн руб. аспайтын несие билеттерін шығаруға құқық алды. Қаржылық реформа рубльдің бағамының тұрақталуына және Ресейге шетелдік капиталдың құйылуын қамтамасыз етті. Патша билігінің елді қарқынды индустрияландыру бағытындағы маңызды нәтижелерге әкелді. XIX ғасырдың 90 жылдары өнеркәсіп дамыды. Темір жол құрылысы үлкен қарқынмен жүргізілді. 1900 жылға 22 мың шақырым темір жол салынды, яғни өткен 20 жылға қарағанда артығырақ. 1900 жылы Ресей әлемдегі темір жол торабының ұзындығы бойынша екінші орынға орналасты.

Теміржол құрылысының қарқынды жүруі өнеркәсіптің өркендеуін ынталандырды, біріншіден, ауыр өнеркәсіп өркендеді. Ресейдегі өнеркәсіптің өркендеуі екі есеге, оған қоса өндіріс жабдықтарын өндіру үш есеге дейін өсті.

XIX ғасырдың 90 жылдардың аяғында экономикалық өсу терең өнеркәсіптік дағдарысқа ауысты. Дағдарыс 1903 жылға

дейін созылды. Өнеркәсіптің өндірістің өсімі минимумға дейін төмендеді (1902 жылы ол 0,1% қана болды).

XX ғасырдың басындағы Ресейлік индустрия қайта дами бастады. 1913 жылы өнеркәсіптік өнім шығаруда Ресей дүние жүзінде 5-орында болды, тек АҚШ, Германия, Англия және Франциядан төмен тұрды. Болат балқытуда, машина жасауда, мақта өңдеуде және қант өндіруде Ресей Франциядан озып 4-орынды иеленді. Мұнай шығарудан 1913 жылы Ресей тек АҚШ-тан ғана кейін қалды. Өнеркәсіпті өркендетудегі әсерлі жетістіктеріне қарамастан, Ресей аграрлық-индустриалдық ел болып қалды. 1913 жылы жер өңдеу және малшаруашылығының жалпы өнімі ірі өнеркәсіптің жалпы өнімінен 1,5 есе асып түсті. Адам басына шаққандағы өнім шығарудан ел алдыңғы қатарлы мемлекеттерден әлденеше төмен қалып қойды.

Бұл көрсеткіш бойынша АҚШ және Англия Ресейден 14 есе артық болды, ал Франция –10 есе. Сол себепті, өнеркәсіптің өсімінің жоғарғы деңгейіне қарамастан Ресей бірінші дүниежүзілік соғыстың алдына экономикалық дамуы деңгейінде басқа жетекші мемлекеттерден кейін қалды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшелігін сипаттаңыз.
2. 1861 жылғы реформа бойынша қандай оңды нәтижелері болды?
3. Халықшылдықтың дамуындағы негізгі бағыттарды сипаттаңыз.
4. Марксистік ұйымдарды кім құрды?
5. «Жер және еркіндік» ұйымының халықшылдық қозғалысындағы рөлін қарастырыңыз.

§17. XVII-XVIII ғасырлардағы Италия

Италияның саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуы. XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырда Италия жаңа дәуірге өтті. Бұл уақыт феодалдық реакцияның кезеңі. Біріншіден, осы кезде Еуропаның алдыңғы қатарлы елі болған Италия өзінің жетекшілік мәртебесін басқа Батыс Еуропа мемлекеттеріне берген еді. Италия жаңа кезеңге ортағасырлық мұраның ауыр жүгін арқалап өтті. Ол сол шашыраңқы мемлекеттер қалпында қалды. Өзінің саяси құрылымы бойынша Италия әр түрлілігімен ерекшеленді. Венеция, Генуя сияқты кейбір қалалар-республикалармен қатар, теократтық Папа мемлекеті де өмір сүруін жалғастырды. Көптеген итальяндық мемлекеттердің көбісі кішігірім князьдіктер сипатында болды. Олардың басшылығында герцогтар, ұлы герцогтар, маркиздар, ал испандық иеліктерде вице-корольдер (Неаполитан корольдігі, Сицилия) және губернаторлар (Милан мемлекеті) болды. Соның ішінде Ломбардия, Сардиния корольдігі, Папа мемлекеті, Тоскана Ұлы герцогтігі және Неаполитан корольдігі сияқты тоғыз мемлекетке бөлінген бөліктерімен шетел мемлекеттеріне тәуелді еді. Неаполитандық корольдік Испанияның иеліктері ретінде Мадридтегі Италия істері бойынша Жоғарғы кеңеске бағынды. Бірақ іс жүзінде ол корольдіктің ішкі өміріне аз араласып, вице-корольге дербес қимылдауға мүмкіндік берді. Испандық үкіметтің негізгі мақсаты корольдіктен барынша көп қаржы тарту еді.

XVII ғасырда Италия Еуропада және өз ішіндегі мемлекеттер арасындағы соғыстардың алаңына айналды. Олардың барысында Франция мен Испанияның үстемдік үшін даулары шешілді. Савойя француздық бағытты ұстанып, кейіннен өзінің халықаралық беделін күшейтті. Бұл мемлекет өзінің географиялық жағдайының тиімділігі, әскери қабілетті армиясы және мемлекет басшыларының дипломатиялық іскерлігі арқасында еуропалық күрестерді тиімді пайдалана білді.

1571 жылғы Түркияға қарсы еуропалық мемлекеттердің коалициясында белсенді қатысқан Папа мемлекеті кейіннен

әлемдік саясаттағы тәуелсіз рөлден бас тартты. Ол Франция мен Испанияның арасында арасалмақты сақтай алмаудан қауіптенді. Папа мемлекеті бастапқыда испандық үкіметті қолдап, XVII ғасырда француз ықпалына өтті. Ол отызжылдық соғыс сияқты ірі әскери-саяси қақтығыста да бейтараптылықты сақтап қалды.

Мұндай Италия корольдігіндегі территориялық өзгерістер мен соғыстар елдің экономикалық дамуына да өз әсерін тигізді. XVII ғасырда Италияда капиталдың бастапқы қорлануы және капиталистік қарым-қатынастардың дамуы үдерісі баяу дамыды. XVII ғасырда Италия өнеркәсібінің құлдырауы орын алды. Қолөнершілер саны азайды, мануфактуралар қысқарды, жұмысшылардың саны азайды, сауда тауарының өтім нарығы қысқарды. Мысалы, 1616 жылы Миланда 70 шұға кәсіпорыны болды, ал 1629 жылы олардың саны 15-ке дейін азайды. Жұмысшылардың жартысы дерлік жұмыссыз қалды. Қару-жарақ өндірісі құлдырауда тұрды. 1585-1645 жылдар аралығында шұға тоқу кәсіпорындарының 88-і жабылса, 1717 жылы олардың саны 32-ге жетті.

XVII ғасырда Генуя өзінің сауда және банк орталығы ретіндегі маңыздылығын жоғалтты. Италия еуропалық аумақта экономикалық дамуы бойынша кейінгі орынға шегерілді.

Өнеркәсіп пен сауданың құлдырауына байланысты елдің экономикалық өмірінде ауылшаруашылығы күшейе түсті. Бұрынғыша ауылшаруашылығындағы негізгі өнімдер ретінде – бидай, май мен шарап қалды. Сицилияда ерте кездерден қант құрағы жиналды. XVI ғасырдан Ломбардия, Тоскана, Неаполитан корольдігі мен Сицилия аралында тұт ағашы өсірілді.

Италияның әлеуметтік дамуында феодалдық билік басымдыққа ие болды. Феодалдық реакцияның белгілері елдің қоғамдық, саяси және мәдени – барлық салаларында көрініс тапты. Қоғам сословиелік кедергілерге бөлінді. Дінбасылар мен дворяндар «басымдық берілген» топ ретінде мемлекетке салық төлеуден босатылды. Тек дворяндар армияда жоғарғы шендерге ие болып, мемлекеттік қызметтерді иемденді. Кейбір итальяндық мемлекеттерде дворяндар үшін арнайы соттар мен ерекше заңдар

жұмыс істеді. Ал кейбірінде соттарға жазаны анықтау кезінде сословиелік ерекшелікті ескеру тікелей жазылды.

XVIII ғасырда Италия Еуропадағы кең ауқымды соғыстардың қатысушысына айналды. Испания мен Австрия мұрасы үшін, Жетіжылдық соғыстар Италияның барлық дерлік мемлекеттерін қамтып, территориялық өзгерістерге әкелді. 1714 жылғы Раштатт бейбіт келісімі нәтижесінде Милан герцогтігінде испандықтың орнына австриялық үстемдік келді. Орталық Италияның кейбір мемлекеттерінде Габсбургтерге жақын әулеттер немесе Австрияға бағынышты билік келді. Неаполитан корольдігі Мадридтен автономия алғанымен, Бурбондар әулетінің испандық тармағының бағыныштылығында болды. 1718 жылы Савойя әулетінің өкілдері басқарған Пьемонт корольдігі Италиядағы үстемдік үшін күресуші мемлекеттердің арасындағы жағдайды шебер пайдаланды. Ол Франция, Генуя Республикасы, Ломбардия мен басқа да шекаралық аумақтардың есебінен өз аймағын біршама кеңейтті. Ал кейіннен Сардинияны да иемденді.

XVIII ғасырда Италияның экономикалық дамуына оның саяси бытыраңқылығы айрықша әсер етті. Италияның саяси әлсіздігі елдің терең экономикалық-әлеуметтік дағдарысына әкелді. Бір ғана Венецияның өзінде шұғаның өндірісі XVIII ғасырда жылына 18 мың бөліктен 1200 бөлікке азайды. Венециялық шілтері Алансон мен Шантийоннан келген тауарлармен ығыстырылды. Венецияның металлургия мен кеме жасау саласы құлдырау қарсаңында болды. Ауылшаруашылығының да жағдайы ауыр еді. Батпақты және өңделмеген жердің саны артты.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Италия біртіндеп ауыр жағдайдан шыға бастады. Капиталистік өнеркәсіптің белгілері пайда болды. Әсіресе, ол Италияның солтүстігінде: Ломбардия мен Венецияда дамыды. Бұл аумақтарда орталықтандырылған мануфактуралар құрылды және оларда 300-400 адам жұмыс істеді. 1787 жылы Миланда мануфактура саласында 17 мың 785 адам қызмет етті. 1791 жылы бұл елде 40 жібек пен 15 шұға өңдеу мануфактуралары болды. Басқа да орамал, айна сияқты тауар түрлерін дайындайтын мануфактуралар құрылды. Флорен-

цияда 1769-1779 жылдары 437 мың 618 скудаға (тиын), ал 1787-1793 жылдары 664 мың 888 скудаға тең болған жібек маталарды шығарды. Сардиния корольдігінде жаңа тоқыма мен шиша мануфактуралары пайда болды. 1745-1797 жылдар аралығында Турин халқы санының 65 мың 809-дан 90 мың 913-ке артуы да кездейсоқ емес еді. Неапольде жаңа мемлекеттік пен жеке мануфактуралар құрылды. Капиталистік қарым-қатынастар ауылға да енді. Ауылшаруашылығы тауарларына әлемдегі сұраныстың артуы капиталдың жинақталуына ықпал етті. Ірі арендаторлар феодалдық қанау түрлерінен бас тартып, жалдамалы еңбекті пайдалануға көшті. Олар жаңа шаруашылық әдістерін пайдаланып, жаңа дәнді дақылдар еге бастады.

Италияның экономикалық дамуы елдің әлеуметтік жағдайына да ықпал етті. Халық жұмыспен қамтылғанымен, олардың жағдайы қиын болды. Қалаларда әлі де толық мазмұндағы жұмысшы тобы қалыптаспады. Қалалардағы шеберханалар мен мануфактуралардағы жұмыс күні таңнан күн батқанға дейін созылды. Өмір сүру деңгейі бойынша олардың жұмыс істейтін жағдайы да мәз болмады.

XVIII ғасырдың ортасында Пьемонтта шикізаттың қымбаттауы мен жетіспеушілігінен шұға өнеркәсібі саласында дағдарыс туындады. Ол ғасырдың соңына дейін кейбір арадағы үзілістерімен созылды. 1787 жылы шұға өнеркәсібі саласындағы жұмыссыздардың саны отбасыларымен бірге 62 мыңға жетті.

1766 жылы аштық толқулары Тосканада, ал 70 жылдардың екінші жартысында Пьемонт пен Палермода (Сицилия) орын алды. Палермода ашынған кедей халық түрмені басып алып, қаруларды иемденді. Олар қару-жарағымен «Өлім!» деген ұранмен вице-корольдің сарайына лап берді. Антифеодалдық көтерілістер Сардиния мен Калабрияда көрініс тапты. Нәтижесінде Италиядағы әлеуметтік наразылық олардың кейіннен ұлтзаттық жолында күреске қатысуына ұласты.

Наполеонның Италиядағы «республикаларды» құруы. XVIII ғасырдың екінші жартысында экономикалық жағдайдың жақсаруы «ағартушылық абсолютизм» рухында жүргізілген реформаларға негіз болды. Италияда феодализмнен капитализмге

өту үдерісі ерекше сипатта болды. Италияның тарихи дамуының өзіндік ерекшелігі оның саяси бытыраңқылығы және сол елдегі шетелдік жаулап алушылардың үстемдігінде көрініс тапты. Осы кезеңде ұлттық мәселе Италияның қоғамдық өміріндегі алдыңғы мәселелердің біріне айналды. Бірақ XVIII ғасырдың аяғынан бас тап өріс алған Рисорджименто қозғалысы, (нақты аудармасы – қайта өрлеу) ұлтазаттық қозғалыстың бастауы болды. Ол феодалдық қоғамның саяси-экономикалық белгілерінің құлау үдерісі және ондағы буржуазиялық қоғамдық құрылыстың нығаюын көрсетті.

Рисорджименто деп аталған қозғалыс XVIII ғасырдың аяғынан 1870 жылға дейінгі кезеңді қамтыды. Оның бастапқы уақыты 1789-1794 жылдары Француз революциясы болып табылады. Дәл осы кезде итальяндық «якобшілдер» (оларды якобшілдер деп қарсыластары атаса да, олар өздерін отаншылар деп атаған) республикандық, антифеодалдық және Австрияға қарсы ұрандармен Апеннин түбегінің әр жерінде өршіген азаттық қозғалысты басқарды. XVIII ғасырдың 90 жылдарының екінші жартысынан бастап көршілес Францияның Италияға қатысты саяси ықпалы күшейді. 1796 жылы антифранцуздық коалицияның әскеріне тойтарыс беру үшін Наполеон Бонапарттың басшылығымен француз әскері Италияға кірді. 1797-1799 жылдары француздардың қолдауымен Апенниндік түбекте 4 республика жарияланды.

1796 жылдың тамызында Реджо (Модена герцогтігі) қаласында көтеріліс болды. Ұлттық гвардия Моденадағы билікке келді. Бонапарт өзінің француз әскерлерін көмекке жіберді. Көтерілісшілер астанаға кірді. 1796 жылдың 4 қазанында Модена қаласында республика жарияланды. 1796 жылғы Реджодағы Модена, Болонья мен Ферраның біріккен конгресінде Циспадан республикасы құрылды. 1797 жылдың басында оның құрамына Романья да қосылды. Кейіннен Наполеонның Австриядан жаулап алынған аумағы Ломбардия Транспадандық республикасы болып жарияланды.

1797 жылы 9 шілдеде екі жаңадан құрылған Циспадан мен Транспадандық республикалар бірігу туралы актіге қол қойды.

Олар Цизальпиндік республика ретінде жарияланды. Астанасы Милан болды.

Генуяда да өзгерістер орын алды. 1797 жылдың мамырында Сенатқа қарсы көтеріліс болды. Генуялық билік көтерілісті басып тастағанда, Наполеон өз әскерлерімен жаулап алды. Бұрынғы патрициандық тармақтар биліктен шеттетілді. Генуя Лигурия республикасы болып жарияланды. 1797 жылы оның конституциясы Наполеонның бастамасымен қабылданды.

1797 жылы желтоқсанда Римде де папаның билігіне қарсылық туындады. Екіжақты күрес барысында папалық қарауылшының қолынан француз генералы Дюфо қаза тапты. Оның қазасы Францияның интервенция жасауына сылтау болды. 1798 жылдың 13 ақпанында Бертье армиясы Римге кірді. Рим халқы оны қуанышпен қарсы алды. Папа әскерлері қаруын тастады. Папа VI Пий зайырлы биліктен айырылып, елден кетірілді.

Рим республика болып жарияланды. Осылайша, Францияның қолдауымен Италияда республикалар пайда болды.

Италиядағы ағартушылық абсолютизм. Италиядағы ұлзаттық қозғалыстың бастауында «ағартушылық абсолютизм» бағытының қалыптасуы елеулі әсер етті. Ол XVIII ғасырда бас-талды. Бірқатар итальяндық мемлекеттердегі экономикалық даму арқасында ағартушылық идеялардың таралуына ықпал етті. Ол Италияда Қайта өрлеудің дәстүрлерімен үйлесіп, гуманистік сипатымен ерекшеленді. Ч. Беккариа, П. Верри, Д. Караччоло сияқты ойшылдар Италиядағы ағартушылық абсолютизмнің реформаторлық идеяларының негізін қалады. Олар шаруалардың кедейленуінің жағымсыз салдарлары, надандық, әділ сот жүйесінің кемшіліктері, шенеуніктердің бассыздығы мен шіркеудің каталдығына айрықша көңіл бөлді. Мемлекеттік институттар мен заңнама жүйесінің қайта жаңартылуын қолдады.

Италиядағы ағартушылардың ойынша, итальяндық қоғамның сәтті дамуының маңызды алғышарттарының бірі сауатсыздықты жою деп есептеді. Олар иезуиттік оқытудағы догматикалық әдістерді қатты сынға алды. Пьетро Верри иезуиттік тәрбиені адамды қорлайтын тәрбие деп қарастырып, иезуиттік коллеги-

яларды галерамен теңестірді. Ағартушылар мектеп реформаларын жүзеге асыруды талап етті. Олар ең алдымен қоғамдық мектептер санын арттыруды көздеді. Италияның өткенімен таныстыра отырып, ағартушылар халықты ұлттық бірлік пен тәуелсіздік үшін күресте өз күштеріне деген сенімділігін нығайтты. Бірақ олардың батыл прогрессивтік көзқарастарына қарамастан, ағартушылар Франциядағы сияқты кең ауқымға ие болмады. Ағартушылар рухы бойынша революциялық радикалдық өзгерістерден алшақтады. Олар монархтарға үміттенді. Елдің дамуын жоғарыдан жүзеге асырылатын реформалармен байланыстырды. Олар алтын ғасыр дәуірі король билігінің қолдауымен орнайды деп сенді.

Италияда «ағартушылық абсолютизмнің» рухында елдің ішінде реформалардың жүзеге асуына Австрия империясындағы, соның ішінде Ломбардиядағы Мария Терезия мен оның орнын басқан II Иосифтің саясаты ықпал етті.

Итальяндық мемлекеттерде бірқатар феодалдық артықшылықтарды жою, әкімшілік, сот және салық жүйесін реттеу бағытында реформалар жүзеге асырылды. Елдің экономикалық өмірінің дамуына мемлекеттің әр түрлі заңнама арқылы көмектесуі маңызды рөл атқарды. Ломбардия мен Тосканада шаруалардың басыбайлы бағыныштылығы жойылды. Шіркеулік жер иеленушілік елеулі шектеуге ие болды. Ломбардияда барлық жылжымайтын мүлікке оның қожайындарының сословиелік тиесілігіне байланыссыз ортақ салық енгізілді. Сонымен қатар, бірқатар қалаларда цехтар жойылды. Үкімет дәнді дақылдар саудасын барлық шектеулерден босатты. Тоскана ішкі кедендерден босатылды. Осындай кеден реформалары Ломбардияда да жүзеге асты. Италиялық үкіметтің мұндай реформаларға бет бұруы бекер емес еді. Алдыңғы қатарлы дворяндар Италияның кедейшілігі мен артта қалуы елдің күйзелісіне әкелетіндігін түсінді. Ал бұл өз кезегінде дворяндардың құлдырауы мен халықтың наразылығы қаупін тудыратын еді.

XVIII ғасырдың 2 жартысында біршама нәтижелі реформалар Тосканадағы Мария Терезияның кіші ұлы, атақты герцог

Петр Леопольд тұсында жүзеге асырылды. Оның бастамасымен салық реформалары мен жылжымайтын мүліктерді сату-сатып алудағы шектеулерден басқа, цех жүйесі, инквизиция, «өлі қолдар» құқығы (ұрпағы қалмаған қайтыс болған адамдардың шіркеулік мүлігін тартып алу) таратылады. 1786 жылы Еуропада өз уақытының алдыңғы қатарлы заңы болып саналған қылмыстық заңы қабылданды. Ол зорлық-зомбылық пен өлім жазасын жойды.

Патшайым Мария Каролинаның бастамасымен Неаполитан корольдігінде біршама шектелген реформалар жүзеге асырылды. Діндар сицилиялық барондар мен неаполитандық ауқаттылар арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісуі барысында инквизиция мен көптеген монастырьлар мүліктері тәркіленіп жойылады. Алайда кейбір реформалар, оның ішінде салыққа қатысты реформалар жартыкешті сипатқа ие болып, дворяндар мен жер иелерінің артықшылықтарына ықпал ете алмады. Парма мен Пьяченцедегі реформалар одан да әлсіз болды. Папа мемлекеті, Сардиния корольдігі (Пьемонт) және өзге де мемлекеттерде реформалар қолға алынбады. Тіпті алынса да, жеке әкімшілік жаңашылдықтармен ғана сипатталды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. XVII ғасырдың басындағы Италияның жағдайы қандай болды?
2. Рисорджименто сөзінің мағынасы қандай?
3. Италиядағы «ағартушылық абсолютизм» өкілдерінің бірінің шығармасымен танысып, баяндаңыз.
4. XVII ғасырда Италия қандай кең ауқымды соғыстардың алаңына айналды?
5. Наполеон Бонапарт Италияда қандай республикалардың құрылуына көмектесті?
6. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Италияның экономикалық дамуының ерекшеліктерін сипаттаңыз.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы Италия

XIX ғасырдың басындағы Италияның әлеуметтік-экономикалық дамуы. 1800 жылы Италиядағы француз басқыншылығының жаңа кезеңі басталды. Наполеондық дәуірдің аяғына таман итальяндық экономика құлдырауға тап болды. Мақта-мата, жібек, жүн және өндірістің басқа түрлері де жабыла бастады. Мысалы, Италиян корольдігіндегі жібек мануфактуралары мен фабрикаларының саны 1806 жылы 489 болса, 1811 жылы 401 болды. Жұмысшы-тігіншілердің саны 25 мыңнан (1806 ж.) 14 мыңға (1811 ж.) дейін азайды. Халық арасында француз басқыншыларына деген наразылық күшейді. Италияның ұлттық және әлеуметтік мәселелерін шешу қажет болды.

1820 жылдың басынан бастап, Италияда экономикалық прогресс көрініс тапты. Ол 30 жылдары, әсіресе 40 жылдары күшейді. XIX ғасырдың ортасына дейін Италия артта қалған, аграрлық ел болды. Оның экономикасы және саяси құрылымында феодализмнің сарқыншақтары сақталып қалды. Солтүстік Италияның аграрлық құрылысы оңтүстікке қарағанда өзгеше болды. Ломбардия мен Пьемонтта әсіресе XIX ғасырдың 30 және 40 жылдары капиталистік типтегі ірі шаруашылық дамыды. Ірі жер шаруалары өзінің жеке шаруашылығын жүргізді. Онда жарты табысқа істейтін шаруалардың да, батырақтардың да еңбектері пайдаланылды. Солтүстік Италиядағы ауылшаруашылығымен қатар, жібек, жүн, мақта-мата кәсіпорындар ашылды. Шашыраңқы мануфактуралармен қатар, орталықтандырылған кәсіпорындар да пайда болды. Италияның солтүстігінде орталықтандырылған мануфактура кең таралды. Италиядағы фабрикалық өндірістің негізі XIX ғасырдың 30 және 40 жылдары қаланды. Алғашқы фабрикалар мақта-мата өнеркәсібінде пайда болды.

1846-1848 жылдардағы Италиядағы революция. XIX ғасырдың басында-ақ Италияның бірігуінің алғышарттары қалыптасты. XIX ғасырдың 30-40 жылдары ұлтазаттық қозғалыстың екі негізгі бағыты қалыптасты: буржуазиялық-демократиялық және ұстамды-либералдық. Бұл бағыттар буржуазияның әр түрлі топта-

ры мен буржуазияланған дворяндықтың мүддесін көрсетті. Бірінші бағытты мадзинисттер ұсынды, екіншісі – «альберисттер» және либералдардың басқа топтарына қатысты. 1831 жылы Джузеппе Мадзини азаттықты ұран етіп, «Жас Италия» ұйымын құрды. Оның күресін кейіннен Италияның бірігуінің тарихында батырға айналған Джузеппе Гарибальди қолдады. Сонымен қатар, егіннің шықпай қалуы, «картоп ауруы», 1847 жылғы сауда-өнеркәсіптік дағдарыс Италиядағы революциялық жағдайдың күшеюіне алып келді.

Революция 1848 жылдың 12 қаңтарындағы Сицилияның әкімшілік орталығы – Палермо қаласындағы ұлттық көтерілістен басталды. Сицилияда Бурбондардың бақылауынан шыққан, Уақытша либералдық үкімет құрылды. Сицилиядағы оқиға Неаполь корольдігіндегі көтерілістер мен ереуілдерге түрткі болды. 1848 жылдың 29 қаңтарында король II Фердинанд конституцияны сыйлауға мәжбүр болды. Оған сәйкес, екі палаталық парламент құрылып, Сицилияның автономдығы мойындалды. 1848 жылдың наурыз айының басында-ақ Ломбардия мен Венеция революциялық толқумен сипатталды. 17 наурызда Милан Венадағы көтеріліс және Меттернихтің қашып кеткені туралы хабар алды. Сондықтан 18 наурызда Миланда қарулы көтеріліс өршіді. Миландағы билік буржуазиялық либералдар құрған Уақытша үкімет қолына өтті. Бұл үкімет барлық итальян халқын Австриямен соғысуға шақырды. 1848 жылы 18-22 наурызда Венецияда қарулы көтеріліс болды. Венецияның австриялық гарнизоны талқандалды және ресми тізе бұғу шарты бойынша Триестке кетті. Венециандық буржуазиялық демократтардың көсемі Даниэль Манин Әулие Марктің республикасының қалпына келгендігі туралы жариялады. Милан және Венециядағы оқиғалар бүкіл Италияда үлкен толқу тудырды. Турин, Флоренция, Рим, Неаполь мен басқа қалаларда белсенді түрде ұлттық шерулер және әскерлермен қақтығыстар жүріп жатты. 1848 жылдың наурыз күндерінде Италиядағы абсолютизмге қарсы қатты соққы берілді. Барлық итальяндық патшалар өз елдеріне конституция сыйлады. Оларда либералдық буржуазия билікке

келді. Сонымен қатар, монархиялық реакция қарсылық шабуылына көшті. 1848 жылы сәуірдің аяғында папа ІХ Пий Австриямен болған соғысты «қасиетті істі қорлаушылық» деп айыптады. Неаполь королі ІІ Фердинанд 1848 жылы 15 мамырда мемлекеттік төңкерісті ұйымдастырды. Ол парламентті таратып жіберді. Неаполь әскерлері майданнан қайта шақыртып алынды. Олардың артынан майданнан римдік әскерлер де шығып кетті. Бұл жағдай Австрияға қарсы лагерьде алаңдаушылықты туғызды. Осыны пайдаланған австриялық фельдмаршал Радецкий, өзінің тынығып алған әскерін Веронадан шығарып (70 мың адам), Пьемонт короліне шабуыл жасады. 1848 жылғы 22-25 шілдедегі Кустоц маңындағы шайқаста пьемонттық әскер талқандалды. Радецкийдің әскері Миланға кірді. 1848 жылы 9 тамызда Карл Альберт австриялықтармен маскара бітімге қол қойды. Ол Ломбардия, Венеция, Модена, Парма және басқа да аймақтарды босатуға уәде берді. Солтүстік Италияның көп бөлігі қайта Австрияның қарамағына өтті. Монархтардың басшылығы жүргізген алғашқы итальяндық соғыс жеңіліспен аяқталды. 1848 жылы қазанда Тосканада құрылған демократиялық республика революцияның жаңа кезеңіне жол ашты. 1849 жылдың күзіне дейін Тоскана демократиялық күштердің маңызды тірегіне айналды.

1848 жылдың көктемінен бері соңғы қарсылық көрсету ошақтары Рим және Венецияда болды. Рим республикасы қоршауда қалды. Оған Неаполь корольдігі, Австрия, Испания және Францияның қарулы күштері қарсы шықты. Римде арнайы (төтенше) өкілеттілігі бар триумвират құрылды. Оған Д. Мадзини, А. Саффи және К. Армеллини кірді. Мамыр-маусым айларында қаланы қорғау мақсатындағы ауыр шайқастар болды. Онда Дж. Гарибальди және оның еріктілері ерекше көзге түсті. 1849 жылдың 3 шілдесінде Удино армиясы қалаға кіріп, папа билігі қалпына келтірілді. 22 тамызда Венеция жауға берілді – революцияның соңғы ошағы құлады.

Революцияның көптеген көрнекті қайраткерлері, соның ішінде Д. Мадзини және Дж. Гарибальди шетел асуға мәжбүр

болды. Бейбіт келісім бойынша Австрия империясы өзіне Ломбардия, Венециялық аумақты қайтарып алды. Сонымен қатар Тоскана және Папалық аумақтың солтүстігінде өз ықпалын қайта қалпына келтірді. Революция жеңіліске ұшырады. Ол өз алдына қойған елді біріктіру мақсаттарын шеше алмады. Дегенмен революция феодалдық тірек пен абсолюттік тәртіпті әлсіретті. Революцияның басты күштері халық бұқарасы болды. Олар жұмысшылар, қолөнершілер, қаланың ұсақ буржуазиясы еді. Бірақ ондағы басшылық буржуазияға тиесілі болды. Революцияны жеңіліске алып келген негізгі себептер: либералдардың сатқындығы, буржуазиялық демократтардың тұрақсыздығы және жұмысшы табының әлсіз болуы.

Италияның бірігуі. Тарихи әдебиеттерде Италияның бірігу кезеңін «Рисорджименто» түсінігімен сипаттады. Оның басталуының негізін ұлттық мәселе құрады. Рисорджименто екі кезеңнен тұрды: 1) 1859-1860 жылдар; 2) 1860-1870 жылдар. Бірінші кезеңінде Австриямен соғысқа дайындық орын алды. Рисорджиментоның бірінші кезеңінде, XIX ғасырдың 50 жылдарының аяғында елді біріктіру жолындағы қозғалыстарда екі бағыт анықталды: революциялық-демократиялық, оның көрнекті қайраткері Дж. Гарибальди («төменнен» бірігу) және ұстамды, оның басшылығында Сардиния корольдігінің премьер-министрі К. Кавур («жоғарыдан» бірігу) болды.

50 жылдары либерализмнің басты орталығына Пьемонт айналды. Революциялық қозғалыстардың қайталануынан қорыққан король Виктор Эммануил либералдармен ынтымақтастықты сақтауды жөн көрді. 1852-1861 жылдар аралығында Пьемонттың премьер-министрі либералдық ортаның көрнекті өкілі граф Бензо Камилло Кавур болды. Кавурды Пьемонттың премьер-министрі қызметіне тағайындауы II Виктор Эммануилдің Италияны «жоғарыдан» біріктіруге талпынысын көрсетті.

XIX ғасырдың 50 жылдары Пьемонтта темір жолдар мен жерді суландыру жолдарын салу, порттық құрылыстарды дайындау жұмыстары басталды. Сауда флоты, ауылшаруашылығы, тоқыма өнеркәсібінің дамуына қолайлы жағдайлар жасалды.

Пьемонттың сыртқы саудасы кеңейді. Кавур сыртқы саясатта Австрия империясына қарсы күресте ұлы державалардың келісімін алуға тырысты. Осы мақсатта, Пьемонт 1853-1856 жж. Қырым соғысында Англия, Франция мен Түркия жағында болып, Ресейге қарсы соғысты. Ол Қырымға 15 мың сарбазын жіберді. Кавур Пьемонттың күшеюі үшін Франциямен келісімге де баруға дайын болды. 1859 жылы шілдеде Пломбьерде Луи Наполеон мен Кавурдың арасында құпия кездесу болды. Олар Жоғарғы Италиядан Австрияны шеттетуге, Пьемонтты кеңейтіп, Францияға итальяндық аймақтар Савойя мен Ниццаны беруге келісті. Сонымен қатар, олар Италияда папаның басшылығымен төрт мемлекеттің конфедерациясын (Пьемонт, Неаполь, Рим, Тоскана) құруға келісті. 1859 жылы сәуірде Солтүстік Италияда, бір жағынан Австриямен, екінші жағынан Франция және Пьемонтпен соғыс басталды. 1859 жылы 27 сәуірде Флоренцияда (Тоскананың астанасы) көтеріліс туындады. Герцог Леопольд елден қуылды. Тосканадағы үкімет, буржуаздық либералдармен құрылған Уақытша үкіметтің қолына өтті. 1859 жылдың 3 мамырында Франция Австрияға соғыс жариялаған күні Пармада көтеріліс басталды. Парма герцогі қашты. Елдегі билік либералдық-буржуазиялық Уақытша үкіметтің қолына өтті. Австрияға қарсы соғыс барлық Италияда патриоттық көңіл-күйді қалыптастырды. Пьемонт әскерінің құрамында ерікті әскерлерден тұратын корпус құрылды («Альпі мергендері» корпусы). Бұл корпусың қолбасшысы ретінде Италияның халық батыры Гарибальди тағайындалды.

Оған король генерал-майор шенін берді. Гарибальдидің корпусының саны аз болды (3,5 мың адам). Пьемонттық әскердің басшылары да оған ашық жеккөрінішпен қарады. Гарибальди артиллерия мен кавалериядан да қолдауға ие болмады, оның сарбаздары нашар қамтылды және т.б. Бірақ ерікті әскерлердің революциялық ынталылығы мен Гарибальдидің қолбасшылық шеберлігі таңқаларлық нәтижелерге әкелді. 1859 жылы 4 маусымда Мадженто маңындағы шайқаста француз әскері (54 мың адам) австриялық әскердің (58 мың адам) тас-талқанын шығарады.

1859 жылы 24 маусымда жалпы саны 169 мың адамнан тұратын француз және пьемонт әскерлері Сольфериноның маңында австриялықтардың негізгі күштерін (173 мың адам) талқандады. Австриялық әскердің жеңілісі революцияның тереңдеуіне алып келді. 13-15 маусымда Романье, Марке және Умбриада көтерілістер өршіді. Болоньеде осы үш аумақтың Уақытша үкіметі орнады. 15 маусымда Моденада көтеріліс болды. Революция Италияның едәуір бөлігін қамтыды. Папаның үкіметі қауіпті жағдайда болды. III Наполеон қатты шошыды. Ол Кавурмен кеңеспей, австриялық император Франц Иосифқа бітімді ұсынды. III Наполеонның сатқындығы Италияның наразылығын тудырды.

1859 жылы 11 шілдеде Франция мен Австрияның арасында алғашқы Виллафранк келісіміне қол қойылды. Ол 1859 жылы қарашада Цюрихта бекітілді. Келісім бойынша Австрия Ломбардиядан бас тартты. Ломбардия Францияға беріліп, ол оны Пьемонтқа қайта табыстады. Бірақ Австрия өзінде Венецияны қалдырды. III Наполеон Тоскана және Модена герцогтарының тақтарын қайта қалпына келтіру міндеттемесін өз мойнына алды. Венеция, Тоскана, Модена, Пьемонт, Неаполь корольдігі және Папалық мемлекетпен қоса итальяндық конфедерацияның құрамына кіруі керек болды. Ал конфедерацияның басшылығына папаны отырғызу жоспарланды. Виллафранк келісімі барлық итальяндық патриоттардың арасында наразылық туғызды. Гарибальди барша халықты Австрияға, папаға және Неаполь короліне қарсы революциялық соғысты бастауға шақырды. Босатылған аумақтардың халқы ескі монархтардың қайтып оралуына жол бергісі келмеді. Тоскана, Модена және Романья Орталық итальяндық одақ құрып, өз әскерін жинауға кірісті. Армияның басшылығында Гарибальди тұрды. Кавур III Наполеонның іс-әрекеттеріне ашық наразылық білдіріп, өзінің отставкаға кететіндігін мәлімдеді. Кавурдің келісімімен 1859 жылы Тоскана, Парма, Модена герцогтіктерінде көтерілістер болды. Олардағы монархтар биліктен кетірілді. 1859 жылдың күзінде Тоскана, Модена, Парма және Романьяның Құрылтай мәжілістері олардың Пьемонтқа қосылуы туралы шешімін қабылдады.

Рисорджиментоның екінші кезеңі (1866-1870 жылдар) Неаполь корольдігіндегі дағдарыстан басталды. 1860 жылдың сәуірде Неаполь корольдігіндегі Сицилияда шаруалар көтерілісі орын алды. Осы жылдың мамырында 1200 ерікті Сицилияға орналасты. Оларға кавалериялық бөлімдер, артиллерияны және полицейлік құрылымдарды санамағанда 25 мың шамасындағы король әскері қарсы шықты. «Гарибальди мыңдығы» Калатафими маңындағы ірі шайқаста жеңді. Содан кейін, гарибальдиліктер Сицилияның орталық қаласы Палермоны жаулап алды. Кейіннен бүкіл арал король әскерінен босатылды. Гарибальди онда «Италия және Виктор Эммануил» үшін деп революциялық диктатураны орнатты. Гарибальдидің ұсынысы бойынша плебисцит ұйымдастырылды. Оның барысында 1860 жылдың 21 қазанында Неаполь корольдігінің халқының басым көпшілігі Пьемонтқа қосылуды құптады. Виктор Эммануил Гарибальдимен бірге Неапольға кірді. Ал II Франциск өзіне адал әскерлерінің кезекті жеңілісінен кейін Папалық аймаққа қашты. 1861 жылдың ақпанында Туринде Италия парламентінің салтанатты ашылуы болды. Ал 14 наурызда Виктор Эммануил Италияның королі деп жарияланды. Осы арқылы Рисорджиментоның негізгі мақсаттарының бірі – елді біріктіру мақсаты орындалды. Бірақ оған папалық және Венециандық аумақтар кірмеді. 1862 жылы Гарибальди тәуекелге барып, екі мың адаммен Римді босатпақшы болады. Бірақ ол Виктор Эммануилдің жеке бұйрығымен тоқтатылды. Рисорджименто батыры жараланып, Капрера деген шағын түбекке жер аударылды (1882 жылы генералдың қайтыс болған күніне дейінгі резиденциясы). 1867 жылы Папаның аумағына жасалынған Гарибальди экспедициясының екінші талпыныстары да тоқтатылды. Италияны толық біріктіруде 1870 жылы басталған француз-прусс соғысы маңызды рөл атқарды. 1870 жылы Папа мемлекеті мен Рим папасы IX Пий зайырлы билігінен босатылады. Рим астанаға айналды.

Италиядағы «оңшылдардың» басқару жылдарындағы саяси дамуы. Біріккеннен кейін корольдікте екі саяси топ басымдыққа ие болды. Ұстамды либералдар саяси ағымға «оңшылдар» атауымен кірді. Ол XIX ғасырдың 60 жылдары Кавурдың жақ-

тастары және оның ізбасарларынан тұрды. Тарихи солшылдар ұстамды либералдар мен демократтардың бір бөлігінің сол қанатын біріктірді. 1861-1876 жылдар аралығында билік басында оңшылдар болды. «Оңшылдардың» екі соңғы министрлігін Джованни Ланц (1870-1873 жж.) және Марко Мингетти (1873-1876) басқарды. Осы үкіметтердің ішкі саясаты екі негізгі мәселені шешуге бағытталды. Ол Ватиканмен өзара қарым-қатынастарды реттеу жөніндегі мәселе және қаржы мәселелері болды. Ланцтың үкіметі Ватиканмен келіспеушілікті 1871 жылы 13 мамырда парламент қабылдаған «Кепілдіктер туралы заң» арқылы шешуге тырысты. Бұл заң итальяндық мемлекеттің «жоғарғы бірінші діни қызметшінің» тұлғасына қол сұқпаушылығына кепілдік берді. Папаға Ватикандық және Латерандық сарайлар қалдырылды. Сондай-ақ, итальяндық үкімет оған жыл сайын 3225 мың лир төлеуге міндетті болды. Папаның католик әлемімен қатынасуына және шетел мемлекеттерінің өкілдерін қабылдауға толық еркіндік берілді. Алайда, ІХ Пий итальяндық мемлекетпен татуласудан табанды түрде бас тартты. ІХ Пий арнайы энцикликамен («Non expedit») итальяндық католиктерге парламенттік сайлауға қатысуға тыйым салды. Бұл тыйым XX ғасырдың басына дейін күшін сақтап қалды. «Оңшылдар» деп аталған ұстамды-либералдық топтар буржуазияланған ақсүйектердің мүддесін қорғады. Олардың басқаруы кезінде бірыңғай ақша, өлшем мен салмақ жүйесі енгізілді; ақша шығару және мемлекеттік қарызды басқару құқығы бар Ұлттық банк құрылды; теміржол, порт, телеграф жолдарының құрылысы жүргізілді. Олардың нәтижесінде мемлекетте индустрияландыру қарқынды сипатта дамыды. Банкирлер мен кәсіпкерлердің жағдайы жақсарды. Италияның халықаралық қаржы нарығында ұстанымы күшейді. 1865 жылы ол Франция, Бельгия және Швейцариямен Латын ақша одағын құрды. «Оңшылдар» жер мәселесін және феодалдық шарттарды жою туралы мәселені шешуден қашты. «Оңшылдар» үкіметі Папаның үкіметін қысқартуды заңды түрде бекітіп, Альбертиндік статутты барлық корольдікке таратты. Жаңа қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық істерді жүргізу және азаматтық-процес-

суалдық істерді жүргізу кодекстері жетілдірілді. 1859 жылы коммуналар мен провинциялардың құрылымы туралы және жалпы білім беру туралы заңдар қабылданды.

Оңтүстіктегі ірі помещиктік жер иеленушіліктің сақталуы тауар-ақша қатынастарының дамуын қиындатты. Ауылшаруашылығында капиталистік қарым-қатынастары басым Пьемонт пен Ломбардия ерекше жағдайда қалды. Аграрлық-өнеркәсіптік солтүстік және орталық Италияның көп бөлігі капиталистік даму жолына түсіп, экономикасының өркендеуіне қол жеткізді. Оңтүстікте феодалдық қарым-қатынастарды жою аксүйектер мен жер буржуазиясының мүдделігіне өтті. «Оңшылдар» үкіметі елдің қаржы-экономикалық жағдайын нығайтумен айналысуына тура келді. Шығындарды жабу үшін мемлекет қарызға батты. 1876 жылы Италия корольдігінің мемлекеттік қарызы 1860 жылмен салыстырғанда 3,5 есеге артты. Ол өскен пайызымен санағанда 9,1 млрд лирді құрады. Ол бюджеттің табыс бөлігінен 8 есеге артық болды. Қаржы жинаудың басқа қайнар көзі салық, соның ішінде жанама салықтар болды. Салық жүйесі бір жүйеге келтірілді: барлық елге Пьемонтта болған төлем көлемі енгізілді. Жалпы алғанда 1862-1876 жж. салық түсімдері 2,5 есеге өсті. Сыртқы саудада олар протекционистік саясаттан бас тартты.

«Солшылдардың» басқаруы. Италияда «оңшылдардың» саясатына наразылық күшейді. Ол билік басындағы терең өзгерістерге әкелді. 1876 жылғы «парламенттік революцияның» нәтижесінде Мингетти үкіметі құлатылды. Билік басына «солшылдар» келді. Олар негізінен жаңа сауда-кәсіпкерлік және қаржы топтарының мүддесін қорғады. «Солшылдардың» ең көрнекті қайраткерлері Агостино Депретис, Бенедетто Кайроли, Франческо Криспи болды. Бұрын олардың барлығы Республикалық партияда болған. Бірақ өздерінің көзқарастарын өзгертіп, кейіннен партиядан шығып кетті. 1876 жылы наурызда болған сайлауда «Солшылдар» жеңіске қол жеткізді. Бұл оңтүстіктің мүддесін қорғаған, әлсіз коалиция болды. 1876-1887 жылдары саяси бағытты белгілеуде негізгі рөлді Депретис атқарды. «Солшылдардың» билік басына келуі саяси бағыттың өзгеруіне әкелді. 1882 жылғы жаңа сайлау

заңы бойынша, жас және мүлік цензін азайтудың арқасында дауыс берушілердің қатары кеңейді. Оның басқаруы кезінде маңызды іс-шаралар жүзеге асырылды: азаматтық неке институты енгізілді; 1880 жылы астықты ұнтақтауға салынатын салық жойылды.

1882 жылы Депретис үкіметі сайлау құқығының реформасын жасады. Дауыс берушілердің жас шектелімі 25 жастан 21 жасқа дейін қысқарды, ал салық шектелімі 40 лирден 19 лирге дейін қысқартылды. Осы реформаның нәтижесінде дауыс берушілердің саны 600 мыңнан 2 млн-ға дейін көбейді. «Солшылдардың» басқаруы кезінде басқа да реформалар жүргізілді. 1883 жылы мәжбүрлеу бағытын жою туралы заң өз күшіне енді. 1877 жылы зайырлы мектеп туралы және баланы міндетті үшжылдық оқыту туралы заң қабылданды. Екі жылдан кейін парламент азаматтық некені енгізу туралы заңды қабылдады. Шіркеу мемлекеттен бөлінді.

Криспидің авторитарлық басқаруы. 1887 жылы шілдеде Депретистің өлімінен кейін оны Криспи алмастырды. Криспидің диктатурасы Италияның тарихына «қанды онжылдық» деп кірді (1890-1900 жылдары). Бұл кезеңде еңбекшілер: жұмысшылар мен шаруаларға жаппай қатыгездік жасалынды. Ол монархияға қолдау көрсетіп, Италиядағы бюрократиялық аппараттың қайта құруын бастады. Парламент жаңа қылмыстық кодекс және қоғам қауіпсіздігі туралы заң қабылдады. Криспи қатаң саясаттың жақтаушысы болды. 1887-1889 жылдары оның билеу тұсында қабылданған заңдар орталық атқарушы үкіметтің өкілеттілігін кеңейтті. 1889 жылғы Қоғамдық қауіпсіздік туралы заң жиналыс ашу құқығын шектеді. Елде репрессиялар күшейді. Жұмысшы манифестациясына қатысқаны үшін социалист А. Коста депутаттық қол сұқпаушылықтан айырылып, 3 жылға айыпталды. 1890 жылы үкімет еңбекшілердің бірінші мамыр манифестациясына тыйым салды. Ол Равенна провинциясындағы күріш плантациясындағы жұмысшы әйелдер мен жұмыссыз жалшылардың ереуілдеріне қарсы қару-жарақты қолдануды мақұлдады. Соның нәтижесінде үшеуі қаза болды. 1891 жылы Криспи үкіметі елдің экономикалық жағдайының нашарлауы мен дағдарыстың себебінен құлады. Министрлер кеңесінің төрағасы

болып Джолитти тағайындалды. Ол Криспидің қарсыласы болды. Бірақ Джолитти консервативтік күштердің жігерлі қарсылығына тап болды. 1893 жылы үкіметті қайта Криспи басқарды.

XX ғасырдың басындағы экономикалық даму. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Италия әлі де аграрлық ел болып қала берді. 1901 жылы оның өнеркәсібі мен көлік саласында дербес халықтың бар жоғы 27,6% ғана, ауылшаруашылығында – 58,8% еңбек етті. 1911 жылы өнеркәсіп пен көлікте еңбек ететіндердің саны 31,2% құраса, ауылшаруашылығында – 54,3% құрады. XX ғасырдың басына дейін Италияда көбінесе жеңіл өнеркәсіп, әсіресе тоқыма өнеркәсібі дамыды. 1870-1914 жылдар аралығында тоқыма өнеркәсібі итальяндық экономиканың маңызды саласы болды. Ол тауарларының бағасы бойынша ауылшаруашылығынан кейін екінші орынға шықты. 1902 жылы үкімет Италиядағы ең ірі Коммерциялық банктің көмегімен, бельгиялық бірлестіктен Эльба аралындағы темір рудасын сатып алды. Олар итальяндық кәсіпкерлердің тобына берілді. Италияны индустрияландырудың негізгі бастаушылары әуелден ірі банктер болды. Жетекші рөлге Коммерциялық банк, Италияндық несие, Рим банкі, кейіннен Есеп банкі ие болды. XX ғасырдың басында олар өнеркәсіп және ауыл шаруашылығының маңызды салаларын өздерінің бақылауына алады. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Италиядағы шетелдік капитал салымдарының жалпы көлемі 1,5 млрд лирға жетті. XIX ғасырдың 90 жылдарына дейін Италиядағы француздық банктер басымдыққа ие болды. Италиядағы Германияның саяси-экономикалық ықпалының басты құралы Коммерциялық банк болды. Ол парламенттік және муниципалды сайлауға белсенді араласты. Көптеген итальяндық «мемлекеттік тұлғалар» банкке тәуелді болды.

Джолиттидың «либералдық дәуірі». Италия тарихында либералдық ұзақ мерзімдік басқару Джолиттидің есімімен байланысты болды. Ол 1901 жылы Дзанарделли үкіметінде ішкі істер министрі қызметінде болды. 1903-1914 жылдар аралығында – үш мерзімдік уақытта үкіметті басқарды (1903-1905, 1906-1909 және 1911-1914 жылдар). Оның басқару кезеңі бақуаттылық және

өркендеумен сипатталды. Джолитти социалистермен диалогқа келіп, парламенттік оппозицияны реформа жүргізуге көндірді.

Джолитти Италияның экономикасын нығайтуда зор үлесін қосты. Ол бірқатар маңызды жобаларды жүзеге асырды. 1906 жылы Альпиде ұзындығы 19 км-ге созылған туннелдің құрылысы аяқталды. Ломбардия және Пьемонтта қант, жібек, жүн, мақта өндірісі едәуір өсті, автокөлік жасау пайда болды. Джолитти әлеуметтік салаға да жаңалықтар енгізді. Ол елдің барлық демократиялық күштерінің бірігуіне қарсы болды. Іс жүзінде Джолиттидің «жаңа бағытының» арқасында бірқатар қарапайым әлеуметтік реформалар жүргізілді. Демократиялық бостандық, көбінесе еңбекшілерге арналған ұйымдар мен ереуілдер бостандығы кеңейтілді. 1902 жылы бала және әйел еңбегін шектеу туралы заң қабылданды. Ол заң бойынша 10 жасқа дейін бала еңбегіне тыйым салынды. 10-12 жас аралығындағы балаларға 8 сағаттық жұмыс күні белгіленді. 12-15 жас аралығындағы балаларға 11 сағаттық жұмыс күні белгіленді. Еңбекшілердің ұйымдары жылдам артты. Мысалы, 1902 жылы елде 71 еңбек палатасы болды, 1900 жылы оның саны 19-ға жетті. Кәсіподақтық қозғалыста белсенділік байқалды. 1901 жыл бойы 1671 ереуіл болды: оның 1042 – өнеркәсіпте, 629 – ауылшаруашылығында. Көбінесе шабуылдық ереуілдер басым болды. Қозғалысқа кең көлемді бұқаралық шаруалар қосылды. 12 жылдық «Джолитти дәуірінің» бірінші төртжылдығында (1903-1906 жылдар) 3107 ереуілде 609 мың адам қатысты, соңғысына (1911-1914 жылдар) – 3613 ереуілге, барлығы 955 мың жұмысшы қатысты. Оңтүстік пен солтүстіктің дамуындағы үйлеспеушілік, ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың дамуы бұрынғыша өткір мәселе болып қала берді. 1903-1906 жылдары 280 мың адамның қатысуымен 692 рет ереуіл болды. Ал 1911-1914 жылдары 544 еңбек қақтығысында қатысушылардың саны 356 мыңға өсті.

1913 жылғы парламенттік сайлау кезінде Джолитти Италияндық католиктік сайлау одағының қолдауына келісім берді. Оның басшысы В. Джентилони жергілікті католиктік ұйымдарға цир-

куяр жіберді. Ол дауыс беруші-католиктерге либералдардың үміткерлеріне дауыс беруді ұсынды. Депутаттық корпусының жаңа құрамында Джолитти социалистердің қолдауынан айырылды. Осы жағдайда Джолитти 1914 жылы 14 наурызда өз еркімен отставкаға кетті. Билік басына келген үкіметті оңтүстік жер иеленушілердің өкілі ұстамды либерал А. Саландра басқарды. Ол билік басында 1917 жылға дейін отырды. Саландраның үкіметіне бұқара халық наразылық білдірді. Ол өзін социализм мен жұмысшы қозғалысының қатыгез қарсыласы ретінде көрсетті. Саландра еңбекшілерге қатысты қандай да бір жеңілдіктер жасауға қарсы болды. Ол еңбек палаталарының мекемелерін құруға, жұмыс уақытын шектеуге және өмірді мемлекеттік сақтандыру заңына қарсы болды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. XIX ғасырдың басындағы Италияның әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттаңыздар.
2. 1846-1848 жылдардағы Италиядағы революцияның қарсаңында қандай екі негізгі бағыт қалыптасты?
3. Италиядағы Риссорджименто қозғалысының кезеңдерін сипаттаңыз.
4. Джолиттидің «либералдық дәуірінің» ерекшелігін сипаттаңыз.

ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕСТЕ

- 1600 – Англияда Ост-Үнді компаниясының негізінің қалануы.
1603 – Жапонияда Токугава сегунаты билігінің басталуы.
1607 – Ағылшындардың Солтүстік Америкадағы тұңғыш тұрақты қонысы Джеймстаунның (Виргиния) негізі қаланды.
1628 – 1644 – Қытайда Ли Цзычэн басқарған шаруалар соғысы.
1636-1637 – жапондықтарға елден тыс шығуға тыйым салынды.
«Жабық есік» саясаты.
1640, 13 сәуір-5 мамыр – Англиядағы Қысқа парламент.
1640, 3 қараша – Англиядағы Ұзақ парламенттің (1653 ж., 20 сәуірге дейін) мәжіліс құруы. Ағылшын революциясының басталуы.
1641, шілде – лордтар палатасы мен Жоғарғы комиссия соттарының жойылуы.
1641, 22 қараша – Ұзақ парламенттің «Ұлы ремонстрацияны» қабылдауы.
1642-1646 – Англиядағы Бірінші азамат соғысы.
1644 – Маньчжурлардың Қытайды жаулап алуы, Қытайда Цин әулеті билігінің басталуы.
1645, 11 қаңтар – Кромвель қол қойған жаңа үлгідегі армия құру жөніндегі Актінің күшіне енуі.
1645, 14 маусым – Кромвель әскерлерінің Нейзби түбіндегі жеңісі.
1648, көктем-тамыз – Англиядағы Екінші азамат соғысы.
1648, 6 желтоқсан – Ұзақ парламентті «Прайд тазалауы».
1649-1651 – Диггерлердің қозғалысы.
1653, желтоқсаны – 1658 қыркүйек – Кромвель протекторатының орнауы.
1660-1688 – Англиядағы Стюарттардың қалпына келтірілу кезеңі.
1684 – Қытайда «Қасиетті лиганың» құрылуы.
1689 – Ресей мен Қытай араларындағы Нерчинск келісімінің жасалуы.
1691 – Халханың Цин империясының құрамына қабылдануы.
1696 – I Петрдің Азов бекінісін басып алуы.
1700-1721 Солтүстік соғыс.
1701-1714 – Испан мұрасы үшін соғыс.
1722 – Нәдір шахтың ауғандарды Иран жерінен қуып шығуы.
1736 – Нәдірдің Иран шахы болып жариялануы.
1736-1739 – Нәдір шахтың Үндістанға жорығы.

- 1740-1748 – Австрия мұрасы үшін соғыс.
1747 – Нәдір шахтың өлімі және Иран мемлекетінің ыдырауы.
1747 – Ахмед-шахтың Үндістанға қарсы басқыншылық соғысының басталуы.
1757 – Қытайда еуропалықтардың келуіне тыйым салынуы.
1755-1759 – Цин империясының Жоңғария мен Шығыс Түркістанды басып алуы.
1756-1763 – Жетіжылдық соғыс.
1756-1763 – ағылшынның Ост-Үнді компаниясының Үндістанды отарлауы.
1759 – Абылай ханның Қытайға бірінші сауда керуенін аттандыруы.
1761 – маратхалардың Панипат түбінде Ұлы Моғолдар әскерлерімен шайқасы.
1773 – Англияда Үндістанды басқару туралы заңның қабылдануы.
1774 – Ресей мен Түркия араларындағы Кучук-Қайнар бітімі.
1775-1789 – Англияның солтүстік америкалық отарларының тәуелсіздік үшін соғысы және АҚШ-тың құрылуы.
1776, 4 шілде – АҚШ-тың құрылуын жариялаған Тәуелсіздік декларациясының қабылдануы.
1777 – американдық армиясының Саратога түбіндегі жеңісі.
1783, 3 қыркүйек – Версаль бітімшарты. АҚШ-тың тәуелсіздігін мойындау.
1787 – АҚШ Конституциясының қабылдануы.
1789, 9 шілде – Франция Ұлттық жиналысының «Құрылтай жиналысы» аталуы.
1789, 14 шілде – Бастилияның алынуы. Француз революциясының басталуы.
1789, 4-11 тамыз – Құрылтай жиналысының дворяндар мен діншілдердің артықшылықтарын жою туралы декреттерді қабылдауы.
1789, 26 тамыз – Адам және азамат құқықтары декларациясының қабылдануы.
1789, қыркүйек – АҚШ конгресінің «Құқықтар жөніндегі билльді» қабылдауы (1791 ж. күшіне енген).
1789-1797 – Джордж Вашингтон АҚШ президенті.
1791 – ағылшын Маккартнидің Қытайдағы елшілігі.
1791, 3 қыркүйек – Құрылтай жиналысының Францияны тұңғыш конституциясын қабылдауы.
1792, 20 сәуір – Франциядағы революциялық әскерлерінің Вальми түбіндегі жеңісі.

1792, 10 тамыз – 1794, 27 шілде – Франциядағы монархияның құлатылуы. Термидорлық төңкеріс

1792, 21 қыркүйек – Францияда Бірінші Республиканың орнатылуы.

1792, 6 сәуір – Қоғамдық құтқару комитетінің құрылуы.

1793, 2 маусым – яacobшілдер диктатурасының орнатылуы.

1793, 17 шілде – феодалдық құқықтар мен артықшылықтарды толық жою туралы декреттің қабылдануы.

1794, 27 шілде (9 термидор) – Франциядағы термидорлық төңкеріс. Яacobшілдер диктатурасының құлатылуы.

1794, 28 шілде – Робеспьер мен оның жақтастарының өлтірілуі.

1794, 27 тамыз – Францияда үкімет басына Директорияның келуі.

1795 – Алжир мен АҚШ араларындағы шарт жасалуы.

1795 – Иранда Каджарлар әулеті билігінің орнауы.

1796-1797 – Наполеон Бонапарттың Италияға жорығы.

1798 – француздардың Мысырға жаулаушылық жорығы.

1799, 9 қараша (18 брюмер) – Франциядағы мемлекеттік төңкеріс. Консулдықтың орнауы.

1799-1815 – Консулдық пен империя кезеңіндегі Наполеон соғыстары

1804 – түріктердің Мысырдан қуылуы.

1804, 18 мамыр – Наполеон Бонапарттың I Наполеон деген атпен Францияның «императоры» атағын қабылдауы.

1804-1814, наурыз – 1815, маусым – Франциядағы бірінші империя.

1805 – янычарлардың сұлтан III Селимнің реформаларына қарсы бүлік шығаруы.

1805, 2 желтоқсан – Аустерлиц түбіндегі шайқас.

1806 – Рейн одағының құрылуы.

1807, 7-8 ақпан – Прейсиш-Эйлау түбіндегі шайқас.

1807, 14 маусым – Фридланд түбіндегі шайқас.

1811 – Мысырда мәмлүктердің жеңіліс табуы.

1812-1814 – Ағылшын-американ соғысы

1813 – Лейпциг түбіндегі «Халықтар шайқасы». Наполеонның түпкілікті жеңілуі.

1814-1830 – Франциядағы Бурбондардың қалпына келтірілуі.

1814, 20 наурыз – 22 маусым – I Наполеонның «Жүз күні».

1814, қыркүйек – 1815, маусым – Вена конгресі

1815 – Герман одағының құрылуы

1815, 26 қыркүйек – Қасиетті одақтың құрылуы туралы Париж актісі

- 1816 – Амхерстің Қытайға елшілігі.
- 1818 – Қасиетті одақтың Ахендегі бірінші конгресі.
- 1823, 2 желтоқсан – Монро доктринасының жариялануы.
- 1826 – Осман империясындағы янычарлар корпусының жойылуы.

II Махмұд сұлтанның реформалары.

- 1828 – АҚШ-та демократиялық партияның құрылуы.
- 1830, 27-29 шілде – Франциядағы шілде монархиясы.
- 1830, тамыз-қыркүйек – Бельгиядағы революция.
- 1830, 4 қазан – Бельгияның тәуелсіздігінің жариялануы.
- 1831 – «Жас Италия» құпия ұйымының пайда болуы
- 1832 – Англиядағы бірінші парламенттік реформа
- 1834 – Нәпирдің Қытайға елшілігі.
- 1836-1839 – Англиядағы чартизмнің бірінші көтерілуі
- 1840-1842 – Англиядағы чартизмнің екінші көтерілуі
- 1839 – Түркия мен Мысыр араларындағы соғыс.
- 1839 – 1870 – Осман империясындағы Танзимат реформалары.
- 1840 – 1842 – Қытайдағы бірінші «апиын» соғысы.
- 1845 – Алжирдегі көтеріліс.
- 1847-1848 – Англиядағы чартизмнің үшінші көтерілуі
- 1848-1852 – Ирандағы бабшылдар көтерілісі.
- 1848, наурыз – Австрия, Венгрия, Чехиядағы революцияның басталуы
- 1848, 25 ақпан – Францияда Екінші республиканың жариялануы (1848, ақпан – 1852, желтоқсан).
- 1849 – Ост-Үнді компаниясының Үндістанды жаулап алуды аяқтауы.
- 1850-1864 – Қытайдағы тайпиндер көтерілісі.
- 1850-1854 – М. Перридің Жапонияға сапары. Жапонияның «ашылуы».
- 1852, 2 желтоқсан – Луи Бонапарттың мемлекеттік төңкерісі.
- 1852, 2 желтоқсан – 1870, 4 қыркүйек – Франциядағы Екінші империя.
- 1853-1856 – Қырым соғысы. Париж бітімі.
- 1854 – АҚШ-тағы Республикалық партияның құрылуы
- 1856-1860 – Қытайдағы екінші «апиын» соғысы.
- 1857-1859 – Үндістандағы сипайлар көтерілісі.
- 1858 – Ост-Үнді компаниясының жойылуы.
- 1858 – Ресей мен Қытай араларындағы Айгүн шарты.
- 1860 – Пекин конвенциясы.

1861, 17 наурыз – Италия корольдігінің құрылуы
1861-1865 – АҚШ-тағы азамат соғысы. Президент А. Линькольннің басқаруы кезеңі
1862, 20 мамыр – АҚШ-тағы гомстедтер туралы заңның қабылдануы.
1862, қыркүйек – Пруссияда өкімет басына О. Бисмарктің (1815-1898) келуі.
1863, 1 қаңтар – АҚШ-тың оңтүстік штаттарында құлдықты жою туралы актінің қабылдануы.
1864, 31 қаңтар – 30 қазан – Австрия мен Пруссияның Данияға қарсы соғысы
1865-1877 – АҚШ-тың оңтүстігіндегі реконструкция
1866, 16 маусым – 26 шілде – Австрия-Пруссия соғысы.
1866 – Мысырда мұрагерлік билік енгізу туралы жарлықтың қабылдануы.
1867 – Пруссия басқарған Солтүстік герман одағының құрылуы
1867 – Англиядағы екінші парламенттік реформа
1867, 8 ақпан – Австрия империясының Австро-Венгрия монархиясына айналуы
1867-1912 – Жапониядағы Мейдзи дәуірі.
1869 – Суэц каналы компаниясының іске қосылуы.
1869, тамыз – Герман социал-демократиялық (эйзенахтың) жұмысшы партиясының құрылуы.
1870, 19 шілде – француз-герман соғысының басталуы.
1870, 2 қыркүйек – Пруссия армиясының Седан түбіндегі жеңісі.
1870, 4 қыркүйек – Франциядағы екінші империяның құлауы.
1870, 4 қаңтар – Париждегі революция. Республиканың жариялануы.
1871, 18 қаңтар – Версальда Герман империясының жариялануы.
1871, 26 ақпан – Версальда Франция мен Германия араларындағы алдын ала бітімшартына қол қойылуы.
1871, 18 наурыз – 28 мамыр – Париж Коммунасы.
1871, 16 сәуір – Герман империясы конституциясының қабылдануы.
1871, 10 мамыр – Германия мен Франция араларында Франкфурт бітімшартына қол қойылуы.
1871-1873 – Франциядағы А. Тьердің президенттігі.
1871-1890 – Германиядағы О. Бисмарктің канцлерлік етуі.
1872, 2-7 қыркүйек – I Интернационалдық Гаага конгресі.
1873, мамыр-қазан – «Үш император одағының» құрылуы.

- 1874-1880 – Англиядағы Д. Дизраэлидің консервативтік кабинеті.
- 1875 – Осман империясындағы сербтер мен болгарлардың көтерілісі.
- 1875, ақпан-шілде – Франциядағы үшінші республиканың конституциясының қабылдануы
- 1876 – Осман империясының тұңғыш конституциясының жариялануы.
- 1877-1878 – орыс-түрік соғысы.
- 1878 – Берлин конгресі. II Абдул Хамидтің Сербия, Черногория мен Румынияның тәуелсіздігін жариялауы.
- 1882, 20 мамыр – Германия, Австро-Венгрия және Италия араларындағы Үштік одақтың құрылуы.
- 1884-1885 – Француз-Қытай соғысы.
- 1885 – Үнді Ұлттық Конгресінің құрылуы.
- 1885-1889 – Франциядағы буланжешілдердің қозғалысы.
- 1889 – Жапония конституциясының қабылдануы.
- 1889 – Түркияда «Бірлік және прогресс» партиясының құрылуы.
- 1894-1895 – Жапон-Қытай соғысы.
- 1898 – Қытайдағы «жүз күн» реформалары.
- 1898-1900 – Қытайдағы ихэтуандар көтерілісі.
- 1899 – АҚШ-тың Қытайда «ашық есік» саясатын жариялауы.
- 1900 – Қытайға қарсы сегіз мемлекеттің басқыншылығы.
- 1904-1905 – орыс-жапон соғысы.
- 1904, 8 сәуір – Ағылшын-француз келісімі
- 1905 – Бенгалияны бөлу туралы заң.
- 1905-1908 – Үндістандағы ұлтазаттық қозғалыс.
- 1905-1911 – Иран революциясы.
- 1906 – Үндістанда Мұсылман лигасы мен Хинду махасабха қоғамының құрылуы.
- 1908 – Жас түріктер революциясы.
- 1911 – Үндістанның астанасын Делиге көшіру.
- 1911 – 1913 – Қытайдағы Синьхай революциясы.
- 1912, 1 қаңтар – Қытай Республикасының ресми түрде жариялануы.
- 1912 – Қытайда Гоминдан партиясының құрылуы.
- 1912 – 1913 – Франциядағы Р. Пуанкаре кабинеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі

1. Жумагулов К.Т. О важнейших направлениях в изучении всемирной и евразийской истории в университетской науке Казахстана. (Материалы международных Бекмахановских чтений 21-22 мая 2003 г.) – Алматы, 2003. – С. 5-12.
2. Жумагулов К.Т. Об изучении всеобщей истории в Республике Казахстан // Вестник Карагандинского университета, Серия История, Философия, №4 (60), – Караганда, 2010. – С.108-111.
3. Новая история стран Европы и Америки: начало 1870-х годов – 1918 год / под ред. И.В. Григорьевой. – М., 2001.
4. Новая история стран Европы и Америки / под ред. И. М. Кривогуза. – М., 2004.
5. Новая история Европы и Америки / В.Н. Виноградов, Н.М. Гусев и др. – М., 1998.
6. Степанова В.В. Новая история стран Европы и Америки. – Нижневартовск, 2008. Ч. II.
7. Чикалов Р.А., Чикалова И.Р. Новая история стран Европы и США. – М., 2005.
8. Новая история стран Азии и Африки в XVI – XIX вв. – М., 2004.
9. История Востока. Т. 5-6. – М., 2000-2005.
10. Новейшая история стран Азии и Африки: в 3 ч. – М., 2003.
11. Родригес А. История стран Азии и Африки в новейшее время. – М., 2006.
12. Трошин Ю.А. История стран Азии и Африки в новейшее время. – М., 2004.

Қосымша

1. Английская буржуазная революция XVII века / под ред. Е.А. Косминского и Я.А. Левицкого: в 2 т. М., 1954. Т. 1-2.
2. Бисмарк О. Мысли и воспоминания. – М., 1940-1941. Т.1-2.
3. Галкин И.С. Создание Германской империи (1815-1871 гг.) – М., 1986.
4. Дебидур А. Дипломатическая история Европы: от Венского до Берлинского конгресса. 1814-1878: в 2 т. – М., 1947. Т.1-2.
5. Ерофеев Н.А. Очерки по истории Англии (1815-1917). – М., 1959.

6. История США: в 4 т. – М., 1984-1987. – Т. 1.
7. История Италии: в 3 т. – М., 1970-1971. – Т.1-2.
8. История Латинской Америки. Доколумбова эпоха – 70-е годы XIX века: в 2 т. – М., 1991, 1993. – Т.1.
9. Африка и вторая мировая война. – М., 2003.
10. Бузов В.И. История современного Востока. XX-XXI вв.: страны и правители / учебное пособие. – М., – Ростов-на-Дону, 2008.
11. Политическая история государств Азии и Северной Африки XX в. – М., 2005. – Т. 1-2.
12. Практикум по новейшей истории стран Востока. – М., 2003.
13. Кузьмина А. «Белый террор» на Тайване (реконструкция событий 50-х гг. XX в.) // Дальний Восток. 2009. № 4. – С. 121-135.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I бөлім. XVII-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ	6
§ 1. XVII-XX ғасырлардың басындағы Жапония.....	6
§ 2. XVII-XX ғасырлардың басындағы Қытай.....	19
§ 3. XVII-XX ғасырлардың басындағы Үндістан	39
§ 4. XVII-XX ғасырлардың басындағы Иран	54
§ 5. XVII-XX ғасырлардың басындағы Осман империясы	66
§ 6. XVII-XX ғасырлардың басындағы Ауғанстан	82
§ 7. XVII-XX ғасырлардың басындағы Азия және Африка елдерін отарлау.....	102
§ 8. XVII-XX ғасырлардың басындағы Араб елдері.....	111
§ 9. XVII-XIX ғасырлардағы мәдениет пен ғылымның дамуы	122
§ 10. Халықаралық қатынастар.....	135
II бөлім. XVII-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ БАТЫС ЕЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ.....	145
§ 11. XVII-XX ғасырлардың басындағы Англия.....	145
§ 12. XVII-XX ғасырлардың басындағы Франция.....	169
§ 13. XVII-XX ғасырлардың басындағы Германия.....	194

§ 14. XIX ғасыр – XX ғасыр басындағы Австро-Венгрия империясы.....	216
§ 15. XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы АҚШ.....	237
§ 16. XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Ресей.....	260
§ 17. XIX ғасыр – XX ғасыр басындағы Италия.....	275
ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕСТЕ.....	296
ӘДЕБИЕТТЕР	302

Оқу басылымы

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы
Беделова Гүлжан Сейдуәліқызы
Садықова Райхан Оңалбайқызы

ШЕТЕЛДЕРДІҢ ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ

Оқу құралы

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Ұ. Әбдіқайымова*

Мұқабаны безендіруде сурет
[www. bag.kz](http://www.bag.kz) сайтынан алынды

ИБ№9371

Басуға 06.04.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 19,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1383.

Таралымы 150 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.